

Сангаева К. Т.

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН  
КҮЙРЕТУ САЯСАТЫ**

АСТАНА

«Ана тіл-Ата тарих»  
баспа-зерттеу орталығы»

ББК 63.3(5Қаз)

**Пікір жазғандар:**

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор, әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі*

**Т.Омарбеков**

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор*

**С.Қ.Жақыпбек**

**Сангаева К.Т.**

**С 20** Дәстүрлі қазақ шаруашылығын күйрету саясаты. – Астана: «Ана тіл-Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы» ЖШС, 2007. 240 - бет

ISBN 9965-890-05-06

Бұл кітапта ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында Қазақстанда жүргізілген бір-бірімен сабақтас саяси төтенше науқандар, атап айтқанда тәркілеу, ет, астық дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаты қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын күйретіп, қазақ халқын алапат ашаршылыққа алып келгендігі тың мұрағат деректерінің негізінде баяндалады.

Еңбек тарих факультетінің студенттеріне, магистранттарына, аспиранттарына, оқытушыларға және көпшілік қауымға арналған.

С  $\frac{0503020905}{00(05)07}$

ББК 63.3(5Қаз)

ISBN 9965-890-05-06

© Сангаева К.Т., 2007  
© «Ана тіл-Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы» ЖШС, 2007

# КІРІСПЕ

XX ғасырдың 20-жылдарында қазақ халқының негізгі кәсібі және республикадағы халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып табылды. Сонымен бірге мал шаруашылығы Қазақстан үшін аса жоғары дәрежедегі ұлттық мәселе де еді. Себебі бұл тұста жергілікті қазақ халқының тоқсан проценті мал шаруашылығымен айналысты /1/. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығы сол кездегі республикадағы табиғи-тарихи жағдайда толығымен ұтымды, тиімді шаруашылық болып табылды. Ол қазақ халқының әл-ауқатының артуының, тіршілігінің, өмір сүруінің негізгі және қайнар көзі еді.

Алайда, осындай қазақ халқының материалдық-әлеуметтік қажетін өтеп отырған ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету кімдерге не үшін керек болды? Мұндай зобалаң неліктен және қалай жүзеге асырылды және оның ауыр салдарлары қандай? - деген сауалдарға біздің бүгінгі тарихымыз әлі де толық жауап бере алған жоқ. Ал бұл біз зерттеп отырған тақырыптың өзекті екендігін дәлелдейді.

20-30-жылдардағы большевиктердің күшпен жүргізген аграрлық саясаты ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи дамуына түбірінен қайшы келді. Қазақстанға Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы болып келген Ф.Голощекин қазақ халқының күнін көріп отырған көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, ортағасырлық, күні өткен мәдениетсіз социалистік құрылыспен үйлеспейтін сала ретінде сипаттап оны түбірімен өзгертіп «социалистік» қайта құру бағытын ұстанды. Мұндай бағыттың қазақ халқының тағдыры үшін қатерлілігін түсінген қазақ зиялылары, ғалымдар, мамандар дәстүрлі мал шаруашылығының эволюциялық даму жолын күйретпей сақтауды ұсынды. Бірақ ғылыми тұрғыдан негізделген құнды ұсыныс, пікірлерді Орталық Комитетте, Ф.Голощекиннің өзі де есепке алмады, жергілікті халықтың тек өзіне тән ұлттық ерекшеліктерімен санаспау басталды.

Қазақстанда жүргізілген бір-бірімен сабақтас саяси төтенше науқандар, атап айтқанда тәркілеу, ет, астық дайындау күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаты дәстүрлі мал шаруашылығын біржолата күйретті. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының өзіндік ерекшелігін, табиғи-тарихи жағдайын көзге де ілмей жүргізген саясаттың нәтижесінен халық қырғынға ұшырады. Дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің ауыр зардабы, қасіретті қорытындысы — орны толмас адам шығыны еді.

Алайда мұндай, Компартия саясатын айыптаушы тарихтың ақиқаты кезінде айтылмады, қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын дамыту жөніндегі большевиктік қате түсінік мұндаға дейін қорғалды. Компартия балама пікірлерге теріс баға беріп, азалы жылдардың қасіретін архивтің терең қойнауларында жасырып келді.

Осыған байланысты қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын объективті бағалауға тоталитарлық жүйе жағдайында мүмкіндік болмады. Тарихымызда дәстүрлі шаруашылықтың күйреуіне мән берілмей және қоғамдық мал шаруашылығының қалыптасуы жетістік ретінде тар таптық партиялық көзқарас тұрғысынан біржақты бағаланып келді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана бұл мәселеге жаңа методология тұрғысынан қарауға мүмкіндік туып отыр.

Тарих тағылымы мынаны үйретеді: кез келген мәдениетті халық өзінің ұлттық тәуелсіздігін алып, басқа мемлекеттің саяси ықпалынан босанған сәтте бұрын отаршылдық бұғауында бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлт тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселесін жедел қолға алуға ұмтылады /2/.

Біз қарастырып отырған тақырып та осылайша тарих ғылымында назардан тыс қалып келді, мұның өзі біз зерттеп отырған күрделі кезең тарихын тереңдете жан-жақты зерттей түсу қажеттігін, дәлелдей түседі. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуін зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы зор. 20-жылдардың соңында басталған большевиктердің төтенше аграрлық реформасы қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын тым қысқа мерзімде күйретіп, оның орнына колхоз, совхоздар ұйымдастырып, қоғамдық мал шаруашылығын қалыптастырды. Миллиондаған малын, миллиондаған халқын қырып халықтың қалауынсыз, ықтияр-ырқынсыз зорлықпен құрылған әміршіл-әкімшіл жүйе таянышы колхоз, совхоздар өміршең болмады. Кеңес үкіметінің күйреуімен ауыл шаруашылығы оның ішінде мал шаруашылығы дағдарысқа

ұшырады. Ал бүгінгі таңдағы мал шаруашылығының дағдарысқа тірелуі біз қарастырып отырған сонау 20-30-жылдардан бастау алады деген пікірдеміз. Тарихи сабақтастыққа негізделген мұндай қасіретті тәжірибе, әрине, зерттелуі тиіс.

Республиканың тәуелсіздік алып, нарықтық қатынастарға көшуі қоғамдық мал шаруашылығын реформалауды да талап етті. Жүргізілген реформалар дұрыс нәтиже беру үшін қазіргі жағдайдың бастауларын өткен тарихты, терең жан-жақты зерттеуіміз қажет. Бұл жаңа заманда өткеннің келенсіздіктеріне ұрынбау үшін де керек. Сондықтан да аграрлық реформаларды өткен тарихи кезеңнің келенді, келенсіз тәжірибелерінен үйрене отырып жүргізгеніміз жөн. Мұның өзі біздің зерттеуімізді өзекті ете түссе керек. Оның үстіне мал шаруашылығы бүгінгі күнде де ауыл шаруашылығының басты саласы болып қалуда. Бүгінгі қиын ахуалдан ауылды мал басын өсіру алып шығады, - деп сеніп отырғанымыз да құпия емес. Өткеннің тәжірибесінің бүгінгі жекешеленген мал шаруашылығы үшін қажеттігі де күдік тудыра қоймас.

Осыған орай қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреу тарихын, оның ауыр салдарларын бүгінгі күн талабына сай қайта қарап, зерделеу, оны өз деңгейінде зерттеу - қазақ тарихының олқы тұстарының бірін толықтыруда аз да болса қызмет етер деген ойдамыз. Осының бәрі зерттеу тақырыбын тарих ғылымы үшін маңызды ете түседі.

# Бірінші тарау: Мәселенің тарихнамасы және деректік негіздері

## 1.1. Тарихнама

Біздің зерттеу тақырыбымыз кеңестік дәуірде арнайы жан-жақты зерттелмеді. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күшпен күйреуіне және оның ауыр салдарларына байланысты тарихнамалық еңбектерді былай қойғанда, тарихи зерттеулердің өздері де жазылып, жарияланбады. Себебі дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуін жазу — алапат ашаршылықтың бет пердесін (мәнін) ашумен бірдей еді. Ал бұл дегенін Компартияның аграрлық саясатының дөрекі қателіктерін әшкерелеу болып шығар еді. Сондықтан да әкімшіл-әміршіл жүйе тұсында зерттеушілердің бұл мәселені зерттеп жазуға мүмкіндіктері болмады.

Біз қарастырып отырған мәселе, яғни 20-жылдардың соңындағы және 30-жылдардағы шаруалар тарихының тарихнамасы тоталитарлық жүйе кезеңінде төрт кезеңге бөліп зерттелді деуге болады /3/. Ал бүгінгі таңда аталмыш жылдардағы отандық шаруалар тарихнамасының кезеңдерін анықтауда жаңа көзқарастар қалыптасып, аталған тарихнама енді үш кезеңге бөлініп талдануда. Мұнда алғашқы кезең 20-жылдардың орта шенінен басталып жаппай ұжымдастырудың және зорлап отырықшыландырудың басталуына дейін, яғни 1929 жылдың соңына дейін барады; екінші кезең 1930 жылдан 1985 жылдың басына дейін, үшінші кезең 1985 жылдың орта шенінен бүгінгі күнге дейін созылады /2,28/. Зерттеуші Т.Омарбеков ұсынған мұндай кезеңдерге бөлу жүйесін әзір ешкім өзгерте қойған жоқ. Тәуелсіздікке байланысты біздің тақырыптан тарихнамалық зерттеулер жазыла бастағаны қуантады. Сталиндік-голощекиндік аграрлық реформалар тарихнамасын арнайы қарастырған осындай еңбек О.Мұхатованың «Қазақстандағы XX ғасырдың 20-90-жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы» атты монографиясы. Онда отандық тарихнамада алғаш рет Қазақстандағы астық және ет дайындау науқандарына, жаппай ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру тақырыбына байланысты тарихи зерттеулер арнайы және нақты қарастырылған. Сонымен бірге бұл еңбекте казак шаруаларының тарихи дәстүрлі даму жолын қорғап, сталиндік-голощекиндік төтенше аграрлық қайта құруларды қолдамайтын

пікірлер білдірген ғалымдар еңбектері талданған. Автор біз қарастырып отырған мәселенің, яғни Қазақстанда мал шаруашылығының күйреуі зерттеушілер назарынан тыс қалып келгендігін, сондықтанда бұл мәселенің әлі де жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс екендігін айтады /4/. Ғалымның бұл пікірін біз де құптаймыз.

Өзіміздің шағын тарихнамалық талдауымызда біз жоғарыда көрсетілген кезеңдерге болудің жаңа жүйесін басшылыққа алдық. Мұндағы алғашқы кезеңге XX ғасырдың 20-жылдарының ортасынан бастап қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын табиғи даму жолымен өркендетуді көрсеткен теориялық-ғылыми еңбектермен мақалалар көптеп жарық көре бастағанын атап көрсеткен жөн. 20-жылдардың басындағы апатты құлдыраған мал шаруашылығын қайта қалпына келтіру үшін, оның қандай шаралармен іске асырылу керектігін, даму бағыттарын ұсынған В.А.Шадрин /5/, С.Карпенко /6/, И.Байгузов /7/, М.Сириус /8/, С.Сәдуақасов /9/ еңбектері жарық көрді. Осы жылдары мал шаруашылығын жан-жақты зерттеп, оның келешектегі дамуын дұрыс жолға салу кезек күттірмейтін жұмыстың бірі еді. Осыған орай Екіншілік Халық Комиссары Ж.Сұлтанбекұлының /10/, О.Жандосұлының /11/, Н.Нұрмақұлының /12/, мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды. Бұл еңбектерде мал шаруашылығының дамуына кедергі болып отырған күрделі мәселелер, атап айтқанда сол кездегі шешімін таппай отырған жер мәселесі, қоныстандыру, өкімет тарапынан мал шаруашылығын дамытуға бөлінген қаражаттың мардымсыз болуы, базар қатынастарының дұрыс жолға қойылмауы ашық айтылды. Осы бағытта республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің беттерінде біраз мақалалар жарық көрді /13-15/.

20-жылдардың соңына қарай ауыл шаруашылығын қайта құрудың сталиндік қозғарасына балама теориялық пікірлер ұсынған көрнекті ғалымдар, профессор С.П.Швецов /16/, М.Г.Сириус /17-19/, профессор Н.Н.Челинцев /20/, А.Донич /21/, Е.А.Полочанский /22/, В.В.Благовещенский /23-24/, Б.С.Бырдин /25/, В.И.Скороспешкин /26-28/, Н.П.Филатов /29/, К.А.Чувелев /30/, Б.Соколовский /31/ еңбектері жарық көрді. Бұлар сол кездегі мал шаруашылығының жағдайынан толық мағлұматтар береді. Олар ғасырлар бойы қазақ даласында берік қалыптасып калған дәстүрлі мал шаруашылығының эволюциялық даму жолын сақтауға шақырды. Қазақстанның табиғи-тарихи жағдайында көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы тиімді, көшпелі тұрмысты жою, отырықшылыққа

жаппай көшу қазақ халқын ұлт ретінде жойып жіберуге алып келеді, Қазақстанның климаттық жағдайында егін шаруашылығын кең түрде дамыту мүмкін емес, республиканың 2/3 бөлігі көшпелі экстенсивті мал шаруашылығын дамытуға ғана жарамды деген қағиданы басшылыққа алып, ғылыми негізде дәлелдеп жазды.

Алаш зиялылары Ә.Бөкейханов /32/, А.Байтұрсынов /33/, М.Дулатов /34/, Қ.Кемеңгеров /35/, Ж.Аймауытов /36/ өз еңбектерінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретуден сақтау жолдарын ұсынып, оның табиғи даму бағыттарын нақты ұсынды. Біздің зерттеу жұмысымызға тікелей қатысты іргелі еңбек Ә.Бөкейхановтың қазақтың қой тұқымдары және қазақтың қой шаруашылығы жайында кеңестік ғылым үшін жабық болып келген «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» («Овцеводство в степном крае») атты монографиясының орны ерекше. Уақыт табына бас имей, өзінің ғылыми құндылығын жоғалтпаған бүгінгі таңда ең қажет еңбектердің біріне арналған бұл жұмыс автордың үлкен білімдарлығын дәлелдей түседі /37/.

Қазақстанда жүргізіліп отырған қатерлі аграрлық саясатты ба-тыл сынға алған, оған ашық қарсы тұрған көрнекті мемлекет қай-раткері С.Сәдуақасовтың еңбектерінің біздің тақырыпты зерттеудегі маңызында айырықша атап өтуіміз керек. С.Сәдуақасов «адам-шылықтың ілгері басуы мал бағуды жоюға тірмейтіндігін» атап көрсете келіп, Қазақстан жағдайын Дания, Австралия елдерімен қатар қойып, республика экономикасының негізгі саласы мал шаруашы-лығын жергілікті қазақ халқының мүддесін ескере отырып дамыту-дың ғылыми тұрғыдан негізделген бағдарламасын ұсынды /38/. Осы бағытта жазылған Т.Рысқұловтың еңбегінде /39/ көшпелі жартылай көшпелі мал шаруашылығы аудандарына басты көңіл аударылуы керектігі, Қазақстанда Австралия, Аргентина елдерінің тәжірибесін үйрене отырып, табиғи жайылымдарды дұрыс пайдаланғанда ғана мал шаруашылығын дамытуда зор мүмкіндіктерге жол ашылатыны атап көрсетілген.

Бірақ ауыл шаруашылығы мамандарының, ғалымдардың, қазақ зиялыларының дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи жолын сақ-тауға байланысты ұсыныстары ескерілмеді, олардың еңбектері құпия сақталып, көп жылдар бойы ғылыми айналымға қосылмады.

Кеңестік Қазақстан шаруалары тарихнамасының екінші кезеңін-де, яғни 1930-жылдан бастап кезінде ауыл шаруашылығы дамуы-ның сталиндік-голощекиндік бағытына балама ой-пікірлер айтқан



Алаш қозғалысы зиялыларының, мамандардың, ғалымдардың көзқарасын «буржуазиялық экономистер», «контрреволюционерлер», «зиянкестер», «алашордашылдар», «садуақасовшылдық», «төрегожиншілдік» бағыттар деп айыптаушы тапшыл еңбектер жазылды. Олардың қатарында И.А.Зверяков /40/, Н.Сырғабеков /41/, Ф.И.Голощекин /42/, П.Искаков /43/, Г.Тоғжанов /44/, Б.Семевский /45/, Е.Федоров /46/, еңбектері және осы бағытта жазылған мақалалар жинағы бар еді /47/.

30-жылдары күйреген дәстүрлі мал шаруашылығының орнына құрылған колхоз, совхоздардағы қоғамдық мал шаруашылығының ролін асыра дәріптейтін мақалалар баспасөзде көптеп жарық көре бастады. Бұларда мал басының апатты күйреуі, оның себептері біржақты және үстірт бағаланды. Мысалы: Мұсаұлы Ә. өзінің «Мал басын көбейту үшін күресейік» деген мақаласында: «Голощекин бастаған Өлкелік комитеттің ескі басшылығы партияның дұрыс саясатын бұрмалап өзінің асыра сілтеу саясатын жүргізді, мал басының орасан зор кемуінің себебі колхоздастырудағы партия саясатының бұрмалануынан, отырықшыландыру ісінде болған қателіктерден» деп көрсетті /48/. Осы бағытта жазылған С.Брайниннің, Ш.Шафионың, Н.Тимофеевтің мақаласында: «колхоздастыру ісі қазақ ауылын, мал шаруашылығын социалистік жолға салудың қамы ретінде жүргізілмеген, малды «құтқарудың» қамы ретінде жүргізілген» деп көрсетілді /49/. 1939 жылы жазылған — Н.Тимофеев пен С.Брайниннің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру тарихына арналған еңбектерінде мал басының қысқаруын жергілікті партия ұйымдары мен өлкелік комитеттің жіберген қателіктерінен және тап жауларының арандатушылық, зияндық іс-әрекеттерінен іздеді. Онда: «1930 жылдың ақпан айының екінші жартысынан бастап, колхоз құрылысының жетістіктеріне қарамастан шаруалар наразылықтарының қауіпті белгілері байқалды, шұғыл мал басының қысқаруы басталды. Небәрі бірнеше айлардың ішінде Қазақстанда мал басы шамамен 20%, ал кейбір аудандарда малды жыртықшылықпен союдың салдарынан 50-60% қысқарды» деген жолдар бар /50/.

1940 жылы «Социалды Қазақстан» газетінде Х.Курин мен А.Бабекенов жазған «Қазақстанның социалистік мал шаруашылығы үздіксіз өркендеу жолында» атты мақаланың орны ерекше. Мұнда 1930-1933 жылдардағы Қазақстандағы мал санының азаюы КСРО мен салыстырғанда өте жоғары. Республикадағы мал шаруашылығының қатты күйзелгені соншалық 1929 жылғы 40.580,8 мың

бас малдан 1933 жылы небәрі 5.028,8 мың бас мал қалған деп, қасіретті кезеңнің ащы шындығы көрсетілген. Дегенмен авторлар саяси ықпал жетегінде кетіп, мұндай мал басының кемуін ұжымдастырудағы бұрмалаушылықтардан, байлар мен кулактардың зиянкестік іс әрекетінен көреді /51/. Шын мәнінде кеңестік аграрлық өзгерістердің өзі қате еді дегенді авторлар, әрине, айта алған жоқ.

Жоғарыда аталған еңбектерде 1932 жылғы 17 қыркүйектегі «БК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақстанның ауыл шаруашылығы және атап айтқанда мал шаруашылығы туралы» қаулысын Қазақстанда партия ұйымдары жіберген кателерді, бұрмалаушылықтарды түзеткен, мал шаруашылығын өркендетудің жолдарын көрсеткен тарихи қаулы деп асыра дәріптеді. Бүгінгі таңда бұл қаулының сол кездегі өмір шындығынан алыс жатқандығы айқындалды.

Осы жылдары жарық көрген еңбектерде Сталин еңбектеріне үздіксіз сүйену, оның қағидаларын басшылыққа алу, Орталық Комитеттің, партияның Қазақстанға берген көмегін асыра бағалау, күйреген мал шаруашылығы туралы тіс жармау, колхоз совхоздағы мал шаруашылығының жағымды жақтарын ғана көрсетіп, асыра дәріптеу, мақтау орын алды. Осы бағытта жазылған П.В.Погорельский /52/, К.Д.Дняров /53/ еңбектерінде аталған мәселеге таптық тұрғыдан біржақты баға берілген.

Белгілі этнограф Х.Арғынбаевтың 1969 жылы жазылған «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты еңбегінің біз қарастырып отырған дәстүрлі мал шаруашылығының өзіндік ерекшеліктерін түсінуде айқындауда алатын орны ерекше /54/.

Біз зерттеп отырған мәселе Қазақстандық белгілі тарихшы ғалымдар А.Б.Тұрсынбаевтың /55-56/, Г.Ф.Дахшлейгердің /57/, Б.Тулепбаевтың /58/, К.Нұрпейісовтың /59/ тоталитарлық жүйе жылдарында жазылған шаруалар тарихына және қазақ ауылын ұжымдастыру тарихына арналған көлемді еңбектерінде қарастырылмады. Ол кезде дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі туралы әңгімелеудің өзі мүмкін емес еді. Олар дегенмен де мал басының қысқаруы туралы деректерден оқырманды хабардар етуге тырысты.

Мысалы, тарихи шындықты толық айтуға рұқсат берілмеген заманда тарихшы Ж.Жұмабеков өз еңбегінде мал басының қысқаруын архив деректеріне сүйене отырып көрсетеді. Автор: «1928 жылмен салыстырғанда 1933 жылы мал басы: түйе — 92,3; жылқы — 87,9; қой мен ешкі — 87,7; ірі қара малы — 78,3 процентке қысқарды. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда ауыл тұрғындары-

ның өмір сүруінің қайнар көзі, азық-түлігі мал шаруашылығы болғандықтан мал басының айтарлықтай азаюы еңбекшілердің материалдық жағдайын күрт нашарлатты. Оған 1931 жылғы егіннің шықпай қалуы қосылды. Нәтижесінде мал шаруашылығы және бірқатар отырықшы егінші қазақ аудандарында азық-түлік қиыншылықтары байқалды, ауылдарда көптеген адамдар қырылды, аштық жайлады. Әсіресе 1932-1933 жылдың қысы ете ауыр болды» деп, өз ойын едәуір ашық тұжырымдайды /60/. Алайда автор еңбегіндегі дәстүрлі шаруашылықты қорғаған А.Байтұрсыновты, С.Қожановты, С.Сәдуақасовты «құлтшыл» деп біржақты айыптау бүгінгі күні сын көтермейді.

Коммунистік партия, кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе үстемдік құрып билеп төстеген заманда дәстүрлі мал шаруашылығының күйреу себептері шынайы айтылмады, ал жарық көрген еңбектер коммунистік идеология тұрғысынан біржақты жазылды.

Біз зерттеп отырған мәселенің тарихнамасының үшінші кезеңі 1985 жылдың орта шенінен басталады дедік. Осы кезеңнен басталған Кеңестер Одағын қамтыған қайта құру және жариялылық процестері, одан кейінгі Қазақстанның тәуелсіздік алуы 20-30 жылдардың қасіретті тарихын жаңа тұрғыдан зерттеуге жол ашып берді.

1988-1989 жылдары жарық көрген Омарбеков Т., Атабаев Қ. /61/, Абылқожин Ж.Б., Қозыбаев М.Қ., Татимов М.Б. /62/, Төлепов Б.А., Осипов В.П. /63/ мақалаларында қасіретті жылдардың бұрын айтылмай келген «ақтаңдақтары» көтеріліп, бұрынғы коммунистік идеология қалыптастырған қасаң, біржақты баяндаудан бас тарту әрекеті байқалды. Бұл еңбектерде негізінен күштеп ұжымдастыру мәселелері қаралып, біз қарастырып отырған мәселелер жалпылама айтылды.

1990 жылдары Қазақстандық зерттеушілердің тың архив құжаттарына сүйенген еңбектері көптеп жарық көре бастады. Олар белгілі ғалым, тарихшы М.Қозыбаевтың, К.Алдажұмановтың, Ж.Әбілқожиннің /64-66/ еңбектері еді. Бұл еңбектер күштеп ұжымдастыру мен сталиндік-голощекиндік зұлматтың барысы мен қайғылы зардаптарын ашып көрсетті. Алайда дәстүрлі мал шаруашылығының күйреу тарихын бұл қасіреттің ішкі механизмін және ауыр зардаптарын ашуды мақсат етіп қоймағандықтан, бұл мәселелер зерттеулерде жалпылама айтылды.

Осыған орай біз қарастырып отырған мәселеге байланысты, яғни дәстүрлі мал шаруашылығын күйреткен сталиндік-голощекиндік

күштеу саясатының мәнін түсінуде, сол жылдардағы өте күрделі, қарама-қайшылыққа толы процестерді жаңа теориялық методологиялық тұрғыдан тың архив деректерінің негізінде терең де жан-жақты зерттеген белгілі ғалымдар Т.Омарбековтың, М.Қойгелдиевтің /67-68/, еңбектерін айырықша атап өтуіміз керек.

Қазақстандық тарих ғылымында тұңғыш рет қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуін, оның себептерін, ауыр салдарын ғалым-тарихшы Т.Омарбеков өзінің іргелі зерттеулерінде /69-70/, ғылыми мақалаларында /71-74/ жан-жақты қарастырды. Т.Омарбеков дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуін бұрын ғылыми айналымға еңбегін архив деректерінің негізінде зерттеп, объективті тұрғыдан талдады. Дегенменде зерттеуші мәселені республика деңгейінде қамтып, жеке аймақтарды талдамай, осы тақырыпты зерттеуге алғашқы бастау жасады деп ойлаймыз.

Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын қорғаған, сталиндік күштеп ұжымдастыруға балама көзқарастар айтқан ғалымдар мен мамандардың Қазақстанда да болғанын теориялық жағынан байыпты дәлелдеген Ж.Әбілқожиннің монографиялық еңбегінің орны ерекше. Онда отырықшыландырудың дәстүрлі шаруашылыққа тигізген ауыр салдарлары теориялық жағынан қарастырылады /75/. 20-30-жылдардағы большевиктердің жүргізген саясатын сыни тұрғыдан талдауда, өткен тарихымызды еркін қорытып, объективті теориялық тұжырымдар жасауда М.Шоқайұлының /76/ Заки Валидидің /77/ артында қалдырған рухани мұраларына қол жеткізу — тарих ғылымының бүгінгі жетістігі болып табылады.

Біз қарастырып отырған мәселе шетелдік тарихшылардың еңбектерінде де орын алды /78/. Мәселен, итальяндық тарихшы Д.Боффа өз еңбегінде: Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарысы жаппай ұжымдастырудан басталғанын, бұл мәселені тек колхоз, совхоз ұйымдастыру арқылы шешу керек деген қағиданы басшылыққа алудың ауыр салдарлары болғанын, мал басының 19,2 млн-нан 2,6 млн-ға азайғандығын көрсетеді /79/. Тегінде Д.Боффенің бұл деректері мал басын ірі қараға шаққан өлшеммен берілген тәрізді. Дегенмен шет ел тарихшыларының қолында архив деректерінің жоқтығынан бұл мәселелер жалпылама тек орыс тілді басылымдардағы құжаттарға сүйеніп жазылғанын ұмытпағанымыз жөн.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің ауыр зардаптары адам шығыны болса, осы мәселенің демо-

графиялық астарларын анықтауда белгілі демограф М.Б.Тәгімовтың /80/, Т.Омарбековтың /81/, М.Х.Асылбеков пен А.Б.Ғалиевтың /82/, А.Н.Алексеевконың /83/, еңбектерінің маңызы зор.

Соңғы жылдары Ф.Қозыбақованың /84/, К.Жаулиннің /85/, С.Наушабековтың /86/, Ж.Таңатарованың /87/, Ж.Жұмабаеваның /88/ Г.Жакупованың /89/ диссертациялық еңбектерінде Қазақстан тарихының 20-30-жылдардағы жекелеген мәселелері бүгінгі күн тұрғысынан қайта қаралып зерттелуде. Алайда бұларда біздің тақырып арнайы зерттеу объектісі бола қойған жоқ.

Сонымен жоғарыда тарихи еңбектерге жасалған талдау қазақтың ғасырлар бойы қалыптасып келген дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің оның ауыр салдарларының әлі де болса Қазақстан тарихында толық жан-жақты зерттелмегенін көрсетеді. Осының бәрі зерттеу жұмысы тақырыбының маңыздылығын тағы да дәлелдей түседі.

## 1.2. Деректер

Дерек көздері архив құжаттары, өлкелік комитеттің қаулы-қаралары, баспасөз мәліметтері, естеліктер, статистикалық жинақтар сондай-ақ жарияланған құжаттар жинағы материалдарынан құралды.

Диссертациялық зерттеуде қажетті деректер мына мұрағат қорларынан алынды:

**Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты:**

- 30-қор. ҚАССР Халық Комиссарлар Кеңесі (1928-1936ж.).
- 74-қор. ҚАССР Екіншілік Халық Комиссариаты. (1920-1936ж.).
- 1179-қор. Қазақ АССР ХКК жанындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру комитеті (1930-1935 ж.).
- 1116-қор. Мемлекеттік жоспарлау «Союзмясопродукт», «Живмолсоюз», «Скотовод», Қазақстан тұтынушылар одағы, Қазақстан сауда халық комиссариаты (1928-1932ж.).
- 135-қор. Қазақ байларын тәркілеу және тәркіленгендердің облыстар бойыша тізімдері.
- 247-қор. Қазақ өлкелік колхоз орталығы (1927-1933ж.).

**Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты:**

- 141-қор. БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті (1925-37ж.).
- 2-қор. БК(б)П Алматы округтік комитеті (1928-1930 ж.).

**Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты:**

142-қор. Алматы округтік жер басқармасы (1928-1930ж.).

448-қор. Алматы облыстық ауыл шаруашылық басқармасы (1930-1975ж.).

**Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты:**

74-қор. Сырдария округтік атқару комитеті (1921-1931ж.).

20-қор. Сырдария округтік жер басқармасы (1928-1930ж.).

**Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағаты:**

21-қор. Жамбыл аудандық атқару комитеті. (1928-1963ж.).

Айта кетер жайт ҚРОМА-нен бұрын құпия болып келген 30-қордан 1929-1933 жылдар, 1928-1935 жылдардағы мал шаруашылығының жағдайы туралы, мал басының есебі берілген мәліметтер табылды, оның ішінде бұрын ғылыми айналымға енбеген «жариялануға жатпайды» деген «1932 ж. 1.02. мал санағының есебі, жалпы қорытындылары туралы Қазақстан халық шаруашылығының санағы мекемесінің бастығы М.Саматұлының есебі» /30-қ., 2-т., 1058-іс. 1-21 п/ және «жариялануға жатпайды» деген Қазақ АССР ХКК Сулютев жолдасқа «1928-1935 жылғы мал шаруашылығының жағдайы, есебі туралы» Қазақстан халық шаруашылығының есебі. /30-қ., 4-т., 826-іс. 1-15 п/. Сонымен бірге жоғарыда көрсетілген архив қорларынан Екіншілік Халық Комиссариаты, өкімет басшыларының есебі, баяндамалары, баяндау жазбаларында біз қарастырып отырған сол жылдардағы мал шаруашылығының жағдайы, дамуы туралы 1929-1933 жылдардағы көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы мал шаруашылығының апатты құлдырауы туралы мағлұматтар беретін көптеген деректік құжаттар алынды. Архив қорларынан алынған деректер бір-бірімен салыстыра отырылып, сын көзбен талданды.

Сонымен қатар БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің пленумдары мен конференцияларының жарияланған материалдары. Атап айтқанда, Қазақ Өлкелік партия комитетінің V конференциясы /1925 ж., 1-7. XII/, VI конференциясы /1927 ж., 15-23. XI/, VII конференциясы /1930., V- VI/. VIII конференциясының /1934 ж., 8-16.01/ материалдары. Аталған кезеңдегі жауапты қызметте болған адамдардың партиялық жиналыстарда сөйлеген сөздері, жеделхаттары, стенограммалары, жеке жинақтары зерттеу жұмысымыздың дерек көздері болып табылады.

Диссертация тақырыбын аша түсуге архивтерде сақталған, бұрын белгісіз болып келген, кейінгі жылдары баспасөзде жарық көрген

Ф.Голошекиннің Орталық Комитетке, тікелей Сталинге жазған /1930 ж. 21.IV., 1931 ж. 30.XII., 1932 ж. 9.IX/ өте құпия хаттары. Бесеудің хаты. /1930 ж. 4.VII. Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев/. Алтаудың хаты. /1933 ж. 24.II. Ғ. Ысқақов, І.Қабылов, Ж.Арыстанов, Б. Айбасов, Ғ. Тоғжанов,

О. Жандосов /Ораз Исаевтың /1932. V III/ Т. Рысқұловтың /1932 ж. 29.IX., 1933 ж. 9.03/ Л.Мирзоянның /1933 ж. 29.03/ Сталинге, Орталық комитетке жазған хаттары мал басының апатты құлдырауын анықтауға, Қазақстандағы ауыр ахуалдың мәнін ашуға айтарлықтай септігін тигізген құнды дерек екенін айта кеткеніміз жөн.

Дерек ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін қорлар бөлімінен 20-30 жылдары шыққан араб, латын, кириллица әріптерімен басылған мерзімдік басылымдардың түп нұсқасы пайдаланылды. Олар «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Социалды Қазақстан», «Қазақстан большевигі», «Советская Киргизия», «Народное хозяйство Казахстана», «Большевик Казахстана» және тағы басқалар. Алынған мәліметтер алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді.

## **Екінші тарау: ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ «КІШІ ОКТЯБРЬ» САЯСАТЫ ЖЫЛДАРЫНДА (1925-1928 ЖЖ.)**

### **2. 1. Тәркілеу науқаны қарсаңындағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының жағдайы. Дәстүрлі мал шаруашылығының өзіндік ерекшеліктері**

*Кең байтақ Қазақстан жерін ежелден бері мекендейтін ата-бабаларымыз бұл араның табиғи-тарихи жағдайына бейімделіп, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан.*

Көшпелі мал шаруашылығының өзіне тән ерекшелігі — оның көшіп жүретіндігінде. Көктемде жас шөп қар арасынан, қылтып көрінісімен қазақтар көше бастаған. Олар әуелі көктемгі жайылымға /көктеу/ көшіп барған, мұнда ыстық түскенге дейін болып, шөбі шүйгін, суы мол жазғы жайылымға /жайлау/ қоныс аударған. Жазғы жайылымнан қазақтар күзгі жайылымға /күзеу/ орын ауыстырған, ал қараша айында қысқы қонысқа (қыстау) көшіп барып, күн жылығанға дейін сонда тұрған /90/. Бірақ қазақ жерін патша үкіметінің отарлауына байланысты көшпелі мал шаруашылығының бұл жүйесі бұзылып, қатты дағдарысқа ұшырады.

XX ғасырдың алғашқы он жылдықтарында қазақтың ең шұрайлы, жайылымдық және шабындық жерлері, рулық қауым меншігінде болды. Қазақ рулары белгілі бір жайылымдарға орнығып, өздерінің көшу жолдарын тұрақтандырып алған еді /68/. Мал шаруашылығын дамыту, мал басын өсіру аса кең жайылымдықтарды талап етті. Мал шаруашылығының дамуы жер мәселесімен тығыз байланысты болды. Алайда отарлау саясатының күшеюіне байланысты XX ғасырдың басында мал жайылатын өріс, жайылым тарылып жер мәселесі шиеленісе бастады. Ғасыр басынан қазақ жерін отарлау барысында, шиеленісіп, өзінің дұрыс шешімін таппаған жер мәселесі дәстүрлі шаруашылықтың күйреуіне алып келді. Бұған басты және бірінші себеп — патша үкіметінің қазақ жерін кең құлашпен отарлау саясатының дәстүрлі мал шаруашылығының өркендеу мүмкіндіктеріне қайшы келуі еді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан жерін әскери отарлау, одан кейін осында мұжықтарды жаппай қоныстандыру арқылы отарлау күшейе түсті. Патша үкіметі отарлау саясатын ашық түрде



жүргізе отырып, ерекше саяси себептерді басшылыққа алды. Әскери отарлаудың мақсаты жаулап алған жерлерде өз күшін нығайту болса ал қоныстандыру саясаты арқылы отаршылдар екі мақсатты көздеді: бірінші, өлкені орыстандыру, екінші, Европалық Россиядағы помещиктік жер қожалығына түгелімен қауіп төндірген, шиеленіскен аграрлық қатынастарды бәсеңдету /91/.

Патша үкіметінің отарлау саясатын жан-жақты талдай келе профессор М.Қ. Қойгелдиев бұл екі мақсаттың отаршыл мазмұнын: «... Біріншіден, 1861 жылғы 19 ақпанда жарияланған реформадан кейінгі уақытта метрополнияда қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті жерге мұқтаж орыс шаруаларын Қазақстан және басқа отарлық тәуелділіктегі аймақтарға қоныс аударту арқылы бәсеңдету болса, екіншіден, қоныс аударушы орыс және басқа еуропалық шаруаларды жаңа елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақ қоғамындағы отарлық билікке қарсы күштерді біржола құрту, сөйтіп болашақта қазақ елін орыстандыру арқылы қазақ жерін империяның географиялық құрамды бөлігіне айналдыру еді. Басқаша айтқанда, Ресейдің Қазақстандағы «тарихи» миссиясына орыстық империялық тарихнама және оның батыстағы еуропа-центристік пікірлестері, қаншама «өркеніеттілік», «ағартушылық» сипат беруге тырысқандарымен, шын мәнінде орыс әкімшілігінің Қазақстанда ұстанған бағыты қатардағы жаулап алушылықтың, отарлаудың нағыз өзі болатын» - деп атап көрсетті /92/.

Жаулап алушылық, отарлау саясатын жүргізген отаршылдар жер үлес нормасын сақтамай, шаруаға қолайлы ең шұрайлы жерлерді, жақсы жайылымдарды, суаттарды таңдап алып онда мұжықтарды жүйесіз жаппай орналастыра бастады. Қазақтың қолындағы бағып отырған малын, өрісін, жайылым, жерін тартып алып, өзін шөлді, тақыр жарамсыз жерлерге ығыстырды және мұның жергілікті қазақтардың тұрмысына, шаруашылығына қаншалықты күйзеліс әкелетіндігімен ешкім есептесіп жатпады. Тіпті дала губернияларын бір сәт аралаған генерал-губернатордың өзі де елінен, жерінен, тұрағынан, қонысынан, малының өрісінен айырылған қазақтардың арыз шағымына: Қазақстанның оңтүстігіне Қаракұм мен Қызылқұмға қарай көшіндер деп қолды бірақ сілтеді. Барар жері, басар тауы қалмаған байғұс қазақтар өздерінің кіндік қаны тамған өлкеде елі мен жерінен айырылып, сорлап қала берді /93/.

Қазақтан тартып алынған жерде орыс поселкелері көбейе түсті. Мысалы, отарлау саясатының нәтижесінде 1908 жылы Жетісу гу-

берниясында орыс поселкаларының саны 41-ге, казак станциялары — 30-ға жетті. 60350 мың шаруалар 231.250 десятина жерді мекендесе, 34.468 мың казактар 610484 десятина жерді немденді. Ал енді 1911 жылы Жетісу губерниясында 155 орыс поселоктары (оның ішінде 32 казак, 123 шаруа) пайда болған, бұл поселка тұрғындары 175 мың адамға жеткен. Сырдария губерниясында 1909 жылы 92 орыс поселкі 40 мың адаммен, 203.000 десятина жерді немденген. Ең маңыздысы бұл сандар емес, - деді кезінде Г. Сафаров өзінің «Колониальная революция (опыт Туркестана)» атты еңбегінде: «Ең маңыздысы орыс отаршылдарының осы поселоктары қалай пайда болды және олардың пайда болуы жергілікті халықтың өміріне қандай өзгеріс әкелді ең маңыздысы осы. Сенатор ревизия есебінде Палена: «қырғыздарды жаппай қысқы қоныстарынан қуу керек» деген. Тек қана жеке қырғыз шаруашылықтарын ғана емес, сонымен бірге ұсақ ауылдарды да атамекендерінен қуып шықты. Мындаған және жүздеген қырғыз шаруашылықтарын қан мен терін төккен ата-бабаларынан мұраға қалған жерден зорлықпен қуып шықты» - /94/.

Патша өкіметінің жерді отарлауы қазақ шаруасына орасан зиянын тигізіп, қазақ еңбекшілерін өте күйзелтіп өлімші, қырылатын халге жеткізді /95/.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың аралығында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығында дағдарыс кезеңі басталған, бірақ ол әлі де болса өзінің негізгі ерекше белгісін сақтаған еді /96/. Ал XX ғасырдың басындағы бұрынғыдан да шапшандатылып жүргізілген отарлау саясаты қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының шырқын бұзды, оны тығырыққа әкеліп тіреді. Қазақ жері келімсекке алынып, жер тарылып халық саны өскен соң, ел шарасыздан, амалсыздан егін шаруасына көшіп, диханға айнала бастады. Бірақ қолайлы жері жоқ елдер егін шаруасын тастап, қайтадан мал шаруасымен айналысуға мәжбүр болған /97/.

Қазан төңкерісі қарсаңында қазақ жеріне келіп қоныстанған келімсектер саны, қазақ елінің пайдалануынан тартып алынған жер көлемі қандай еді? Қоныстандыру мекемелерінің көрсеткіштері бойынша 1893-1915 жылдар аралығындағы қазақтардың тартылып алынған жер көлемі Қазақстан бойынша 20.251.266, оның ішінде Жетісу губерниясында 2.225.262, Сырдария губерниясында 1.661.438 жер тартып алынды.

Барлығы 1893-1915 жылдары осы жерлерге келіп қоныстанған келімсектер саны бір миллионнан асып түсті. Қазақстан бойын-

ша барлығы 1.197.803 жан, оның ішінде Жетісуға 56.521, Сырдарияға 17.343 келімсектер келіп орналасты /91, С.15/.

Қазақстан жеріне «тілеусіз қонақтардың» лек-легімен ағылып келуі өлкедегі жер мәселесін асқындырып жіберді. Жер мәселесі ең өзекті тақырыпқа айналып баспасөз беттерінде «15 десятинадан ер басына жер кестіріп қала болу керек пе? Әлде көшіп жүру керек пе?» деген үлкен мәселе төңірегінде ой қозғалды. Ұлттық интеллигенция арасында екі түрлі пікір қалыптасты.

1) «Айқап» журналының төңірегінде (1911-1915 жылдары шыққан) — Б. Қаратаев, М. Сералин, Ж. Сейдалин т.б. бастаған топ «15 десятинадан ер басына жер кестіріп қала болуды» жақтап өз ойларын білдірді: «... Бейқам жатқан қазақ жеріне көршілес болып мұжықтар қоныс ала бастаған соң, жер тарылды. Жер тарылғанда қалайша күн көремін деп ойға қалған қазақ осы күнде қайтерін білмей дағдарып тұр. ...Менің ойымша, бұрынғы шаруа қолымызда аталарымыз малын жұтатып, ашаршылыққа қалған кезде қорықпай-ақ, үрікпей-ақ, арланбай-ақ егін кәсібіне жармасқан һәм сол кәсіптің арқасында ашаршылықтан құтылған. Аталарымыздың осы істері бізге зор үлгі емес пе?... Енді тар жерде қалайынша күн көрудің жайын қарастыру керек. Мұнан былай біздердің күн көруіміз үшін ең алдымен қала болып отыруымыз тиіс. Қала болып отырған соң, қалалы жұрттың істеген кәсіптерін істеу керек. ...Келіңіз, жігіттер, жалқаулықты тастап, жұрт қатарлы ғылым-өнерге талпына жармасалық» - деп М.Сералин халыққа үндеу тастады /98/. Ал атақты қазақ адвокаты 2-Дума мүшесі Сұлтан Бақытжан Қаратаев мырза өзіне ерген ағайындарымен тиісті жерлерін кестіріп алып, қала болып өздерінше елге үлгі көрсеткен еді.

Қала болу керек деушілердің тағы бір пікірі мынаған саяды: «Рас, қазақ халқының жер-суға ие болып, жаз-жайлау, күз- күзеу, қысқыстауда тарлық көрмей төрт түлігі сай болып, тай-құлындай, тоқты қоздап, қосты жылқы, желім, түйе, отарлы қой, қайры жоқ, еріккеннен бірінің малын бірі қуып, кең далада құлан-қиқше сайран етіп жүрген күні болған, ол күндер енді көздеріне де ғана елестейді. Мұның себебі не, халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты хукіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ата-мекеннен ірге қозғалып қазақтың шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда

қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. ...Біз қазақтарда қала болып, малдың санын кемітіп барасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып өзімізде алдағы жұрттың істегенін істеп солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтардың бірі бола аламыз» /98, Б. 83/.

Иә, осылайша қазақ зиялыларының бір тобы, қазақ жерінің тарылып, тозып, шаруашылығының күннен-күнге күйзеліске ұшырауын, халықтың жағдайының нашарлауын ескеріп, миллиондаған мұжықтың бүгін, ертең келіп бітпейтіндігіне көздері жетіп, бүйте берсек жерсіз қаламыз деді, халықты 15 десятинадан жер алып қала болуға, осы негізде өнер-білімге ұмтылуға шақырды.

2) Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойының көш басшысы болған «Қазақ» газетінің маңында (1913-1918 ж. шыққан) топтасқан Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов және басқалар «көшіп жүру керек» деген пікірді қолдап, өз ойларын былай білдірді: «Қазақ халқы көшейін деп жүрген жоқ, жерінің ауасына (климатическая условия) қарап көшіп жүр. Адам тұрған жерінің ауасының құлы. Қазақ отырған жер егіншілікке жарамсыз. 12-15 жыл егін салған жер тозып шаңы шығады, тағы да жаңа жерге салу керек болады. Әлгі тозған жер егіншілікке жарауына 20-25 жыл тынығуы керек. Қазіргі қазақ жеріндегі хаколдар неге байып кетті десеңдер, бұлар қазақ жерінің ең тәуірін тандап алған, алған жері тозса, қазақтан жерді арендаға алып, өз жерлерін тың сақтап отыр. Жақсы деп орныққан жерлері нашар шығып, көшіп кеткен, яки жаңа жер кестіріп алған мұжық көп...

Қазақ жерінің алабы кең болса да пайдаға жарарлығы аз. Жалғыз Балқаш көлі менен Бетбақтың шөл даласы елу мың шаршы шақырым орын алып жатыр. Бұлардың басқа да таулар, тастар, шөлдер, көлдер, сорлар аз ба?

Қазақ көшпенділікті өзі тастамаса, хукімет еріксіз қала болғызбайды, қазақ халқының егіншілікке айналмай, бұрынғыдай мал өсіру кәсібінде болғанда, бірінші өзіне, екінші мемлекетке зор пайда келтіреді. Россияның базарына жүн, жабағы, қыл, ет, тері, май жеткізіп тұрғанның көбі қазақ малы емес пе? Оның үстіне ғаскерге арзан һәм көнбіс аттар қазақ жылқысынан шығатынын еске түсірсек, мал шаруасының патшалыққа келтіретуғын пайдасын санап бітерлік емес» /98, Б.84/.

Көшіп жүру керек деушілердің пікірі сол кездегі қазақ шаруашылығын жақсы білетін ғалымдардың пікірлерімен үндесіп жатты:

«...1901 жылы 27 қыркүйекте Петербургте болған «Антропологическое обществоның» бір мәжілісінде көшпелік жайын жақсы білетұғын Клеменц деген ғалым айтқан: «Бұл күнгі егін салып, қала болған халықтар бұрынғы мал өсіру кәсібін басқалардан міндетті қылумен тастамаған, һәм міндетті болудың жөні жоқ еді. Қазіргі Европа да мысалы, мәдени Швейцарияда сүттен май ірімшік алу үшін мал өсіріп көшушілер бар. Жана да ғана Норвегияда қой етінің бағасы көтерулі себепті егін салу, көшіп жүріп қойды ащылы жерге бағып өсіру маслихат көрілген». Қазақ жері егінге жарамсыздығын, мал өсіруге ғана лайық екендігін профессор Винер қазақ тұрмысынан ашына хаттар жазған һәм жазбақта. Қазақ мал баққан халық. Қазіргі бағып отырған малына ылайық жер қалдырмай тастауын ақылға сыйдыруға болмайды. Халықтың ғұмыры 20-30-жылдығына емес, дүние тұрғанша тұруда үміт бар. Соның үшін түбін ойлағанда қазіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбасқа керек» — деді /98, Б.85/.

«Қазақ» газеті бетінде орыс мұжығымен қазақ көшпелі шаруасын теңестіріп, 15 десятинадан үлес беру туралы әділетсіз заң шығарып отырған патша үкіметінің отарлау саясатын қатты сынап, батыл әшкерлеген Әлихан Бөкейханов болды.

Әлихан Бөкейхан - қазақтың мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған энциклопедист ғалым еді. 1899 жылы ол Омбының алдыңғы қатарлы зиялылары мен ауыл шаруашылық мамандарымен бірге Мәскеудің ауыл шаруашылық қоғамының Омбылық бөлімін /Омский отдел Московского общества сельского хозяйства — ООМОСХ/ ашуға ат салысады. Қоғамның алға қойған негізгі мақсаты — Сібірдегі және қазақ облыстарындағы ауыл шаруашылық саласының өркендеуіне мәдени-насихаттау жолмен мүмкіндік туғызу болып табылатын. Ол 1902 жылы өткен Батыс Сібір мен қазақ облыстары сүт және май өндірушілер съезі жұмысына қатысқан. «Щербина экспедициясынан» /1896-1901/ кейін 1903 жылы ол С.П.Швецов бастаған Сібір темір жолы бойында орналасқан Челябин мен Том /Томск/ қалалары аралығын мекендеген қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге бағытталған экономикалық экспедиция құрамында болған. Сол тұста Ә.Бөкейхановқа қазақтың қой малын және қой шаруашылығын зерттеу тапсырылады. Сол өңірдегі қой шаруашылығымен қоса ол бүкіл қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі, атап айтсақ Жетісу, Сырдария бойындағы қазақтардың қой тұқымдарын, шаруашылықтарын түгел қамтып, бір-бірімен өзара

салыстыра отырып, қарастыра зерттеді. Соның нәтижесінде Ә.Бөкейхан қазақтың қой тұқымдары және қазақтың қой шаруашылығы жайында бұрын-соңды ғылымда болмаған монографияны жазып өмірге келтірді. Монографияда қазақы қойдың түрлі тұқымдары туралы, жем-азығы, жайылымы, малдың түрлі аурулары мен емдеудің әдістері жайында, қысқасы, қазақтың қой шаруашылығына қажетті алуан түрлі мәліметтер мольнан берілген: Бұл еңбек экспедицияның басқа материалдарымен бірге «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги» деген үш бөлімнен тұратын кітап болып, 1904 жылы Том қаласында жарыққа шығады /37/.

Қазақтың мал шаруашылығын жан-жақты зерттеген ғалым ретінде Ә.Бөкейхан «Қазақ» газеті бетінде өзінің құнды, терең мағыналы ғылыми мақалаларын жариялады. Олар «Ашық хат», «Кабинет жеріндегі қазақтар», «Жауап хат», «Екі жол» т.б. Бұл мақалаларында ол қазақтың мал шаруашылығы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты, шаруашылықтың бір түрінен екінші түріне өту оңай нәрсе емес, оған көп дайындық және уақыт керектігін айта келе: «...Жердің көп-азына қарамай, жердің рауасына қарай адам баласы мал баққан ыя егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса жердің рауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған. ... Қазақ жері — мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе мал баққан. ... Біздің ақылымызша, адам баласының шаруасы бірте-бірте қиышпылықпен көп жылдарда ауырлайды. Мал бағып шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-тен жер берді деп егінші бола қоймайды. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер алса, үлкен аяққатар етік киген болады. Біз қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып, жан-жағыңа қара дейтініміз, қазақ 15-тен алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды. ... 15-те отырып, тамақ асырайтын болсақ, 15-тен жер ал, 15-ке мал бақпақ болсаң адасқаның, қаңғырғаның» /32/ — деп өзінің туған халқына, өмір шындығынан туған өз ойларын түсінікті түрде жеткізуге тырысты.

Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов және оның серіктері «Көшпелі һәм отырықшы норма» дегенде қазақ халқын отырықшыландыруға қарсы болған жоқ қайта ақылға сыйымды эволюциялық жолды ұсынды. Мәселен, Ә.Бөкейхан: «...ғұмыр жолымен, мұны ғылым «эволю-

ция» дейді, қоя берсе көшпелі халық ақырында бір отырмақшы десек, 250 жылда бәрі жатақ болмақ. Міне, эволюция жолының шабаны, жер жүзінде қанша отырған мәдени халық осы ғұмырдың шабан жолымен отырықшы болған. ...Мал бағып, шаруа қылып отырған халық қағазбен 15-тен жер бергенге егінші болып кетпейді. ...Үкімет біздің қазақ халқының пайдасын ойласа, сен қазақ бір күнде мал шаруасын тастап егінші бол демейді. ...Мемлекет қазақты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырар еді. Сонда қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді» — дейді / 32, Б.152/.

Ә.Бөкейхан және оның пікірлестері сол кездегі «көшпелі һәм отырықшы норманың» патша үкіметінің айлакер саясатынан туғанын, оны отаршылар қайткен күнде де қазақ халқын алдап оның көп жерін тартып алу үшін шығарғанын, отаршыл саясатының құйтырқылығын түсініп, соған қарсы шықты.

А.Байтұрсынұлы «Көшпелі һәм отырықшы норма» мақаласында «...Отырықшы норма қазақ сонымен күн көреді деп көзі жеткендіктен шығарған норма емес, қазақтың жерін көбірек алу үшін шығарған һәм көбірек алғанда қазақтың ырзальығымен алдық деп көрсету үшін шығарған норма» — деп, халыққа дұрыс жол көрсетуге шақырды /99/.

Яғни көшпелі мал шаруашылығын қолдаушылар, отырықшы норманың отаршыл мазмұнын ашып көрсетіп, қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылықты бұзбауға шақырып, эволюциялық даму жолын сақтап қалу керек — деді.

Отарлау саясатының шаруашылыққа тигізген кері әсерін профессор С.П.Швецов былай деп атап көрсетті.: «Әскери және қоныстандыру арқылы жүргізіп отырған орыстың отарлау саясаты - қазақтың пайдаланып отырған жерлерін тартып алып, ол жерлерге қара шекпендерді орналастырды, бұдан қазақтардың дәстүрлі шаруашылықтары өте ауыр жағдайға душар болды, -олардың пайдалануына қалдырған алақандай жерге енді олар бұрынғыдай мал шаруашылығын жүргізе алмады, сондықтанда отырықшылыққа, егін егуге мәжбүр болды, жаңа қоныс аударушыларға жер бөліп беруде, осы алақандай жерден айырылып қалам деп қорықты, себебі қазақ жерін пайдалану ешқандай заңмен қорғалмады, керісінше қоныс аударушы, чиновниктерге әр түрлі себептермен олардың жерін тартып алуға права берілді, заң солардың мүддесін қорғады. Қазақтар енді амалсыз патша үкіметінен өздерін жерге орналастыруға өтініш білдіріп,

жер үлесін алуға мәжбүр болды. Сондықтан кейбір қазақ шаруашылықтары отырықшылыққа көшті, оларға әр жан басына 8-12-15 десятинадан жер бөліп берді» /16, С.106/.

Патша үкіметінің пәрменді отарлау саясаты қазақ жеріне қоныстанушылардың толастамауы, қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйзелтті.

Басты себеп — жер. Жер тарылған соң, жайылым - өріс көлемі де кеміп, осыған сәйкес мал басы да азайды. Мысалы, 1880 жылдары барлық малдың 20 % жылқы, 36 % түйе, 10,7 % сиыр, 65,9 % қой-ешкі малы болған болса, ал 1910 жылы түйе мен жылқы кеміп, жылқы 18,7 %, түйе 3,3 % түседі, сиыр пайыз жөнінен артып 22,4 %, қой-ешкі де бұрынғысынан кеміп барлық малдың 57,8 % болады /11/. Мал басы жалпы алғанда жылдан жылға азайып, олардың үлес салмағы да өзгеріп отырған. Басқа малдарға қарағанда сиыр малының артуы, жайылымның тарылып басқа малдың бағуы сиыр малының бағуына қарағанда қиындай түскендіктен деп білеміз.

Қазақ даласын отарлау, жайылым-өрісті тарылтып, көшіп-қонудың бағытын, жолын өзгертіп, мал басын азайтып қана қойған жоқ, сонымен бірге қазақтардың егіншілік мәдениетінің дамуын да тежеді. Бұл жайында Г.Сафаров былай деп жазды: «Түркістанға орыс қоныс аударушылары ең жоғарғы егін шаруашылық мәдениетін әкелді деп ойласақ, бұл үлкен қателік болар еді. ...Ол бұл жерге жыртқыш ретінде пайда болды және ол жыртқыш ретінде қазақтардың қолындағының бәрін пайдалана бастады» деді /94, С.74/.

XX ғасырдың 20-жылдарының басында Қазақстандағы экономикалық жағдай тым ауыр болды. Үлкен адам шығынымен арты аштыққа ұласқан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, адам және мал шығынына ұшыратқан азамат соғысы, 1921-1922 жылғы ашаршылық ауыр салдарлар қалдырды.

Қазақ жеріндегі ашаршылықтың басты себебін бүгінде халқымызға қайта оралған ұлы қайраткер Мұстафа Шоқай «Қазақ жеріндегі ашаршылық» атты еңбегінде: «...қазақ жеріндегі жұт өз бетімен келмейті, ол революция әкелген апат, большевиктік саясаттың кесірі. Бұл арада, бірнеше жыл қатарынан шөп шықпай қалды деу айтар сылтаудың түрі. Бұл алты атарды кезеніп тұрып, халықтың малын тартып алудың салдары, «Қызыл тұмар» деп халық атап өткен жалған құжатпен халықты алдап-арбау арқылы малын әкетіп, қайтарып береміз, жақсылық жасаймыз деп беті бүлік етпестен істелген арсыздықтың салдары ол» - деп көрсетті /100/.



Қазан төңкерісінен кейін елдегі саяси билікке қол жеткізген большевиктер о бастан-ақ қазақ халқына жақсылық әкелмеді. Қазақстандағы жер мәселесі және жерге орналастыру Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ шиеленіскен күйінде өзінің дұрыс шешімін таппай қала берді. Кеңес үкіметі жер мәселесіне байланысты қазақ еңбекшілеріне берген уәдесін орындаған жоқ.

Қазақстанның оңтүстігіндегі 1921-1922 жылдары жүргізілген жер-су реформасы үлкен белсенділікпен басталғанымен, өзінің логикалық шешімін таппай, тоқтап қалды. Өйткені орталық билік үшін алыстағы «түземдіктердің» мүддесінен гөрі, ішкі россиялық губерниядан Түркістан жеріне қоныс аудара барған орыс шаруалары мен кулактарының басталған реформаны тоқтатуды талап еткен тілектері түсініктірек және жақынырақ еді /76, Б.28/. Қазақстанның солтүстігінде мемлекеттік отарлау толық тоқтатылғанымен аштықтан қашқандар және өз еркімен келіп қоныстанушылар легі тоқталмады, жалғаса берді, олар бұрынғы келімсектер орналасқан поселоктарға келіп орналасып жатты, халық көбейіп, жер тапшылығы шиеленісе түсті /91, С.16/.

Сонымен бірге 1920 жылы 4-12 қазан айында РСФСР-дың құрамында құрылған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика /Қазақ АКСР/-на халқымыздың ежелгі ата қонысы бұрынғы Сырдария және Жетісу губерниялары кірмей қалды.

Қазақстанның оңтүстігін алып жатқан осы ұлан-ғайыр өлке 1924 жылдың соңына дейін Түркістан АКСР-нің құрамында болып келді. 1924 жылы аталған облыс территориялары Қазақ АКСР-не қосылды. Атап айтқанда, Қазақстанға Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент, Әулиеата уездерімен Ташкент Мырзашөл уездерінің және Самарканд облысы Жизак уезінің кейбір болыстары, Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Піспек уезінің қазақтар мекендеген аудандары қосылды. Қазақ АКСР-нің жер көлемі 700 мың шаршы шақырымға, халқының саны 1 миллион 468 мың адамға көбейді /101/. Осылайша 1925 жылы Республиканың әкімшілік бөлінуін қайта құру аяқталды.

Осы жылдары Қазақстанның болашағы үшін ауыл шаруашылығының қай түрі басты сала болуға тиіс: егін шаруашылығы ма?, әлде мал шаруашылығы ма? деген өзекті де, күрделі мәселе тұрды. Талай жылғы аударыс-төңкерістен кейін қазақтың дәстүрлі шаруашылығы күйзеліске ұшырап, малдың саны азайып кеткен еді. Қазақстан шаруасының жылдан-жылға өзгеріп отырғандығын белгілі қай-

раткер Смағұл Сәдуақасұлы «Қазақстан шаруасының бет алысы» атты мақаласында: «...Қазақ шаруасы қанша күйзелгенімен қазақ жұртының іргесі, аман қалып отыр. Бірен-саран жерлерде болмаса жалпы қалың ел сау. Қазақ кедейленді бірақ жер жүзінен өшіп кеткен жоқ. Қазақта баяғыдай мындаған жылқы, жүздеген сиыр жоқ, әйткенімен ендігі шаруасын ілгері бастыруға жететін қоры қалды. Жұқа болса да жұрнағы бар. ...Бұрын он сиырды мал деп есептемейтін қазақ енді бір сиырды мал етті» /9/, - дей келе сол кездегі шешімін таппай тұрған өзекті мәселенің бірі ауыл шаруашылығы қандай бағытта дамиды деген сауалға «... қазақ отырықшы болу керек дегенді айтып жүр, қазақ фабрик-зауат салуға айналу керек дейді, бұның бәрі өз заманында бола жататын нәрселер. Қазіргі алдымызда тұрған сауал ауыл шаруашылығының жайы. Болашақта ауыл шаруашылығына тіреледі. Ауыл шаруасының жолы көбінесе табиғи заңдармен жүреді. Бір жағы адамның күш еңбегі болса, екінші жағы жаратылыстың жасалуы. ...Сондықтан біздің шаруаны сөйлегенде Қазақстанның табиғи-тарихи климаттық жағдайын еске алу керек» - деп жауап берді /9/.

Қазақстанның табиғи жағдайына қарай шаруашылықтың түрі солтүстік өлкеде егіншілік, оңтүстік, орталық өлкеде малшылық болды. Шаруашылықтың бұлай орналасуының екі үлкен себебі бар: олар климаттық-топырақтық базар жағдайы. Қазақстанның орталығы оңтүстігі сары топырақты, қызыл-құмды, мұнда өзен-көл, ала жаздай жаңбыр болмайды. Сондықтан суармалы егістен басқа егін кәсібі болуы мүмкін емес, суарма егіске көп еңбек керек. Егіншіліктен гөрі, мал шаруашылығына қойлайлы, осыған байланысты бұл өлкеде малшы қазақ елі басым болған. Егіншілік шаруашылығын қара топырақты өзен-көл молырақ, жауын-шашынды солтүстікте ғана бейнетсіз жүргізуге болады және бұл өлкеде келімсiктер саны көп. Әрине, кейбір қалаға сауда жолына жақын жерлердегі азғантай елдердегі егін кәсібінің басымдығын жалпыға тән санауға болмайды. Солтүстік аймақтың өзінде жалпы алғанда қазақтарда егін шаруашылығынан гөрі мал шаруасы басым, яғни қай жерде болса да мал шаруашылығы бірінші орын алған.

Қазақ шаруасын ілгері дамытатын базар. 1922 жылға дейін құлдырап кеткен шаруа жаңа экономикалық саясат арқасында ілгері дамып, дамыған сайын базар шаруасына ыңғайланып келген. Қазақ елі базарлы қалалардан, темір жолдардан, орыс елдерінен гөрі қашық орналасқан, қазақ елінің өз ішінде базар ордасы жоқтың қасы. Сон-

дықтан қазақ еліне алыс-тағы базарға астық жеткізуден тері-терсек, мал жеткізу оңай болған. Астықты базарға жеткізу жағынан, малды аяғынан айдап бару, оның терісін, жүнін жеткізу арзанға түскен. Екінші малды бағып-қағу қазаққа әрі оңай, әрі арзан, ал егін шаруасын жүргізуге көп еңбек, құрал-сайман керек болды, бұның бәрі де қазақ елінде жоқтың қасы еді. Сондықтан қазақ шаруасының назары малға ауа бермек еді. Ел шаруасының өркендеуінде 1922 жылғы дағдарыстан кейін егістен гөрі мал санының өсуі байқалған. Егін еккен қазақтардың өзі астықтан өндірген ақшаға құрал-сайманнан бұрын мал сатып алып, мал жинай бастаған. Қазақ егісінің дені ішермендік астық ғана еді. Мысалы: Ең егінші деген Қостанай губерниясында базарлы астық пен базарсыз астығын салыстырсақ мынаны көреміз: әрбір егінші орыс шаруасында: базарлы астық - бидай 3,5 дес., ішермендік - тары 0,31 дес. келді, базарлы астық - 10 есе артық. Әрбір егінші қазақ шаруасында: базарлы бидай - 1,16 дес., ішермендік тары - 0,6 дес. келді, базарлы астық - екі есе артық /10/.

Біз бұдан Қазақстанның табиғи-тарихи жағдайының өзі қазақтар үшін егіншіліктен мал шаруашылығына қолайлы және тиімді болғандығын көреміз.

Келімсектер келіп жердің тарылуына байланысты төрт түлік малдың ара салмағы да өзгерді, елде сиыр малы көбейе бастады. Мысалы, Жетісу өлкесінде 1869-1915 жылдар аралығында төрт түліктің өсу дәрежесі оның ішінде жылқы саны 2,5 есе, қой - 2,1 есе, түйе - 1,1 есе артса, ірі қара санының 17 есе артқандығын көреміз /54, Б.12/.

Малдың үлес салмағының өзгеруінің себебін F.Тоғжанов еңбегінде: «Қазақ ауылына капитализмнің енуі, қазақ шаруашыларының таптық жіктелуі, ішкі рыноктың дамуы және мал шаруашылығының товарлылығының артуы қазақ ауылының экономикалық құрылысына және малдың құрамына өзгеріс әкелді» - деп түсіндірді /102/. Ал Қазақстанның өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ораз Жандос ұлының «Егін кәсібі керек пе, мал кәсібі керек пе?» деген баяндамасында: «Төрт түліктің өзгеруінің, кемуінің себебі - бірінші, қазақ даласының отарлануы, екінші, қазақ елінің отырықшылыққа айнала бастауы, яғни шаруаның бір түрінен екінші түріне көшуі себеп болды. Көшпелі елдің көшіп жүретін жайылымы тарылып қазақ даласының отарлануы кесірінен, көшпелікке қолайлы болса да, болмаса да, белгілі ауданнан асып көше алмай-

тын болды» /11/ деп көрсетті. Яғни мал жайылатын, жайылым-өріс тарылып, мал саны азайған сайын, халық малды қолға ұстауға айналған, ал қолға ұстап асырауға басқа малдарға қарағанда сиыр малы қолайлы келді.

Сонымен бірге солтүстікте ірі кара, жылқы малы, оңтүстікте қой малының көп болуы - қазақ малының әр түрінің өзіндік қасиетіне және оның жергілікті жағдайларға бейімделуінде еді. Оңтүстіктегі әрбір шаруашылықта ірі кара малы екі есе аз, және осыншама қойға бай, ал солтүстікте әрбір шаруашылықта алты есе қойға аз оңтүстікке қарағанда /37/. Ірі кара қазақ малының ішіндегі тебінге бейімделмеген, себебі ол қардың астында қалған шөпті тұяғымен аршып жиі алмайды; сондықтан малдың бұл түрін қазақтар қай жерде көп, мол пішен шөп шабады, сол жерде асырады. Мұндай жерлер Қазақстанда Ертіс, Есіл бойлары, жалпы солтүстік аймақтар еді. Қазақтың жылқысы мен қойы тебінге өте бейімделген, оңтүстік далалы аймақтар, қар аз жауатын таулы алқаптар қой жаюға өте қолайлы еді. Солтүстік өлкеде мал шаруасы өркендегенде алды сиыр, соңғысы жылқы болмақ. Бұл өлкеде түйе малы бітуте айналып, қой саны да құлдырап кеткен. Оңтүстікте көпке дейін мал шаруасы көшпелі түрде болып келді. Ерте заманнан бері көшпелі елдің малының дені түйе мен қой болған, себебі бұл екі түлік көшпелікке әбден бейімделген, осы өлкенің табиғи жағдайына ыңғайлы.

Қазақстан жерінің табиғи жағдайының қаталдығы мен көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктеріне сай төрт түлік малдың да ғасырлар бойы қалыптасқан жергілікті тұқымдары болған. Олар қазақ халқының төл малының жүздеген жыл сұрыпталуының негізінде қалыптасты /54, Б.14/.

XX ғасырдың 20-жылдарының ортасында Қазақстан жерінде қазақ, башқұрт, алтай жылқыларының, қазақ, қалмақ ірі кара малының, қазақ қойының жергілікті тұқымдары болды және оларды дамытуға толық мүмкіндік те бар еді.

Қазақ халқы жылқы түлігін өсіруге ерекше көңіл бөліп, оны асқан ықыласпен күте де білген. Бар байлығы мал болған қазақ соның ішінде түліктің өте қасиеттісі жылқы малын бағып-баптап бағалай білген. Бұл жайында сонау XVI ғасырдың өзінде Мұхамед Хайдар Дулати бабамыздың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде нақты мысал бар: Қасым хан Моғолстан ханы сұлтан Сайдқа былай дейді: «Біздер, дала тұрғындарымыз, біздерде сирек кездесетін қымбатты заттар да, тауарлар да жоқ, біздің басты байлығымыз жылқылардан тұрады,

олардың еті және терісі біздерге ең тамаша тағам және киім, ал біз үшін ең сүйкімді сусын — олардың сүті және одан жасалатындар. Біздің жерімізде бақ та, гимарат та жоқ, біздің тамашалайтын жеріміз — мал жайылымы және жылқылар табыны және біз жылқыларды көріп, сүйсіну үшін табынға барамыз» /103/. Бұдан біз кең байтақ даламызды мал жайылымдарына дұрыс пайдалана білген қазақтың бар байлығы жылқы малымен өлшенгендігін көреміз.

Бұл мал тұқымдары жүздеген жылдар бойы қатал табиғи жағдайға әбден бейімделген, осында жақсы жерсінген. Қазақ, башқұрт, алтай жылқыларын, қазақ, қалмақ ірі қара малын шет ел тұқымдары мен асылдандыру төңкеріске дейінгі жылдары жеке адамдар, мемлекеттік, земстволық мекемелерде көп жылдар бойы тәжірибелер жүргізілген, бірақ олар еш дұрыс нәтиже бермеген.

Жергілікті жылқы тұқымы барлық республикада жылқының 50 % құраған; башқұрт, алтай жылқылары 10 % болған. Жергілікті жылқылар құрғақшылыққа, аштыққа төзімді келеді, ең жақсы көлік. Жергілікті жылқы тұқымын асылдандырудың мемлекет үшін, халық үшін пайдалы тек екі жолы болған: 1) аса қиын, ұзақ бірақ ең тиімді және экономикаға пайдалы жолы — бұл қатаң іріктеу, сұрыптау жолымен құлын кезінен бастап жақсылап бағып-баптап, жақсы сапалы жем-шөп берудің арқасында қазақ жылқыларын өз-өзімен асылдандыру. 2) жеңіл сонымен бірге сенімді және шаруашылыққа пайдалы жолы — жергілікті жылқы тұқымдарын түркімен, араб айғырларымен жоспарлы түрде будандастыру болып табылады /5, Б.65/. Сонымен бірге жылқы баптаушылар түркімен жылқысымен жергілікті жылқы тұқымын будандастыру нәтижесінде алынатын арғымақ тектес қарабайыр тұқымын таза сақтауға тырысатын еді /54, Б.19/. Алтай, башқұрт жылқылары, жергілікті жылқыларға қарағанда биік, сүйектері ірі, аяқтары мықты күшті болғанмен, өзінің төзімділігі, күй, азық талғамайтындығы жағынан жергілікті жылқы тұқымдарынан төмен тұрды. Қалған жылқылардың 30 % егіншілік аудандарында көбінесе қала тұрғындары пайдаланды, ал қалған 10 % республикада ерекше экономикалық маңызы жоқ, тұқымсыз жылқылар еді /5, С.65/. Міне, 1925 жылдардағы республикадағы жылқы жағдайы осындай болатын.

Ірі қара малының басым бөлігі негізінен жергілікті қазақ және қалмақ сиырларының тұқымы еді. Бұл тұқымдар жұмысқа бейім, етті, сүтті болып келеді. Қазақ сиыры қалмақ сиырына қарағанда ұсак, бірақ бордакылап семірту оңай. Қазақ сиырының суыққа,

аштыққа өте төзімділігі Қазақстанның катал табиғатына бейімделгендігінің айғағы /54, Б.16/. Қазақстан өлкесінің егіншілік аудандарында бұдан басқа сұр — украиндық және қызыл неміс сиырларының тұқымдары бар. Россияның оңтүстік губерниясынан келген оларды қоныстанушылар алып келген.

Мал шаруашылығының негізгі саласы қой шаруашылығы болып қала берді. Қазақ қойының қасиеттері мен сырт пішіні жайында Қазан төңкерісіне дейін көптеген саяхатшы ғалымдар еңбектер жазды, оның ішіндегі ерекше маңызды еңбектің бірі Әлихан Бөкейханның - «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» /«Овцеводство в степном крае»/ кітабы 1904 жылы Том қаласында басылған. Қазақ халқының ғасырлар бойғы ата кәсібі болған қой шаруашылығы туралы терең біліммен, үлкен құрметпен жазылған тұтас энциклопедиялық зерттеу /37, Б.423.

Қой малының қазақ өлкесінің әр түрлі атыраптарында таралу, өсірілу мөлшері, табиғи жағдайға икемделуі туралы ойларын қорыта келіп, Әлихан Бөкейхан қой шаруашылығы кейбір жалған отаршыл оқымыстылар айтып жүргендей, жабайы дөрекі, пайдасыз кәсіп емес, сан ұрпақтың мыңжылдықтар бойы жасаған тәжірибелері негізінде сұрыпталған, қоршаған орта жағдайына әбден бейімделген, табиғатпен адам әрекеті арасындағы бірлік ынтымақты сақтап қалған, тұрақты өнім алуға болатын шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тамаша жүйесі екенін дәлелдеп берді.

Осы еңбек басылып шыққанына бір ғасырдай уақыт өтсе де өзінің маңызын, мәнін әлі жоймаған, ұлтымыздың ата кәсібі қой шаруашылығын жүргізудегі ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесін тұжырымдаған тұрмыс салтқа, этнографияға, тарихқа, мінез-психологияға, экономикаға, тілге қатысты бай деректерді, фактілерді қорытқан ғылыми еңбек — дәл бүгінгі күндерде де қойды баптап ұстау үшін, қой өнімдерін алу үшін практикалық сабақтар бере алатын, әрбір шопанның, мал маманының, экономистің қолында жүретін, өлмейтін кітап /37, Б.425/.

Қазақ тұрмысындағы қой малының орнына экономикалық маңызына ғалым әр түрлі қырынан келіп, сан алуан зерттеулер жасау негізінде дәлелді көз жеткізді. Басқа түйе, жылқы, сиыр малдарын есептемегеннің өзінде қойдың өзі ғана қазақ халқына керекті мөлшерде еттің 1/7 (14,46 %) -ден 1/2 (55,33 %) -ін және жыл бойы ішетін сүттің 1/4 - берді, осы түліктің сондай-ақ, қысқы отынның 1/4, жүн, тері, киім үй боларлық қажеттерін түгел өтейтінін ғылыми түрде дәлелдеп берді /37, Б.119/.

○ Республикаға кең тараған қой тұқымы - қазақтың құйрықты қойы. «Таза құйрықты қой деп жазды профессор Кулешов, тек Кавказда және көшпелі халықта ғана қалды. Қойдың сыртқы мүсінін атап айтқанда: сирақтарының ұзын, мықты болуы, ұзын мойын, етті және майлы келетіндігі, бұл тұқымының алыс көшпелілікке өте бейімділігін көрсетеді және жем-шөптің тапшылығына, тіпті құрғақшылық кезіндегі жұтқа да төзімді келеді. Тұмсығы күшті иілген, құлағының салпандығы /шұнақ құлақтары да болады/ салпы-құйрық бұл тұқымының ерекше өзіне тән қасиетін көрсетеді, оны басқа тұқымдармен араластыру мүмкін емес. Мүйізді және мүйізсіз қойлар да бар» /37, Б.155/.

Қазақстанның Орта Азиямен шектес аудандарында қаракөл қойының тұқымы тараса, солтүстікте Россиямен шектес аймақтарында биязы жүнді /мәліш/ қой тұқымдары өсірілді. Бұл тұқымдар, әсіресе қаракөл қойының жерсінуі болашақта қаракөл қойының Қазақстан Республикасының мал шаруашылығында маңызды орынға ие болуына қол жеткізеді деуге итермелейді. Белгілі этнограф Х.Арынбаев: «биязы жүнді қойдың қазақ даласына сол кезде жылдам тармау себебін — оның Қазақстан жағдайында қысы-жазы жайылымда жүріп өсіп-өнуге бейімделмегендігінің нәтижесі деп қарау керек» - дейді /54, Б.15/. Сөйтіп, қазақы қой жұртшылығының көшпелі шаруашылығына бейімделген бірден-бір қолайлы қой тұқымы болуының нәтижесінде — оның тұқымын өзгертудің қажетті болмады. Ешкі малын қазақтар мал деп өсірмеген, оны көбінесе кедейлер өсірген, ол малдың аз процентін құраған.

Қазақстанның 170 млн. гектар жайылым жерінің 40 миллион гектары ащы — жусанды, 17 млн. гек. жусанды, 37 млн. гек. шөл дала болып келді. «Табиғат шөл даланы жаратқан бұл қателікті түзуді адамға берген, бұны адам түйені қолға үйрету арқылы орындап шыққан». Түйе шөлге өте шыдамды болған. Қазақ жерінде ежелден бері түйе түлігінің негізгі екі түрлі тұқымы мен олардың арасынан шыққан әр түрлі будандар өсірілген. Қазақстанның барлық аудандарында, әсіресе Солтүстіктің жартысында көбірек кездесетіні — айыр /екі өркешті/ түйе болса, Оңтүстікте айыр өркешті түйе тұқымымен қатар жалғыз өркешті нар тұқымы да көп болған: Ал, Маңғыстау түбегінде Жем мен Сыр бойында нар мен айыр түйенің» арасынан шыққан будандар да жиі кездеседі. Түйе тұқымдарының бұлай орналасуы Қазақстан жерінің ауа райы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты /54, Б.21/. Төңкерістен кейінгі уақытта солтүстік Қазақ-

стан аймағында түйе саны азайып, бітуге айналса оңтүстік аймақта толығымен сақталып халық арасында түйе шұбаты сүт тағамдарының негізгісі болып қала берді. Біз бұны Қазалы, Қызылорда аудандарындағы 1922 жылғы бюджеттік мәліметтер арқылы дәлелдей аламыз /104/.

**1-кесте**

Орта шаруашылықта әр отбасының жылдық қолдануы	Сүт тағамдарының түрі				
	Түйе	Қой, ешкі	Жылқы	Сыыр	Барлығы
Шелекпен есептегенде абсолюттік мөлшері	126	102	80	34	342
Сүтті қолданудың жалпы саны % % бойынша	37	30	23	10	100

Түйенің шұбаты өкпе ауруына мың да бір ем болған, түйе курорт малы деп халқымыз бағалай білген. Шошқа қазақ жеріне қоныстанушы орыстармен келген, бұрын қазақ оның нендей түлік екенін білмеген.

Сонымен, қорыта келгенде Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта ма саны азайғанымен жерімізде қазақтың төрт түлік малының жүздеген жылдар бойы қатал табиғи жағдайға бейімделген тұқымдары толығымен сақталған.

## **2.2. 20-жылдардың екінші жартысында дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету жолдарын іздестіру**

Мал шаруашылығын жан – жақты зерттеп, оның келешектегі дамуын дұрыс жолға салу, 20-жылдар ортасында ең үлкен жұмыстың бірі болды. 1925 жылы Республика егіншілік халық комиссары болған Сұлтанбекұлы Жақыпар «Қазақстан шаруасының жайы, оның мұқтажы» деген мақаласында мал шаруашылығын дамыту үшін «Қазақстан Халық Комиссарларының қасынан ауылды танып зерттеу ұйымын ашу керек. Бұл ұйымға мамандар, ауыл шаруасын жақсы білетін жауапты қазақ қызметкерлері кірулері керек. Ауыл шаруасы туралы мағлұматты осы ұйым жинастырып, қорытып, толықты-



рып баспасөз бетіне жариялап отырыса» /10/ деген ұсыныс айта келе, сол кездегі мал шаруашылығының өркендеуіне бірнеше кедергілер бар екендігін айтып, кезек күттермейтін жұмыстарға тоқталды. Олар: 1. Базар дамыту. 2. Халақтың шаруасын дамыту үшін құрал-сайман жұмыс, тұқым малын тарату. 3. Ауыл шаруашылығына қарыз беру, көбінесе ұзақ мерзімдік қаражатпен қамтамасыз ету. 4. Кооперацияларды дамыту. 5. Қазақ малының санын, сапасын арттыру, қолда бар тұқымдық малды тиімді пайдалану, асыл тұқымды мал өсіретін мекемелер ашу. 6. Жерді суландыру. 7. Малды індеттен қорғау. Осы жылдары шешімін таппаған мәселенің бірі қоныстандыру жұмыстары еді. Екіншілік Халық Комиссары Сұлтанбекұлы Жакыпар бұл жайында көтеріліп отырған мәселе бойынша жұмыстың әлі жоқ екендігін айта келіп: «Көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы елдердің әрқайсысына жерді керегінше жеткілікті етіп, шаруасын дұрыс жүргізе алатындай қылып беру керек. Мысалы: отырықшы қылып қоныстандыруды алайық. Отырықшылық деген «асығыстық әуестікке» айналып барады. Қоныстанушылар (орыстар) қазақ елін орыс қалаларындай қылып отырықшылыққа айналдарып өркендетем деп әуес. Ел отырықшы қала болса, үкімет дүниенің байлығын төгеді деп әуес. Елдегі мәдени қызметкерлер, қала болса, мектеп оқу үйі, кітап, театр жұмыстары күшейеді деп әуес. Бәрі қалай қоныстанғанда шаруаның ілгері тез қарқында даму жолын ескеруді ұмытып кетеді. Орыс қалаларының тәртібінше отырықшылыққа айналған елдер Ақмолада, Қостанайда бар. Бірақ ол тәртіп қазірде еріксіз бұзылып отыр. Себеп: қазақ қанша отырықшы, екінші боламын дегенменде, өзін қоршаған табиғи-тарихи жағдайға байланысты мал шаруашылығына назары ауымасқа болмайды «қазақша» мал шаруасын жүргізу орыстың қала тәртібіне үйлеспейді» — деп атап көрсетеді /10/.

Осы жылдары Қазақстанда еңбек еткен агроном-маман М.Г.Сириус төңкеріске дейінгі көшпелі қазақтың отырықшылыққа көшуінің себептерін өзінің «Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудың болашағы» деген мақаласында: «Көшпелі қазақ халқының соғысқа дейінгі уақытта амалсыздан отырықшылануға және шаруашылықтың отырықшы түріне өтуге мәжбүр еткен негізгі себептер: біріншіден: а) көшпелілердің отырықшылануы ауылдардың дифференциациялануы процесі нәтижесінде пайда болды ә) екіншілік шаруашылығымен айналысатын европалықтар және басқа ұлттармен көрші болуы және кейбір аудандардағы қолайлы жағдайдың болуы, күн көрістің мүмкіншілігі көшпелілердің

жерге орналасуына түрткі болды. Екіншіден, КАКСР территориясын қоныстандыруы арқылы отарлау нәтижесінде отырықшылануынан, бір мезгілде малшылардың жаппай қайыршылануы пайда болды. Көшпелілердің жақсы қыстық жайылымдарын тартып алып, оларды шөлді, суыз далаға ығыстырып тастады. Жылдық көшетін жолдардың бағыт бағдары бұзылды және жайылымдар ауысты, барлық көшпелі шаруашылықтың жүйесі бұзылды, ал нәтижесі көшпелі мал, жалпы мал басы санының апатты құлдырауына, оның сапасының нашарлауына алып келді», — деді /18/.

Атап айтқан жөн Қазан төңкерісіне дейін көшпелі халықтың отырықшылануы эволюциялық жолмен жүрген жоқ. Ол керісінше, отарлау саясатының нәтижесінде шарасыздан, амалсыздан туған іс еді, мұның өзі дәстүрлі мал шаруашылығын өркендеуіне кері әсерін тигізді.

Ал Қазан төңкерісінен кейінгі отырықшыландыру туралы С. Садуақасұлы: «...Отырықшыландыру бір жылда екі жылда туатын нәрсе емес. Отырықшыландыру өз алдына бір дәуір, бұл дәуір қазірде туып келеді, бірақ бұдан туып жеткен жоқ һәм жетуге алыста. Енді 10 жылда 20 жылда қазақтың бір сыпырасы отырықшылыққа айналар. Қазірдің өзінде солтүстіктің шаруасы соған қарай бейімделіп келеді, отырықшылдық солтүстіктен басталуға тиісті, ал көшпелі қазақ оңтүстікте көпке дейін көшпелі болып қалуы тиіс», - деді /19/.

Қазақстанның халық шаруашылығының Кеңес Одағының шаруашылығына караганда дамуының артта қалуының негізгі себептерін Қазақстанның VI кеңестер съезінде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нұрмақұлы Нығымет өз сөзінде атап көрсетіп: «...бірінші себеп – азамат соғысының салдарлары, ашаршылық, жұт апаттарының Қазақстан шаруашылығына көп зияны тиді (Кеңес Одағындағы шығын 50% дейін болса, Қазақстанда 70-80 % дейін шығындалды). Екінші үлкен себеп — жер мәселесінің әлі шешімін таппағандығы жер мәселесі дұрысталмай, халық шаруашылығының көңілдегідей дамуы мүмкін емес. Мал бағып күн көрген қазақ, жер жыртып тіршілік еткен қара шаруа бұлардың бәрі де жерге анық не болмай тұрып, Кеңес үкіметінен ұзақ мерзімді уақытқа жерді пайдалануға пышақпен кескендей анық ашып алмай тұрып, өз шаруашылықтарын дамыта алмайды. Сондықтан қоныстандыру жерге орналастыру жұмысына шұғыл кірісіп, тез уақытта іске асыруға күш салу Қазақстан үкіметінің және де жергілікті мекемелеріміздің ең ірі, ең зор маңызды міндеттерінің бірі», — деген еді /12/. Мал шаруа-

шылығының өсуіне кедергі болып отырған қоныстандыру жұмыстарының бұл жылдары мардымды болмауының себептері — келімсектердің қазақ жеріне келіп орналасуының толастамауы, бұрынғы отаршылдық саясатының тамырларының тез жойылмауы, Қазақстан үкіметінің елді қоныстандыру жұмыстарына қажетті көңіл бөле алмауы, қоныстандыру жұмыстарының жоспарсыз, ретсіз жүргізілуі еді /105/.

1925 жылы 1-7 желтоқсан аралығында Қазақ Өлкелік партия комитетінің V конференциясы болып өтеді. Бұл конференцияға қатысушылар ҚАСКР-нің халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып табылатынын мойындаған еді. Онымен республикада халықтың 75 проценті айналысты және бұл сала барлық өнімнің 50 процентін берді /106/. Сонымен ҚАКСР шаруашылығының осы саласын мейлінше жақсы дамыту бүкіл халық шаруашылығына ҚАКСР халқының басым көпшілігінің әл-ауқаты мен игілігін көтеруге шешуші ықпал жасайтын болды. Мал шаруашылығы Қазақстан үшін аса жоғарғы дәрежедегі ұлттық мәселе болып табылды. Өйткені жергілікті қазақ халқының 90 проценті мал шаруашылығы мен айналысты.

Сондықтан да алдағы тұрған міндет азамат соғысы кезінде күйзелген мал шаруашылығын қалпына келтіріп дамыту еді. Мал шаруашылығын негізгі үш бағытта 1) жаппай мал санын көбейту 2) малдың сапасын тұқымын жақсарту 3) оны сақтау арқылы өркендету керек болды /6/. Агроном М.Г. Сирустың есептеуі бойынша жеке қожалықтар өзінің өмір сүру қажетін өтеу үшін оның қолында жастары және түрлері әр түрлі 170 бас мал немесе ірі қараға шаққанда 55 мал ұстаулары тиіс еді /23/. Бірақ, көптеген қазақ қожалықтарында ол жылдары мұндай мал болған жоқ. Мал шаруашылық аудандарда әрбір қожалықтардағы 5 малы барлар — 59,38 %, бес малдан он бес малы барлар 23,40 %, 10 малдан 25 малы барлар 13,87 %, 25 тен 40 бас малы барлар 2 %, 40 тан 100 ге дейін малы барлар 1,16 % және 100 бастан жоғары малы барлар — 0,18 % ғана болған /107/. Бұған қарағанда халықтың көпшілігі орташа мен кедей болды. Мал шаруашылығын дамыту үшін мемлекет тарапынан көшпелі және жартылай көшпелі халыққа көмек беру қажет еді. Ал мемлекеттік көмектің жақсы түрі — бұл кредит болатын. Кедей қожалықтарына 3 жылға, қой санын көбейтуге 3 жыл мерзімге, жылқы, түйе, ірі қара малына 5 жыл мерзімге кредит берілер болса, шаруашылықты нығайтуға толық мүмкіндік бар еді /7/.

Мал шаруашылығы ұлттық маңызға ие болғанымен, осы салаға

бөлінген қаражат мөлшері 1923-1924 жылдары ауыл шаруашылығына бөлінген қаражаттың 22% ғана құрады, 1924-25 жылдары бұл 36 %, 1925-26 жылдары 40% ғана мөлшерді құрады /108/. Мал шаруашылығының алатын орнына қарасақ бұл қаражат жеткіліксіз еді.

Қазақстанның әр аймағының табиғи жағдайларын ескерсек, мал шаруашылығын дамытуға ерекше қолайлы жағдайлар болды. Осы жылдары Қазақстан территориясы негізінен мынадай аудандарға бөлінді. 1) Оңтүстікке қарай шектеулі жылына 300 мм. жауын-шашын түсетін аудан. Бұл ауданда егін-мал шаруашылығы өркендеді. 2) жылына 250-300 мм. аралығында жауын-шашын түсетін аудан мұнда мал-егіншілік шаруашылығы өркендеді. 3) жылына 250 мм жауын-шашын түсетін аудан мұнда мал шаруашылығы басым түсті. Егерде бірінші аудандағы жауын-шашын мөлшері пайда түсіретін құрғақ егіншілікпен айналысуға мүмкіндік берсе, ал екінші ауданда рентабельді құрғақ егіншілік шешімін таппаған. Сондықтан ауыл шаруашылығының бұл саласы бұл жерде тек көмекші маңызға ғана ие болды. Басқаша айтқанда өндірілген өнім тұтынушылық /ішермендік/ сипат алды және негізгі шаруа саласы мал шаруашылығы болып табылады. Үшінші ауданда егіншілік ешқандай роль атқармады, шаруашылық таза мал шаруашылық бағытта жүреді, табиғатты пайдаланудың ең ұтымды түрі бұл ауданда атап айтқанда, шаруашылықтың көшпелі түрі болып табылады /16, С.4/.

Таза мал шаруашылығының көлемінің қысқаруына халықтың тығыз орналасуы әсер етті және халықтың едәуір бөлігі егіншілікпен айналысты. Соғысқа дейінгі кезеңде барлық аудандарда басым болған шаруашылықтың экстенсивтік жүйесінің соғыстан кейінгі кезеңде мүмкіндіктері сарқылмаған еді. Оның дамуына толық мүмкіндік бар еді /109/.

1927 жылғы ауыл шаруашылығының алдын-ала қорытынды есебінен мал басынын өсуін байқаймыз. 1927 жылғы Қазақстанның алдын-ала берілген статистикалық мәліметі бойынша ҚАКСР-дағы мал /ҚКАО және Адай уездерін қоспағанда/ 31.406,6 басқа жеткен. Оның ішінде біз қарастырып отырған губерниялар Жетісуда 5.424,7 мың бас мал, Сырдарияда 6.513,6 мың бас малға жеткен /24/.

1927 жылғы осы қорытындыны анықтап алу үшін оны 1917 жылғы мәліметтермен салыстырсақ 1927 жылы Қазақстан бойынша ҚКАО және Адай уезін қоспағанда 10 жыл ішінде мал саны қандай өзгеріске ұшырағанын көреміз /24, С.42/.

## 2-кесте

Төрт түліктің өсу дәрежесі /мың бас/

	Жылқы	Ірі қара малы	Түйе	Қой, ешкі	Шошқа	Барлығы
1917	4.600	6.050	1220	21.600	360	33.860
1927	3.329	7.304	689	19.577	468	31.367
%%	72 %	121 %	57 %	91 %	130 %	93 %

Кестеден көріп отырғанымыздай, малдың барлық түрі жалпы қорытынды бойынша, 1917 жылғы мал басымен бірдей болған. Енді қолайлы бір жыл болса, революцияға дейінгі деңгейден асып түсуі мүмкін еді. Малдың жеке түріне келетін болсақ, сиыр, шошқа төңкеріске дейінгі деңгейге жеткен, ал қой мен ешкі бұл деңгейге 9 % жетпейді, жылқы, түйе бұрынғыға әлі де көп жетпейді. 1927 жылғы шошқаның жоғарғы сандық көрсеткішке жетуін 1926 жылғы жақсы егіннің шығуымен түсіндірді. Ірі қара малы шошқа сияқты тез өсім бермейді, сондықтан қазақтар жылқыға, түйеге, қойға қарағанда жұт жылдары ірі қара малын сақтап қалуға тырысқан.

Ірі қара малының қайта қалпына келу деңгейі барлық губернияларда атап айтқанда Семей, Сырдария, Ақмола, Жетісу, Қостанай, Оралда бірінші орын алады, тек қана Ақтөбе губерниясында 1917 жылға қарағанда бұл көрсеткіш аз. Біз барлық губернияларда ірі қара малының үлес салмағының өскендігін көреміз. Басқа малдарға қарағанда ұсақ мал елеулі күйзеліске ұшыраған. Ақтөбе губерниясын қоспағанда, барлық губерния бойынша екінші орынды қой, ешкі алады, үшінші орынды Орал губерниясын қоспағанда жылқы, төртінші орынды Орал мен Ақтөбені қоспағанда — түйе алады /24, С.42/.

1927 жылы Қазақстанның статистикалық есебі бойынша барлық аймақта қазақ халқының, орыстардың және т.б. қолында қанша мал бар екендігін төмендегі кестеден көруге болады /24, С.46/.

### 3-кесте

Әр ұлттың қолындағы малдың үлес салмағы /% % бойынша/

	Жылқы	Сиыр	Қой	Ешкі	Шошқа	Түйе	Есек	Барлығы
Қазақтар	76 %	66 %	84 %	97 %	-	98 %	78 %	80 %
Орыс басқалар	24 %	34 %	16 %	3 %	100 %	2 %	22 %	20 %
Барлығы	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %

Яғни көріп отырғанымыздай малдың 4/5 бөлігі қазақтардың қолында болды. Соның ішінде түйе мен қой толығымен қазақтардың үлесіне тиді. Орыс халқындағы малдың үлес салмағын едәуір көлемде жылқы, сондай-ақ негізінен ірі кара малы алды.

1927-28 жылға қарай мал шаруашылығының рөлі бұрынғыдан да арта түскен. Енді ол ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің 67,8 пайызын, оның тауарлы өнімінің 75,4 пайызын беретін болды /110/.

### 4-кесте

Жалпы ҚАКСР бойынша мал шаруашылығының ролінің артуы

	Жалпы өнім		Тауарлы өнім	
	Млн. ақшамен	%% шаққанда	Млн. ақшамен	%% шаққанда
Мал шаруашылығы	410.4	67,8	179.1	75,4
Егін шаруашылығы	195.3	32,2	58,3	26,4
Барлығы	605.7	100.0	237.4	100.0

Жергілікті қазақ халқының шаруашылығында мал шаруашылығы анағұрлым маңызды рөл атқарды, ол шаруашылықтың негізгі саласы, тіршіліктің қайнар көзі болды. Бұған дәлел /111/.

Мал басының өсуі бірқалыпты жүрді, өткен үш жыл мал шаруашылығының дамуына өте қолайлы жыл болды. Негізгі малдың түрінің өзгеруін және әр жыл сайын мал санының өсуін төменгі кестеден байқауға болады /111/.

Біз бұдан 1917-1927 жылдары мал басының жылдам қарқынмен өскендігін көреміз. 1924 жылы жалпы мал басы, 1917 жылдағыдан 44 процентке кеміп кеткен еді, ал 1927 жылы мал басы 1917 жылғы мал басының 104,6 процентіне жетіп, 60,6 процент өсім берді.

Мал басының тез қарқында дамуына, мұндай қолайлы жағдайдың болуы бір ғана негізгі және мал шаруашылығының дамуындағы шешуші фактор атап айтқанда метеорологиялық жағдайға байланысты болды /112/. Мұның тағы бір себебі — рулық қауымдық меншікке негізделген қазақ ауылының өзін қоршаған табиғи ортаға сәйкес дәстүрлі шаруашылықты жүргізуді шебер меңгеріп алғандығында еді /68/.

### 5-кесте

Қазақ халқын жеке алғанда мал шаруашылығының ролінің артуы

	Жалпы өнім		Тауарлы өнім	
	Млн. ақшамен	%% шаққанда	Млн. ақшамен	%% шаққанда
Мал шаруашылығы	281.9	83,6	93.5	89,0
Егін шаруашылығы	55.2	16.4	11.7	11.0
Барлығы	337.1	100.0	105.2	100.0

### 6-кесте

ҚАКСР бойынша мал басының өсуі (Қарақалпақстан мен Адай округін есептемегенде мың бас).

Мал түрлері	1917ж.	1924ж.	1926ж.	1927ж.	1927ж. %% 1917 ж.
Жылқы	4640.0	1902.1	3074.0	3536.9	76.2
Сыыр	6067.0	3807.7	6202.7	7627.4	125.7
Түйе	12.19.0	841.8	663.4	936.5	77.1
Қой	181560	8195.4	14458.0	18320.0	100.9
Ешкі	3458.0	-	3002.5	4589.8	132.8
Шошқа	3630	218.0	332.0	463.4	127.7
Барлығы	33903.0	14665.0	27732.9	35477.0	104.6

Барлық ауылдың шаруашылық негізі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып табылғандықтан алдағы уақытта мынадай негізгі міндеттерді шешу керек болды. 1) мал басының өсуі және оны сақтау үшін ветеринарлық және зоотехникалық шаралармен қамтамасыз ету. 2) мал шаруашылығының сапасын жақсартуға

мүмкіндік туғызатын бұқаралық шараларды жүзеге асыру. 3) көшпелі шаруашылықты қайта ұйымдастыру да алғашқы шаралар /26/.

Қазақстанның орталық статистикалық басқармасының соңғы 10 % тізімі (алдын-ала мәліметтер) бойынша 1927 жылы Қазақстандағы барлық мал басының саны 38.500 мың басқа жеткен. Е.Х.К. мәліметі бойынша алдағы жылда мал басы 41.000 басқа жетеді деген болжам бар еді. Ол шынында да өткен жылмен салыстырғанда 7 % көбейді. Малдың жеке түрлері бойынша алдағы, яғни 1928 жылы жылқының 3,8%, ірі қараның 5,0% қой, ешкінің 8,9 % түйенің 2,2 % өсулері жобаланған /26, С.7/. Бұл міндеттерді орындау үшін /мал басын көбейту/ мал шаруашылығын алға бастыру шараларын жүзеге асыру үшін оған жергілікті партия және совет ұйымдары, мекемелер, бәрінен бұрын халықтың өздерін қатыстыру мақсатымен қоғамдық шаралар /жиналыс конференциялар/ ұйымдастыру, ауыл халқының белсенділігін сарттыру және бірінші кезекте ауыл кедейлерін қатыстыру арқылы, бұқара халықтың арасында қоғамдық мал шаруашылығы туралы дұрыс ой-пікірлер қалыптастыру керек болды.

Бірінші топтары негізгі шаралар — ветеринарлық және кредит бөлу еді /несие беру/. Жалпы зооветеринарлық шаралардың ішінде ветеринарлық байқау жұмысын жүргізу қажет еді. Қазақстанның өз ішіндегі мал шаруашылығына үлкен зиян, әсіресе көшпелі аудандардағы індет аурулары болатын. Малды алдын-ала табынға қосар алдында түгел қарап шығу, ауру малдарды анықтау, әсіресе жаппай ауру малдарды бөлек қарау тек қана ауру малдарды ғана емес, індетке ұшырайды деп күдік тудыратын малдарды да бөлек алып қалу қажет еді. Бұл дегеніміз мал басының шығынын болдырмай, оны толық сақтауға мүмкіндік берді, мал басын көбейту міндетін шешуге жол ашты. Мал індетіне қарсы негізгі шаралар мал індетінен сақтану үшін алдын-ала сақтандыратын дәрілер салу еді.

Мал шаруашылығы сандық және сапалық жағынан өсу үшін оған мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, қаражат берілу керек бді. Мал шаруашылығын дамыту жұмысындағы ең үлкен кемшіліктің бірі — осы салаға бөлінген қаражаттың ойдағыдай болмауы болды. Ол кейбір губернияларда өте аз мөлшерде беріліп келді. Әсіресе үкіметтен, жергілікті бюджеттен бұл жұмысқа деп жеткілікті қаражат бөлінбеген еді. Сонымен бірге ауыл шаруашылық банкісі тарапынан бұл жұмысқа беріліп отырған қарыз жеткілікті түрде болмады. Мәселен, Егіншілік Халық Комиссариаты жоспары бойынша ауыл шаруашылық банкісі арқылы мал шаруашылығына 1927 жыл-



дың I жарты жылдығында 1.422 мың сом ақша бөлінген барлық мал шаруашылығына жұмсалатын қаражаттың есебі 1.863.000 сом болған /26, С.8/. Тағы бір кемшілік мал шаруашылығына деп бөлінген қаражаттың орнымен жұмсалмауы, кейбір жерлерде берілген қарыздың басқа жаққа жұмсалып кетіп отыруы еді. Қаражаттың өте аз мөлшерде жетіспеуіне байланысты алдағы уақытта алған кредитті дұрыс жұмсай білу керектігі, әсіресе оны мал шаруашылығының тауарлығы дамыған аудандарда жұмсау көзделді. Бұл берілген қаражат ауылдағы кедей қожалықтарын дамытуға жұмсалуды керек деген пікір үстем болды, ал жеке қожалықтарға қаражат бөлінбеді. Жұмыс малын, асыл тұқымды малдарды сатып алу үшін берілетін қаражат мәселесі шешімін таппай қала берді. Осыған байланысты «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде: «Өлкелік партия комитеті мал шаруашылығын көркейту жұмысында жұмыстың санына қызықпай сапасына қарау керек. Бар қаражатты барлық кедейлерге (титтейдей) аздан, берекесіз қылып бергенше, кедейлердің саны аз болса да, шаруаны ұқсатып, одан нәтиже шығатындай етіп беру керек. Бір жылда қаражатты бүкіл елге жеткізем демеі, Қазақстанның белгілі бір аз ауданын таңдап алу керек. Қаражат көлемі ұлғайтылып алу керек. Қаражат көлемі ұлғайтылып ұзақ мерзімге берілу керек» / 113/ деген ескерту ұсыныс айтылды.

Сол тұста мал басының сапасын арттырудың екі жолы болды: 1) жергілікті мал тұқымдарын басқа асыл тұқымдылармен будандастыру 2) жергілікті мал тұқымдарын өзара байланыстырып жақсарту.

Қазақстанның негізгі экономикалық мәселелерінің ішінде, ерекше шиеленіскен мәселе көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты қайта ұйымдастыру еді. Осыған байланысты 1927 жылдың соңында Қазақстан Егіншілік Халық Комитетінің ұсынысы бойынша кең түрде ауыл шаруашылық кооперацияларын ұйымдастыру ұсынылды. Келісіліп бекітілген ереже бойынша бұл шаралардың идеяларымен таныстыру және ауыл шаруашылық кооперацияларын ұйымдастыруға ынталандыру болған еді. Қаз ауыл одағының I.X.1927 жылғы мәліметі бойынша мал шаруашылығы түріндегі колхоз бірлестіктері Жетісуда 80, Сырдарияда 50 /26, Б.15/.

Бұл кооперативтік бірлестіктер жағдайы қанағаттанарлықтай көрініс бермейді. Тәжірибенің негізінде қандайда бір қорытынды жасайтындай өткен кезеңдердегі олардың атқарған жұмыстары көп емес. Халықты ауыл шаруашылық кооперациясына қатыстыру тіпті егін шаруашылық аудандардың өзінде де едәуір қиындық туғызып

отырған. Ал мал шаруашылық аудандарда бұл қиыншылықтар бірнеше есе көбейген. Сондықтан да ерекше көңіл аударатын материалдық база мәселесі кооперация осының төңірегінде жүргізілуі тиіс болды. Екіншілік шаруашылығы аудандарында ауыл шаруашылық кооперациясы бірлесіп жерді пайдалану, машиналарды пайдалану, тұқымдық және мелиоративтік бірлестіктер т.б. негізінде өріс алса, ал мал шаруашылық аудандарда кооперацияның негізгі нүктелері прокат пунктері, жем-шөп базасы, малға азық ретінде егін егу, мал тұқымдарын жақсарту т.б. түрінде болды /26, С.16/.

Мал шаруашылығындағы негізгі шаралар көшпелі шаруашылықты қайта ұйымдастыру бағытында жүргізілуі керек болды. Осыған байланысты мамандар төмендегідей шараларды жүзеге асыруды ұсынды /29/.

1. Агро-зоотехникалық. Бұған кіретіндер: а) айналадағы халыққа қызмет ететін, оларға машина беретін прокаттық пункттер құру; ә) халықты ауыл шаруашылық машиналармен қамту (соның ішінде бірінші кезекте шөп шабатын машиналармен); б) өзінде құнарландырылған шөп қоры болатын жем-шөп базаларын ұйымдастыру, халыққа нақты, жеткілікті көмек беру;

в) ветеринарлық-стационарлы бөлімдер түрінде ветеринарлық көмектерді шоғырландыру, мүмкіндігінше, зоотехникалық бөлімдер ұйымдастыру;

г) мал тұқымдарын жақсарту шараларын енгізу; д) мәдени жұмыстар жүргізу (лекциялар оқу, кеңестер беру). 2. Сауда және кредит операциялары. 3. Халықты кооперацияға біріктіру. 4. Малдарды қамсыздандыру, дәрігерлік көмек, мәдени-ағарту жұмыстары. Өте қиын маңызды шаралардың бірі -өнеркәсіпті дамыту.

Көшпелі аудандарда шикізатты өндейтін өндірістің болмауы, қолөнер-кәсібінің өте нашар дамуы, алдағы уақытта бұл жұмысты екі бағытта жүргізуді қажет етті: 1) ауыл шаруашылық шикізатын алғашқы өңдеуден өткізетін өндірісті ұйымдастыру, оның өте қарапайым түрлері; жүн жуу, май шайқау ісін қолға алу, темір жолдарға жақын жерлерде ұсақ зауаттар салу; 2) қолөнер кәсібін дамыту; бұл шаралардың жартылай көшпелі аудандарда едәуір табысқа жетуіне мүмкіндік бар еді және мұның өзі халықты отырықшылануға, екіншілікпен айналысуға итермелейтін еді. Бір мезгілде бірнеше міндеттерді шешуге болатын еді: 1) жаңа жұмыс күші пайда болар еді; 2) халықты қолөнер кәсібімен айналысуға бейімдеп, оны дамытудағы алғашқы кадам болар еді; 3) отырықшыландыру процессін тездетер

еді. Сол кездегі Қазақстанның жағдайында бұл айтылған шаралар өте қиын болатын және олардың барлық аудандарда бірдей іске асуы мүмкін емес еді. Алғашқы уақытта бұл шаралар жартылай көшпелі, темір жол бойларына жақын жерлерде жүргізілуі керек болды. Таза көшпелі аудандарда бұл шаралар шектеулі түрде жүзеге асты. Осы шараларды бір жылда жүзеге асыру мүмкін емес болатын бұған көп уақыт керек болды. Бұл шараларды жүзеге асыруда үлкен кедергілер кездесті. Олар Қазақстанның әлі де болса толық зерттелмеуінен туындады. Сондықтан мал шаруашылығын қайта ұйымдастыру шараларымен бірге бір мезгілде тәжірибе-зерттеу жұмыстарында жүргізу уақыт күттірмейтін міндеттердің бірі еді /114/.

Ауыл шаруашылық мамандардың айтуынша 1927-1928 жылдары ҚАКСР-дың кейбір аудандарында жұттың болу қаупі білінді. Себебі 1927 жылдың жазы құрғақ болып, шөп күйіп кетті. Жұттан алдын-ала сақтану үшін, мал басын аман алып қалу үшін қазақ халқы жем-шөппен қамтамасыз ету керек болды. Соған байланысты: 1) Көшу жолдарының бойына және қазақ халқының қыстауларында тұрақты жем-шөп базасын жасау. 2) 1927-1928 жылға дейін жасалған көлемінен көп мөлшерде жер өңдеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру және жайылма суаруды, қолға алу, сонымен қатар көшетін барлық жолдардың бойын құдықпен қамтамасыз ету шараларын іске асыру қажет болды /112, С. 30.

Ауыл шаруашылығының алдында тұрған негізгі міндет, ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіріп, оны соғысқа дейінгі деңгейге жеткізу болатын. 1927 жыл өзгерістер жылы болды. Қазақстанның ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіру міндетті толығымен аяқталды деуге болады. Әр жыл бойынша ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіру процесі барысын төмендегі кесте көрсетіп бере алады /27/.

### 7-кесте

Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығының қайта қалпына келуі

	1917 ж.	1922 ж.	1925 ж.	1926 ж.	1927 ж.	1928 ж.
Егістік көлемі	4.188	2.207	3.001	3515	3.800	3.809
%% бойынша	100	52,1	73,6	84,0	90,8	91,1
Мал басы						
(мың)	36.587	11.566	33.098	35.662	38.499	41.454
%% бойынша	100	31,6	80,5	97,5	105,2	113,3

Көріп отырғанымыздай, мал басының өсуі, мал шаруашылығын қайта қалпына келтіру қарқыны, егіс көлемінің өсуіне қарағанда тез қарқында жүрді және бүкіл Қазақстан бойынша мал шаруашылығы 1928 жылы соғысқа дейінгі деңгейге жетті, ал егін шаруашылығы соғысқа дейінгі деңгейге қарағанда біраз төмен еді. Егін шаруашылығын /егіс көлемінін/ қайта қалпына келтіру процесінің артта қалу себебі, егін шаруашылығы интенсивті сала болғандықтан, экстенсивті мал шаруашылығын қайта қалпына келтіруге қарағанда көп қаражатты талап етті және бұған көп уақыт керек болды. Ауыл шаруашылығын қайта қалпына келуі жеке губерниялар бойынша салыстырсақ, біз қайта қалпына келу процесінің бірдей болмағандығын, бір губернияның екінші губерниядан едәуір артта қалғандығын көреміз /27, Б.68/ /1927 жылғы мәлімет бойынша/

### 8-кесте

Әр губерния бойынша ауыл шаруашылығының қайта қалпына келуі

Губерния аттары	Егіс көлемі /мың га/		Мал басы /мың/	
	Абсолюттік сан	1917 ж. %%	Абсолюттік сан	1917ж. %%
Орал	202,2	40,0	2.858,8	63,8
Ақтөбе	352,1	80,0	2.442,1	57,3
Қостанай	422,3	80,0	1.362,3	76,7
Ақмола	991,0	116,2	4.593,9	83,1
Семей	704,5	112,4	8.162,3	162,5
Сырдария	336,9	73,3	9.531,1	170,1
Жетісу	297,4	61,4	6.571,7	106,8

Бір губернияның басқа губерниямен салыстырғанда артта қалуының себебі, сол губерниядағы ауыл шаруашылығының жағдайына толық байланысты. Негізгі себеп бір жағынан бұл аудандардың жол бойынан алыста, оқшау қалуы соның салдарынан ауыл шаруашылық өніміне деген сұраныстың өте шамалы ғана болуы, қайта қалпына келу қарқынын өсіруге елеулі әсер ете алмады (Жетісу губерниясына қатысты). Ал екінші жағынан азамат соғысы жылдарында Жетісу, Орал губернияларына орасан зор көлемде басқа жақтан

қоныстанушылардың ағылуы, Қазақстанның өз ішінен халықтың қоныс аударуы мәселеге кері әсер етті. Мәселен, 1920 жылмен 1924 жылдың арасында Ақмола уезінен тоқсан мың, Атбасар уезінен елу мың халық Шу бойына (ауып кеткен) қоныс аударған, осыдан барып ауыл шаруашылығының құлдырауының анағұрлым тереңдей түсуі байқалды /10/.

Ал Оңтүстік Қазақстан аймағындағы егістік көлемінің қысқаруы бұл жердегі суармалы егіншіліктің тез құлдырауымен ирригациялық жүйелердің бүлінуімен байланысты. Оны мынадай фактіден байқауға болады. Жетісу губерниясындағы суармалы жерлердегі егіс көлемі 1913 жылы 358,4 мың десятина болса, ал 1925 жылы 123,4 мың гектарға кеміп кеткені анықталды, мұндай жағдайда бір шаруашылықтағы егістің орташа көлемі бұл жерде 1913 жылғы 3,27 десятина қарағанда 1925 жылы 1,27 десятинаға қысқарған, суармалы жердегі егін шаруашылығы 2,34 десятинадан 0,76 десятинаға дейін кеміп кеткен /20/. Бұдан қорытынды: төңкерістен кейінгі жылдары Қазақстанның оңтүстік аймағында егіс көлемі құлдырап кеткенін, ал мал басының тез қарқында өскенін көреміз, ең малы көп аймақ Оңтүстік, яғни Сырдария, Жетісу және Орталық аймақ болды, Солтүстікте бұл аймақтармен салыстырғанда мал басы азайып кеткен.

Бір мезгілде ауыл шаруашылығының сандық өсуімен бірге /егіс көлемі, мал басы/ ауыл шаруашылығының жалпы өнімі артқан жалпы өнімнің өсуі әлі де болса толық емес. Жалпы өнімнің өсу динамикасы ирек сызықты көрсетеді, қолайлы климаттық жағдай жылдарында өнім өсіп, жоғарылайды, керісінше құрғақшылық жайлаған, қолайсыз жылдары төмендеген /27, С.71/.

### 9-кесте

Жалпы өнімнің өсу динамикасы /мың соммен/

№	Жалпы өнім	1925 ж.	1926 ж.	1927 ж.	1928 ж.
1	Егін шаруашылығы	111.100	171.100	122.600	224.000
2	Мал шаруашылығы	244.700	261.400	279.600	299.600
3	Басқа сала	26.200	31.200	38.500	39.800
	Барлығы	382.000	463.700	440.700	563.400
	өткен жылдармен салыстырғандағы %%		121,4 %	115,4 %	147,5 %

Бірақ, жалпы өнімнің үлес салмағының біркелкі болмауына қарамастан сөз жоқ, егін шаруашылығының барлық өнімінен, мал шаруашылығының өнімі басым болды, бұл дегеніміз - ҚАКСР-ның ауыл шаруашылығының басты саласы және халықтың әл-ауқатының ең негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болып табылатындығын тағы да баса көрсетеді. Соңғы жылдарда ауыл шаруашылығының барлық саласында жалпы өнімнің прогрессивті дамуын, сонымен бірге оның нығайтуын және жақсарғандығын көреміз. Бұл жағдайды ауыл шаруашылығының жеке салалары бойынша товарлы өнімнің динамикалық өсуі де анықтайды /27, С.71/.

### 10-кесте

Товарлы өнімнің өсу динамикасы /ақшалай түрде, мың соммен/

		1925-26 ж.	1927-27 ж.	1927-28 ж.	1928-29 ж.
1	Егіншілік	28838	51.034	23.565	68.252
2	Мал шаруашылығы	54.924	62.948	87.335	88.888
3	Тех. дақылдар	8.717	11.510	20.869	26.487
4	Басқа сала	13.504	17.188	22.056	24.611
	Барлығы өткен жылдармен салыстырғанда %	105.983	142.680	153.825	208.238
		-	136,5%	145,0%	196,4%

Қазақстанның революцияға дейінгі және революциядан кейінгі уақытта қазақтардың көшпелі қожалықтарының эволюциялы дамуы олардың біртіндеп шектеулі түрінде жүргізілді, яғни интенсивті ірі қара мал шаруашылығын дамыту, егіншілікті ұлғайту, шөп шабуды көбейту, қыста малды жайылымда ұстаудың орнына, қыста малды жем-шөпте ұстауға өту, әр мал басына, әр шаруашылыққа есептеп қысқа жем-шөп қорын көбейту орын алды. Сонымен бірге осы эволюциялық даму жоғарыдағы зерттеу материалдары көрсеткендей, шаруашылықтың табыстары мен тауарлылықтарының өсе түсуі бағытында болды. Сондай-ақ, алдағы уақыттарда да Қазақстанның ауыл шаруашылығы осы бағытта дамуы керек еді /20, С.35/. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі даму жолымен келе жатқан қазақ ауылын, осы ауылдың тіршілік көзі болған дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету 1925 жылғы қыркүйек айында Қазақ Өлкелік партия коми-

тетіне Ф.И.Голощекиннің жауапты хатшы қызметіне келумен тығыз байланысты. «Ауылда Октябрь болмаған» деп жар салған Голощекин социалистік құрылысты, ауылды қайта ұйымдастыруды, ауыл өмірін қайта құру мәселелерін мал шаруашылығымен тығыз байланыстырады. Ол Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында / 1927 ж. 15-23 XI/ сөйлеген сөзінде: «ҚАКСР-ның шаруашылығының негізгі саласы мал шаруашылығы артта қалған, көне, ескі, атам заманғы түрі ауылдың артта қалғандығын, бай және жартылай феодалдардың билігін анықтайды» /115/ деп мәлімдеме жасаған еді. Конференцияның бұл мәселеге байланысты қарарында: «Қазақстанның мал шаруашылығына тән сипат бұл оның өте-мөте артта қалғандығы /шаруашылықты жүргізудің мүлде ескі мәдениеттен мақұрым формалары табындарды өсірудегі стихиялық алыс жайлауларға көшу, мал тұқымының нашарлығы малдың жыл бойы аяғынан жайылуы, жұттан жұқпалы аурудан малдың қырылып қалуы т.б./; осы артта қалудың салдарынан халық шағын-шағын қоныстанған /бір шаруашылық ауылда 5-7 үй/ қоғамдық қатынастар кенжелеп қалған /рулық, феодалдық, товар қатынастарының қойыртпалығы/ ру басы байдың экономикалық үстемдігі мен саяси ықпалдылығы/. Осы экономика мен осы қоғамдық қатынастар бұқараның саяси және мәдени мешеулігіне себепші болуда» /116/, - деп атап көрсетілді. Осы конференциядан бастап ғасырлар бойы берік қалыптасып қалған халқымыздың дәстүрлі шаруашылығын артта қалған, күні өткен бүгінгі күннің шаруашылығына сай емес, социалистік құрылыспен үлеспейді деген пікірлер айтылып, енді көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты түбірімен өзгерту көзделді. Бұндай пікірлерге ауыл шаруашылығының білікті мамандары, ғалымдары қарсы болды. Профессор К.А.Вернер: «Көшпелі шаруашылық оның төзімді, күй талғамайтын түйесі және қылшық жүнді құйрықты қойы жергілікті жағдайға өте орынды бейімделген. ...мал өсіруде қоршаған орта мүмкіндіктерін толығымен қажетке жарата алған көшпелілер шаруашылығы артта қалған кәсіп емес, керісінше толығымен ұтымды шаруашылық», /37, Б.419/ — деп атап көрсетті. Бұл пікірге ғұлама-ғалым Ә.Бөкейханов та қосылған еді. Сол жылдардағы ғалымдардың пікірлеріне толық қосыла отырып, профессор С.П.Швецов қазақтардың көшпелі тұрмысы мәдениетсіз артта қалған деген пікірге үзілді-кесілді қарсы шығып өзінің «Природа и быт Казахстана» атты еңбегінде: «Қазақстанның көпшілігі бүгінге дейін көшпелі ел болып қалуы қазақ халқының мәдениеттен кенже қалып отырған-

дығынан емес, және де отырықшы мәдениетінің болмауынан не болмаса қазақ шаруашылығының соншалық артта қалғандығынан да емес. ... қазақ елінің көшпелі және мал өсіруші болуы - қоршаған жағдайлардан шыға алмайды, қазақ сол жаратылыстың құшағында келеді, одан оны қоршаған табиғат талап етеді. Бір себептермен ол жағдайлар өзгермесе, қазақ елі мал өсіруші, көшпелі ел болып қала береді» деп /16/ дәлелдеді. Яғни, қазақтардың жүргізіп отырған мал шаруашылығы табиғатпен тығыз байланыста болды. Күдіретті күштің өзі осыншама кең даланы қазаққа малын жайсын деп берген. «Қазақтардың осы уақытқа дейін көшпелі тұрмысты сақтауына таңданудың керегі жоқ. Таңдансақ, көше жүріп сусыз, шөлейт аймақты өз қажетіне жарата білген қазақтардың тапқырлығы мен іскерлігіне, қажырлылығы мен батылдығына таңдануымыз керек» – деді /16, Б.101/.

Сол кездегі ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық Қазақстан жағдайында ең тиімді де қолайлы шаруашылық болды. Қазақ халқы бұл шаруашылықты өзгертуге құштар, мүдделі болған жоқ, себебі бұл шаруашылық халықтың толық қажетін өтеді. Бірақ бұдан қазақ халқы өмір-бақи көшпенді болып қалады деген ой тұмауы керек. Бұл жайында профессор Швецов:»... көшпелі мал шаруашылығы мәңгі өзгеріссіз осы қалпында қалмақ деу жаңсақ пікір, қазақ даласында халық саны артқан сайын, шаруашылықта біртіндеп өзгермек. ...оны дамытудың кілті қазақ шаруашылығын түсіне білуде ...қазақтар далалы жерлерді шаруашылық мақсатына қолданып тұрған кезде, олар көшпелі малшы болмақ. Уақыт өткен сайын қазақ халқы көбейе бермек, халық тығыздығы артқан сайын далалық жерлерді игеру қажет болады, сөйтіп көшпелі ел тұрақтанады» /16, С.103/.

Қазақ шаруашылығын терең зерттеген профессор Швецов қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына шұғыл әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасауға қарсы болып, бұл өзгерістердің қазақ халқы үшін өте қауіпті екенін алдын ала ескерте білді. Ол өз еңбегін қорытындылай келе: «Біріншіден, көшпенді қазақ шаруашылығын дамудың төменгі сатысында тұр деуге болмайды, екіншіден, көшпелі тұрмыс өркениетке де, дамуға да, мәдениетке де қарсы емес. Үшіншіден, көшпелі шаруашылық пен көшпенді тұрмыстың аясы мен анасы — табиғат. Сондықтан қазіргі қазақ шаруашылығын табиғаттың қатігез талаптарына неғұрлым толық жауап беретін шаруашылық түрі деп караған жөн. Төртіншіден, Қазақстандағы көшпелі тұрмысты жойып жіберу тек далалық мал шаруашылығын және қазақтар қожалықтарын күйретіп жіберу ғана болып қоймай, сондай-ақ сусыз да-



ланы адамсыз шөл далаға айналдырады. Республиканың орталық және оңтүстік бөлігінде қазақтарды көшпелі тұрмыстан, мал шаруашылығынан бөліп қарауға болмайды, көшпелі тұрмыс қоршаған табиғаттан, сондықтан әзірге қазақ дала тұрғыны мал өсіруші болып қала береді» — деп жазды /16, С.105/.

Біз бұдан мынадай қорытындылар жасаймыз большевиктер жүргізген төтенше науқандар, яғни тәркілеу, астық, ет дайындау, зорлап ұжымдастыру, отырықшыландыру бастамай тұрып-ақ, қазақ зиялылары, ғалымдар мамандар қазақ халқының күнкөрісін толық қанағаттандырып отырған, дәстүрлі шаруашылықты сақтап, оны дамытудың қазақ халқы үшін өмірлік маңызын көрсетіп берді. Бірақ, сталиндік тоталитарлық жүйе жүргізіп отырған аграрлық реформа — қазақ даласындағы дәстүрлі шаруашылықтың табиғи даму бағытына қарсы келді. Сол жылдары Одақтың алдында ең таяу уақытта мынадай міндеттер тұрды: өнеркәсіпті өрістетудің негізі ретінде өзінің мәдени дақылдар және шикізат базаларын (тері, жүн, мақта) күшейту және нығайту, сонымен бірге пролетариат орталығын нан мен қамтамасыз етудің қайнар көзі — астық базасын күшейту /117/.

Қазақстанның шаруашылығы КСРО-ның халық шаруашылығының бір бөлігі ретінде қарастырылды, олардың дамуы бағыты жалпы одақтық экономиканың талаптарына сай болу керек делініп индустрияландыру негізінде бірінші бесжылдық жоспары жасалып Қазақстан шикізат базасы ретінде қаралды.

Кеңес үкіметінің Қазақстанды Одақтық шикізат көзіне айналдырмақ саясатын түсінген қазақ халқынын біртуар ұлы С.Садуақасов Қазақстандағы бұл жүргізіліп отырған саясатты оның басшысы Голощекинді өткір сынға алып, бұл құйтырқы саясатқа қарсы тұрды. Ол өз ойын былай білдірді: «БКП /б/ қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ж.Голощекин былай деп жазды: «өнеркәсіп саласында /Қазақстанда С.С./ ірі зауыттар салудан гөрі жергілікті мәні бар майда және орта /астық өндейтін, жүн жуатын, май жасайтын, техника жөндейтін және т.б./ өнеркәсіп орындары маңыздырақ ауыл шаруашылығымен байланысты және оны пайдалы ететін кәсіпорындарын салу керек». Голощекин жолдастың түсінігінше ауыл шаруашылығымен байланысы жоқ өнеркәсіп саласы бар сияқты, сонда ол шикізат пен жұмысшылардың азық-түлігін қайдан алады, Марстан ала ма?... Голощекин жолдас өнеркәсіпті ауыл шаруашылығының құйрығына құйысқандай қыстырып қойғысы келеді, сөйтіп Қазақстанның мәңгі-бақи ауыл шаруашылығымен ғана айналысатын республика болып қалуын қалайды.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамытуды «жақтаушы» Голощекин өнеркәсіптің жоқтығы немесе баяу дамуы ауыл шаруашылығының өсуіне кедергі келтіретінін ұмытып кетсе керек, өйткені ауыл шаруашылығының дамуы өнеркәсіптің дамуына тікелей байланысты ғой. Онсыз ауыл шаруашылығы өспейді де, өркендемейді де және оны коллективтендіру де жүзеге аспайды...» деген еді /118/.

Кеңестердің Түркістанда жүргізіп отырған экономикалық саясатына мұқият назар аударсаңыз, олардың бұл саясаты Түркістанның тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігін біржола жоюға, оны Ресейдің шикізат көзіне айналдыруға бағытталғанын көреміз /76, Б.83/.

Қазақстан тек мал шаруашылық шикізат базасы ғана болып қалған жоқ, енді Одақ Қазақстан арқылы астық мәселесін шешуді көздеп бұл өлкені астық базасына айналдыруды ұйғарды. Қазақстанның жасаған бірінші бесжылдық жоспары Одақ көңілінен шықпады, олар егіс көлемін он есе көбейтіп 30 млн. гек дейін жеткізуді жоспарлады. Сол кездегі Қазақстанның жағдайын жақсы білетін ғалымдар егін шаруашылығын кең түрде дамыту мал шаруашылығын дағдарысқа алып келетіндігін түсініп, оған жол бермеуге шақырды.

Ғалым — маман М.Г. Сириус өз еңбегінде: «Ғылыми-зерттеу жұмысынсыз Қазақстанның есебінен КСРО-дағы астық ресурсын кеңейту мүмкіншілігі аса мол және өте зор деп армандау бұл күмәт гимарат салумен бірдей және 5-6 жылдан кейін қайтадан салу үшін, салынып жатыр,... егін шаруашылығын 7-8 млн. гек. көп мөлшерде кеңейту мүмкін деп есептеу негізсіз ғана емес, ол мүлде мүмкін емес. Солтүстік Қазақстанның тарихи-табиғи шаруашылық жағдайының соншалықты қаталдығы, әрбір жерді бөлшектеп зерттемейінше жаңа жерлерді егін шаруашылығы үшін игеру мүлде мүмкін емес» /19/, — деді. Сондай-ақ ғалым: Қазақстанның табиғи-тарихи жағдайында егін шаруашылығының кең түрде дамуы мүмкін емес дей келе, рентабельді егін шаруашылығы жылына 300 мм. жауын-шашын түсетін солтүстіктегі қара топырақты зонадағы шамалы территорияда орын алуы мүмкін - деген еді. Алтай және Тянь-Шан тау бөктерінде сонымен бірге оңтүстік алқаптағы өзен бойларында суармалы шаруашылықтың дамуы, яғни мәдени жоғары бағалы техникалық және арнайы өсімдіктердің өсуі мүмкін еді. Сары-топырақты зонада егіннің дамуы мүмкін деп есептелді, бірақ бұл жерде егін шаруашылығы ішкермендік маңызға ғана ие болды, ал жылына 300 мм-ден аз жауын-шашын болса ол өзінің рентабельдігін жоғалтатын және мұндай жағдайда шаруашылық мал шаруашылығын кең түрде

дамытқанда ғана тұрақты болуы мүмкін еді. Сондықтанда бұл ауданда шаруашылықтың тиімді түрі мал-егін шаруашылығы болып табылады /19, Б.17/.

Экстенсивті шаруашылықты анықтайтын Қазақстанның табиғат жағдайы болып табылды. Осы идеяны одан ары дамытқан профессор А.Н. Челинцев өзінің «Перспективы развития сельского хозяйства Казахстана» атты еңбегінде Қазақстанның табиғи жағдайын жауын-шашынның географиялық таралуымен тығыз байланыстырды. Ол онда: «Қазақстанның орталық және оңтүстіктегі орасан зор территориясында /барлық территорияның 2/3 бөлігін алып жатыр/ жылына небәрі 200 мм жауын-шашын болады, бұл жерде кездейсоқ жағдайларға байланысты, егін сумен қамтамасыз етілген немесе ірі мелиоративтік — суландыру шараларын жүргізген жағдайда ғана егіншілік базистік сипатта болуы мүмкін, бұл жағдайларсыз ауыл шаруашылығы бұл жерде көшпелі мал шаруашылығы болып қала береді. 200-300 мм дейін жауын-шашын болатын жерде егіншілік болуы мүмкін, бірақ ол шектеулі көлемде орын алады және экстенсивті мал шаруашылығының басымдылығы сақталады. Одан ары солтүстікке қарай 300-350 мм, одан да көп мөлшерде жауын-шашынның болуына байланысты егін шаруашылығын дамытуға мүмкіндік бар, ал уақыт өткен сайын экстенсивті мал шаруашылығы егіншілік сипатқа не бола бастайды» — деп көрсеткен еді /20/.

Профессор А.Н. Челинцевтің пікірінше КСРО-ның басқа аудандарындағы ауыл шаруашылығы мен салыстырғанда Қазақстанның ерекше белгісі және өзгешелігі оның шаруашылығының басым түрі табиғи өлкемен тығыз байланысты экстенсивті мал шаруашылығы болып табылатындығында еді. Одан әрі ол, бұл экстенсивті мал шаруашылығы Қазақстанда ұзақ уақыт бойы және келешекте де сақталуы керек деп, атап көрсетті /20, Б.6/.

Біз бұдан Қазақстанның жерінің кендігіне қарамастан, оның 2/3 бөлігінің егін шаруашылығын дамытуға қолайсыз екендігін, осы егін кәсібіне қолайсыз жерлерді мал шаруашылығын өсіруге пайдаланғанда бұл жерлерде мал шаруашылығын дамытқанда ғана пайдаға асыруға болатындығын көреміз.

Қазақстан үшін мал шаруашылығының зор маңызын түсінген ғалымдар оның болашағын дұрыс болжауға күш салды. Мамандардың мұндай болжаулары бойынша 1926-1941 жыл аралығындағы Қазақстандағы мал басының дамуы төмендегідей болуы тиіс еді: /23/

1917 жылмен салыстырғанда, 1941 ж. мал басының барлық түрінде айтарлықтай өсу байқалуы тиіс еді. Атап айтқанда, шошқа 200% жуық, ірі қара 120%, қой ешкі 100% жылқы 15% көбейеді деп болжанды. Түйе 1917 жылғы көрсеткіштің 3/4 ғана қамтиды деген ұйғарым жасалды. Мал басының дамуын болжай отырып мамандар сол жылдары Қазақстанның кең байтақ даласы 62 млн. бас малды асырай алатынын есептеп шығарған еді. Қазақстанның табиғи жайылымындағы малға жұғымды заттар сол жылдардағы сұраныстан әлдеқайда асып түсті. Мысалы, осы саланың маманы В.В.Благовешенскийдің есептеулері бойынша ҚАКСР-нің жайылымдарындағы жұғымды азықтық қорлар шамамен 2,5 миллиард пұт крахмалды эквиваленттілікті бере алатын еді. Ал 62 млн. бас малды асырау үшін мұндай көрсеткіш 1,5 миллиард болса да жетер еді /23, С.17/. Міне, осылайша Қазақстанда болашақта да мал шаруашылығын дамытуға толығымен қолайлы жағдайлар бар еді.

Осыған байланысты мал басының өсу бағыты бірінші бесжылдыққа /1.Х.1928 ж. — 1.Х.1933 ж./ арналған жоспарда да көрсетілді. Малдың әр түрінің өсу қарқыны, қой 47%, ешкі 45%, ірі қара 25,5% жылқы 20,5% түйе 12% шошқа 30% көбейтулері керек болды /119/.

Большевиктердің төтенше аграрлық реформаларды жүргізу қарсаңындағы төрт түліктің үлес салмағына тоқталатын болсақ Қазақстанның статистикалық басқармасының Қазақстанның Қаражат Халық Комиссариатының 1926-1927 жылғы мәліметі бойынша ең аз дегенде қой саны 17,5 миллионға жеткен, ал негізінде ол алдағы жылдары 19 миллионнан асып түседі деген мәлімет те бар /120/. Одақ бойынша 105 млн. бас қой болды, оның 17-18 % қазақ қойын құрады. Жеке губернияларда қойдың үлес салмағы 43 %-тен 139 % дейін жетті, қой басы ең аз аймақ Батыс Қазақстан /Ақтобе, Орал/ болды, қой малы көп шоғырланған өлкелер Семей, Жетісу, Сырдария губерниялары болды. 19 миллион қойдың 2,5 миллион орыстардың қолында болса, қалғаны қазақтардың қолында еді /120, Б.53/.

Қазақстанда ірі қара малы Қаз. Орт. Стат. Басқармасының мәліметіне қарағанда, 1927 жылы 7 миллионға жетіп, барлық малдың 23,3 % құраған /25/. Қазақстан бойынша ірі қара малының географиялық таралуына келсек, Қазақстандағы ірі қара малының ең көп проценті жартылай көшпелі мал шаруашылық, егін шаруашылық аудандарға түседі, ал таза көшпелі шаруашылықта малдың негізі қой шаруашылығы болған. Бірақта барлық аудандарда ірі қара малы қойдан кейін екінші орын алған.

КСРО-ның басқа аудандарына қарағанда Қазақстан сол кездегі кең көлемде таулы және далалы жайылымы ауыл шаруашылығының басқа саласына зиянын тигізбей экстенсивтік жағдайда жылқы шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндік берді. Қазақстандағы барлық жылқының саны 1929 жылғы соңғы статистикалық мәлімет бойынша 4 миллионнан асып түсті, 1926 жылы жылқы саны небәрі 3.286 мың бас ғана болған /121/. Қазақстандағы жылқы шаруашылығының дамуына жылқы саны үш жылдың ішінде 10% көбейген. Бұл сандар бір жағынан Қазақстанда жылқы шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдайдың барын көрсетсе, екінші жағынан қазақ халқының жылқыға деген сұранысы оны көбейтуге мүмкіндік беріп отырғанын көреміз. Қазақстанның негізгі жылқыларын шамамен 3,5 миллионын қазақ жылқысының тұқымы құрады. Қазақстандағы қазақ жылқысы өзіне тән баға жетпес жақсы сапаларымен басқа жылқы тұқымдарына қарағанда шыдамдылығы мен төзімділігі мен табиғи жағдайға бейімділігімен ерекшеленеді. Осыған байланысты сол жылдары ашылған Әулие-ата жылқы заводы, Алматы округінің «Дегересс» жылқы заводы өздерінің алдына қазақ жылқысының тұқымын жақсартуды мақсат етіп қойған еді /121, Б.58/. Түйе саны да бір миллионнан асып түсті.

Сонымен қорықта келгенде Қазақстанда 1927 жылдың соңында, яғни тәркілеу науқаны қарсаңында барлық мал саны 38.500.000-ға жеткен еді /122/ КСРО-ның малының ішіндегі Қазақстан малының үлес салмағы 10 проценттен асты, малдың әр түрі бойынша ірі қармалы 11 процент жылқы 12 процент, қой 18 процент, түйе 90 процент болды /114/. Осындай миллиондаған малы бар Қазақстан КСРО үшін мал шаруашылығының шикізат базасына айналды. Ендігі жерде мал шаруашылығы жергілікті қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін емес, КСРО-ның ортақ мүддесі үшін дамуы, қажет дегенді ұстанып, «ҚАКСР-ның дамуы тек қана КСРО-ның дамуының негізінде ғана мүмкін» деген шешімге келді. Осылайша қазақ халқының табиғи-тарихи, өзіндік ұлттық ерекшелігін ескермей бір орталықтан жүргізілген Кеңес үкіметінің саясаты ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мал шаруашылығының күйреуіне алып келген еді.

### 2.3. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы тәркілеу - дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету бастауы

1928 жылы тоталитарлық жүйе жүзеге асырған қазақ байларын күштеп тәркілеу және оларды зорлап жер аудару тұтас бір халықты ашықтан-ашық тоздырып, дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкеп соқтырғаны мәлім.

Байларды тәркілеу мәселесі 1923 ж. 17-22 наурыз аралығында Орынборда өткен қазақ партия ұйымы III конференциясында қаралып үлкен айтыс туғызған болатын. Алты жылғы аумалы-төкпелі шаралардан соң қазақ еліне жақсы таныс С.Сәдуақасов осы конференцияда сөйлеген сөзінде байлар меншігін конфискулеуге байланысты мынандай пікірді ұстанды: «қазіргі кезеңде ел сілкіністерге емес бейбіт еңбекке мұқтаж. Елді жаңа экспроприациялар емес, еңбек пен ғылым құтқармақ. Экспроприация идеясы билікке қарсы көтеріліс немесе соған жақын нәрсе. Патша үкіметі тұсында мұндай қоздыру туғызу қызық болғанмен, қазіргі жағдайда бізге қазақ даласында ондай жасанды қоздырулар туғызудың қызығы шамалы» / 123/. Басым көпшілігі кедей орта шаруалардан тұрған қазақ ауылында, олардың қолындағы малын тартып алудан түк шықпайтындығын, ерінбей еңбек етіп, білімге арқа сүйей отырып қазақ ауылын көркейтуге болады» - дегенді айтқан еді. С.Сәдуақасов одан кейіннен де бұл пікірінен бас тартқан жоқ. Өлкелік партия комитетінің 2-ші, 3-ші пленумында (1926 ж., XI) VI конференцияда (1927 ж., 15-23. XI) қазақ ауылына Октябрьдің керегі жоқ, қазір ауылға әрекет керек емес, тыныштық керек деген болатын.

Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында (1927 ж., 15-23 XI). Ф.Голощекин қазақ ауылы жайында сөйлеген сөзінде: «Ауылда Октябрь болмаған, революцияға дейінгі әлеуметтік экономикалық қатынастар өзгеріссіз қалған десе де болады. Ауылдағы партиялық, кеңестік және қоғамдық ұйымдар ағыспен ағып барады. ...Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет- ауыл кедейлерін байдың экономикалық-саяси тәуелділігінен азат ету» дей келе «ауылдағы міндеттер және жұмыс әдістері турасында үш көзқарас, үш бағыт бар: Алғашқы көзқарас — біздің партияның көзқарасы ... мүлде қарама – қарсы көзқарастар бар, бұл байлардың және бай идеологтары алашордашылардың, буржуазияшыл ұлтшылардың ауылға байдың мүддесі тұрғысынан келетін өзін мүлде қарама-қарсы бағыт ретінде көрсететін көзқарас». «Бұл ауылға екінші көзқарас кедейді жаныш-

тауды, байдың өсуін қалайтын буржуазиялық екінші бағыттың әдісі. Ал енді осы екеуінің арасындағы үшінші Сәдуақасовтың көзқарасы қарамағындағылар Сұлтанбеков, Қаратілеуов, Мұстамбаев», — деп қорытқан еді өзінің ойын. /115, Б. 65/

Ауылды кеңестендіру, байлар төңірегіндегі мәселеде Ф.Голощекин өзін «солшылдарды» тобына қосып, оның жақтастары О.Жандосов, О.Исаев, А.Мусин болды, ал қалған екі бағыттың бірін «алашордашылардың, буржуазияшыл ұлтшылдардың» яғни Ә.Бөкейхановтың бағыты деп, ал екіншісін С.Сәдуақасовтың «оңшыл» тобының Н.Нұрмақов, Ж.Мыңбаев, бағыты ретінде қарастырды.

Голощекин бастаған «солшылдардың» тобы қазақ ауылында байлармен күресті революциялық зорлау әдістері арқылы жүргізуді ұсынса, ал С.Сәдуақасов пен оның серіктері қазақ ауылын революциялық негізде қайта құруға қарсы емес, революциялық «солшылдыққа» революциялық ұрандарды жалау етіп көтеріп, түптеп келгенде дәстүрлі шаруашылықты күрт бұзуға алып баратын солақай әдістерге, асыра сілтеушілікке қарсы еді. Басқаша айтқанда олар қазақ ауылының секірмелі емес, біркелкі, бірыңғай дамуын жақтады /123, Б.61/.

Қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғаған, қазақ зиялыларының пікірі Голощекинге ұнамады. Ол оларды «байлардың идеология», «алашордашылар» деп негізсіз айыптады. Голощекин саясаты-ұлттық мүддені «таптық принциптермен» ауыстырып, ауылда тап тартысын күшейтуге күш салды. Голощекин осы конференцияда қазақ халқының көшпелі өмірін және меймандос, қонақ жай психологиясын яғни өзіндік ерекшеліктерін көрсеткен профессор Швецовты «оңшыл эсер» деп айыптауды да ұмытпады.

Сонымен Өлкелік партия комитетінің VI конференциясының (1927 ж., 15-23.XI) қазақ байларын күшпен тәркілеу туралы қорытындыға келуі ел ішінде жаппай дүрлігу туғызды. Үкіметтің байлардың ғана емес, орташалардың да мал-мүлкін тартып алатындығы туралы қауесет Қазақстанның оңтүстік аймағына жаз айларының өзінде-ақ тарап кеткен еді. Адамдар малдарын сатып, көшіп кетуге дайындала бастады. Мысалы, Қазақстандағы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің (ПП ОГПУ) өте құпия мәліметінде, 1928 жылдың шілде айында Алматы округінің Қабастау ауылының Берекелі асуында Елболсын Есенбаев, Шумақбай Бекқұлов бастаған байлар тобы тәркілеуден құтылу үшін Қытайға көшу керек деп шешім қабылдағаны айтылса, осы округтің Қарқара жеріндегі ең ірі байдың

шекараға жақын «Сыртай» шатқалында көшіп жүргені, тәркілеу болған жағдайда Қытайға қашуға дайын екендігі айтылған /124/.

Ел ішіндегі осындай оқиғалардың кең етек алуына байланысты 1928 жылы 22 маусымда «Еңбекші қазақ» газетінің 139 санында Қазақстан үкіметі «Қазақстанның барлық еңбекшілеріне» үндеу жариялайды. Онда «Тәркілеу туралы заң 1928 жылғы сәуірдің 1-нен бері мыңдаған малы бар, Кеңес үкіметіне «анық жау» неғұрлым ірі байлар қожалықтары дүниелерін тәркілеу және оларды жер аудару бағытында жасалып жатқаны алғашқы кезекте бұл бұрынғы хан, сұлтан тұқымдарынан шыққан ірі байларға қатысты жүргізілетіні» атап көрсетіледі. Қазақстан үкіметі барлық атқару комитеттеріне, кеңестерге осы мәселені мейіленше түсіндіруді, «жалған арандатушы, өсек-аяң таратушыларды қатал жауапқа тартуды» ұсынады /125/.

«Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы» декреттің өзі 1928 жылы тамыздың 27-інде қабылданады. Декретке сол кездегі Орталық Атқару комитетінің төрағасы Ерназарұлы Елтай, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нұрмақұлы Нығмет қол қойған. Декрет пен бірге БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің «Барлық еңбекшілерге» деген үндеуі де қабылданады. Декретте, үндеу де 5-қыркүйекте «Еңбекші қазақ» газетінің №204 санында жарияланады.

Декреттің негізгі мазмұны төмендегідей:

1. Үлкен байлығының арқасында бұрынғы ата жуандығы, бектік мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес жұмысының ілгері басуына кеселін тигізіп келген Қазақстандағы ірі байлар жер аударылсын. Бұл айтылғандарға Адай округі, Қарақалпақ облысы, Сырдарияның мақта егетін аудандары кірмейді.

2. Осы қаулының бірінші бабына ілігіп, жер аударылуға тиісті болған адамдар, олардың үй-іші бұрынғы шаруашылық құрып тұрған жерінде енді тұра алмайды, ол құқықтан мүлде айырылады.

3. Кеңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақсүйек сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірі қолынан шығармай патшадан айырықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының бірінші бабына тура келмесе де малы тәркіленіп, өзі бұрынғы қонысынан қуылады /126/.

Байларды адам ретінде қарамай, туған жерінде, ата-мекенінде тұруға қақысы жоқ деп айыптап, оларды тонап, тәркілеп, басқа жаққа тентіретіп жіберу — Голощекиндік қатыгез саясатының көрінісі еді.

Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда



## 11-кесте

1926-1941 жылдардағы Қазақстандағы мал басының өсу динамикасы /мың бас/

	1926 ж.	1931 ж.	1936 ж.	1941 ж.
Жылқы	3087	3859	4342	5427
Ірі қара	6324	9351	1087	13589
Қой	13143	19714	23657	35485
Ешкі	2145	3003	3784	5298
Түйе	667	800	893	1072
Шошқа	453	600	800	1000
Барлығы	25729	37327	44347	61871

төрт жүз бастан жоғары ірі қарасы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары ірі қарасы бар қожалықтар жатқызылған. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғары қарай болды. Бірақ осы соңғы аудандарда АКСР ХКК жүз тұяғы барларды ірі бай қатарына жатқызып, тәркілеу құқықты болды. Ірі қараға екі жастан асқан жылқы, сиыр, өгіз, түйе, жатқызылады. Малдың қалған түрлерінен бір ірі қараға үш бас құлын, екі бас тай, ұсақ малдардан бес қой, не алты ешкі теңестірілген.

1928 жылы тамыздың 30-да Қазақстан үкіметі ірі байлар жер аударылатын аудандарды нақты анықтады. Бұл қаулы бойынша Жетісу мен Сырдария округінің кісілері Адай округіне жер аударылатын болды.

1928 жылы 30-тамызда «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі жартылай отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулы қабылдады. Онда аталған аудандар түрлеріне нақты сипаттамалар берілді. Осы қаулы бойынша отырықшы аудандарға Қазақстанның барлық округінен 25 аудан жатты, ал жартылай көшпелі аудандарға 84 аудан, ал көшпелілерге 9 аудан жатты. Барлығы Қазақстан бойынша 118 аудан еді. Таза көшпелі аудандарға Қазақстанның оңтүстік аймағындағы Сырдария округіндегі Қызылқұм, Созақ, Сарысу және Шу аудандары, Қызылорда округіндегі Арал, Қазалы, Аламысық, Қарсақбай аудандары, Алматы округіндегі Балқаш ауданы жатты. Ал жартылай көшпелі ауданға Сырдария округінде 8 аудан, Қызыл-

орда округінде 4 аудан, Алматы округінде 12 аудан, барлығы 24, отырықшы аудандарға Сырдария округінен 6 аудан жатқызылды. Алматы Қызылорда округінде отырықшы аудандар жоқ деп саналды /127/.

Яғни, Қазақстанның басым көпшілігі бұл жылдары жартылай көшпелі және көшпелі аудандардан тұрды. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығы негізінен осы көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға шоғырланған еді. Қазақстанның оңтүстік аймағында республиканың басқа аймақтары сияқты, тәркілеу науқанын 1928 жылдың 1-қарашасына дейін аяқтау көзделгенімен ол 1929 жылғы ақпан айына дейін созылады.

Алматы округі бойынша тәркілеу науқаны декрет қабылданған күннен бастап өз жұмысын бастаған еді. Аймақтық атқару комитетінің жанынан 1928 жылы 27-тамызда 5 адамнан тұратын округтік тәркілеу комиссиясы құрылады. Оның құрамына комиссия төрағасы Әбдрахманов, округтік жер басқармасының меңгерушісі Леонов, округтік «Қосшы» одағының төрағасы Айтхожин, округтік ОГПУ бөлімінен Шевченко, аудандық жер-орман қызметкерлері одағының төрағасы енеді /128/. Әр ауданға жіберілетін уәкілдердің құрамын іріктеуге үлкен көңіл бөлінді. Бұл мәселе бірнеше рет алдын-ала талқыланып және оның қорытындысына 12 ауданға бөлінген 19 уәкілдің 7 қыркүйектен бастап аудандарға баруы тиіс болды /129/.

Сонымен бірге әр округтерде алдын-ала «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы» тізім жасалады. Алматы округі бойынша ОГПУ-дың алғашқы мәліметінде 70 ірі бай (жартылай феодалдар) шаруашылықтарын тәркілеу тізімі жасалған. Бұл тізім осы бетінде каралып орталыққа жіберілген. Тізімде бірінші топқа «60» шаруашылық, екінші топқа «10» шаруашылық жатқызылған. Бірінші топқа хан тұқымдарынан шыққандар, декретте белгіленген межеге сай келетін шаруашылықтар, екінші топқа декретте белгіленген межеге жетпеген, бірақ антисоветтік істермен айналысып, ауылда еңбекшілер — арасында үлкен беделге ие болғандар енеді. Кейіннен бұл тізім өзгертіліп, бірінші топқа «57» екінші топқа «27» шаруашылықты тәркілеу белгіленді /129/. Тілші газетінің 1928 жылы 26 қыркүйектегі N 56(383) санында Алматы округі бойынша мал-мүлкі тәркіленетін 84 адамның тізімі берілген /130/.

Тәркілеу науқаны қазақ даласында ерекше қасірет әкеледі. Тәркілеуден құтылудың жалғыз жолы өз туған жерін тастап, Қытай жеріне, РСФСР-дың кейбір аудандарына, Қазақстанның өз ішіндегі

шеткері елсіз, шөл далаға көшу болды. 1928 жылы 14 қыркүйектегі Қазақстандағы ПП. ОГПУ-дың өте құпия мәліметінде: «күннен-күнге байдың белсенділігі өсуде және тәркілеуге қарсы күрестің жаңа түрі пайда болуда. Байлар үшін тәркілеуден құтылудың негізгі жолы Қытай жеріне көшу. Қытайға шекарадағы қарулы қақтығыстар арқылы өтуде. Мысалы: Алматы округінде тәркілеуге байланысты ірі байлар Мамановтар, Тұрысбековтер 35 киіз үй шамасында өздерінің мал-мүлкімен Қытайға көшуде» деп хабарланған /131/. Сонымен бірге «Соңғы уақыттарда Жаркент тауы арқылы Қытайға көшу халық арасында көп байқалуда. Қорғас ауылының маңайындағылар, негізінен, көп қашуда. Байда, кедей де қашуда. Кедей азық-түлік тапшылығынан қашса, бай тәркілеуден қорқып қашты» делінген /132/.

Тәркіленген бай тек ғана оның өзін жат өлкеге жер аударып жіберуден қорықты. Көптеген жер аударылған байлар комиссия шешіміне разы болмай, шағым білдірген, олардың малдары межеге сай болмаған, өздерінің қоғамға еш зияны жоқ болсада тәркіленіп, жер аударылған. Архив қойнауында олардың арыз-шағымдары, өтініштері көптеп сақталған. Сонымен бірге әйелдері күйеулерімен ажырасып, сол бұрынғы жерінде қалуды қалаған. Бұндай оқиғалар бұқаралық сипат алған, Өлкелік комиссия негізгі мәліметтермен танысып, бұлай ажырасу «фиктивный» және ажырасуға арызды өз күйеулері бергізуде» — деген қорытындыға келді. Кейбір байлардың мұндай әрекетке бару себебі әйелімен ажырасу арқылы шаруашылығының бір-бөлігін, жанұясын жергілікті жерде қалдыру, өз ошарын сақтап қалу еді /133/. Бірақ қатыгез саясат бұғанда мүмкіндік бермеді.

Үкімет дерегі бойынша, тәркілеу 696 қожалықты қамтығаны белгілі, бұлардың ішінде 242-і оңтүстік аймақтан тәркіленген, бірақ кейінгі зерттеулерде бұл сан көбейе түсті.

Ал енді ресми мәліметтерді талдасақ, оның ішінде тәркілеу қорытындысы жөніндегі Ф.Голощекиннің 1929 жылы 9 сәуірде құпия түрде БК(б)П орталық комитетіне жіберілген «ҚАКСР бойынша аса ірі бай жартылай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды жер аудару туралы ақпарында» әр округ бойынша тәркіленген жер аударылған қазақ байларының саны алынған мал-мүлкі түгел көрсетілген және Голощекиннің өз ой-пікірі де баяндалған /134/.

Осы құжатта келтірілген көрсеткіштерге сүйенсек, Алматы округі бойынша алғашқыда барлығы - 80 ірі бай шаруашылығы тәркіленіп, олардан 33436 бас мал /ірі қараға шаққанда/ тартып алу жоспарланған /135/. Науқан барысында 82 ірі бай тәркіленіп /жар-

тылай көшпелі ауданнан 76, көшпелі ауданнан 6/. Онын 71-і бірінші топ, 11-і екінші топ. Олардан 18918 бас мал тартып алынған /17869 бас мал жартылай көшпелі ауданнан, 1049 бас мал көшпелі ауданнан/. Тәркіленген 82 бай жер аударылған /135/.

Соңғы жылдары ғалымдар Т.Омарбеков пен М.Хасанаевтың 1992 жылы «Ақиқат» журналында /№№ 9,10/ жарияланған «Жазықсыз жапа шеккендер немесе күштеп тәркілеу құрбандықтары» тізімі берілген. Тізім Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған материалдар негізінде жасалған. Осы тізімде Алматы округі бойынша 96 адам тәркелінген /136/. Аталмыш деректерді және басқа да құжаттарда кездесетін мәліметтерді салыстыра талдасак, Алматы, Сырдария, Қызылорда округтерінде тәркілеу науқанының барысы мен нәтижелері жөніндегі тарихи шындықты біраз беттерін ашуға мүмкіндік туады.

1928 жылдың қарашасындағы Өлкелік партия комитетінің бай шаруашылықтары малын тәркілеу жұмыстарын Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша қорытынды есебін төмендегі кестеден көре аламыз /137/.

Бұл берілген мәліметтерде, сонымен бірге 1928 жылдың 2-7 желтоқсанда осы науқан қорытындыларын талқылаған Қазақ Өлкелік партия комитетінің III пленумы құжаттарында келтірілген ресми мәліметтер толық емес /138/. Себебі 1928 жылы 24 қарашада «Советская степь» газетінің № 271 санында Қазақ Орталық Атқару комитетінің ХХК-ның «байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны аяқталды» /139/ деген қаулысы жарық көргенімен, Сырдария округінде науқан 1929 жылдың ақпан айына дейін созылған. Осы округтің алыс аудандарының бірі Сарысу ауданына 1928 жылы 25, қазанда Округтік Атқару комитетінің төрағасы Макин басшылық еткен ерекше экспедиция құрылып, аттанады. Бірақ барған күннен бастап жұмыс басталмайды. Себебі, қазақ халқы әлі жайлаудан қыстауға қайтпаған еді. Сарысу ауданында байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны 1.02.1929 жылы аяқталу тиіс еді. Алайда Орталық Атқару комитеті төрағасының пікірінше Сарысу ауданындағы жұмыстар үлкен қиыншылықтар туғызған, тәркілеуді көрсетілген мерзімге, яғни 1.02.1929 ж. дейін аяқтау мүмкін емес деп хабарлаған /140/.

Халыққа қолындағы малын беру оңайға түспеді. Сондықтан да халықтың негізгі қалың бұқарасы байларды күштеп тәркілеу саясатын белсенді қолдай қойған жоқ. Басқа округтерге қарағанда Сырдария округінде халық наразылығы күшті болған.

## 12-кесте

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы тәркілеу қорытындысы

Округтер	Жалпы тәркіленген шаруашылық саны	Ірі қарға нақашда жалпы тәркіленген мал басы	орта есеппен шаруа-н алынған мал басы	Оның ішінде тәркіленген								
				Отырықшы ауд.		Жартылай көшпелі		Көшпелі				
				Шаруашылық саны	Мал басы	Шаруашылық саны	Мал басы	Шаруашылық саны	Мал басы			
Сырдария	97	24736	255	21	3925	186,7	50	13425	268,5	26	7386	284
Қызылорда	55	16300	296	жоқ	жоқ	жоқ	34	10867,5	319,6	21	5432,5	258,7
Алматы	65	15003	230,8	жоқ	жоқ	жоқ	65	1500,3	230,8	-	-	-

Сырдария округіндегі байлардың қарсылық іс-әрекеттері тәркілеуді жүргізу жөніндегі уәкілдерді жоюға бағытталған. 1928 жылы 19 қыркүйектегі ПП.ОГПУ-дың кезектен тыс өте құпия мәліметінде мынадай деректер бар: «Тәркілеуді жүргізуге қарсы байлар ашық түрде ұйымдасқан қарсылықтар көрсетуде, қаруланған жігіттерден шайқа ұйымдастырып, олар совет қызметшілеріне қарсы террорлық іс-әрекетке дайындалып жатыр. Биылғы жылдың 3.ІХ-де Шаян ауданында бай Б.Балғабаев өз үйінде жиналыс өткізген. Оған Ә.Жәнісов, А.Курманалиев, Есмурзаев, Ж.Кұрымов қатысқан. Осы жиналыста ауыл кеңесінің төрағасы Исамбетов Санубекті өлтіру туралы жиналыс шешім қабылдаған. Оны өлтіру Балғабаевтың ұлдарына тапсырылған. Б.Балғабаев тәркілеуді жүргізетін округтік комиссия уәкілдерін ұрып-соғу мақсатымен 30 жігіт ұйымдастырыл-

ған. Ал оның туысқаны Жаждыбек би өз руын уәкілдерге қарсы тұруға шақырған. 7.IX-де Балғабаев, малын алуға келген ауыл комиссиясының төрағасы Т.Аманқұловқа менің бір түйеме қолыңды тигізіп көр, сол жерде басыңды кесіп тастаймын, - деп қорқытқан. Сосын Балғабаев, Есмұрзаев пен бірге оның малын тәркілеу дұрыс еместігі туралы Қызылорда қаласына шағымдануға кетеді. 14.IX-де Үшбас деген жерде бай Ш.Батырбаев жиналыс өткізуді белгілейді. Оған Қ.Көлбаев, С.Ботбаев, Мырзабеков, Мыңбаев т.б. шақырылған жиналғандар Б.Балғабаевті күткен еді. Осы кезде аймақтық комиссия уәкілдері милиционерлермен бірге жиналғандардың үстінен түсіп, олар жан-жаққа қашып кетеді. Ш.Батырбаев жасырынып қалады. Бұл жиналыста уәкілдер тәркілеген малды құтқарып, басқа жаққа айдап кету көзделген еді. Ш.Батырбаевты бандиттік, террорлық істерді ұйымдастырушы іретінде іздеу салған» /141/. ПП.ОГПУ бөлімдерінің тағы бір мәліметінен мынаны оқимыз: «Мерке ауданының байлары тәркілеу барысында қарулы қактығыстар бола қалған жағдайда қарсы тұру үшін, қарулы шайқалар ұйымдастыруда. Олардың басшысы К.Әділбеков. Қазіргі уақытта К.Әділбеков винтовкаларымен қаруланған 12-15 жігітпен бірге Қара-Төбе тауында жүр. Олар ел ішінде болып жатқан оқиғалармен тығыз байланыста» /142/. Партия органдары байлардың ұйымдасқан іс-әрекетін жою үшін партия тарапынан және тікелей ПП.ОГПУ бөлімдері арқылы көптеген шаралар істелуі керектігін қайта-қайта айтумен болды. Осы мақсатпен ОГПУ-дың жергілікті ұйымдарына тез арада тікелей тергеу істерін жүргізу тапсырылған.

Ел ішіндегі халық наразылықтарын басу үшін округтік орталықтарда коммунистік отрядтар құрылған. Сол кездегі Қазақстан Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Ф.Голощекиннің «өте құпия» жедел хат нұсқауында: «ВК(б)П окркомдарына, Өлкелік комитет директивасы бойынша ұйымдастыралатын қарулы отряд ОСОАВА-АХИМ-нің аймақтық кеңестері жанынан және тек қазақ коммунистерінен құрылсын. Олар әскери үйірмелердің жалпы жүйесінен іріктелсін. Отрядтың негізгі мақсаты түсіндірілмей, құпия сақталып, сабақ құдды бір коммунарларды жаттықтыру тәрізді жүргізілсін. Жаттықтыру сабақтарын европалық командирлердің өткізе беруіне болады. Алайда отрядтарды байлар қарсылығын жаншып-таптауға аттандырғанда, оны міндетті түрде қазақ командирлері бастап баруына жағдай тудыруымыз керек.

Крайком секретары Голощекин /143/ - деген жолдар бар.

Зұлымдық саясат ұстаған Голощекиннің қазақты қазақтың қолымен қырғызуды әуел бастан жан-жақты ойластырғандығы осы жедел хаттан-ақ көрініп тұр. Байлардың қарсылығын басу үшін ғана қазақ отрядтары құрылған жоқ, бүкіл тәркілеу науқаны жүргізген қазақтар болды. Орыстар мекемеде отырып нұсқаулар ғана берді. Ал тәркілеу науқаны қазақтан шыққан партия белсенділері, ауылдағы кедей-малай, батырақтардың белсенділігімен өткізілген еді. Бұл зұлымдық саясат рулас-аталас туысқан қазақ халқын өз ішінен бір-біріне айдап салып, ірітуді көздеген еді. «Рулық қауымдастық принциптері негізінде елеулі алауыздықтарға және әлеуметтік күрделі қақтығыстарға бармай, ағайыншылдық аясында отырған қазақ ауылының шырқын бұзу, адамдардың арасына таптық негізде от тастап, кедейді байға айдап салу, сөйтіп жарлы-жақыбайдың, сіңірі шыққан қарасирақ жалшының «қолымен ет көсеп» ауқаттыларды ауылдағы биліктен ығыстыру» - міне большевиктер саясатының түп-төркіні осындай болатын /144/.

1928 жылы 9 қыркүйекте байлардың мал-мүлкін тәркілеуге байланысты Сырдария округтік комиссия мәжілісі болып өтеді. Қатысқан комиссия мүшелері Пестряков, Журавлев, Архипов, округтік прокурордың орынбасары Дездетко. Осы мәжілісте әрбір аудан бойынша тәркіленетіндердің тізімі жасалды. Онда бірінші топқа 80, екінші топқа 9, яғни алғашқы тәркіленетіндер саны 89 болған /145/.

Ал Голощекиннің Мәскеуге жіберген «күпия» ақпарында Сырдария округі бойынша жоспарланған 89 қожалықтың орнына 106 қожалықтың /отырықшы ауданнан 20, жартылай көшпелі - 52, көшпелі ауданнан - 34/ тәркілініп, бірақ 48 139 бас мал орнына 24736 бас мал ғана алынғаны көрсетілген /146/. Голощекиннің ақпарында тәркіленген байлар 2 категорияға бөлініп көрсетілген. Сырдария округі бойынша «ірі бай иелеріне» - 88, «жартылай феодалдарға» - 18 адам жатқызылған /146/. Соңғы топқа бұрынғы қазақ хандарының, датқаларының және билерінің тұқымдары, болыс басқарушылар, Алаш қозғалысына қатысқандар, яғни «әлеуметтік тұрғыдан зиянды элементтер» енгені анық. 97 бай өздерінің ата-мекендерінен басқа жаққа жер аударылған, көпшілігі республиканың алыс түкпірлеріне шөлейтті-шөл аудандарға жөнелтілген.

Т.Омарбеков пен М.Хасановтың жоғарыда аталған зерттеуіне қарағанда Сырдария округі бойынша 160 адам тіркелген /136/.

Қызылорда аймағында тәркілеу науқаны 1928 жылы қыркүйек айының бас кезінде-ақ жүргізіле бастайды. Бұл аймақта байларды

тәркілейді деген хабардан кейін, тәркілеуден құтылу үшін жергілікті байлардың өз ауылынан малдары мен мың шақырым жерлерге құм арасына, басқа көрші республикаларға көшіп кетулері байқалған. Мысалы, Қазалы ауданындағы Қаракұм маңының байлары күшті қарқынмен Бұхара, Хиуа, Самарқандқа көшіп кеткен /147/. Округтік тәркілеу комиссиясының бастығы Бұқарбайұлының хабары бойынша аудандарға жауапты қызметкерлерден уәкілдер жіберілген. Олардың сандары Арал ауданына 3, Қазалыға 3, Аламысық 2, Қармакшыға 3, Қызылордаға 2, Шиелі 1 /148/.

Қызылорда ауданына шығып келген округтік атқару комитетінің ағасы Қ.Бұқарбайұлы кедейлер арасында тәркілеудің маңызына түсінбеушілер бар екен, түсіндіру науқанын әлі де күшейту керек дегенді айта келе байлардың малын тәркілеу жайындағы айтқан әңгімесінде: «Кедейлер арасында екі рет жиналыс өткізілген. Бірақ ауыл кедейлері мен малайлары бай малын тәркілеу ісін толық ұғына алмаған. Оның маңызын түсінбеген. Кейбір кедейлер ауылдағы Есқожаұлы Әбдіқалық деген байдың малын алудан бас тартқан. Өйткені «ол бізге еш жәбір көрсеткен жоқ» деген. Жазаласа байдың малын тәркілеу үшін комиссия құрмасын деген малайлар да ұшыраған /149/.

Біз бұдан кедейлердің бәрі байларға қарсы шыққандығын, керісінше кейбір жиналыстарда ел мүддесін ұмытпаған байларды қорғап қалуға тырысушылықта орын алған. Мысалы, Қармакшы ауданының 229 кедейі №7 ауылдың Ш.Бегенов деген байды қорғап, «оның ешқандай зияны жоқ, керісінше кедейлерге үнемі көмек беріп келеді», — деп, тәркілеу тізімінен шығару жөнінде өтініш білдірген. №1 ауылда Ж.Шашкемеловты қорғап 335 кедейдің атынан тура осындай шағым түскен. Бірақ үкімет тарапынан бұл өтініштер аяқсыз қалды. «Жақсы бай бар, жаман бай бар, кеңес байы бар, залалды, залалсыз бай бар» — деп, өзінше өнер шығарып данышпан болатындар жоқ емес. Әрине бәрі де Маркс қисынымен партия жолымен үш қайнатса сорпасы қосылмайтын пікірлер. Байдың аты бай, байдың шамасына қарай бәрінің де залалы бар, жаулығы бар. Бай атаулы мен күресу біздің партияшылдық міндетіміз» — деген жолдарды оқимыз сол кездегі «Қызыл Қазақстан» журналынан /150/. Яғни қазақ байы халық қамын ойлайды деген пікір сол кездегі саясатқа түбірімен қайшы келетін еді.

Қызылорда округі бойынша 40 шаруашылықты тәркілеу нәтижесінде 27571 бас мал алу жоспарланған. Науқан қорытындысында 54 шаруашылық /33 жартылай көшпелі, 21 көшпелі аудан/ тәркіленіп



18376 бас мал /оның ішінде 11584 жартылай көшпелі, 6792 көшпелі шаруашылықтардан/ алынған /151/. Қызылорда округі бойынша «ірі мал иелеріне» — 42, «жартылай феодалдарға» — 11 адам жатты. 53 адам Адай округіне жер аударылған.

Т.Омарбеков пен М.Хасанаевтың жарияланған материалдарында Қызылорда округі бойынша тәркіленген 99 адамның аты-жөні берілген /136/. Осы материалда бүкіл Қазақстан бойынша 846 тәркіленген байлардың тізімі көрсетілген, сонын ішінде 355 Қазақстанның оңтүстік аймағынан, Алматы округінен 96, Қызылордадан — 99, Сырдариядан — 160. Басқа округтермен салыстырғанда ең көп тәркіленген байлар Сырдария округінде болды. Бұның себебі, бұл округте халық наразылығы күшті болды, қазақ халқына қолындағы атадан-балаға мұра болып қалған, бар байлығы малын беру оңайға түспеді, сондықтан олар қолдарынан келгенінше қарсылық білдірді. Жоғарыдағы мәліметтерді салыстыра қарасақ, тәркіленгендер тізімі науқан соңына дейін сан рет өзгертіліп отырған. Олар азаймаған, керісінше көбейіп отырған. Тәркіленгендер санының өзгеріп отыруын түсіндірер болсақ, олар заңға сай, байлығының, немесе қора-қора малының көп болғанынан тәркіленген жоқ, олардың көбісі «зиянды элементтер қатарына» 2 топқа жатқызылып тәркіленді. Бұл жайында Ф.Голощекиннің өзі «136 шамалы бай қожалықтарының тәркіленуі тым көп малы болғандығынан емес, негізінен олардың төңкеріске қарсылырына байланысты іске асырылды. Бұлардың көпшілігі - бұрынғы патша үкіметі кезіндегі болыс бастықтары» деп мойындаған еді /152/.

Тәркілеудің негізгі мақсаты — ауылда кедейлерге мал үлестіру арқылы экономикалық өзгерістерге қол жеткізу болғандықтан-деп жазды Ф.Голощекин науқан қорытындысы туралы ақпарында - киіз үй, кірпіш, саман үй, жер там т.б. баспаналар мен ауыл шаруашылық құралдарын да тәркілеу логикалық қажеттілік болып табылады. Голощекиннің Мәскеуге жіберген мәліметіне сүйенсек Алматы, Сырдария, Қызылорда округтерінде тәркіленген қожалықтардан мынадай дүние-мүліктер тартып алынған: Алматы округінен: киіз үй 115, жер үй 95, ат әбзелдері - 45, кілем - 88 киіз – 134 күнделікті пайдаланатын бұйымдар - 34. Сырдария округі бойынша соқа - 6; бидай суыратын машина - 1, шанақты және үлкен арбалар - 10. Қызылорда округі бойынша киіз үй - 30, жер төбе - 7, кілем - 36, қамшы-113, күнделікті пайдаланатын бұйымдар -38 /153/. Басқа аймақтармен салыстырғанда оңтүстік аймақта тартып алатын киіз үй, ауыл шаруашылық құрал-

саймандары да болмаған. Біз бұдан қазақ халқының күн көрісі, бар байлығы негізінен мал ғана болғанын көреміз.

Ал енді тәркіленген малдан мемлекет, кедей-батырақ қандай пайда тапты? Соны талдап көрелік.

Тәркілеу қорытындысы жөніндегі ақпарында Голощекин өз ойын былай деп білдірді: «... алғашқыда біздер 226 мың бас мал аламыз деп ойлаған едік, бірақ таза көшпелі аудандарда тәркілеуге жататын қожалықтарға малдарын жасырып қалу онша қиынға соқпайтындығын ескерсек, біздің жоспардың осы (65%) орындалуының өзін қанағаттанарлық» — деп табуға болды /154/. Барлығы Қазақстан бойынша 144.474 бас мал ғана тәркіленді. Тәркілеу қорытындысы жөніндегі хабарда Голощекин қазақтарда, әлі де болса тәркіленуге ілікпеген біраз малдың қалып қойғандығын айтып, оның негізгі себептерін көрсеткен. Олар төмендегідей: біріншіден, тәркілеу объектісінің негізгі түрі — мал болғандықтан, оны базарға сату оңайға түсті. Екінші, көшпелі-кеңестік, сонымен бірге көшпелі шаруашылықпен айналысатын жақын маңдағы Қытай провинциясына малды айдап кету мүмкіндігінің болуы. Үшінші, бұл шараны іске асыру құпия түрде жүргізілгенімен бәрі байларға жетіп отырды. Кеңес және партия аппараттары мен тығыз байланысы бар байлар оны білмей қалуы мүмкін емес еді, сондықтан байлар алдын-ала қамданды. Төртінші, сол кездің өзінде көптеген ауылдағы ұйымдар байдың жақтастары болып шықты, біз бұдан шын мәніне келгенде ауылда нағыз бастауыш ұйымының әзірге жоқ екендігін көрдік. Тәркілеу барысында ауылды кеңестендіруіміз керек. Сондықтан да біз алғашқы жобаның орындалуын қанағаттанарлық деп білеміз /154/. Бұл пікірлерден байқайтынымыз Голощекиннің бұл тұжырымындағы мақсат — қазақтардың мал-мүлкін тәркілеуді әлі де жүргізе беру қажеттігін дәлелдеу еді.

Ф.Голощекиннің Мәскеуге жіберген «құпия» ақпарында алдын-ала жасалған жоспар бойынша, ең көп мал басы таза көшпелі аудандар орналасқан Қазақстанның оңтүстік аймағындағы округтерден алыну керек еді. Бірақ тәркілеу науқанының қорытындысында олай болып шықпады. Алматы, Сырдария, Қызылорда округтерінде жоспарланған 109.146 бас мал орнына 62.030 бас мал тәркіленді /санаған біз/. Біз бұдан көшпелі аудандарда мыңғырған малы бар ірі байлардың шамалы болғанын көреміз.

Байлардан тартып алған, тәркіленген малдың 60-70 % ауылдағы батырақ кедейлерге, 30-40 % артель коллективтерге берілетін болған. Енді тәркіленген малды шаруашылық түрлеріне жіктер болсақ;

Алматы округі бойынша 18918 бас мал тәркіленген, бөлінген мал 16118, колхозға 5233 бас мал таратқан, жеке 2856 шаруашылыққа 10885 бас мал бөлініп берілген /154/. Сырдария округі бойынша 24736 бас мал тәркіленген, бөлінген мал 18447, колхозға 3376 бас мал таратылды, жеке 3277 шаруашылыққа 15071 бас мал бөлінді /154/. Қызылорда округі бойынша 18376 бас мал тәркіленген, бөлінген мал 14228 бас мал, 4055 колхозға, 10173 бас мал жеке 2982 шаруашылықтарға таратылған /154/. Осы округтер бойынша тәркіленген байлардың күн көрісіне өте аз мал қалдырылған. Ол не бары 2112 бас ғана мал. Тәркіленген малдар негізінде жаңадан бұл округтерде 97 колхоз құрылған /137, С.211/. Кедейлермен батырақтардың бәріне бірдей мал жетпеді, мал алғанынан малсыздары көп болды, оны төменгі кестеден көреміз /154/.

### 13-кесте

Жекешелер қожалықтарындағы мал саны

Округтер	кожа - лықтар	Малсыз- дар	1 малы барлар	2 малы барлар	3 малы барлар	4 малы барлар	5 малы барлар	6 малы барлар
Алматы	2856			мәлімет жоқ				
Сырдария	3277	1170	756	664	349	164	90	46
Қызылорда	2982	624	504	505	322	173	91	103

Ал кедей-кепшіктердің малға не болғандары қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Себебі оларға мемлекет тарапынан ешқандай көмек көрсетілмеді, көңіл бөлінбеді. «Бұл жұмысқа арнап шығарылған қаржы жоқ, қаржы болмаған соң ондай жұмыстарға кірісудің керегі не?» деген мекеме басшылары да болған /155/. Түгі жоқ батырақ кедейге бір сиыр, бір қой бергенімен, басқа малы болмаған олар шаруаларын ұқсата алмады. Сондықтан олардың көбі жаңадан құрыла бастаған колхоздарға кіруге мәжбүр болды. Кейбір аудандарда бірлестіктерді шаруа ұйымдарын қалай құрудың жөнінде білмегендер болған /155/.

Әр округтерге байлардан тартып алынған малдардың ішіндегі ең жақсы асыл тұқымды малдарды сұрыптап совхоздарға өткізу туралы нұсқаулар берілген. 1928 жылдардағы Қазақстандағы совхоз жағдайы туралы сол жылдары еңбек еткен ауыл шаруашылығының маманы В.И.Скороспешкин өзінің «Состояние и очередные задачи сельского хозяйства» атты мақаласында: «...совхоздар соңғы жыл-

дарға дейін өлім күн көруде және кейбіреулер ұсақ шаруашылықтардың алдында ірі шаруашылықтардың артықшылығын дәлелдеп, айналадағы халыққа үлгі көрсетудің орнына, керісінше шаруашылықтың бұл түрін жүргізудің керексіз екендігін дәлелдеді» - деп /27/ атап көрсеткен. Бұндай совхоздарға өткізілген асыл тұқымды малдардың жағдайы айтпаса да түсінікті еді. Мысалы, Сырдария округінің Мерке ауданының 26, 16, 13, ауылдарында кедей батырақтар алған малдарын базарға апарып сатып, өз шаруашылықтарымен күн көруді жөн көрген. Тартып алынған малдың бір бөлігін 21 ұжымдық шаруашылықтарға бөліп берген. Колхозға таратып берген малдың күтімі нашар, колхоздікі деген аты ғана еді. Ал мемлекеттік ауыл шаруашылық трест совхозына тұқымын асылдандыру мақсатымен 40 бас асыл тұқымды құлынды бие, 1000 бас қазақы қой берілген. Шаруашылықтар тәркіленген байлардың малдарының бір бөлігін, ауыл шаруашылық салығын төлеу үшін сатып жіберген. Жем-шөптің болмауынан бір үйір жылқы құлындарымен аштан қырылған. Табынға ілескен құлындар, қозылар өте аз болды, олар әлсіз, күтімсіз еді. Желден, суықтан қорғайтын қораның, жем-шөптің болмауынан малдың жартысынан көбі қырылған» /156/. Ал Әулие-ата ауданында байлардан тартып алған малдарды бір жерге қамап, ауыл кедейлерінен күзетші қойдырған. Жайылымға шықпаған, күтімнен айырылған малдар жаппай ауруға ұшырай бастаған /157/. Міне, байлардан тартылып алынған малдың күйі осындай еді.

Тәркілеу науқаны мал шаруашылығының дамуына үлкен зиянын тигізді.

Тәркілеу нәтижесінде көшпелі аудандардағы ірі шаруашылықтар ұсақталып кеткен. Керісінше көшпелі аудандарда малы аз кедей шаруашылықтар көбейген, бірақ олар мал өсіріп одан пайда таппақ түгіл — ең аз дегенде өзінің күнделікті қажеттілігін, өтей алмаған. Мысалы, Қызылорда округінде ірі қараға шаққанда 25 бас малдан жоғары малы барлар шаруашылықтың не бары 8,6% ғана құраған, ал 5 малы барлар шаруашылықтың 56,5% құрады /158/.

Күштеп тәркілеу науқанының нақты қорытындысы «байлардың малын тәркілеу ауылдағы орташаларды топтастыруға және әл-ауқаттың артуына емес, қайта керісінше, қайыршыланған ауылдар халқының өрши түсуімен шаруашылықтың күйзелуіне ұшыратты» /159/. Тәркілеу науқаны байлардың мал-мүлкін тартып алумен ғана шектелмей, оларды кіндік қаны тамған ата-қонысынан жер аударып, қазақ

дағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал 2, шаруашылығын күйретудің бастауы болды.

Екіншілік Халық Комитетінің болжам-мәліметі бойынша, 1928-1929 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мал басының өсуі төмендегідей болуы тиіс еді /160/.

#### 14-кесте

Қазақстандағы мал басының өсуі /мың бас/

Малдың түрлері	1928 ж.	1929 ж.	% өсу
1. Ірі қара	8.329	8.779	5,4
2. Жылқы	3.879	4.046	4,3
3. Қой, ешкі	27.505	30.097	9,4
4. Түйе	1.237	1.267	2,4
5. Қалғаны	503	535	6,3
Барлығы	41.453	44.823	+7,2

Жаңа экономикалық саясат кезінде 1924-1927 жылдары мал басының жылдам қарқынмен өсуі кейінгі жылдарда да байқалып 1929 жылы мал басы 44.823 асып түсу керек еді. Бірақ Қазақстанның Орталық статистика басқармасының 10 проценттік санақ мәліметі бойынша 1928-1929 жылдары бұл даму көрсеткіштері байқалмады. Біз мұны төмендегі кестеден көреміз /161/.

#### 15-кесте

Мал басының дамуы /мың бас/

Мал түрлері	1927ж.	1928ж.	1929ж.
Жылқы	3.708.0	3.939,7	4.263.0
Ірі қара	7.844.0	7.732.0	7.278.9
Түйе	1.204.0	1.137.1	1.392.9
Қой	20.034.0	20.521.2	21.850.0
Ешкі	5.068.9	5.014.5	5.375.9
Шошқа	457.4	326.9	286.9
Барлығы	38.376	38.732	40.712

Бұл сандық көрсеткіштер мал басының өсу қарқынының бәсеңдегенін көрсетеді, малдың әр түрі /оның ішінде ірі қара, шошқа/ күрт төмендеп кеткен. Мал басының өсу қарқынының баяу болуы Қазақ-

## 16-кесте

### Мал басының дамуы %%% бойынша

Мал түрлері	1927 ж.	1928 ж.	1929 ж.
Жылқы	100.0	106,1	114.9
Ірі қара	100.0	98.5	95.3
Түйе	100.0	94.4	115.7
Қой	100.0	102.0	108.3
Ешкі	100.0	98.9	106.0
Шошқа	100.0	71.3	62.6
Барлығы	100.0	100.7	105.6

станның мал шаруашылығы жағдайына алаңдатушылық туғызды. Мамандардың айтуынша олар мал басының кемуін климаттық жағдайдың қолайсыздығынан /құрғақшылық, астықтың шықпауы/ басқа да әлеуметтік-экономикалық себептерден, мал шаруашылығының дұрыс ұйымдастырмаудан іздеп, мал шаруашылығын күшейтудің әлсіздігі деп түсіндірді /28/. 1927 жылға дейінгі мал шаруашылығындағы шаралар мал шаруашылығының сапасын нығайтуға бағытталған еді. Мұндай шаралар атап айтқанда малшыларға қызмет ететін мекемелерді көбейту, метизация, асыл тұқымды мал өсіретін орындардың ашылуы, және әр түрлі індет ауруларымен күрес еді. Өкінішке орай бұл жұмыстар әлсіз деңгейде жүзеге асты. Басты себеп-қаражаттың жетпеуі болды. 1928 жылға қарағанда 1929 жылы ауыл шаруашылығына берілген қаражат мөлшері 19.300 мың сомды құрады. Алайда бұл қаражат мөлшері жеткілікті емес еді. Әсіресе мал шаруашылығына бөлінген қаражат өте аз, бар болғаны 2.896 мың сом, немесе барлық қаражаттың 20 %-і болды. Бұл Қазақстанның жалпы халық шаруашылығындағы мал шаруашылығының алатын үлес салмағымен ешқандай сәйкес келмеді. Голощекин бастаған Қазақстан басшылары орын алған осынау қателіктерді жөндеп, мал шаруашылығына жеткілікті мөлшерде қаражат беруді қажет деп таппады.

Осы жылдары мал басының кемуі округтерде де байқалған. Қолда бар мәліметтерді бір-бірімен салыстыра отырып, тәркілеу науқанынан кейінгі округтердегі мал шаруашылығының жағдайы қандай болғанын нақты деректер негізінде талдай аламыз. Алматы округінің 1928-1929 жылғы жылдық есебі бойынша мал саны төмендегідей: /162/.

**17-кесте**

Алматы округіндегі мал саны /мың бас/

Мал түрлері	1928 ж.	1929 ж.
Жылқы	514525	567110
Ірі қара	762260	720436
Түйе	61293	63749
Қой	3.976.137	4002752
Ешкі	936.300	941625
Есек	5494	5415
Барлығы	6.279763	6.318.517

Алматы округінің кейбір аудандарында болған құрғақшылыққа қарамастан 1927-1928 жылдары мал санының өсуі соғысқа дейінгі деңгейге жетіп, мал басының саны 1928 жылға қарағанда 38.734 басқа көбейген, бірақ малдың кейбір түрі сандарының төмендегендігін көреміз: Оның ішінде қой мен ешкі өсімінің аз болуы, ірі қара малының азаю себептері бай мүлкін тәркілеу кезеңінде немесе оған дейінгі кезеңде байлардың Қытайға малды айдап кетуімен түсіндірілді /163/. Малдың азаюына, малды айдап кетуге басты себеп — Голощекин жүргізіп отырған қатерлі саясат кінәлі екендігін ресми орындаған кісілер көргілері келмеді.

Ал Сырдария губерниясының статистикалық бөлімінің мәліметі бойынша 1927 жылы округтергі мал басы процентке шаққанда төмендегідей болған /164/.

**18-кесте**

Қызылорда, Сырдария округіндегі мал саны /%% бойынша/

	Қызылорда округі	Сырдария округі	Барлығы
Жылқы	29,4 %	70,6 %	100 %
Ірі қара	30,8 %	69,2 %	100 %
Қой	26,3 %	73,7 %	100 %
Ешкі	24,2 %	75,8 %	100 %
Шошқа	0,5 %	99,5 %	100 %
Түйе	61,2 %	38,8 %	100 %
Есек	19,1 %	80,9 %	100 %
Барлығы	28 %	72 %	100 %

Көрсетілген кестеде өзіне көңіл аударатын жай - Қызылорда округінде барлық түйенің 61 %-нің шоғырлануы. Сондай-ақ малдың барлық түрінің 28 проценті ғана осы округте шоғырланған. Малдың басым көпшілігі екі округ бойынша да қазақ халқының қолында болған әсіресе Қызылорда округінде бұл айқын байқалады. Мұны біз төмендегі кестеден көреміз: /165/.

**19-кесте**

Мал түрлері	Қызылорда округі		Сырдария округі		
	қазақтар	орыстар	қазақтар	өзбектер	орыстар
Жылқы	99,8 %	0,2 %	87,7 %	4,5 %	7,8 %
Ірі кара	99,7 %	0,3 %	69,7 %	13,7 %	16,6 %
Қой	100,0 %	-	97,4 %	1,5 %	1,1 %
Ешкі	100,0 %	-	97,5 %	2,4 %	0,1 %
Түйе	99,99 %	0,1 %	99,3 %	0,7 %	0,02 %
Шошқа	-	100 %	-	-	100 %
Есек	99,99 %	0,01 %	80,4 %	19,6 %	0,05 %

Біз бұдан малдың дені толығымен қазақтардың қолында болғанын және тәркілеу кезінде осы қазақ қожалықтары бәрінен бұрын көп зиян шеккенін байқаймыз. Сырдария губерниясы /Қызылорда округінде енеді/ бойынша 1927 жылы барлық мал саны 9.481.256 басқа жеткен. Ал 1928 жылғы 10 проценттік санақ бойынша мал саны 8.534.054 болған /166/. Біз бұдан мал басының көрсетілген кезеңде күрт азайып кеткендігін көреміз. Ресми орындар мал басының кему себебін 1927/28 жылдың қысындағы құрғақшылықтан және жұттан көрді /167/. Мал басының кемуіне жұттың әсері болғанын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, Сырдария губерниясы бойынша 10% санақ мәліметінде 789.000 бас мал немесе оның 8,3 проценті жұттан қырылған /168/. Ал Алматы округі бойынша 192.304 бас мал немесе 3,1% мал қырылған /169/. Бірақ бұндай жұттан кейін әдеттегідей мал басы жылдам, тез қарқында қайта қалпына келеді деп күтілді. Себебі бұл мыңжылдық тәжірибеден белгілі еді. Орыс ғалымы профессор С.П.Швецов дәлелдеп көрсеткендей «көшпелі мәдениет пен шаруашылықтың үздік үлгілерін игеріп алған қазақ ауылы оқтын-оқтын болып тұрған жантүршігерлік жұттарға /»Бай — бір жұттық» деген сөз солардан қалған/ және жекелеген табиғи құрғақшылықтарға қарамастан, осындай күйзеліс - қиыншылықтардан аса қысқа мерзімде арылып, қырылған мал басын қалпына келтіріп қана қоймай, мал шаруашылығын одан әрі алға дамытты» /170/. Яғни 1928 жылға дейінгі қазақ



даласындағы қайталанып тұрған жұттан кейін мал басы тез қалпына келіп отырған, ал 1928 жылғы тәркілеуден кейін мал шаруашылығы қайта қалпына келу байқала қоймады. Большевиктердің төтенше аграрлық реформасы қазақ шаруашылығының болмысын да, сипатын да және мазмұнын да түбірінен өзгертіп жіберді.

1929 жылға қарай мал басының өсу қарқынының тежеле бастауын сол жылдардағы Қазақстан басшылығы мынадай себептерден іздеді. Біріншіден, 1927-1928 жылдардағы құрғақшылық және жұт, шаруашылықтың экстенсивті түрі және жем-шөп қорының болмауы, негізінен аз қамтылған кедей топтарында малдың бір бөлігінің жойылуына алып келген. Екіншіден, 1928-1929 жылдардағы байларды тәркілеу барысында, тәркілеуге түспеген, бірақ тәркілеуге ілігеміз деп қорыққан байдың бір бөлігінің, өз тарапынан малды қасақана жоюы /171/. Бұл айтылғандар біздіңше басты себептер емес еді. Ал басты себеп — Голощекиннің құйтұрқы саясатының құралына айналған, қазақ халқын мал-мүлкінен айырудың бет ашары болған қазақ байларын тәркілеу науқаны еді.

Қорыта айтқанда біріншіден, қазақ байларын тәркілеу Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру саясатының беташары, алғашқы баспалдағы іспетті болды. Бұл «тәжірибе» кейін, аталған басқа кеңестік науқандарда кеңінен пайдаланылды. Екіншіден, байларды тәркілеуден материалдық жағынан да, рухани жағынан да қазақ кедейлері ештеңе ұтқан жоқ. Үшіншіден, дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи ортаға бейімделген түрі — ірі байлар қожалықтарын күйрету - Қазақстандағы мал шаруашылығының даму қарқынының күрт төмендеуіне негіз жасады. Төртіншіден, қазақ байларын тәркілеу — Коммунистік партиямен Кеңес өкіметінің дөрекі де қате саясаты болды /2, Б. 104/. Бұл қате саясат қазақ байларының көзін жоюмен аяқталмай олардың қолындағы ірі шаруашылықтарды бір жолата күйретіп, жеке меншіктік психологияны, жеке меншік шаруа қожалықтарын жойып, дәстүрлі шаруашылықтың дамуын тежеді, ал жалпы алғанда халықты азып-тозуға алып барды.

Алайда кейбір тарихи еңбектерде 1929 жылы Қазақстандағы мал басы 44.723.200 болған деген мәліметтер кездеседі, бұл болжам ғана, тәркілеу науқанының кесірінен мал басы 1929 жылы Қазақстандағы мал 44.723.200 басқа жете қойған жоқ, елде бар жоғы 40.712.000 бас мал болды. Күштеп коллективтендіру зорлап отырықшыландыру қарсаңындағы Қазақстандағы мал басы 40 миллионнан асып түсті, бұл қазақ даласындығы соңғы ең жоғары көрсеткіш еді. Кейінгі жылдары кеңестік Қазақстан бұл биікке қайта көтеріле алмады.

## **Үшінші тарау: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ МАЛ ШАРУА- ШЫЛЫҒЫ КҮШТЕП ҰЖЫМДАС- ТЫРУ ЖӘНЕ ЗОРЛАП ОТЫРЫҚ- ШЫЛАНДЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ /1929- 1933 ЖЖ./.**

### **3.1. Ет дайындау науқандары — дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің басты себептерінің бірі**

Қазақ халқының тарихындағы ең ауыр жылдар ХХ ғасырдың 20 жылдарының соңында басталған большевиктердің төтенше аграрлық реформасының нәтижесінде пайда болған алапат ашаршылық. Ашаршылыққа ұрындырған басты себеп мал басының шұғыл кему, қазақтан малды тартып алуы еді. Бұл сол жылдардағы ет дайындау науқандарында жүзеге асырылды. Сталиндік индустрияландыру саясатын жүзеге асыру үшін Қазақстан Кеңестер Одағын етпен қамтамасыз етуі керек болды. Кеңестер Одағына керек еттің 20 %, Мәскеу, Ленинград сияқты өнеркәсіпті ірі қалалардағы жұмысшыларға керек еттің шамамен 40 процентін Қазақстан берді /172/.

1929 жылы 20 желтоқсанда БК (б) П Орталық комитетінің «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» туралы қаулысы жарық көрді. Бұл қаулы «астық мәселесінен кейін партия мен кеңес өкіметінің шаруашылық саясаты ішіндегі ең іргелі міндет мал, ет мәселесінің түйінін шешіп алу болып отыр. Ет проблемасын шешпейінше партия мен кеңес өкіметінің маңызды экономикалық міндеті болып табылатын жұмысшы табын азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіндегі қиыншылықтар жойылмайды» - деп атап көрсетті /173/. Кеңес өкіметі ет проблемасын оны жедел дайындау шарт жасау /контрактациялау/ жолымен шешуге күш салды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі 1929 жылғы 7 қазанда «Ауыл шаруашылығы өнімдерін контрактациялау туралы» қаулы қабылдаған. Бұл қаулыдан кейін Қазақстандағы бұрынғы шаруа кооперативінің қызметі өзгерді. Бұл өзгерістің негізгі мағынасы сауда кооперативінен өндіріс кооперативінің жолына көшу еді. Шаруа кооперативі енді тек өндіріс кооперативі болып ғана мемлекеттік, ірі кәсібін ауыл шаруашылығы арасындағы өндіріс қатынасын жасамақ. Өндіріс қатынасының ең негізгі бір түрі ауыл шаруашылығымен шартты келісім (контрактация) жасау. Бұрын мемлекет кооператив және басқа сауда орындары арқылы ауыл шаруашылығынан

өткен затты базар арқылы жинап алған болса, енді мемлекет шаруа кооперативі арқылы ауыл шаруасына күні бұрын керекті заттарды өндіріп деп шартты уәдемен заказ береді. Осындай өндіріс қатынасы күшейген сайын соғұрлым базар арқылы қатынас кеміп, ауыл шаруасы мемлекеттің жоспарына, басқаруына артық бағынбақ /174/.

РКФСР Сауда Халық Комиссариатының жоспары бойынша Қазақстан 1929-1930 жылдары 276900 бас малды шартқа отырғызуға міндетті болды. Қазақстанда малға шарт жасауды «Животноводсоюз», «Союзмясо-продукт», «Скотовод» деген ұйымдар жүргізді. Бірақ алғашқы айларда-ақ шарт жасау ісі сәтсіздікке ұшырай бастайды. Мәселен, 1930 жылы 15.02.-ғы Қазақстан мал шаруашылығы одағының басқарма мәжілісінде ірі қара малына, қой, шошқаға шарт жасау барысы туралы айтылған. 1930 10.02. барлық округтерден келіп түскен мәлімет бойынша шарт жасау жоспар бар болғаны 24,1 % орындалған, шарт жасау барысы барлық округтерде де мардымсыз жүргізілген /175/. Осыған байланысты Гурьев, Орал, Қостанай, Қызылорда, Қарқаралы одақ басқармаларына қатаң сөгіс беріліп, ескерту жасалған, Петропавл, Ақмола, Семей одақ басқармаларына шарт жасау жұмысына немқұрайлы қарағандары үшін қатаң сөгіс берілген болса Сырдария, Алматы одақ басқармасына шарт жасау жұмысы себепсіз орындалмауына байланысты жедел сот жауапкершілігіне тартуды ұсынады. Бұдан кейінгі мәжілістерде шарт жасау жұмысы орындалмаған жағдайда, сотқа жауапқа тартылатындығы туралы айтылып, қатаң ескертулер жасаған /176/.

Жоспар орындалмай жатса да малды шартқа тіркеу ісі күн санап жоғарыдан түскен қатал нұсқаулардан жаңа қарқын алды. Қазақстанның Сауда Халық комиссариаты З.С.Төреғожин қол қойған /1930.6.02/ арнайы нұсқауда мынадай жолдар бар: «1929-30 жылғы шарт жасау жоспарына өзгеріс енді. Алғашқы жоспар 276900 бас мал болса, енді бүкіл Қазақстан бойынша 312100 бас малды шартқа отырғызуға міндеттіміз» /177/. Шарт жасаудың мақсатын, маңызын бұқара халық арасында түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіз болуы, бұл жұмысқа аймақтық төменгі шарт жасау ұйымдарының дайындығының әлсіз болуынан, жергілікті жерлерде шарт жасау жұмысында көптеген бұрмалаушылықтарға асыра сілтеулерге жол берілген. Малды шартқа тіркеуге, мал дайындау науканын өткізуде адам айтқысыз өрескел қателіктер орын алған. Мысалы: 1931 жылы Қызылорда ауданының 1 май колхозында бірсыпыра колхозшылардың жеке меншіктеріндегі сиырларын, колхоз басқармалары кол-

хозшылардың өздеріне айтпастан шартқа енгізіп жіберген. Мал дайындауда, ол дайындалатын малды алдын-ала шарттауда, мал иелерімен сөйлесу, келісу деген болмаған. Ауыл сыртында жайылып жүрген малды да іздеу, сұраусыз айдап апарып ет пунктеріне өткізіп жіберген /48/. Ет дайындаудың басты ауыртпалығы негізгі халқы қазақтар болып табылатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға түсті. Себебі Қазақстандағы барлық малдың төрттен үш бөлігі көшпелі және жартылай көшпелі халықтың қолында болды. Мал өсіру мәселесін шешу жөнінде көшпелі және жартылай көшпелі аудандар басты орын алды, олардың қатынасынсыз мал өсіру мәселесін дұрыс шешуге болмайтын еді. Бірақ сол кезде көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың маңызына жете баға берілмеді. Бұл жайында Тұрар Рысқұлов өзінің «Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда мал өсіру кәсібіне көңіл бөлінсін» деген мақаласында: «... Қазіргі уақытта ет союзында малға шарт жасау жоспары мен мал дайындау жоспарының орындалуы көңілдегідей емес. Қазіргі уақытта бетті көбірек көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға қарай бұрса ет жетістіру істерін бір талай ілгері бастыруға болар еді. Көшпелі жартылай көшпелі ауданда астық тағы басқа азық бұйымдарының кем болу салдарынан олардың азығы бірыңғай дерлік ет ғана болып табылады және керек-жарақ алу үшін ылажсыздан малды базарға да сатып отырады. Егер біз бұл аудандарға астық тағы басқа түрлі азық-түлік бұйымдарын жетістірсек бұл ауданда мал дайындау жағы, мал бұйымдарын дайындау жақтары едәуір ілгері басар еді» /39/ — деп өз ойын білдірген. Сонымен бірге Т.Рысқұлов: «...Екіншілікпен айналысатын аудандар мен көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың арасындағы айырмашылықты да атап көрсетті. Екіншілікпен айналысатын аудандардан мал дайындағанда біз оларға ең /ділгері/ пайдалы болған тауарларды жетістіру жағын қараймыз. Ал көшпелі және жартылай көшпелі аудандардан мал дайындағанда бұларға алдымен астық жетістіру жағын қарауымыз керек. Қазіргі уақыттарда көшпелі шаруалар малдарын амалсыздан делдалдар мен саудагерлерге сатып отырады. Астық егетін аудандардан өте қымбат бағамен астық сатып алады. Осыларды еске ала келгенде сауда комиссариаты көшпелі аудандарда малға шарт жасау жоспарында, бұл аудандарға астық басқа түрлі керекті заттарды жетістіру жоспарында қайта қарау керек. Осылай болған жағдайда дайындау жұмыстарын ұлғайтып өнеркәсіп орталығына берілетін ет жағын көбейтуге болады» /39/ - деп өз ойын білдірген.

Алайда Т.Рысқұловтың бұл пікіріне ешкім құлақ аспады. Керісінше «мал өсіру мәселесінде астық мәселесін шешкен жолды қолдана отырып ғана шешеміз» деген Сталиндік күштеу әдісі басшылыққа алынды. Әңгіме: көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға жергілікті ұйымдардың жете көңіл бөлу бөлмеуінде емес, әңгіме бұл аудандардың халқының бірінен-бірінің бытыраңқы қашық жатуында емес: «халық шаруашылығының /өсіресе ауыл шаруашылығының/ қайта құрылуы техника жағынан құрумен ғана бітпейді, қайта сонымен қатар «әлеуметтік шаруашылық түрлерінде» негізінен қайта құруды» /Сталин/ талап етеді - деп Рысқұловтың қарсыластары оның өзін айыптады.

Осылайша, Қазақстанның мал шаруашылығының алдына мынадай міндеттер қойылды: біріншіден, Совет Одағының өнеркәсіп аудардарын етпен жабдықтау жоспарын қысқа мерзім ішінде орындап шығу, екіншіден; Қазақстанда ірі қоғамдық мал шаруашылығын дамыту үшін, мал шаруашылығы совхоздарын, колхоздарын тез арада малмен қамтамасыз ету керек болды /178/. Бұл міндеттер, шын мәнінде, қазақ шаруаларының қолындағы малды тартып алу арқылы орындалды.

Мал иелерін малды жаппай тартып алу КСРО ОАК мен ХКК 1930 жылғы 16 қаңтарда бірігіп қабылдаған «Малды жыртқыштықпен сойып тастауға қарсы күресу шаралары туралы» қаулысынан кейін күшейе түсті. Бұл қаулыда аудандық атқару комитетіне «өздері малды жыртқыштықпен өлтіріп жатқан немесе осыған басқаларды арандатушы кулактарды жерден айыруға және олардың мал-мүлкін түгелдей тәркілеуге рұқсат берілді». Сонымен қатар осы тәркіленген мал иелері соттың шешімімен екі жылға дейін бас бостандықтарынан айыралатын және басқа жерлерге жер аударылатын болды.

Қаулы жеке шаруалар қожалықтарын ғана емес, колхоз мүшелерін жазықсыз жазалауға да жол ашып берді. Онда «өздерінің малдарын сойып алған немесе сатып жіберген» шаруаларды колхоздарға қабылдауға тыйым салынды. Оның үстіне осындай әрекеттерге барған колхоз мүшелері колхоздардан шығарылуы тиіс болды /173, Б.260/.

Бұл қаулы жергілікті жерлерде қалай орындалды?

1930 жылы 6 ақпан күні болған Қазақстан заң халық комиссариатының алқа мәжілісінде бұл заңды жүзеге асыру ісі қаралған. Алматының округтік прокуроры Темірбекұлы мен округтік соттың төрағасы бұл мәжіліске қатысып, заңның қалай жүзеге асырылуы

керектігін тыңдайды. Сол күні малды жыртықшылықпен сойып сатуларға қарсы қандай шаралар қолдану керек осы туралы жергілікті халық соттарына, аудандық партия комитеттеріне жеделхат арқылы хабарлар беру көзделді. Аудандарға берілген жеделхатқа прокурордың қолы емес, округтік партия комитетінің уақытша жауапты хатшысы Морозов жолдастың қолы қойылатын болды. Яғни партиялық тұрғыдан жауапкершілік артты. 1930 жылы 16 ақпанда барлық аудандық партия комитетіне халық соттарына және тергеушілеріне жіберілген нұсқауда: «малын сойып сатып, саймандарын бүлдірген коллектив мүшелері қылмыс заңының 79-бабымен жауапқа тартылсын», - деп көрсетілген /179/. Осындай нұсқаудан кейін Алматы округінде кедей, орташалар сотқа тартылмады деп айтуға, әрине, болмайды. Мысалы: Калинин аудандық халық соты 1930 жылы 02.2 күні қылмыс заңының 79-бабымен екі кедейге сот жасаған, бұлардың бар кінәсі — біреуі бұзауын сатқан, екіншісі сатып алған /179/.

Барлық жерде жаппай жазалау, соттау науқаны күннен-күнге күшейе түскен. Заң 16.01.1930 жылы жарыққа шыққанымен, шаруа осыдан бір жыл бұрын мал сатқан болса да, сол үшін де сотталды. Сот не үшін айыпты екендігін анықтап жатпады, керісінше онда мынадай сұрақ қойды, өткен жылы қанша мал басы, бар еді? Биыл қанша мал? Ал егерде мал саны азайған болса, ол үшін де шаруалар жазаға тартылды. Малдың қайда кеткені, мал басының кему себебі неде? Бұл сұрақтар ешкімді де ойландырмады. Егін екпейтін аудандардан /көбінесе қазақ ауылдарынан/ астық сұрады. Мәселен, Алматы округінің ең шеткері таза көшпелі Балқаш ауданынан, аудандық атқару комитеттері өз еркімен астық дайындаған. 10 мың пұт астық, 15 пұт тұқымдық астық дайындау көзделген. Жергілікті ұйымдардың нұсқауын орындау үшін, малшы қазақ соңғы сиырын астыққа айырбастауға мәжбүр болған. Қойды -15 пұт, сиырды -11 пұт, өгізді -2 пұт, түйе-3 пұт, жақсы жылқы -4 пұт астыққа айырбасталды /180/. Бұндай жолмен астық дайындау мал шаруашылығын күйзелтіп, мал санының кемуіне алып келді. Мысалы, 1928 жылы Балқаш ауданында 315526 бас мал болса, 1929 жылы 314000 болған. Ал 1930 жылы осы мал 177000 түскен. Алғашқы жылдан 44 процентке кеміп кеткен. 1928 жылы мал үй басына 65,3 %, 1929 жылы - үй басына 62,36 % тең келсе, 1930 жылы үй басына 30,70 % ғана болған /181/. Мал санының кемуіне астық дайындау науқаны басты себеп болды. Малшы қазақ астықты өтеу үшін қолындағы жалғыз сиырын сатты, енді ол сиырын сатқаны үшін де айыпқа тар-

тылды. Мұндай жағдай жаппай сипат алды. Мысалы: Шу аудандық халық соты малды сатқаны үшін 83 адамды бірден жауапқа тартқан.

Қазақстанның Юстиция Халық Комиссариатының 1930 жылғы 1 шілдедегі мәліметі бойынша мал-мүлкін таран-таражға салғаны үшін 2662 адам сотталған, оның ішінде 7 округ бойынша сотталған орташа мен кедейлер саны 350 немесе 22,1 % болған /182/. Меншік иелерін қуғын-сүргінге ұшырату жергілікті жерлерде ет дайындау қарқынын төмендетуге алып келді.

Қазақстан Жабдықтау Комиссариатының мәліметіне қарасақ 1931 жылғы бірінші тоқсан жоспары қаңтар айының ішінде 50 % орындалу орнына бар болғаны 7,9 % орындалған 65 аудан тоқсан жоспарын 10 %-тен кем орындаған, 16 ауданнан мүлде хабар болмаған /172/.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.Голощекин 1931 жылы ақпан пленумында мал дайындау науқаны туралы былай деді: «Өлкелік партия комитетінің мал дайындау, ет жөнелту туралы телеграммалары бір сыпыра аудандарда орындалмай жатыр. Байларға жоспар берілмеген, байларға қысым жасалмайды. Бай жоқ, бай қашты, байды тәркіледік деген әңгіме жойылған жоқ. ...Байларға, қатаң шара қолданбайды. Мал дайындау жұмысын бақылайтын, тексеретін орындар түк істемейді, іс жүзінде оңшылдыққа түскен» /183/. Голощекин науқан жоспарының орындалмауын — байлардың ісі, зиянкестік, оңшылдықтың кесірі деп ғана білді. Голощекин өз сөзін жалғастыра отырып «егерде мал дайындау, мал шаруасын күшейту ретіндегі оппортунистшылдыққа тыю салынбаса, мал шаруасын бүлдіреміз. Өнеркәсіп аудандарына ет жетістіру жұмысына кесел қыламыз» /183/ деп атап көрсетті. Ф.Голощекинді сол кездегі Қазақстан жағдайы ойландырмады, оның алдында бір ғана мақсат тұрды. Ол - өнеркәсіп орталықтары мен Қызыл Армияны Қазақстанның етімен қамтамасыз ету еді.

«Астық дайындау жұмысында сыналған әдістерді мал дайындау жұмысында да қолданып жоспардың орындалуына бөгет жасайтын оппортунистшылдықпен аянбай күресу керек» - деп Өлкелік партия комитеті Қазақстанның барлық партия ұйымдарына нұсқаулар бергенімен, мал дайындау жұмысы әрбір он күндік сайын кері кетіп отырған. Мал дайындауда күрт кеміп кері кетудің себебін Сауда Халық Комиссариаты З.С.Төрегожин: «негізгі себеп мал өсіретін аудандарда мал дайындау жұмысының маңызын ұғынбай келгендіктен. Партия ұйымдары мен кедей, батырақтардың көпшілігінің көңілі мал дайындау жұмысына толық аударылмай отырғандықтан. Егін салатын-

аудандарда мал дайындығы мен егіс жұмысы қарбалас келіп отырғандықтан» /184/ - деп түсіндірді. Мал дайындаудың тағы бір кемшілігі: дайындалған малға ақшасын төлеу, өндіріс тауар мен астық беру жағы өте нашар жолға қойылған. Мынадай фактілер бар: «Дайындаушылар малды алғанда ақша жоқтығынан мал иелерінің қолына бір-бір жапырақ қағазға жазып, «квитанция» бере салады. Бұл квитанция ақша орындарында басқа орындарда кіріске кіргізбейді. Ол квитанция қарындашпен жазылған. Біраз күннен кейін жазуы өшіп квитанциялықтан айырылады. Сөйтіп мал иесі не ақша алмай, не квитанцияға не бола алмай босқа қалған» /184/.

1931 жылғы 5 наурыздағы БК(б)П Өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде 01.02-дағы мал дайындау жұмысының қорытындысы туралы Ш.Элиаваның баяндамасында: «мал дайындау жұмысындағы асыра сілтеулерді мал дайындау ұйымдары, дайындау ұйымдарының аппараттарының, жауапкершіліктерінің жоқтығынан, бұған кінәлі «Ет одағы», «Мал одағы», «Тұтынукооп.». «Сауда халкомы» - деп білді /185/. Бұл ұйымдар халықтан малды тартып алуды ғана білді, ал оларға тауар жеткізілмеді, ақша уақытымен төленбеген. Мысалы, Әулие-ата ауданында тұтыну кооперативтері мал өткізушілердің 65.700 сом қарызын, Астық мал одағы 2 миллион 46 мың сом қарызын төлемеген. Одақтық ет союзының, өлкелік ет конторын алсақ, бұлар дайындалған мал есебі бойынша кооператив ұйымдарына, астық, мал одағына бермекші 45 миллион қарызын әлі төлемеген /186/. Астық, тауар жеткізу жұмысы бірсыпыра аудандарда тіпті ұмытылған. Жергілікті халықтың жағдайымен санаспау қазақ халқын тырырыққа әкеп тіреді, олардан тартып алған малдың да ешбір есебі болмады, мал далада ит-құсқа жем болған.

Алматы округінің Жаркент, Октябрь, Кеген аудандарындағы мал дайындау барысы туралы Чаплинаның құпия мәліметінде: «...бұл аудандарға жіберілген мал дайындау жоспары мал санынан асып кеткен. Октябрь, Кеген аудандарында ет одағының аппараты мүлде болмаған. Ал Жаркент ауданында аудан аралық контор болған. Жөнелтілген етке еш бақылау болмаған. ГПУ мәліметі бойынша жөнелтілген ет Сары-Өзек станциясында вагонға тиелмей 6-7 күн тұрған. Жаркенттен Алтын-Эмельге әкелген етті далаға төгіп кеткен, еш күзет жоқ, ит-құсқа жем болған. Дайындайтын, етке өткізетін, шартқа отырғызылған малдар жем-шөппен қамтамасыз етілмеген. Соның салдарынан ауылдарда малдар қырылып қалған. Колхозшы-



малдар көтерем, қырылып жатыр», /187/ - деп хабарлаган. Міне, жергілікті жерлердегі ет дайындау науқанының барысы тек мал басының азаюын тездетті. Көптеген округтерде оның ішінде оңтүстікте Алматы, Сырдария, Қызылорда округтерінде малға қыстық жемшөп дайындалмаған, малды бағып-қағуда ешқандай жауапкершілік болмаған, соның салдарынан нәтижесінде мал қырылып қалған /188/. Мал басының кеміп кетуі жөнінде мынадай нақты фактілер келтіруге болады: Оңтүстік Қазақстандағы малдың 1931 жылғы мамырдан 1932 жылғы ақпанға дейінгі есебі бойынша Қызылорда ауданында 5700 малдан 16500 мал дайындауға берілсе 34900 бас мал шығын болған. Жуалы ауданында 24800 малдан 2100 мал дайындауға берілсе 15900 қырылған Түркістан ауданында 65500 малдан 28000 ет дайындауға берілген, 31500 қырылған. Қармақшы ауданында 36900 малдан 10800 мал дайындауға берілген, 22400 ірі малдан дайындауға 7700 мал берілген, 12900 мал қырылған. Қарсақбай ауданында 80000 қой-ешкіден ет дайындауға 12200 мал берілген. 57400 мал қырылған. Қызылқұм ауданында 41800 малдан 2500 ет дайындауға берілген, 33400 шығын болған. Леңгір ауданында 21800 малдан дайындауға 100 мал берілген. 18800 мал шығын болған. Созақ ауданында 55400 малдан дайындауға 17500 мал берілген, 35900 мал шығын болған /189/. Яғни он аудандағы 445400 бас малдан 103300 мал етке тапсырылған, 284300 бас мал ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп ит-күсқа жем болған, сөйтіп 67800 бас мал қалған.

Ет дайындау қарқынының үдей түсуіне байланысты мал басы шұғыл қысқарды. Осы жылдардағы ет дайындау науқанының мал басының кемуіне тікелей себеп болғанын көреміз. Мысалы: Алматы округінің Шу ауданында 1931 жылы мал саны 56 % кеміген. Мал басының кемуінің себебін мал шаруашылық саласының мамандарымен аудандық атқару комитетінің жеке қызметшілері — «Мал басы неге кемімесін, бізде мал дайындау науқаны жүріп жатыр ғой» - деп /190/ жауап берсе, ал Іле ауданының 11-ші ауылындағы партия хатшысы Аманжолұлы «мал дайындау жұмысы елдің малын күртады, мал дайындау жоспары шамадан тыс ауыр, бұл малдың басын азайтады, шаруашылыққа зиян» /191/ деп ащы шындықты айтқан еді.

Бірақ 1931 ж. 14-қазандағы Қазақ өлкелік «скотовод» конторының мәліметінде: мал шаруашылығының төмендеуіне, мал басының кемуіне ұжымдастырудағы асыра сілтеулер, бай-кулактардың малды қаса-қана союы, байлардың үгіттеуі бойынша малдарды жаппай қырып-жою басты себеп /192/ десе, Ф.Голошеккин мал басының

кемуін «Биыл Ақша комиссариаты малдың есебін алғанда көп мал есепте жасырылып қалып отыр, кейбір жергілікті мекемелер бұған жәрдемдесіп отыр, бұл анық. Мал дайындаудан мал кеміп барады деп айғай салғандар кулак-байдың малды қаса-қана сойып сатып жатқанын көрмейді. Бізде қазір малды кей-жерлерде 50-100 % жасырып отырғандығын ескермейді» /142/, - деп түсіндірді. Ф.Голощекиннің Сталинге 1931 жылы желтоқсанда берген мәліметінде Қазақстанда мал басының апатты құлдырауын мойындай отырып, үш жылдағы мал басының кемуін 1929 жылы - 36 млн. бас, 1930 жылы - 20 млн, және 31 жылы 8 1/2 млн. бас мал /193/ деп көрсеткенімен, мал басының мұндай апатты құлдырауына сол жылдардағы аса қатал, қорқыту және қысым жасау әдістерімен және жартылай әскери тәртіппен жүргізілген ет дайындау науқандары басты себеп болғанын мойынданысы келмеді.

Мал дайындау жұмыстары әуел бастан-ақ төтенше науқанға айналып, өзінің мазмұны мен орындау әдістері жағынан азамат соғысы кезіндегі «әскери коммунизм» саясатымен тең болды /75, Б.183/.

Малынан айырылған аш қазақ осы жылдары Мәскеу мен Ленинградты ғана емес, Орта Азияның Ташкент, Самарқан, Бұқара, Өндіжан, Ашхабад тәрізді ірі қалаларын және Кавказды етпен қамтамасыз еткен негізгі база болды. Ленинград пен Мәскеуге ет дайындаумен Қазақстанда арнайы айналысқан «Ленмясо» мен «Мосмясо» ұйымдары болған. Ресейдің орталық, және екінші қатардағы өнеркәсіпті аудандарына мал тірідей немесе мұздатылған ет, сондай-ақ консерві түрінде Қазақстанның солтүстік аудандарынан жөнелтілді. Ал Орта Азияның мақта өсіретін аудандарына мал негізінен Оңтүстік Қазақстаннан жіберілген /73/.

1932 жылы қазақ даласын аштық, жайлаған шақта мал дайындау үдей түскен, жоспар орындалмай қала берген. Тілшілер хатына қарағанда аудандарда «дайындайтын мал қалмады» деген хабарлар жиі естілген. Олар мал дайындау жұмысын жүргізіп жатқан жандардың жоқтығын хабарлаған /194/.

Қазақ халқы аштан қырылып жатқан кезде, мал дайындауды тоқтатудың орнына, мал дайындаудың 15 айлық /1932 ж. 1.X - 1934 ж. 1.01/ жоспары туралы Өлкелік партия комитеті мен ХКК-нің қаулысы жарық көреді.

Енді Қазақстан алдағы 5 тоқсан ішінде әр тоқсанда бұрынғыдай 56000 тонна емес, 34000 тонна ет дайындайтын болды /195/. Жеке шаруалардың колхоздағы үйлердің 5 тоқсанда /1.X.32 — 1.01.1934/

тапсыруға тиісті еттің нормасы тірідей салмақ бойынша кг есебімен әр облыстарға төмендегідей болып тағайындалды /196/.

## 20-кесте

### Әр облыстардағы ет дайындау жоспары

Облыс аттары	Жеке шаруалар үшін	Тауарлы фермалары жоқ колхоздағы үйлер үшін	Тауарлы фермалары бар колхоздағы үйлер үшін
Батыс	45	31,0	20
Ақтөбе	- // -	30,6	19
Қарағанды	- // -	32,0	21
Шығыс	- // -	31,0	21
Алматы	- // -	29,0	19
Оңтүстік	- // -	29,0	18

Жеке шаруалар колхоз үйлер үшін тағайындалып отырған ет тапсыру нормасына қарай мал дайындау жоспары облыстарға мынадай болып бөлінді. 5 тоқсанның жаңа жоспары: Алматы- 5075, Ақтөбе- 5320, Шығыс- 7903, Қарағанды - 6810, Батыс - 3852, Оңтүстік - 5040 /196/.

Орталық партия комитетінің 17.IX. 1932 ж. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы және соның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулысы бойынша көшпелі және жартылай көшпелі аудандағы колхозшы, кедей орташа қазақ шаруасынан барлығы 20600 үй мал дайындау жұмысынан 2 жылға босатылды. Мал дайындау жұмысынан Оңтүстік облыстарда Қарсаұбай, Қызыл-күм, Созақ, Талас аудандары, Алматы облысынан Балқаш, Аякөз, Шет, Шұбартау, Қоңырат, Қаратал аудандары босатылды /196/. Бұл жеңілдіктер халықта алдау еді, аштық жайлаған бұл жылдары қазақ халқына бұл жоспарларды орындауда оңайға соқпады.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы малдың басты, үш түрі- жылқыдан, мүйізді ірі қарадан, қойдан 1927/28 және 1930/31 шаруашылық жылдары аралығында барлығы 11753,1 мың бас өлген, ал 10022,8 мың бас мал сойылған. Егер Қазақстанда сойылған еттің жергілікті жабдықтарына не бары 8-9 проценттейі ғана қалдырылған болса, 10022,8 мың бас малдың 9120,7 мың басы көрсетілген жылдары Қазақстаннан сыртқа әкетілген /2, Б.78/.

1929-1933 жылдар ішіндегі қазақтарды ашаршылыққа ұрындырған мал басының шұғыл кему процесіне талдау жасаған белгілі

ғалым, профессор Т.Омарбеков: «осы жылдары шығын болған Қазақстандағы 36 млн-ға жуық бас малдың шамамен 15 мил-ны мал, ет дайындау науқандарында сойылған және оның басым көпшілігі Қазақстаннан сыртқа тасылып әкетілген» /2, Б.78/ деп қорытынды жасайды. Сонымен қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне, мал басының апатты құлдырауына 1928-1929 жылдардан басталған Сталиндік «Сібір әдісімен» жүргізілген астық және ет дайындау науқандары және мал басын контрактациялау саясаты басты себеп болды. Ет дайындау науқанының ауыртпалығы көшпелі және жартылай көшпелі халыққа түсті. Олардың қолындағы күн көріс малын тартып алып, ақша да, товар да төлемей қою орын алды. Жергілікті халықпен ешкім санаспады және олардың өзіндік ерекшеліктерін де ешкім еске алмады, науқан барысында жоспардың орындалмай қалуына байланысты соттау-жазалау кең етек алып кетті, бұның өзі халық наразылықтарын тудырып, қазақ халқын туған жерінен ауа көшуге, қайғы-қасіретке алып келген еді.

### **3.2. Оңтүстік Қазақстандағы күштеп ұжымдастырудың мал шаруашылығындағы ауыр салдарлары**

Қазақстанның топырақтық-климаттық жағдайы едәуір деңгейде егін шаруашылығының даму мүмкіншілігін шектеп, тек мал шаруашылығының көмегімен ғана осыншама үлкен территорияны пайдаға асыруға болатындай еді. Әлі толық пайдаланылмаған аса мол жайылымдардың, жем-шөп қорының мол болуы Қазақстанда ұзақ уақыт бойы дәстүрлі шаруашылықты дамытуға толық мүмкіндіктер беріп еді. Бірақ большевиктер жүргізген төтенше шаралардың бірі — күштеп ұжымдастыру саясаты қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын айналасы бір-екі жылдың ішінде біржолата күйретіп жіберді.

1929 жылдың аяғынан бастап шаруаларды жаппай ірі ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру саясаты күшейе түсті. Дұрысына келгенде дәл сол кездегі шаруашылық саясаты Қазақстанда мал өсіру кәсібін көңілдегідей өркендетіп жіберуге ықпал жасайды деуге келмейтін. Мал шаруашылығы қандай жолмен даму керек деген күрделі мәселе шешімін таппай тығырыққа тірелген еді. Бұған себеп: Қазақстанда мал өсіру кәсібінің көшпелі-жаймалы бақташылық жолмен жүргізілуіне Голощекин бастаған партия басшыларының теріс көзқарасы.

Бұл жайында «Еңбекші қазақ» газетінде Б.Соколовский «Мал өсіру мен көшпелілік мәселелері» деген мақаласында: «Қазақстан жері жаймалы көшпелілік жолмен мал өсіруге пайдаланылып отыр. Шаруашылықтың бұл түрі қаншама керексіз дегенімізбен бұл жолдан бас тартуда түк мағына жоқ. Шаруашылықтың бұл түрі «анайы түрі» сондықтан бұны өнеркәсіпке бет алған мемлекетте қолдануға болмайды деген пікір теріс пікір. Жаймалы мал өсіру кәсібін жоғалту керек деген мәселені туғызып отырған Қазақстанның жер-су комиссариатына өнеркәсібі өрге басқан Герман сияқты мемлекетте жаймалы бақташылық кәсібін жоғалтпай отырғандығы мәлім шығар. Аргентина, Австралияны, Швейцарияны алып қараңыз бәрінде де жаймалы мал өсіру кәсібі далада қалып жатқан жоқ, бұл мемлекеттер бізге үлгі бола алады. Мал өсіруді егін шаруасынан бөлмеу керек. Малға жайылым жер берілсін» /31/, - деп атап көрсетеді. Өзінің көлемді мақаласында Б.Соколовский түрлі себеппен бір орындағы жайылымға ғана малды иіріп отыру — бұл мал шаруашылығына үлкен қауіпті болып табылатындығын, көшпеліліктің адамға қанша керектілігі мен малға қанша керектілігін айыра қарау, көшу елдің жаны үшін емес, малы үшін керекті нәрсе екенін ашық жазды. Б.Соколовскийдің бұл пікірлеріне партия органдары тарапынан қарсылық көрсетіліп, баспасөз беттерінде мақалалар жарық көрді. Соның бірі 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Жантілеуұлы Шайқының «Соколовский кімнің жырын жырлайды» атты мақаласы. Ол мақаласында: «Лениннен асып адам баласы туған жоқ. Оның партиясы большевиктерден асып еңбекшіл елдің мұнын дұрыс ойлап, дұрыс шешіп көрген ешкім жоқ. Соколовский құсағандар партиядан асып жол салғысы келсе ол жол байлардың жолы. ...көшпелі шаруашылықты жақтаушылар... қазақтың ұлтшыл оқығандары мен байлары болатын» /197/ дей келіп, Соколовскийді байшылдықтың, ұлтшылдықтың қатарына қосып қойды.

Б.Соколовский мақаласындағы отырықшыландыру мәселесі жайында: «...Жасыратыны жоқ, қазіргі елдің жанында, малында отырықшы қылу деген беталысқа ел разы бола алмайды. Бұл мәдениетсіздіктен емес, ауылдың көшпелілікті салт қылып үйреніп кеткендігінен де емес, тек қана жайылмалы мал өсіру кәсібіне көшпеліліктің қолайлы болғандығынан» /31/, - деген тұжырым жасайды. Бұл пікірге қарсы Б.Ретвинский «Мал шаруасының мәселесі мен жергілікті ұлтшылдық туралы» деген мақаласында: «...Соколовский мақаласында байшылдық исі аңқып тұр. Ол жайылымды көшпелі шаруа-

ны мақтап, қазақ шаруасының отырықшы болуына қарсы шығады» /198/, - деп айыптай жазды. Сөйтіп, большевиктік саясат жүзеге асырыла бастады.

Қазақ Өлкелік партия комитетінің бесінші пленумында /1929 ж. 11-16. XII/ сөз сөйлеген Ф.Голощекин: «Біздің алдымызда тұрған міндет ұжымдастыруды жаппай күшейту. Ескі бектік қатынастың қалдығы әлі арылмай жатқан Қазақстанды капитализмге соқтырмай социализмге тартудың негізгі жолы ауыл шаруашылығын социалдық негізде қайта құру. Ауыл шаруашылығының ілгері дамуында ірі өзгерістер болады. Олар біріншіден, кеңестік шаруа құрылысында Қазақстан одақ көлемінде бірінші орында болады. Қазақстан көлемінде астық трестінің, ауыл шаруашылығы трестінің «Скотовод», «Овцевод» қоғамының ондаған кеңестік шаруалары болады, екіншіден, ұжымдастыру негізінде көшпелі және жартылай көшпелі аудандарды отырықшылыққа айналдыру жұмысын тез орындап шығуымыз керек» /199/, - деп атап көрсетті.

Яғни, большевиктік басшылық қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен өмір салтын қайта құру мен өркендетуде қате түсінікте болды. Сондықтан да ғылыми тұрғыдан негізделмеген салдары жағынан ауыр қауіпті бағыт ұстанды. Олар қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына ғасырлар бойы өздері өмір сүрген табиғи ортаны игеру, оған бейімделу, бір сөзбен айтқанда, табиғатпен органикалық тығыз байланысты өсіп-өну нәтижесінде қалыптасқан жанды жүйе ретінде бағалай алмады. Сондықтан да олар басқарған өкімет қазақ шаруашылығын ғылыми негізде одан ары жетілдіре түсу емес, бұған керісінше феодалдық, ортағасырлық қатынастарға негізделген, күні өткен шаруашылық түрі ретінде біржола жойып, оны машиналы өндіріске сүйенген ірі колхоз-совхоздармен ауыстыру жоспарын ұсынды /68/.

БК(б)П Орталық Комитеті 1930 жылы 5-қаңтарда «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша Қазақстандағы ұжымдастыруды бесжылдықтың аяғында — 1932/1933 жылдары аяқтау көзделді. Бұл қаулыдан кейін Голощекин бастаған Қазақстан өкіметі алдында «1929 жылдан бастап есептегенде бүкіл Қазақстанды бес жылда жаппай 100 % колхозға айналдыруды, алып совхоз-колхоз орнатуды, мал өсіруші аудандарда бір жылдың ішінде өнімді малды толық ортақтастыруды мақсат етіп қойды. Бұдан кейін шаруа қожалықтарын жаппай ұжымдастыру күшті қарқынмен жүргізілді.

Аз уақыт ішінде 1930 жылдың 10 ақпанында Қазақстанда 6759 колхоз тіркелді. Олар шаруашылықтың 344.022 немесе халықтың 27 % біріктірді. Қарқын күн санап үдей түсті. 20.02-да 6899 колхоз тіркелді. Олар шаруашылықтың 461.614 халықтың 36,7 % біріктірді. Оларда қауымдастырылған барлық малдың басы 1252309, ал оның ішінде жұмыс малы 269611 бас болып, яғни өлкедегі барлық малдың 21,7 процентін құрады /200/.

Қазақстандағы ұжымдастыру ісі шаруашылықты жүргізудегі ұлттық ерекшеліктермен санасуы, ал колхоздасу ісіне мықты дайындық жүргізілуі керек еді. Бірақ бізде олай болған жоқ. Нақты дайындық түгіл шамалы дайындықта жүрмеді. Оның орнына шапшаңдатылған қарқын мен жаппай колхоздастыру ісі орын алды. Мысалы: Сырдария округінің Талас ауданында колхозға айналдыру ісі кілең әкімшілік жолмен, елді қорқыту, үркіту арқылы жүргізілген. Колхоз жарғысын, елге таныстырған малды, құрал-сайманды ортаға салуды дұрыс түсіндірген жан жоқ. Егер әлде кімдер, колхозға кірмеуге бола ма деп сұрай қалса, оған болмайды деп жауап қайыру әдетке айналған колхозға кірмей қалсаң «басыңнан сырық, малыңнан құрық кетпейді», колхоз болмағандар жерден судан айырылады, жер аударылады деген ұрандар орын алған. Алматы округіндегі Іле ауданында Өтешұлы кімде кім колхозға кіруге көнбесе, ол тікелей социализм мен кеңес үкіметінің дұшпаны болып есептеледі деп қорқытып, колхозға шаруаларды күшпен кіргізген /201/.

Мысалы аз уақытта, яғни 1930 ж. 1.ҮІ-де Қызылорда округінде колхоз саны 160 жетіп 32516 шаруашылықты қамтыған /202/, осының ішінде мал шаруашылық аудандардағы колхоз саны 51,12276 шаруашылықты қамтыған.

Бұл 1.ҮІ.1930ж. колхоз құрылысы жайындағы келтірілген мәліметті еріктілік принципінің нәтижесінде құрылған колхоздар деп айтуға болмайтын еді /203/.

Колхозға мүше болып кірудің еріктілік принципі бұзылды зорлық-зомбылық, әкімшілік қысым жасау арқылы, қорқыту, үркіту арқылы колхоздар ұйымдастырды. Процент қушылық кең етек алды, 1930 ж. 02. ұжымдастыру 26 % тен 45,1 % дейін жетті. Көптеген аудандарда ұжымдастыру 80-90-100 % барды. Бұл колхоздардың көбісі қағаз жүзінде қалды /50/.

Ұжымдастырудағы орын алған бұл қателіктер тосқауыл болады деген үмітпен 1930 жылы 2-наурызда Сталиннің «Табыстардан бас айналу» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада: «Колхоздарды

күштеп орнатуға болмайды. Бұл ақымақтық және реакцияшылдық болар еді. Колхоз қозғалысы шаруалардың негізгі бұқарасының белсене жәрдем етуіне сүйенуі керек. Жетілген аудандардағы колхоз құрылысының үлгілерін жетілмеген аудандарға апарып қалай болса солай енгізе салуға болмайды. ...Мұндай «саясат» коллективтендіру идеясының беделін бірден-ақ түсірер еді. Колхоз құрылысының қарқыны мен әдісін белгілегенде КСРО-ның түрлі аудандарындағы әрқилы жағдайларды қадағалап есепке алып отыру керек» /204/, - деген жолдар бар. Қанша жерден колхоз қозғалысының еріктілігі сақталсын дегенмен Қазақстанда жағдай өзгермеді.

Сталиннің бұл мақаласынан кейін БК(б)П Орталық Комитеті 1930 ж. 15-наурызда «Колхоз құрылысындағы партия жолын, бұрмалаушылықтар және асыра сілтеушіліктер туралы» қаулысы жарық көрді. Ал 1930 жылы 3-сәуірде Сталиннің «Колхозшы жолдастарға жауап» атты мақаласы жарық көрді /204/. Бұл мақалада да колхоз қозғалысындағы негізгі қателерге тоқталды. Бұл екі мақалада ұзақ уақыт бойы тарихи зерттеулерде партия ұйымдарының колхоз қозғалысындағы жіберген қателерді түзетуге көмектескен, Совет үкіметінің жауларына қатты соққы берген зор саяси маңызға ие болған мақала деп мадақталып келді.

Ал іс жүзінде «асыра сілтеушілік» нақтырақ айтқанда, әкімшілік-бюрократиялық террор сол күйінде жалғаса берді. Колхоз құрылысындағы жаппай зорлықты «барлық халықтар көсемі» қанша айыптағанымен, ол жергілікті жерлердегі партия бағытының бұрмалануы емес, қайта орталық пен республиканың ең жоғарғы басшы органдарынан шығып отырған саясат» еді /65, Б.10/.

Асыра сілтеу қарқынымен жүргізілген колхоздастыру нәтижесінде 1930 жылдың алғашқы айларында-ақ мал санының кемуі байқалды. Бұл туралы «Еңбекші қазақ» газетінде «Мал шаруашылығының қамы» деген мақалада: «Мал шаруашылығын ұжымдастырудағы кемшіліктер жанға батады. Ондап алу қиын, бірер сайман қирап бүлінсе оны түзетуге болады. Ал енді бірер мал ауырса, оны сауықтырып қатарға қосу оңай емес, мал көбінесе бірге бағылады, бір қораға қамалады. Көп малдың ішінде бір мал жұқпалы аурумен ауырса басқа малдарға жұқтырып үлкен апатқа ұшыратады. Сондықтан мал шаруашылығы ұжымдарында өндірісті ұжымдастыру жоғарғы дәрежеде болу керек. ...Мал шаруашылығы ұжымында мал мүлікті ортақтастыру жұмысы егінші аудандағы ауыл шаруашылығы артельіндегідей бола алмайды. Ауыл шаруашылық артельдеріндегі негізгі



өндіріс құралдары деп жұмыс малдарын, құрал-саймандарды, жерді еңбекті айтады. Ал енді мал шаруашылығы ұжымын да негізгі өндіріс-мал. Мал шаруашылығы ұжымында өнімі тауарға айналдырылатын бойдақ малдар, шөп шабатын машиналар, бірлесіп жұмыс істеуге керекті тасымал құралдары ортақтастырылуы керек» - деп атап көрсетілген еді /205/.

Бірақ бұндай дұрыс пікірлер ескерілмеді, мал шаруашылық аудандарындағы ұжымдастыру ісін жүзеге асыру жөнінде өз алдына жеке нұсқау берілмеді, жалпы нұсқау жүзеге асырылды. Мал шаруашылығының камын ойлаған адам да болмады. Сол кездегі Қазақстанның бірінші басшысы Голощекиннен бастап, ауылдағы «шолақ белсенділерге» дейін процент қушылықпен «жоғарыға» бірінші болып ақпар берумен айналысты. Ал Қазақстанның әрбір аймағының, ауданының, ауылының өзіндік жергілікті ерекшеліктерін ескермеу үлкен қауіп еді.

Бұл қауіп-қатер ұжымдастырудың алғашқы айларында-ақ байқалды, қалың ел қонысын тастап, көшуге, шұбыруға түсті. Мысалы, өте құпия мына бір құжатта 1929 жылдың 20.XII-нан 1930 ж. 1.03. аралығында Алматы округінің Қарқаралы ауданында Қытай территориясына 39 қожалықтың өтіп кеткені айтылады. Олардың әлеуметтік құрамына келсек 22-байлар қожалықтары, 15 орташалар, 2 кедей қожалықтары. Олардан 33 жылқы, 31 сиыр 269 қой-ешкі қалған. Ауданда Қытайға өтіп жатқандарға қарсы күресу үшін 25 адамнан коммунистік отрядтар құрып, 1930 ж. 4.03. шекара тауында Сұлтанбековтер туыстары мен коммунистік отрядтар арасында қарулы қақтығыстар болады. Сұлтанбековтер өз туыстарымен коммунистік отрядтардың қаруланған күштеріне қарамастан Қытай жеріне өтіп кеткен /206/. Бұндай оқиғалар Қазақстанның барлық аудандарында кең етек алып, ел туған жерін тастап жосый бастайды.

Қазақстанның Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О.Исаев бастаған мемлекеттік комиссияның ресми мәліметі бойынша ұжымдастыру саясатының бастапқы айларында ғана республикадағы мал саны 30-35 процентке кеміген /207/.

Дегенмен, бұл жағдай VІ-Бүкілқазақтық партия конференциясында /1930ж. V-VI/ баяндама жасалған Ф.И.Голощекинді тіпті абыржыта қоймады. Ол бұл туралы былай деді: «Мал санының кемуіне негізгі себеп шиеленіскен әсіресе соңғы кезде өте күшейген тап тартысы дей келе, Голощекин мал шаруашылығының күйін қазіргі қалге түсіріп отырған партия саясаты емес, өлкелік партия комитетінің сая-

саты да емес, мәселені бір жақты түсінбеу керек», - деп шындықтан бас тартты /208/.

Ал шын мәнінде осыншама аз уақыттың ішінде мал басының кемуі сол кездегі жүргізіліп отырған күштеу саясатының нәтижесі еді. Бұл саясатты Ф.И.Голощекин жоғарыда аталған конференцияда: «Қазақстандағы мал шаруашлығының құрылысындағы өзгеріс социалистік сектордағы мал 1927-1928 жылдары 234 мың бас болса, 1928-1929 жылдары 1 млн 427 мыңға жетті, қазір 1 млн. 780 мың. Биыл мал совхоздарында 570 мың мал бар. Социалистік сектордың жалпы үлес салмағы 0,6 проценттен 5 процентке өсті» /208/, - деп осы деректерді социалистік құрылыстың табысы ретінде мақтан етті. Шындығында осы колхоздар мен совхоздардың саны болғанымен, сапасы болмады. Колхозға зорлап кіргізу жолдары мен қазақ шаруаларының малдарын жаппай тартып алу арқасында қоғамдық меншіктегі мал басының үлес саны көбейгенімен, оның өсуі байқалмады. Керісінше, алғашқы айлардың өзінде-ақ қоғамдық секторға жиналып алынған малдар далада қалып, жаппай қырылумен болды. Бұл туралы Голощекиннің өзі де, оның төңірегіндегілер де, аузын ашпады. Малды жаппай қыру фактілері сол жылдары шыққан «Еңбекші қазақ» газетінің беттерінде нақты деректермен берілген.

Күлжабайұлының «Мал совхоздарның ұйымдастырғанда есте болсын» деген мақаласында автор: «...Совхоз ұйымдастырушылардың алдында тұрған міндет - қолға тиген малды түрлі кесел ауруға шалдықтырмай аман сақтап қалу керек. Ол үшін мал бағатын малшыларды да іріктеп алуға тура келеді. Малшыны қаладағы еңбек биржасынан сұрамай, елдің ортасынан кедей батырақтардан іріктеп алу керектігін ескерткен. Совхозға беруге мал одағының, совхоз трестінің әр жерде жинаған малдары, мәселен Әулие-ата, Келес ауданындағы қой, сиыр басқа малдары қырғынаға ұшыраған. Қызылорда төңірегіндегі қойлар қара биттен сау емес дейді. Бұның себебі, біріншіден, малды баға алмайтын адам баққан, екіншіден, малды бөліп сирек жаюдың орнына мың болсын, екі мың болсын топырлатып бір жерге баққан. Қойға беретін шөптері камыс, кекіре, миа. Совхоздарда бұндай кемшіліктерді болдырмас үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру керектігін айтқан. Біріншіден, малшылар, малшы бастықтары мал бағудың жөнін білетін, мал жейтін шөпті танытын, мал бағып тіршілік қылған кедей-батырақтардан болсын. Екіншіден, отарда мал қанша болса да уақ малдың елу-алпысына бір малшы болуы шарт. Мал одан көп болса, бағу қиынға түседі.

Үшіншіден, мың немесе 500 қойды, 200-300 ірі малды топырлатып бір өріске бір адамға бақтыру өте ақымақтық болып табылады. Одан малға да, совхозға да зияннан басқа пайда жоқ... Түбінде мал өсіретін совхоздар үшін тиянақты бір жобаның тез күннің ішінде бекітіліп, совхоздарға жіберілуі керек» - деп ескерткен еді /209/.

Қазақстанда сол кезде совхоздардағы малды басқарушылар мал жайын білмейтін сырттан келген өкілдер болды. Бұл жайында А.Есназарұлының «Барды ұқсата алмаған совхоздар» деген мақаласында: «...Аз уақыт ішінде 65-ке жуық «Овцевод», «Скотовод» совхозы ұйымдасқанын айта келе ондағы басты кемшіліктердің неден болып отырғандығына тоқталған. Біріншіден, көп совхоздарда жергілікті партия, кеңес орындарының басшылығы нашар. Екіншіден, бірсыпыра совхоз басқармалары мал шаруасын жақсы білмейді, шорқақ. Үшіншіден, совхоз басқармалары жергілікті елдің жұмысшы батырақтарын (яғни қазақтарды) совхозды өркендету жұмысына жөнді араластыра алмай отыр. Совхоз басшылары, ондағы сырттан келген өкілдер жергілікті қазақ халқының өмірімен, оның жері, жерінің түгі, малы, малының табиғаты, ауа райымен таныс емес. Сондықтан ... «Қазақ сиырының басына күн өтеді деп панама-қалпақ тіктіргенді, қойға қуып жүріп құрық салып ұстағанды, түйеге ауыздықтап жүген кигізгенді, мал азығына «кекрек» деген улы шөпті шаптырып совхоз малын кекектетіп қойғанды естуге ғана емес көруге тура келіп отыр», - дейді автор /210/. Тағы бір факті: Алматы округінің Іле ауданы Іле өзенінің бойында 7 совхозда қызмет ететін жергілікті қазақ жұмысшыларының - 10-20 мың қойды бір отарға бағуға болмайтындығын, бір қораға 200-300-ден артық қой қамамау керектігі, ұлы шөпті малға бермеу керек екенін айтқандардың ақылына құлақ асқан адам да болмаған. Алматы округінің Октябрь ауданының 8 қой совхозында жер жағдайымен таныс жұмысшылардың кеңесін тыңдамағандықтан жергілікті ерекшеліктермен есептеспегендіктен 56 мың қойдан 12 мың қой шығын болған /210/.

Совхоздардың малдары қынадай қырылып жатқанда «жібі» түзу жалшы басқарған 500-600 қойдан, жетім қозы да өлмей аман шыққаны да болған. Бұл нені көрсетеді?... Біз бұдан жерінің ерекшелігімен табиғи жағдайын ескеретін қазақ халқының мал бағуда мың жылдық тәжірибесінің барлығын көреміз.

Өз заманында Ы.Алтынсарин:»... Ешқандай сый-сияпат, ешқандай ауыл шаруашылық академиясы қазақтай бақташы даярлап шығара алмайды», -деп көрегендікпен айтып кеткен еді /211/. Бұл ша-

руашылықты шебер меңгерген қазақ халқын совхоз жұмысынан ығыстыру үлкен қателік болды. Сондықтан да совхоз жұмыстарының басшы орындарына мал шаруасы мен жақсы таныс қазақ еңбекшілері көбірек алынсын деушілер де болған.

Осы бағытта жазылған «Мал көрмеген малды қайдан бақсын» деген мақалада Арыс ауданының №13,15 совхоздарының жайы айтылады. Совхоз малының күтімі нашар. Совхоз малын қарайтын қызметшілер мал бағудан ешбір хабары жоқ адамдар. Қойлары жаздың ішінде көтерем, шаң-топыраққа жайып әбден титығына жеткізген. Нағыз мал семіретін кезде мынадай, қысты күні бұл малдар алдымен өлуінде сөз жоқ. «Совхоз малын бағуға мал көрмеген орыстардан гөрі, мал бағуға ысылған казактардан алу керек, болмаса орыс алғанда да малдың жайын білетін орыстарды алса, совхоз малы бұл қалге ұшырамаған болар еді» - деп ескерткен мақала авторы /212/.

Совхоздарға қазақ кадрларын дайындауға ешкім көңіл бөлмеді, совхоздарға қазақ жұмысшыларын тарту, тұрақтандыруды ойлап жатқан адам болмады. Керісінше, Қазақ өлкелік комитеті бұл науқанды жүргізуге 8 мың жұмысшыны тартты. Оның 3 мыңы қазақтар болса, 5 мыңы басқа ұлттың өкілдері. Бұларға қоса республикаға әйгілі, 25 мыңшылардың 1204 адам жіберілді. Олар Москва, Ленинград, Харьков ж.т.б. өнеркәсіп орталықтарынан келген, жергілікті ұлт дәстүрінен, тарихынан, тілінен ешқандай хабары жоқ адамдар еді. Бұлар коллективтендіру мен отырықшылыққа көшіруді тек халықты бір жерге жинап қоныстандыру барлық мал-мүлкін ортаға салдыру деп түсінді /65, Б.11/. Партияның алыстан жіберген өкілдері Қазақстанның мал шаруашылығына басшылық жасайды деп ойлау да үлкен қателіктің бірі еді.

Сол жылдардағы совхоз құрылысындағы жағымсыз көріністерді архив құжаттарында дәлелдей түседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін «Еңбекші қазақ» газетінің материалдарын архив материалдарымен салыстыра отырып, мына бір дерекке сүйенеміз. Алматы округінің Іле ауданының партия ұйымының басшысы Жаманов БК(б)П Өлкелік комитетіне Голлодовқа, Воскановқа, ХКК-ның төрағасы Исаевқа, Құлымбетовке 1930 жылы 2.ІҮ-де хат жолдаған. Бұл хатта Алматы округінің Іле ауданының №7 қой совхозының №15-6 ауылдың, Еңбекші қазақ ауданының №7 совхозы, Күрті, Үшарал, Қараөзек ауылдарының жағдайы туралы баяндалған: «Бұл ауылдарда барлық мал ортақтастырылған, бірақ совхоз басшылары совхозда қанша мал бар, санын білмеген. Олардан сұрасақ жаңадан келгенбіз деп

жауап берген. 1200-1300 бас малға қой қора салынған. Бір қораға 1 мыңнан-5 мыңға дейін қой қамағандықтан малдың бәрі «қой басбақ» қотыр, жетел ауруларынан мал қырылып жатыр. Малға дайындаған жеткілікті жем-шөптің, қораның болмауынан, малдар далада қалуда. Жұмыс малдарын қалай болса солай пайдаланған, оларда күтім жоқ, жұмыс малдарын 99 % жарамсыз, өліп жатыр. Ауыл арасына жақсы жылқыларды міне шауып, арқасын жауыр, қотырғып тастаған, оған қарап жатқан адам жоқ, бірін тастап, бірін мінуде. Совхоз басшыларының бәрі орыстар, 300 қазақ малшылары бар, қойшыларды күнде ауыстырады, бәрі бастық. Қойшыларға уақытында еңбек ақы төленбеген, 4-8 айдан бері ақы алмаған. Қазақтарға басшылармен сөйлесу үшін «тілмаш» іздеу керек. Әкімшілік басшылар мен қазақ жұмысшыларының арасында жағдай шиеленіскен, жұмысшылар орыс басшыларына наразылықтарын білдіруде. Қазақтарды совхоздан шеттетуде, бұндай совхоздар жергілікті халық тарапынан беделге не болып қолдау табуы мүмкін емес. Қойшыдан бастап совхоз директорына дейін күнде арақ ішіп мас болуда, совхоз басшыларының ішінде жер аударылған, сотталғандар да кездесуде» /213/. Міне совхоз құрылысының жағдайы, хат несі жоғары басшылардан тез арада дұрыс шешім қабылдауды талап еткен. Бірақ ол кездегі үкімет басшылары қазақ халқының ұлттық мүддесімен санаспады, оны жөндеуді қолға да алмады. Олар керісінше «Малды қоғамдастыруды тездету дегеніміз бәрінен бұрын мал шаруашылық аудандарда ұжымдастыруды тездету» - деп түсінді /40, Б.24/.

Осыған байланысты 1931 жылы ақпан пленумында Өлкелік партия комитеті «Мал шаруашылығы туралы» қаулы шығарды. Бұл қаулыда Қазақстандағы колхоз құрылысындағы кемшіліктерге назар аударылып: «колхоздағы ортақтастырылған малдың салмағы болымсыз болып отыр, кей жерлерде ауылдың «ерекше жағдайы» деген орынсыз сылтауды көлденеңдетіп, ортақтастырылған мал шаруашылығын ұйымдастарудың керектілігін ескермейтіндік бар» /214/, - деп атап көрсетілді. Сонымен қатар ақпан пленумы уәкілдерді «құндылығы жоғары өсімтал малдың» бәрін ортақтастыру жұмысына жұмылдырды. Малды ортақтастыруды күшейтіндер деген нұсқаулар ауылдарға үсті-үстіне беріліп жатты. Онда: «қазіргі колхоздар нығайтылсын, колхоз мүшелерінің ортаға салынбаған малдары ортақтастырылсын» деген бұйрық берілді, малдары ортақтастыру басты міндет етіп қойылды.

Осындай нұсқауларды алған «ауыл белсенділері» «тышқақ лаққа дейін қалмасын» деген ұранмен колхозшылардың жеке меншігінде

қалған бірлі-жарымды сиыр, қой-ешкі малдарын да тартып алып, ортаға салды.

Қазақстанда малды, қоғамдастыруда әкімшілік әдіс кең түрде қолданылды. Ал КСРО-ның басқа аудандарында колхозға малды қоғамдастыру өте баяу жүрді. Колхоздағы малды қоғамдастыру қарқынының баяу болуын мынадай себептермен түсіндірді: көптеген колхоздарда малға қоралардың болмауы, жем-шөп базасының дайындалмауы, мал шаруашылық кадрларының жетіспеуінен, қоғамдық мал шаруашылығын ұйымдастыруда көптеген мәселелердің шешілмеуі /3, Б.193/.

1931 жылдың жазында әкімшілік әдіс кең етек жайды. 1931 ж. тамызда Қазақ Өлкелік партия комитеті: «көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда колхоздың ең төменгі түрі жерді өңдеу бірлестіктері, мал серіктіктері ауыл шаруашылық артельіне көшірілсін», - деген нұсқау берді. Осы нұсқау негізінде Тоздар артельдерге айналдырылды. Көшпелі, жартылай көшпелі аудандар үшін колхоздастырудың төменгі түрі жерді өңдеу бірлестіктері, мал серіктіктері болу керек еді, енді ең қолайлы түрі ауыл шаруашылық артельдер деп табылады. Сол артельге ұйымдастыру арқылы шапшандатылған қарқынмен жаппай колхоздастыру ісін жүргізді.

Мал шаруашылық 60 аудандағы 2771 тоз-дың 2459 артель уставына көшірілді /3, Б. 193/. Жаңа колхоздар бірден артель түрінде құрылды. Сонымен бірге халық арасында түсіндіру жұмысы жүрмеді, малды қоғамдастыру кілең әкімшілік әдіспен жүргізілді. Малды сою, талан-таражға салу басталды. Барлық малды қоғамдастырғанда, колхоз ол малдарды жем-шөп қорымен қамтамасыз ете алмады. Ортақтастырылған малға арналған жем-шөптің, қора-жайдың болмауынан 1931-1932 жыл қысында миллиондаған мал суық пен аштан қырылып жатты. Мынадай фактілер келтіруге болады. Мысалы «Скотовод» трестінің 1930 жылдың 10 қазанына дейін салған қора-қопсылары 100 мың бас малға ғана жетерлік, яғни жоспардың 25 %-і әсіресе «Овцевод» совхоздарының көпшілігі қысқа дайындалмаған. Жоспар бойынша «Овцевод» совхозында 269 қой қора салыну керек болса, осының 121 ғана салынған. «Овцевод» совхозындағы қойдың саны 609 мыңға жеткен, салынып жатқан қоралары 281 мың қойға есептелген. Бұл барлық қойдың 46 проценті, қалған мал далада қалған /215/.

Совхоз, колхоздарда ортақтастырылған малдың шығыны азаймады. Ондай шығынның бірі төлдің көп өлуі Қазақстанның қой сов-

хоздарында арамза туған қозылардың 50 проценті, ерте туған бұзаулардың 38 проценті үйірге қосылмай өліп жатқандығы анықталған. Мал шаруашылығындағы шығынды азайтудағы үлкен мәселе — мал азығын дайындау болды. Бұл істе дұрыс жолға қойылмаған. Кейбір совхоз қолындағы шөп машиналарының жартысынан жуығы (40%) пайдаланылмай бос тұрып қалған.

1931 жылы 19 мамырда Өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы І.Құрамысов мал совхоздары жұмысшыларының жалпы Қазақстандық съезінде сөйлеген сөзінде: «Жасырары жоқ мал совхозының қайсысы болса да мал азығынан тапшылық көрген емес, шөп көп, керек десеңіздер сиыр, қойды сұлымен жемдеген совхоздар болған. ...бірақ сонда да малдың өлімі өте көп. Күні кеше қара шаруа қолында тұрғанда сұлы түгел шөпке де жарымайтын мал ғой, сонда да совхоз малының өлімі көп» /216/, - деді. Иә мал шығынының көптігі соншалық оны жасырып қалу мүмкін емес еді. І.Құрамысов малдың өлімінің себебі — «қолдағы малды оңдап күтіп, бағып қаға білмегендіктен, жұмысшылардың көңілін осыған аударып білмегендіктен, төңіректегі елдің назарын да совхоз малына аударып оның аман болуына соларды да толық қатыстыра алмағандығынан» /216/, - деп білді.

Бірақ, малдың қырылуының басты себебі - Қазақстанның тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермей мал шаруашылығы социалдық, яғни совхоз, колхоз құру жолымен ғана шешіледі — деген саясатты басшылыққа алу еді.

1931 жылдың аяғына қарай Қазақстанның мал шаруашылығы совхоз, колхоздарында мал басының сақталу жағдайы өте нашарлап, мал шығыны өте көбейіп кеткен. «Еңбекші қазақ» газетінің арнаулы тілшісі Қайыпназар Мұстафа Серікбайұлы осылай бола берсе Қызылорда округінің Шиелідегі «Скотовод» қоғам бөлімшесінің топты малы қырылумен таусылатындығын хабарлаған /217/. Оңтүстік Қазақстанның совхоздарында 1931 жылдың 10-қараша айына дейін барлық қой саны 54774 болғандығы жайында өлкелік мәжіліс қорытындысында сөз болады. Мал шығындарының адам айтқысыз көп болғаны совхоздар да аталған. Олар Тасбұлақ совхозында 19.963 қой шығыны болған, бұл сондағы қойдың 38,6 %, Жаркент совхозында 10.423 қой /24 %/ шығын болған, Шымқорған совхозында 1.800 қой 13,2 % Қызылорда совхозында 5.900 қой 12 % арам өлген /218/. Ал Талас ауданында 15 қой совхозында кезінде барлығы 80.674 бас мал болған. Бірақ совхоз малы несіздікке ұшырап қынадай қырыл-

ған. 1931 жылдың 1-қаңтарынан 1-қазан айына дейін 10.500 бас мал шығын болған /219/. Осындай мал шығыны Қазақстанның барлық аудандарында да кездескен.

Алғашқы бесжылдық жоспар бойынша 1929/1930 жылдарда-ақ бай-кулак малдарының 40 проценті социалистік секторға өту арқылы жеке меншіктегі мал басы қысқарып совхоз, колхоз арқылы қоғамдық сектордағы мал басы көбейту керек еді, бірақ алғашқы жылдарда-ақ жаппай мал басының күрт қысқаруы байқалды /220/. Мал басының қысқаруын голощекиншілдер былай деп түсіндірді: «Мал шаруашылық аудандарда ұжымдастырудың жетістіктерімен қатар біз соңғы екі жылда тоқтаусыз мал басының қысқарғандығын көреміз. Мал басының қысқаруының негізгі себептері бірінші бай-кулактардың малды талан-таражға салып, ысырап етуі екінші, соңғы екі жылда Батыс Қазақстандағы егіннің шықпай қалуына байланысты етті шамадан тыс көп мөлшерде тұтыну және мал шаруашылық аудандарын астықпен қамтамасыз ету мәселесі шешілмегеннен. Үшінші Партия нұсқауларының бұрмалануы» /40, Б.19/. Міне осындай жағдайда қандай шешім қабылдау керек?, Қазақстанның мал шаруашылық мәселесін қандай жолмен шешу керек? - деген сұрақтарға Голощекин бастаған топ негізгі жол «мал шаруашылығын социалистік негізде қайта құру болып табылғандықтан, қазірдің өзінде біз ірі совхоз, колхоз құруды жылдамдатуымыз керек», - деп түсіндірді /40, Б.27/. Оларды күштеп ұйымдастырған колхоз, совхоздағы малдың қырылып, бітуге айналғандығы ойландырмады.

Ал сол кездегі Жабдықтау Халық Комиссариатының мал шаруашылығы секторының меңгерушісі Зейнолла Сейітжанұлы Төрегожин: «Мал шаруашылығын өркендетерлік қор қалған жоқ, оны қалайша социалистік жолмен өрістетуге болады, біз кері кетіп барамыз, егер іс бұдан былай да дәл осылай жалғаса беретін болса, онда республикада 1932 жылы ірі қараға шаққанда 275 мың бас мал қалады», - деп ащы шындықты айтқан еді /43/. Мал шаруашылығының апатты құлдырауын айтқан Төрегожинді Қазақстанда «бұл социалистік мал шаруашылығын өрістетуге қарсы шыққандық», - деп кінәлай бастайды. Солардың бірі Қ.Өзденбайұлы «Еңбекші қазақ» газетінде «Мал шаруашылығындағы оппортоншылдық - «Төрерожиншылдық» пен күресе білейік» деген мақаласында: «Социалистік мал шаруашылығы майданында оңшыл оппортоншылдықтың нісін аңқытып отырғандардың бірі Төрегожаұлы. Төрегожаұлы өзінің оңшылдық көзқарасын әшкере жақтап көбіне партия жолына қарсы



шықпағанымен жасырын түрде күнбе-күнгі жұмысында, ішінара 1932 жылдың мал шаруашылық «балансын» жасағанда өзінің оңшылдық пікірін астарлап өткізуге тырысқан. Мал шаруасын өрекендетудің «балансын» биылғы /1931/ жылдың есебіне сүйеніп жасап сол арқылы мал дайындау жұмысын бәсендетуге колхоз, совхоздарға мал құрауды кемітуге бейімдеген. Биылғы есептің дұрыс алынбай байлардың атқа мінерлердің қасакана малдарын жасырып, құмға, шөлге асырып жатқанын Төреғожаұлы ескермейді. ...совхоз, колхоздардағы мал басын құрау одақ жұмыстарының ақсап отыруы социалистік мал шаруашылығын жете бағаламағандықтан, істегі «төреғожиншылдықтың» әсері» - деп білу керек, - деді /221/. Сөйтіп, Қазақстандағы көп «шылдықтардың» қатарына «төреғожиншылдық» қосылып, З.Төреғожин жөнсіз айыпталды.

Оның «Советская степь» «Еңбекші қазақ» басқармасына жіберген хаты туралы қарсыластары мәселе: «Төреғожаұлының хатында оның саяси балансында емес, әңгіме есепте емес қазіргі жайды саяси теріс бағалағандықта, түрлі есепті теріс жолмен жасағандықта», - деп кінәлады /222/.

Төреғожаұлының «бұл есебі, балансы» Қазақстан үкіметінің басшыларының сынына да ілікті. Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.Голощекин: «Бұл оппортоншылдық, мынау «балансы» ескі бай билеген, бай, қожа болып келген ауылды көксегендік, сағынғандық, бұндай оппортоншылдыққа оның жолын қуғыштарға қарсы большевиктік күрестің оғы жаудырылсын» деп қарсы шықты /223/. Ал Өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы І.Құрамысов: «төреғожиншылдық - Қазақстанда мал басына баланыс жасау жолы арқылы, мал шаруашылығы кері кетуде деп сендіруде, ауыл шаруашылығының құлдырауын дәлелдеуде, ауыл шаруашылығын қайта құрудың әлеуметтік жағын толық ескермейді. Төреғожиншылдық - ірі социалистік, мал шаруашылығының барлық орасан зор артықшылығын көргісі келмейді, ауылды артқа тартуда», - деп кінәлады /40, Б.8/.

Қазақ ауылдары жұтап ашаршылыққа ұшырап жатқанда Голощекин колхоздастырудың жетістіктерін айтып мақтан етті. 1932 ж. 15.V Өлкелік активте жасаған баяндамасында 1931 жылы I.XII-де өлке бойынша шаруашылықтың 68,9 % ұжымдастырылды. Оның ішінде жартылай көшпелі аудандар 57,6 %-ке, көшпелі аудандар 38,1 % ұжымдастырылса, 1932 ж. 10.1-де өлке бойынша ұжымдастыру проценті 73,9-ға, жартылай көшпелі аудандар 62,4 %, көшпелі аудандар 48,2 % ұжымдастырылды /224/. Ол өз сөзін жалғастырып: «Мал

шаруашылығының күйіне қарап және елдің біразының көшіп кеткендеріне қарап, ойбай қазақтың ауылы азды, тозды деген өсектер бар; осымен қатар тағы да бір сұрауға жауап беруіміз керек; бізде ілгері басқандық жетістіктер қандай? Қазақ ауылының колхоздану жайын экономикасы мен мәдениет жайын талдап тексеріп қарасаңыздар мынаны байқаймыз; партияның ұлы жолы Лениншіл ұлт саясатын дұрыстап жүргізудің арқасында колхоздастыру мен отырықшылану арқасында қазақ халқының экономикалық мәдени жағы көтеріліп социалистік құрылысқа қарай бет алды» /225/ - деді.

Қазақстан басшылары қазақ даласында, қырылған малды да, жанды да көздеріне ілмеді, олардың жүргізіп отырған күштеп ұжымдастыру саясаты қазақ халқының алапат ашаршылыққа ұшырауын тездете түсті.

Қазақ даласын алапат ашаршылық жайлаған шақта Қазақстанның Халық Комиссарлар Кеңесі, Одақтық Халық Комиссарлар Кеңесінің 1932 жылғы 7-қаңтардағы малдың есебін алу туралы қаулысына сүйеніп: «Қазақстанда 1932 жылдың 1-ақпанға дейін бар малдың есебі алынсын» деген қаулысын шығарды. Қаулыда: «Мал шаруашылығы саласында Кеңестер Одарында алдыңғы қатардан орын алып отырған Қазақстан жағдайында малдың саны, сапасы туралы толық, дұрыс мәлімет алып отыру басты міндет» /226/ деп, бұл жұмысқа басшы етіп халық шаруашылығы есебі басқармасының бастығы Мұқтар Саматұлы тағайындалады. «Жариялануға жатпайды» деген мына бір архив құжатында осы санақтың қорытындысы берілген. М.Саматұлының есебі бойынша 1932 ж. 1-ақпандағы санақ бойынша ҚАКСР-да барлық мал басы 5.282313 ғана болған /227/.

Осындай деректі 1932 жылғы 27-қыркүйекте одан кейінгі 1933 жылғы 9-наурызда БК/б/П Орталық комитетіне — Сталинге жазған хатында Тұрар Рысқұловта келтіреді. 1932 жылы ақпан айында жүргізілген Бүкілодақтық мал санағының мәліметіне қарағанда, Қазақстанда 1928-1929 жылдардағы 40 миллион бас малдан санақ кезінде 5397 мың бас қана мал қалған, яғни мал басының 85,5 процент кеміп кеткен /228/. Көріп отырғанымыздай сандарда айырмашылық шамалы ғана. 1931 жылғы ақпаннан 1932 жылғы ақпанға дейінгі аралықта мал басы 55 процент кеміген /бұл жылы КСРО-да жалпы мал басының кемуі 16,7 процент болған. Санақ қарсаңына дейін мұнда жалпы мал басының 80 проценті қоғамдастырылса, ал КСРО-да бұл уақыт ішінде не бары 33 проценті ғана қоғамдастырылған. Қалған 5397 мың бас малдың 37,6 проценті совхоздардың үле-

сіне тиген /ал барлық малдың 9 проценті ғана екен/, қалған малдың 1559,9 мыңы, яғни 28 проценті қазақтардың меншігінде болған /ал 1928 жылы Қазақстандағы/ /малдың/ 80 проценті қазақтардың меншігінде еді /228/. Қазақстанды КСРО-ның басқа аудандарымен салыстырғанда айырмашылықтың жер мен көктей екендігін көреміз.

Мал санын анықтау кезінде қазақ органдары елдің құм ішіне жасырған малдары бар деген есеппен әрқашан нақты қолда бар малға 50-100 процент қосып жазған, сөйтіп, 1931 жылдың аяғында Қазақстанда 20 миллион мал бар деп есептеліп келсе, жазда 1932 жылдың көктеміне қарай Қазақстанда мал саны 10 миллион басқа жетеді деп мәлімдеген. Ал іс жүзінде мүлдем басқа. Біз бұны 1932 ж. 1.02. санақ мәліметін 1931 ж. I.V-дағы салық есебінің мәліметімен салыстырғанда төмендегі кестеден көреміз /227, 3-п/.

## 21-кесте

Қазақстандағы барлық мал басының саны

Мал түрлері	Мал саны (дүзетілмеген)			Үлес салмағы	
	1932 ж. санақ бойынша	1931 ж. салық есебі бойынша	1932.V. коэфф. б/ша	1931 ж.	1932 ж.
Жылқы	94866	1.736317	54,6	20,2	17,9
Ірі қара	1.740763	2.499507	69,6	29,1	33,0
Қой	2.098473	2.755048	76,2	32,1	39,7
Шошқа	75649	36845	205,3	0,4	1,5
Ешкі	194110	1.0826658	17,9	12,6	3,7
Түйе	201742	27189	86,5	0,3	0,4
Барлық мал	5.282313	8.590818	61,5	100,0	100,0
Кемістіктерін дүзеткендегі барлық мал басы	5.580753	10.554439	53,0		

Мал басы 1932 жылы 10 миллион басқа жетпек түгіл 5 миллионға әрең жетіп отыр. Адам айтқысыз өте үлкен мал басының қысқаруы 1931 жылғы салық есебінің мәліметімен салыстырғанның өзінде негізінен көшпелі мал шаруашылық аудандарда болған барлық мал 82 процентке қысқарып кеткен, сонымен бірге малдың әр түрі бойынша қысқару одан да көп, қой 91,2 % ешкі 84,6 %-ке қысқарған. Техникалық дақылдар өсіретін аудандарда мал басы азайып, 46,5 % қысқарған /229/.

1931-1932 жылғы барлық малдың жеке секторлардағы үлес салмағына тоқталсақ оны төмендегі кестеден көреміз /230/.

### 22-кесте

Әр секторлардағы мал басының үлес салмағы /%% бойынша/

	Совхозда	колхоздың т.ф. қоғам-н.	Жеке меншікте	Барлығы
I. V. 1931	16,5	30,8	52,7	100,0
I. II. 1932	39,2	48,5	12,3	100,0

Бұл жерде айта кетер бір нәрсе совхоздағы мал басының көбейуі, бұл мал шаруашылығындағы совхоз жұмысының жақсы жолға қойылғандығын көрсетпейді, керісінше совхоздағы малды қалай болса солай пайдалану, мұнда жауапкершіліктің жоқтығы, иесіздік кең етек алды /230/.

1932 жылғы 1.02. санақ бойынша біз қарастырып отырған Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы барлық мал басының санын әр секторға бөліп қарасақ, оны төмендегі кестеден көре аламыз /231/.

### 23-кесте

Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы әр секторлардағы мал басының саны /мың бас/

Облыстар	Совхоз	Колхоздағы т.ф. қоғамдастырған мал	Жеке сектор	Барлық мал
Алматы	374,7	378,9	85,5	839,2
Оңтүстік Қазақстан бойынша	380,5	325,3	120,5	826,3
	2072,7	2550,1	649,5	5282,3

Шаруалардың жеке меншігіндегі малды тартып алып қоғамдастырудың аркасында совхоз, колхоз малы көбейіп отыр. 1929 жылы Алматы облысында 6 жарым миллион мал, Оңтүстік Қазақстан облысында 8 жарым миллион мал болғанын ескерсек, айналасы екі жылдың ішінде мал басының адам айтқысыз азайғандығын көреміз. Әр облыстар бойынша мал санағының қорытындысында Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында мал басының кемуі өте көп бол-

ған, барлық мал басы осы облыстарда 40,6 процентке қысқарған, ал Қызылорда облысында барлық мал 40,7 процентке кеміген. Қазақстанның басқа облыстарында мал басының кемуі 32-39 процентке дейін қысқарған.

Қазақстанның бірінші басшысы және оның төңірегіндегілер сол жылдардағы мал басының кему себебін — егіннің шықпай қалуынан деп білген еді. Ал санақ қорытындысы мал басының азаюы астықтың шықпай қалуына тікелей байланысты емес екендігін дәлелдейді. Біз бұны төмендегі кестеден көреміз /232/.

## 24-кесте

1931 жылғы орташа астық өнімі

Облыстар	Тұқымдық	Жаздық бидай	Арпа	Сұлы	% өзгеріс	
					мал басы	шаруашылық
1. Алматы	8,8	10,5	10,1	10,3	58,4	72,1
2. Шығыс	4,9	3,3	2,8	4Д	66,0	80,9
3. Қарағанды	2,2	2,6	2,2	2,1	64,5	74,8
4. Батыс	2,9	2,1	2Д	2,2	68,3	76,9
5. Ақтөбе	3,9	2,6	2Д	2,3	61,1	75,5
6. Оңтүстік Қазақстан	7,5	7,8	6,7	6,4	51,3	77,4
ҚАКСР бойынша	63	3,9	5,4	4,5	62,5	76,4

Көріп отырғанымыздай астық шықпай қалған Қарағанды, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында мал басының қысқаруы аз мөлшерде болған, астық шыққан Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарына қарағанда.

1930-1932 жылдары қазақ ауылдарында мал басының қысқаруымен бір мезгілде малсыз әсіресе сиырсыз қожалықтар көбейді. Ал 1932 жылғы жаппай бұқаралық сипат алған босқыншылық бұл процесті тездеті түсті. 1932 жылғы ақпандағы санақ бойынша Қазақстанда 538 мың колхозшылар малсыз қалды, яғни 87 проценті, ал сиырсыздар саны одан да көп 94,2 процент болған /233/.

Басқа облыстарға қарағанда Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында малсыз қожалықтар саны өте көп болған. Алматы облысында малсыз колхоздар 89,9%, сиырсыздар 94,1%, Оңтүстік облыста малсыздар 96,4%, сиырсыз колхоздар 98,9% /234/.

Қолда бар деректерді салыстыра отырып біз мынадай қорытындыға келеміз, Қазақстанның басқа аймақтарына карағанда біз қарастырып отырған оңтүстік аймақта мал басы көп қырылған, малсыз қожалықтар саны, сиырсыз қожалықтар сан өте көп. Бұған себеп — сталиндік-голощекиндік күштеу саясатының, қазақ халқын малынан айырудың бастамасы тәркілеу науқанының одан кейінгі жалғасын тапқан ет, астық дайындау науқандарының күштеп ұжымдас-тырудың оның негізінде зорлап отырықшыландырудың ауыр зардап-тарын көшпелі жартылай көшпелі аудандар көрсе осы аудандардың көпшілігі Қазақстанның оңтүстік аймағына орналасқан еді.

Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 30 тамыз-дағы қаулысы бойынша көшпелі жартылай көшпелі аудандар саны 94 болған. 94 ауданның 33 ауданы Қазақстанның оңтүстік аймағын-да орналасқан, 9 таза көшпелі, 24 жартылай көшпелі болған /143/. Ең ауыртпалық осы аудандарға түсті және мал көп қырылды.

Миллиондап қырылған малдың негізгі түрі қой-ешкі, түйе, жы-лық болса, бұл малдардың басым бөлігі де Оңтүстік аймақта орна-ласқан еді. Бұған дәлелді Сырдария округінің мал шаруашылығы-ның өзіне тән ерекшелігін сипаттайтын екі кестеден көре аламыз. Мұның біріншісі — 1929 жылғы округтік мәліметі бойынша «жы-лыққа» айналдырғандағы мал құрамы /235/:

### 25-кесте

Сырдария округіндегі мал құрамы /мың бас/

Қой	Түйе	Жылқы	Ірі қара	Ешкі	Есек	Шошқа	Барлығы
Абсолюттік саны мың "жылқымен"							
758,2	327,0	288,2	231,0	158,4	9,1	2,0	1.773,9
42,8 %	18,5 %	16,2 %	13,0 %	8,9 %	0,5 %	0,1 %	100,0 %

Екіншісі, барлық Қазақстандағы мал басымен салыстырғандағы 1928 жылғы Сырдария округіндегі малдың әр түрін процентке шақ-қандағы алатын орны /235, Б.62/.

### 26-кесте

Сырдария округіндегі малдың түрі /%%% бойынша/

Ешкі	Қой	Түйе	Жылқы	Ірі қара	Шошқа	Барлығы
25,8 %	19,5 %	19,0 %	8,9 %	5,1 %	4,4 %	16,3 %

Бірінші кестеден көріп отырғанымыздай округтегі басты мал қой, екінші орынды түйе, одан кейін жылқы, ірі қара малы алады. Қазақстанмен салыстырғанда жалпы Сырдария округінде қой, ешкі, түйе проценті өте жоғары. Бұл округте Қазақстандағы барлық мал басының, оның ішінде ешкінің 1/2, қой, түйенің 1/5, жылқының 1/10 ірі қараның 1/20, шошқа өте аз шоғырланған. Сонымен бұл аймақта қой, ешкі, түйе малы басым болғандығын көреміз. Қазақ даласының солтүстігінен оңтүстігіне қарай қой, ешкі санының көбейе түсетіні табиғатқа байланысты жағдай еді.

Қой шаруашылығын жан-жақты зерттеген Әлихан Бөкейханов кезінде: «қойдың отаны, ірі қара, жылқы малын солтүстікке ығыстыра отырып, далалы облыстың оңтүстік бөлігі болып табылады, қазақ қой шаруашылығы осы жерде дамиды», - деп еді /37/.

Алайда, Голощекин жүргізіп отырған саясат оңтүстік аймақты «қойдың отанына» айналдырмақ түгел, қой шаруашылығын қайта қалпына келместей күйретіп жіберді. 1928 жылғы 20 миллионнан асып түскен қой санын қайта қалпына келтіру үшін 30 жыл уақыт керек болды.

Күштеп ұжымдастыру саясатының ауыр зардаптарын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қазақ халқы көрді. Себебі бұл аудандарда ұжымдастыруды қалай жүргізу керек екенін Қазақстанның бірінші басшысы да, тіптен округтік партия комитеттері де айқын білмеді. Олардың білгені тіршілік көзі болып отырған бар малын ұжымдастырудың жөні осы деп тартып алып, қоғамдық мал шаруашылығын құрамыз деген ұранмен колхоз-совхоздарға ортақтастырды, ал жинап алған мал арам өліп қырылып жатты.

Ф.Голощекин 1930 жылы 21 сәуірде БК(б)П Орталық комитетіне, Сталин, Молотов, Каганович, Смирнов жолдастарға жолдаған «аса құпия» хатында қазақ ауылдардағы жағдай туралы айта келе былай деді: «...Көшпелі аудандарда коллективтендіру үшін ешқандай алғы шарттар жасалмағандықтан, мұнда коллективтендіруді қалай жүргізуді ешкім білмеді және көзіне де елестете алмады...» /236/.

Голощекиннің бұл жүргізіп отырған қанқұйлы саясаты қазақ халқының ашу-ызасынан туғызды. «Бір халықтың тартқан тауқыметі қанша ауыр, көрген қорлығы қанша көп болса, оның бойындағы намысының оянуы және қарсыласуы күшінің артуы да сонша тез болады» - деген еді Мұстафа Шоқай /76, Б.118/. Ұлы қайраткер айтқандай Қазақстандағы барлық аймағындағы қазақ халқының үкімет басына Голощекин келгеннен кейінгі көрген қорлығы, тарт-

қан тауқыметі өте ауыр болды. Оның бастамасы тыныш жатқан қазақ ауылдарының берекесін алып шырқын бұзған тәркілеу науқанын басталды. Бар байлығы малын тартып алып, өзін жер аударды. Одан кейінгі ет, астық дайындау науқандарында сорақылық, жазықсыз халықты жаппай жазалау, соттау, айыптау, қордау күшейді. Оның үстіне қосылған күштеп колхоздастыру ондағы орын алған асыра сілтеушіліктер.

Бұл жүргізіп отырған қатыгез саясат қазақ халқын көтеріліске шығуына басты себеп болды. Халық наразылықтары, көтерілістері кең өріс алған аймақ біз қарастырып отырған Қазақстанның оңтүстік аймағы болды. Бұны Голощекиннің өзі де жоғарыда аталған Орталық Комитетке жазған хатында мойындайды. Онда ол: «...Бірсыпыра жерлерде көтерілістер бой көтерді. ...Осы қозғалыстардың географиялық орны да, атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан, әсіресе, оның жартылай көшпелі орталық аудандары — назар аудартады» -деген еді /236/.

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы халық көтерілістерінің кең өріс алу себебі неде еді? Біздің пікірімізше басты себеп- ұжымдастырудың ауыр зардаптарын көшпелі, жартылай көшпелі аудандардағы қазақ халқы көрсе, осы қазақ халқының тығыз орналасқан, қазақ халқының басым бөлігі Қазақстанның оңтүстігінде болды.

Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда оңтүстік аймақта қазақ халқының басым орналасқанын 1926 жылғы халық санағы бойынша жазылған А.Н.Доничтің «Народонаселение Казахстана» атты еңбегіне сүйене отырып талдаймыз. Бұл еңбекте Қазақстанның барлық округтеріндегі ауыл қала халқының саны ондағы қазақ, орыс, басқа тұрып жатқан ұлт өкілдерінің, саны толық берілген.

1926 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда тұрып жатқан барлық халық саны 6.507077 болған. Оның ішінде қазақ халқының саны 3.717.094. Ал біз қарастырып отырған Алматы округінде 508.788. Сырдария округінде 643.463. Қызылордада 176.438. барлығы 1.428.989. қазақ халқы өмір сүрген /237/ немесе қазақ халқының 31 проценті осы аймаққа орналасқан /есептеген біз/. Басқа округтермен салыстырғанда қазақ халқы Сырдария, Алматы округтерінде ең көп орналасқан.

Қазақ халқы ең көп орналасқан аймақта тіршілік көзі тек мал болды. Ал күнін көріп отырған малынан айырылған қазақ 1929-1930 жылдары көтерілістерге шықты, халық наразылықтары кең өріс алды. Олардың ішіндегі ең ірі бас көтерулер 1929 ж 27.09. басталған Так-



такөпір, 1929 ж 29.09. Бостандық, 1929 ж 1.XI. басталған Батпаққара көтерілістері. 1930.7.02. Созақ көтерілісі, 1930.17.03. Қаракұм, 1930.30.03. Ақмырза иман бастаған көтеріліс. 1930.3.IV. Балқаш көтерілістері. 1931 жылғы XII басталған Жетісу /Сарканд/ Қастек, Қордай көтерілістері /70/.

1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Жылдарға шаққанда олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-сі 1931 жылы орын, оларға 5468 адам қатысқан /2, Б.126/.

Қазақстандағы шаруалар көтерілістерінің бүкіл елде болған көтерілістерінен айырмашылығы: егер Ресейдегі сталиндік күштеп ұжымдастыру орыс халқының ұлттық мүддесіне қиянат жасамай, негізінен тек зорлық-зомбылыққа қарсылық түріндегі шаруалар наразылығын туғызса Қазақстанда керісінше, жаңа голощекиндік тәртіп қазақ шаруаларының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын ғана емес, рулық қарым-қатынасқа және қауымға негізделген ұлттық келбетін, әдет-ғұрпын, болмысын және психологиясын күйретуді мақсат етті /2, Б.135/. Қазақстандағы шаруалардың көтеріліске шығуына осы қатыгез саясат себепкер болды.

Қазақстанда болған халық наразылықтарын, көтерілістерді Голощекин және Қазақстан үкіметі «контрреволюциялық және бандиттік көтерілістер» деп түсіндірді. Кейінгі тарихта да біржақты бағаланып келді.

Ал бүгінгі таңда 1929-31 жылдардағы бас көтерулер қазақ шаруаларының Кеңес империясының зорлық-зомбылығына қарсы бағытталған, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы әділетті ұлт-азаттық қозғалысы деп бағалаймыз /2, Б.136/.

Қазақ даласындағы кең өріс алған халық көтерілістері аяусыз қарулы күштердің көмегімен қанға боялып басылды. Күштеп коллективтендіруге қарсы бағытталған Қазақстандағы 372 шаруалар көтерілісі, панасыз қалған халықтың зорлықшыл саяси жүйеге көрсеткен ең соңғы наразылығы еді /32, Б.70/.

Осылайша Голощекиннің жүргізіп отырған ұжымдастыру саясаты қазақ халқын қанға бояп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығынан айырып, оның алапат ашаршылыққа ұшырауын тездетіп түсті.

### 3.3. Зорлап отырықшыландыру - дәстүрлі мал шаруашылығын біржолата күйрету бағыты

Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған көшпелі және жартылай көшпелі қазақ аулын күштеп ұжымдастыру негізінде тым қысқа мерзімде зорлап отырықшыландыру саясаты ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылықты күйретіп соның нәтижесінде қазақ халқын бұрын-соңды тарихта болмаған «қызылтабан» шұбырындыға, алапат ашаршылыққа ұшыратып, қайғы-қасірет әкелді.

Орталықтың сенімді өкіліне айналған Голощекиннің Қазақстанда жүргізіп отырған жаппай отырықшыландыру саясаты — дәстүрлі мал шаруашылығын жоюға бағытталды. Бұл қатерлі саясатқа С.Сәдуақасов сияқты ұлт зиялылары қарсы тұрып өз ойын былай білдірді: «Біздің осы күнгі айтып жүрген сөзіміздің бірі қазақ жұртының отырықшылығы туралы болса, онда да бәрі бір мал жоғалмайды. Қазіргі замандағы Австралия, Америка секілді жұрттың мал шаруасы олардың отырықшылығына қарамай-ақ ұлғайып отыр. Адамшылықтың ілгері басуы мал бағуды жоюға тірелмейді. Қайта сол малды көркейтуге тіреледі. Сондықтан Қазақстанда мал шаруасының ілгері басуы жалпының тілегі болу керек. Көптің күші көл сол тілекке қарай бейімделу керек» деді /38, Б.148/.

Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндік болып тұрған кезде қазақ халқын қысқа мерзімде жаппай отырықшылыққа көшірудің пайдасынан зияны көп еді. Жүсіпбек Аймауытов «Ақ жол» газетінде 1925.25. IV-де жарияланған «Отырықшылықтың пайда, зияны» атты мақаласында: «...Әзір жерден таршылық көрмей отырған елдердің отырықшы болуында зиян бар демекпіз.

Ол мынау:

Отырықшы болса, жер жырту, егін салу керек, еңбегімен күнелту керек. ...Қазақ жерінде нағыз қара топырақ, егіндік жер кем. Бар жерінде құрғақшылықтан сау болмайды. Мәдениет түрімен егінді берекелендіруді қазақ түгілі орыс та үйреніп жеткен жоқ. Сондықтан егін салудан өнімді жеміс ала қоюы алма-ғайып.

Егін салуға соқа-сайман, аспап керек. Аспапсыз іс оңды болмайды. Аспапты қолға түсіріп алу бір қиын болса, оның тілін, тетігін біліп, тұтыну екінші қиын отырықшы болатын кедей-шаруа болса кедей-шаруаның көлігі, сайман жуырда сай бола қоймайды. Бірі жетсе, бірі жетпейді. Өзінен шығатын нәрсе болмаса «өкімет жарылқайдымен» жұбатуга болмайды.

Отырықшы болды-ақ мал кеми бастайды. Алғашқы кезде ауыр-тпалық малға түседі. Өйткені бір жағынан орын тебуге көлік, шығын керек. Екінші мал жүдейді, ариды, жерсінбейді, қысыр қалады, өледі. Аяқты малдың төтендеген шығыны тағы болады. Сонымен малдың қоры азаяды.

Бү күнгі көшпелі, шала көшпелі ел бір жерде жазы-қысы бірдей табан аудармай отыратын болса, неше түрлі ауруға, апатқа ұшырап, өліп, жоғалып кету қаупі бар. Отырықшы болуға, оның шарттарын үйретіп, тұрмыс түзеуге білетін, қызметінде жүретін, көзі ашық, басшылар керек. Соған ғана берілген мықты азамат керек.

Бұрын амалсыз отырықшы болып қалған кейбір елдердің тұрмысына қарасақ, тым-ақ өлімсіреген нашар мал жоқ, егін мардымсыз... Талай жерде отырықшы болғандар жерін тастап қайтадан көшпелі болуға айналып жүр. ... осы уақытта бір жағынан отырықшылыққа қызығатындар болса, екінші жағынан безушілерде бар. Жұртқа жапа-тармағай отырықшы бол деп айту адасқандық болады. Ол мүмкін емес...

Менің ойымша отырықшы болу жерінің жағдайына, шаруасының түріне, елінің тілегіне, мүддесіне қарай шешілгені дұрыс. Қызықтырып отырықшы қылу алды-артын болжамағандық болып, пайдасынан зияны басым шығып жүрмесін» деп ескерткен /36/.

Ж.Аймауытов төңкеріске дейінгі отырықшыланған елмен, одан кейінгі елдің жағдайын салыстыра отырып отырықшылықтың зиянының басым екендігін айтуда.

Осындай пікірді 1924 жылы «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде Қошке Кеменгерұлы да білдірген еді. Ол онда «Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек» деушілер бар. Қағаз бетінде отырықшы болумен мәдениет көктен түспейді, жерден шықпайды. Отырықшылықтың көп шарттары бар. Сол шарттар төңкеріске шейін отырықшылықтан пайда болған жоқ...

Отырықшы болған соң шаруа түрі өзгеріп, ауданы тараяды. Мұндай шаруаны алып бару үшін білімді көсемдер керек /оқытушы, агроном адам һәм мал дәрігерлері сияқты/, бұлар табылса һәм жер су егіндікке қолайлы болса, отырықшы болған артық...

Қазақтың бұл уақытқа шейін көшпелі болып мал бағумен келуіне екі түрлі себеп болды: 1) Кең өрісте мал өсірудің бейнеті аз болып пайдасының көп болғандығы. 2) Қазақ даласының ауасы, топырағы, өсімдігі суы мал өсіруге қолайлы. Таршылықтың уысына түскен елдер ешкімнің үгіттеуінсіз-ақ бейнеті көп болса да егін сала баста-

ды. Қазақ даласында тұщы су аз. Оңтүстікке орныққан орыс қалалары қай жерде су жетпегендіктен қар жинап бетін сабанмен жабады. ...Қара топырақты тұщы көлдер түгелімен келімсекке кетті деуге болады. Қазақ елі көбінесе құдықпен күн көреді....

Қазақтың тұтас егіндік жерлері келімсекке кетті. Бұдан нәтиже: қашан мәдениет өркендеп, техника күшейгенге шейін қазақ даласына егіншілік кіндік шаруа болмайтындығы, бізде ең негізгі шаруа негізінен кең табатын кәсіпшілдік пен мал шаруасы болады» деп атап көрсетті /35/.

Қазақ зиялылары сол жылдардағы қазақ елінің жағдайын толық түсіне білді, олар қазақ елінің егін егуге жарамды жерінің аз екендігін, жақсы жайылым, құнарлы жер келімсектерге кеткендігін, егіншілік қазақ түгел, орыстың толық қажетін өтей алмай отырғандығын, егін егуге құрал-сайманның оның жөнін білетін мамандардың жоқтығын, мемлекеттен көмектің шамалы болатынын жақсы түсініп, бір сөзбен айтқанда отырықшыланудың шарттары толық қалыптасқанда ғана отырықшылыққа өту керек, одан бері де қазақ халқын жаппай отырықшылық тұрмысқа көшіру, қазақ халқын өлімге итергенмен бірдей деп ескерткен еді.

Алаш зиялыларының кейінгі буындары С.Сәдуақасұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. отырықшыландыру туралы пікірлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлының пікірімен толық үндесіп жатты.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының өзіндік ерекшеліктерін терең білетін мамандардың пікірі бойынша мал шаруашылығы мен айналысатын халықтың он-он бес жылдан кейін 5,5-5 проценті ғана отырықшылыққа көшу керек болды /18/.

Қазақстандағы мал шаруашылығының ең маңызды ролін ешқандай жасанды шаралар өзгерте алмайды, ал оларды өзгерту тек зиян әкелетінін А.Н.Донич өзінің «Проблема Нового казахского аула» атты еңбегінде дәлелдеп берді. Автор осы еңбегінде: «Болашақта Қазақстанда мал шаруашылығы ғана сақталып қалады және алдағы уақытта да шаруашылықтың негізгі тірегі мал шаруашылығы болмақшы. Сондықтан, отырықшылыққа біртіндеп көшуге жағдай жасап, экономикалық тепе-теңдіктің бұзылмауын сақтау қажет. Басқаша айтқанда мемлекет тарапынан бөлінетін көмек-қаражаттың мол болмауынан отырықшылыққа көшу мүмкіндігінше баяу бағытта жүргізілуі тиіс», - дейді /21/. Көшпелі тұрмысты, мал шаруашылығын сақтап қалуды жақтаған Е.А.Полочанский «егер ел жайылымдық мал шаруашылығын жойып, оның орнына егіншілік мал шаруа-

шылығын дамытса, онда ...республика мал өсіре алмайды. Алайда Қазақстан жағдайында мал шаруашылығын кеңейтіп, екі үш есе көбейту қажет» — деп көрсетеді /22/.

Міне, осылайша қазақ зиялылары, мамандар дәстүрлі мал шаруашылығының қазақ халқы үшін маңызын түсініп, отырықшыландырудың ақылға сыйымды эволюциялық жолын ұсынды.

1930 жылдан бастап ауыл шаруашылығының дамуының сталиндік — голощекиндік бағытына балама пікір айтқан Алаш зиялыларынан бастап, мамандар, ғалымдар өткір сынға алынып, қудалана бастайды. Сонау 1913 жылы отырықшыландыру мәселесіне байланысты айтқан қазақ зиялыларының көзқарастары арада канша уақыт өткеннен кейін де голощекиндік басшылық тарапынан екі топқа бөлініп кінәланды: алғашқы топ - қазақтың дәстүрлі даму жолын қысқа мерзімде күштеп, жоспарлы түрде күйретуге, қазақты зорлап отырықшыландыруға қарсылар «көшпелі байлар» немесе «көшпелі идеологтары» деп біржақты қараланса, ал екінші топ - қазақты отырықшыландыру нормасын алып, егіншілікке көшуге шақырса да «жер иеленуші», жаңа капиталист бай деген жағымсыз атқа ие болды /74/.

Ал Қазақстан жағдайында — «тек көшпелі мал шаруашылығы ғана рентабельді және пайдалы», «егіншілік және отырықшыландыру, көшпелі тұрмысты жою қазақ халқын құртуға алып келеді», Қазақстанның табиғи-тарихи жағдайында егін шаруашылығын кең түрде дамыту мүмкін емес, егін шаруашылық аудандарда көп емес, республиканың 2/3 бөлігі көшпелі экстенсивті мал шаруашылығын дамытуға ғана жарамды» деген теорияны басшылыққа алып оны өз еңбектерінде ғылыми негізде дәлелдеп берген профессор С.П.Швецов, М.Сириус, проф. Вернер, А.Донин, А.Челинцев, А.А.Рыбников, Е.А.Полочанский, В.Соколовский т.б. жөнсіз айыпталды. Бұл ғалымдардың пікірлерінің дұрыстығын кейінгі жедел де зорлап отырықшыландыру қасіреті айқын дәлелдеп берді. Бұндай саликалы тұжырымдар Голощекин басқарып отырған өкімет тарапынан қолдау таппады, керісінше олардың көзқарасын айыптап, әшкерлейтін еңбектер жарық көрді /40-47/. Бұл еңбектерде С.П.Швецов, М. Сириус, А.Донич, А.Челинцев, Б.С.Бырдин т.б. «буржуазиялық экономистер, зиянкестер, контрреволюционерлер» деген айдар тағылды, қуғын-сүргінге ұшырады.

Өз еңбектерінде ауыл шаруашылығын дамытудың басты жолы ретінде нарықтық қатынастарға зор мән берген Одаққа танымал ғалым-экономистер А.Чаянов, Н.Кондратьев және т.б. ауыл шаруа-

шылығын зерттеумен айналысатын ғалымдар кулактардың көмегімен Кеңес өкіметін құлатуды мақсат етіп, «Еңбекші шаруалар партиясы» дегенді ұйымдастырушылар ретінде айыпталып тұтқынға алынды /74/. Ал Қазақстанда А.Чаяновтың, Н.Кондратьевтің бағытын қолдаған, сөйтіп Қазақстанның нақты жағдайын ескеретін саясат жүргізуді ұсынған ғалымдар «чаяновшылар», «кондратьевшылар» деген атауға ие болып қудаланды.

Н. Сырғабекұлы өзінің «Ауыл шаруашылығы жөніндегі байшылық қисындар мен зиянкестікке қарсы» мақаласында: «зиянкестер С.П.Швецов, Ә.Бөкейханов, С.Садуақасов, А.Рыбников, Полочанский капитализм дәуірін орнатуды мақсат етіп, социалистік құрылысқа қарсы дұшпандық саясат жүргізуде, олар Кондратьев, Чаянов ісіне, жолына түскендер», - деп айыптап жазды /238/.

Қорыта айтқанда, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру мәселесінде екі көзқарас қалыптасты. Бірінші — алаштық және ауыл шаруашылық мамандармен ғалымдар көзқарасы. Екінші — кеңестік. Бірінші пікірдегілер Алаш қозғалысының басшылары, /Әлихан Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов/ алаш зиялылары төңкеріске дейін отырықшылықтың отаршылдық мазмұнына қарсы шықса, төңкерістен кейін қазақтың дәстүрлі даму жолын қысқа мерзімде күштеп, жоспарлы түрде күйретуге, қазақ халқын зорлап отырықшыландыруға қарсы шықты. Екінші пікірдегілер кеңестік және партия басшылары «көшпелі және жартылай көшпелілерді отырықшыландыру қазіргі кезеңде едәуір күрделі іс, бірақ КСРО-да социалистік құрылысты онсыз аяқтауға болмайды» деген қағиданы басшылыққа алды /239/.

Осылайша ендігі жерде Кеңес үкіметінің алдында, Голошекин бастаған өкіметтің алдында бір ғана мақсат көшпелі жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшыландыруды жедел түрде іске асыру керек болды. 1929 жылы қарашада БК(б)П Орталық Комитеті Қазақ Өлкелік партия комитетіне отырықшыландыруды жоспарлау туралы арнайы шешімі қабылдауды талап етті.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашадағы өзінің мәжілісінде «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы қарарды бекіту» мәселесін арнайы талқылап, қаулы қабылдады. Қаулыда былай делінген: «Кеңестер Одағының ауыл шаруашылығын дамыту туралы XV партия съезінің қойған мақсатын орындау біздің Қазақстан жағдайында ең алдымен қазақ халқының осы уақытқа дейін қолданып келген шаруашылығының түрін түбірінен

өзгертуді талап етеді. Қазақ шаруашылығының артта қалған көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылық түрлері, ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен бөгет, ... шаруашылықтың бұл түрі социалистік құрылыспен ешқашанда үйлеспейді /240/.

Бұл қаулыда ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық түрін өзгерту, Қазақстанның барлық аймағында жаппай халықты отырықшыландырудың қазақ халқы үшін қандай қауіпті екендігі ескерілмеді.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшыландыру туралы мәселе алғаш рет қазақ орталық Атқару комитетінің 1930 жылы 2-9 қаңтарда болып өткен 2-сессиясында жан-жақты талқыланып, осы мәселе бойынша Орталық Атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназарұлының «Қазақ халқын отырықшыландыру жолдары туралы» баяндамасы тыңдалып, арнайы қаулы қабылданды /241/. Қаулыда былай делінді: «Қазақтарды отырықшылыққа айналдыру Кеңес үкіметінің Қазақстандағы ұлт саясатының ірі табысының бірі ... Отырықшылыққа айналудың шаруашылық жағынан маңызы өзгеше болмақ. Отырықшылық бірден астық егісінің көлемін, әсіресе өнеркәсіпке керекті егістік көлемін арттырады. Отырықшылық мал азығының қорын молайтып, мал шаруашылығын негіздендіреді. Малдың саны әсіресе оның сапасы артады. Отырықшылық жерді толық дұрыс пайдалануға мүмкіншілік береді және кеңестік шаруашылықтар мен переселен жұмыстарына басы артық жер шығаруға болады» /240, Б.14-19/ деді.

Осылайша қазақ халқын отырықшыландыру арқылы «астыққа, қоныс аударушыларға, совхоз құрылысына керек жерлер» ғасырлар бойы көшпелі жартылай көшпелі мал шаруашылығына пайдаланып келген жайылым жерлердің есебінен тартып алынды. Себебі Қазақстанда артық жер жоқ еді, бұны кезінде профессор С.П.Шевцов, Ә.Бөкейханов ғылыми түрде дәлелдей берген еді. Ал Қазақстан басшылары келімсектерді «артық жерге» орналастырып жатырмыз дегенді шығарды.

Қазақтарды жедел де жаппай отырықшыландыруға зор мән берген Өлкелік партия комитетінің бюросы 1930 жылы 19-қаңтарда өзінің «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру туралы» келесі қаулысын қабылдады /240, Б.4/.

Бұл қаулыларда, өкімет басшыларының сөйлеген сөздерінде жергілікті қазақ халқының ұлттық мүддесімен санаспады. Ата қоныстан айырылу, дәстүрлі шаруашылық кәсіптен қол үзу, тұрмыс салт

қалпының бұзылуы қазақ халқы үшін қандай қасірет-қайғы екендігін ешкім ойламады. Керісінше бұл қаулылар да отырықшыландыру қоныстанушылар үшін жүргізіліп жатқандыры ашық айтылып, тілеусіз қонақтардың келуіне, кеңінен жол ашты. Бұл дегеніміз патша заманындағы қоныстандыру саясаты, Кеңес үкіметінің тұсында да толық жалғасын тапты.

Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің қаңтарда болған сессиясы барлық көшпелі, жартылай көшпелі халық бесжылдың ішінде отырықшылыққа айналып болсын деген міндетті алдыға қойып отырықшылыққа айналдыру жұмысының бес жылдық жоспарын ұсынды. Жоспарда бүкіл Қазақстан бойынша 1929-30 жылдары 84.400 үй /шаңырақ/ отырықшылыққа айналу керек болса, бесжылдықтың соңында барлығы 544.000 үй отырықшылыққа айналу керек болды. Біз қарастырып отырған округтерде бесжылдықтың жоспары Сырдарияда 64.200, Алматыда 72.400, Қызылордада 41.000, барлығы 177,600 үй отырықшылану керек болды /240, Б.7/. Бірақ бұл ауқымды жоспар орындалмады. Себебі отырықшыландыру ісі алғашқы күннен бастап қазақ халқына жедел, жоспарлы түрде зорлап таңылды, қазақ халқының мүддесімен санаспады. Сондықтан да халық арасынан қолдау таппады, керісінше қазақ халқы кіндік қаны тамған ата қонысын тастап, қаша бастады. Отырықшыландыру алғашқы жылы-ақ сәтсіздікке ұшырады.

Бұған дәлел 1931 жылғы 3-13.Ү-ғы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің қасындағы отырықшыландыру комитетінен шыққан бригаданың тексеру қорытындысы /242/. Бұл қорытынды да Оңтүстік Қазақстан аудандардағы отырықшыландыру жұмысы мүлде жүрмегендігі айтылған. Алматы облысының Алқакөл, Аякөз, Ақсу, Қаратал, Талдықорған, Үржар, Лепсі, Кеген, Октябрь, Жаркент аудандарында отырықшыландыру 1932 жылдан басталып, отырықшыланатын елге 6516 құрылысы объектісі салыну керек деп жоспарланған /243/. Бірақ отырықшыландыру барысында бірде-бір құрылыс объектісі аяқталмады. Қытаймен шекаралас Үржар, Кеген, Октябрь аудандарында халық отырықшылану басталысымен Қытай жеріне көшіп кеткен. 1932 жылы қазақ даласын аштық жайлағанда бұл аудандарда құрылыс жұмыстарын жүргізбек түгіл, өмір сүру мүмкін болмай қалды, азық-түліктің, нанның жетіспеуінен халық аштан қырылып боси бастады /244/.

Зорлап ұжымдастыру және күшпен отырықшыландыру саясатының ауыр соққысын таза мал шаруашылығымен айналысқан аудан



дар көрді. Мәселен, алапат аштық жайлаған ауданның бірі Қазалы болды. Қазалы ауданы таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, өзінің табиғи-тарихи жағдайы мал шаруашылығына жайлы еді. 1928-29 жылы бұндағы мал саны миллионға дейін жеткен. Жергілікті табиғи жағдайға байланысты халқы түйе, қой-ешкі малын өсірген. Дәстүрлі шаруашылықты дамытып, өзінің қажетін төрт түлік малмен толық өтеп отырған елдің шырқын Голощекиндік қатыгез саясат бұзды.

Қазалы ауданында отырықшыландыру 1932 жылдан басталу керек еді, бірақ алғашқы күні-ақ сәтсіздікке ұшырады. Оның басты себебі: 1) халық арасында ешқандай бұқаралық түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді, осыдан барып халық жүргізіліп жатқан шараларға немқұрайды қарады, жергілікті халық бұл отырықшыландыру ісіне ешқандай қызығушылық білдірмеді; 2) таза көшпелі аудан болғандықтан бұл жердің өзіндік ерекшеліктерін, тұрмыс жағдайын ескермеді, оны елегенде жоқ, ауданда жаппай отырықшыландыруды жүргізуге асықты; 3) ауданда жаппай отырықшыландыруды жүргізу үшін, мемлекет тарапынан берілген қаражат жеткілікті ме? Өте қажетті құрылыс материалдары бар ма? Бұны ешкім есепке алып жатпады /245/.

Осындай негізгі себептермен қатар отырықшыландыру жұмысының сәтсіздікке ұшырауын өкімет басшылары аудандағы қожалықтардың босып кетуінен көріп, яғни босқыншылық басты кедергі болды деп түсіндірді. Бұған дейінгі күштеп ұжымдастыру саясатының кесірінен колхоздарда мал да қалмаған.

Соңғы жылдары жылдан-жылға мал басының күрт құлдырауы бұл ауданда байқалды. Аудандық колхоз одағының мәліметі бойынша 1931 жылғы барлық мал саны оның ішінде жылқы 4961, түйе 6963, ірі қара 4493, қой-ешкі 6391, барлығы 22808 /246/. 1932 жылдан бастап мал басы адам айтқысыз күйреп, 1932 жылғы бірінші ақпандары санақ мәліметі бойынша мал басы: жылқы 4602, түйе 3767, ірі қара 2905, қой-ешкі 4844, барлығы 16118.

1932 жылдың ақпан айына қарағанда соңғы жарты жылда мал басы 49 процентке қысқарып кеткен. 1933 жылғы тамыз айында аудан бойынша небәрі 8054 бас мал қалған, оның ішінде түйе 761, жылқы 798, ірі қара 1454, қой-ешкі 5041.

Әсіресе соңғы жылдардағы мал басының күрт кему себебін жаппай бұқара халықтың өздерінің малдарымен бірге басқа жат өлке-лерге негізінен Қарақалпақ облысына көшіп кетуінен көрді. Екінші негізгі себебі - өлкелік ұйымнан бастап аудандық, ауылдық басшы-

ларға дейін көшпелі аудандарда малды қоғамдастыруды күштеп, халықтың ықтиярынсыз жүргізу, малды жаппай талан-таражға салу, жыртқыштықпен сойып алу деп түсіндірді /247/.

Жоғарыда айтқандардан қорытынды жасасак, өкімет басшылары «партия саясатының бұрмалануы мал шаруашылық аудандарды апатты құлдырауға алып келді» деп түсінді. Ал осы көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылық аудандардағы партияның жүргізіп отырған отырықшыландыру саясатының қате екенін, осы саясаттың кесірінен қазақ халқы қолындағы малынан айырылып, босқыншылыққа ұшырап отырғанын ескергісі келмеді. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы көшпелі жартылай көшпелі аудандарда жүргізілген жаппай отырықшыландыру жұмысы да сәтсіздікке ұшырады. Орталық Комитет пен Қазақстанда Голощекиннің жүргізіп отырған күштеп отырықшыландыру саясаты қазақ халқын алапат ашаршылыққа алып келді. «Ел аман, жұрт тынышта» қолдан жасалған жұттан, миллиондаған мал қырылып қалды. Алқымнан алған аштықтан құтылу үшін, жан сауғалап мыңдаған қожалықтар 1931 жылдың ортасынан 1932 жылдың басында басқа облыстармен республикаларға босып кетті, сонымен бірге Қазақстанның өз ішінде ауданнан ауданға және қалаларға ауа көшу кең өріс алып кетті.

Мал басының бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген мөлшерде кеміп кетуі, босқыншылық, аштық туралы орын алып отырған өрескел қателіктер туралы 1932 жылдың 4-шілдесінде Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Қ.Алтынбеков, Қ.Қуанышев БК(б)П Өлкелік комитетіне Голощекин жолдасқа хат жолдайды /228, Б.9-20/.

Бірақ Голощекин аштық жайлаған қазақ халқының ауыр жағдайы туралы аузын ашпады. 1932 жылдың қысынан бар малынан айырылған қазақ халқының ауыр жағдайы туралы жазылған хаттар тікелей Сталиннің өзіне жетіп жатты. Олар негізінен 1932 жылы ақпан айында жазылған еңбекшілердің хаттары, 1932 ж. 11. Ү-ғы О.Исаев пен М.Орымбаевтың КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне жолдаған мәлімдеме хаты /228, Б. 109-112/, 1932 жылғы тамыздағы О.Исаевтың Сталинге жазған хаты /228, Б.38-54/, 1932 ж. 29-қыркүйектегі Т.Рысқұловтың Сталинге жазған хаты /228, Б.38-54/. Осы хаттар арқылы Орталық Комитет, Сталин мәселеден толық хабардар болды, бұл хаттар олардың үндемей қалуына мүмкіндік бермеді, сондықтан да олар шешім қабылдауға мәжбүр болды.

БК(б)П Орталық Комитеті 1932 жылы 17-қыркүйекте өзінің «Қазақстанның ауыл шаруашылығы және оның ішінде мал шаруа-

шылығы туралы» қаулысын қабылдайды. Қаулы «Қазақстанда мал шаруашылығының маңызы өзгеше болғандықтан Қазақстанның отырықшы-егінші ауданындағы колхозшылардың жеке өз пайдасындағы малы үй басына 2-3 сиыр, ұсақ төлмен 10-20 қой. 10-20 шошқаға дейін болсын. Ал мал шаруашылық аудандарда малшы қазақтың жеке өз пайдасындағы малы үй басына 100 қой, 8-10 сиыр, 3-5 түйе, 8-10 жылқы ұстауына рұқсат берді» /248/.

Бірақ мұндай мал аштық жайлаған қазақ даласында жоқ еді, сонымен бірге Кеңес үкіметі өмір сүрген жылдарда да болмады. Қазіргі қазақ қожалықтарында да жоқ. Міне дәстүрлі шаруашылықты күйретудің ауыр зардаптарын бүгінде қазақ ауылдары көріп отыр.

Бұл қаулы тарихи зерттеулерде кейінгі кезге дейін «Мал шаруашылық аудандардағы колхоздастыру ісінің ең қолайлы түрлерін, қазақ ауылындағы мал шаруашылығын дамытудың дұрыс жолын көрсеткен, колхозшылардың жеке меншігінде, пайдаланатын малдың мөлшерін, Кеңестер Одағының басқа аудандарына қарағанда көбейткен, көшпелі жартылай көшпелі елді өздерінің ықтиярымен бірте-бірте отырықшыландыру жолын белгілеген, азық тұқым, қаражат беріп зор көмек көрсеткен» тарихи қаулы деп дәріптеліп келген еді.

Ал, шын мәнінде, бұл қаулы сол кездегі қазақ халқының өмір тіршілігінен алыста еді. Себебі тіршілік көзі болған бар малынан айырылған малшы қазақ аштыққа ұшырап, қырылып жатқанда, аштықтан аман қалу үшін сенделіп, үй-күйсіз босып жүрген қазаққа мал бақ деу ақылға сыйымсыз еді. Мұндай мал жоқ та еді.

Миллиондаған мал қырылып, халқы аштан өліп, отырықшыландыру жұмыстары өлкеде орындалмай, сәтсіздікке ұшырап жатса да Голощекин өзінің 1932 жылғы 9-қыркүйекте Орталық Комитетке жазған хатында: «1930 және 1931 жылдары 164 мың қазақ шаруаларының қожалықтары отырықшыланған» деген мәлімдеме жасайды /2, Б.245/.

Ал жоғарыда аталған БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17-қыркүйектегі қаулысында: «200 мың қазақ қожалықтары отырықшыландырылған, егін кәсібі дамып келеді, осының арқасында қазақ шаруа егісі көбейіп, Қазақстандағы барлық егіс көлемі 31 проценттен 50 процентке дейін көтерілді», - деп атап көрсетілді /248/.

Бірақ бұл Голощекиннің жоғарыдағы Орталық Комитетке берген мәлімдемесі де, қаулыда шындыққа жанаспайтын еді. Егіс алқаптарын көбейтпек түгіл, құмға, сорға отырықшыланған қазақтарға ішуге жарайтын тұщы су да табылмады.

1932 жылы 29-қыркүйекте Т.Рысқұловтың БК(б)П Орталық Комитетіне — Сталинге жолдаған хатында: Отырықшылыққа көшкен 200 мыңға жуық қожалықтың жай-күйін төмендегіше сипаттайды: «РСФСР Екіншілік Халық комиссариатының арнаулы бригадасы зерттеп анықтаған деректер бойынша, егістік көлемі айтарлықтай өсіп отыр, бірақ өнімділігі өте төмен және жердің құнарсыздығы мен ылғалдың жетіспеушілігі салдарынан кейбір жерлерде егін шаруашылығының тиімсіздігі байқалуда. ...Мал басы едәуір кеміп кетті: ірі қара 75 процент, сиыр 65 процент және қой 88 процент кеміді. Негізінен алғанда, отырықшылыққа көшірілді деген халық бұған дейін-ақ біржола қоныстанып алғандар, ал көшпелі халық өте аз қамтылды /5,2 процент/ атап айтқанда, отырықшылыққа көшіру жоспарына енгізілген шекаралық аудандарда бұл шаралармен халық 7 процент қана қамтылды. Құрылыс жұмысы басталған мекендердің 21 проценті басқа жерге көшірілуге тиіс, қожалықтардың 20 проценті орналасқан жеріне көңілдері толмайды /су тапшы т.б./ кейбір қоныстанушылар тұрағы әлде неше рет өзгертілді» /228, Б.46/.

Қазақстанның оңтүстік аймағында да көшпелі жартылай көшпелі қазақ қожалықтарын отырықшыландырудың жоғарыдан таңылған ауқымды жоспары да орындалмай қалды. Алматы облысы бойынша 25318 қожалық отырықшылану керек болса, алғашқы бес жылдықта 3850 қожалық ғана отырықшыланған. Ал Оңтүстік Қазақстан бойынша 59686 қожалықтың небәрі 2430 ғана отырықшыланған /249/.

Ал барлық Қазақстан бойынша отырықшыландырылған қожалықтардың саны 100 мыңға да жетпеді. Алғашқы бесжылдықта, яғни 1932 жылдың соңына қарай Қазақстандағы отырықшыланған қожалықтар саны небәрі 70,5 мың немесе қазақ қожалықтарының 17,6 проценті ғана болды. ...Бірақ отырықшыландыру процесінің алғашқы бесжылдық кезінде орындалмай қалған күрделі міндеттерін Кеңес өкіметі келесі бесжылдықта бәрібір жүзеге асырды /2. Б.246/.

Отырықшыландыру қазақ халқының мүддесі үшін жүргізілген жоқ. Отырықшыландыру саясаты арқылы мемлекет тек солақай біржақты мақсатты: астық проблемасын тиянақтау, сол арқылы индустриялық прогресс үшін қор жинауды қамтамасыз ету ісін ғана шешті /яғни, «қазақ халқын әлеуметтік прогрестің сара жолына түсіруге» ұмтылу әсте де негізгі себеп болған емес /159/.

Осылайша, әуел бастан қазақ халқына зорлап, күштеп таңылған отырықшыландыру саясаты халықты аштыққа, босқыншылыққа ұшыратып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын біржолата жойып, күйретіп жіберді.

## Төртінші тарау: ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН КҮЙРЕТУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫ

### 4.1. Мал шаруашылығының күйреу ауқымы және жаппай босқыншылық

Қазақстан үкімет басына Голощекин билікке келгенге дейін, яғни большевиктердің төтенше аграрлық реформасы басталғанға дейін қазақ халқының шаруашылық күн көрісі мал шаруашылығы болып, өлке экономикасының негізгі басты саласы болып келді.

Егін шаруашылығына келетін болсақ, Қазақстанның көптеген аудандарында тек қана ішермендік сипатқа ғана не болды, оның өзі аз мөлшерде еді. Қолайлы жылдардың өзінде-ақ мал шаруашылық аудандардың қажетін өтей алмады, демек қазақ халқының әл-ауқатының артуы тек қана мал шаруашылық жағдайына тәуелді болды /250/.

Осындай қазақ халқы үшін тіршіліктің жалғыз көзі болған мал басы күштеп ұжымдастыру және жоспарлы түрде жаппай отырықшыландыру жылдарында бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген мөлшерде кеміп кетті.

Ораз Исаев 1932 жылғы тамыз айында Сталинге жазған хатында мынадай дерек келтіреді. 1929 жылғы есептің деректері бойынша Қазақстанда 40 миллион бас мал болған /төлді бөліп жармай түгел қоса есептегенде/, ал қазір не бары 6 миллиондай мал қалды, оның 2 миллионы совхоздарда, ал колхоздық сектормен жеке меншік сектордағы 4 миллион бас малдың көп бөлігі қазақтың бұрынғы негізгі мал шаруашылық аудандарында емес, орыс аудандарында /228, Б.23/.

Бұл деректі архив құжаттары да дәлелдей түседі. Қазақстанда 1933 жылы мал саны 1929 жылмен салыстырғанда 16 есеге кеміп кеткен. Басқаша айтқанда қолда бар 39 миллион 294 мың малдан 2 миллион 428 мыңы қалған. Бұл не бәрі төрт жылдың ішінде 37 миллион малдың жоқ болғанын көрсетеді /251/.

1929-1933 жыл аралығындағы барлық Қазақстан бойынша мал басының әр түрінің кемуі жылдарға шаққанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады /252/:

27-кесте

1929-1933 жылдардагы мал басының кемюі

Жыл-лар	Жылкы		Ірі кара		Қой-ешкі		Шошка		Түйе		Барлығы	
	Мал басы (мың)	1929 %%	Мал басы (мың)	1929 %%	Мал басы (мың)	1929 %%	Мал басы (мың)	1929 %%	Мал басы (мың)	1929 %%	Мал басы (мың)	1929 %%
1929	4156.6	100.0	7180.2	100.0	26497.5	100.0	284.3	100.0	12922.2	100.0	39.318.8	100.0
1930	3283.6	79.0	4806.8	67.0	15659.4	59.0	68.4	24.0	1062.7	82.2	24.881.0	63.3
1931	2050.8	49.0	2803.0	40.0	5056.4	19.0	87.9	31.0	518.2	40.1	10526.3	26.7
1932	709.9	17.0	1662.6	23.0	2864.3	11.0	92.7	33.0	181.6	14.0	5511.1	14.0
1933	459.7	11.0	1628.4	22.6	2874.0	11.0	141.1	49.6	90.5	7.0	51937	13.2

Кестеден 1929 жылдан бастап төрт түлік малдың күрт қысқарғанын көреміз.

Қазақстанда әр кезде де мал шаруашылығының товарлы өнімінің негізгі басты саласы қой шаруашылығы болған еді. Кестеден көріп отырғанымыздай 1930 жылы бірінші кезекте осы сала көп зиян шекті. 1929 жылмен салыстырғанда ірі кара малы 33 процентке қысқарса қой ешкі саны 41 процентке қысқарып кеткен. Мал басының қысқаруы 1931, 1932, 1933 жылдары бұрынғыдан да күшейе түскен.

1929 жылмен салыстырғанда 1933 жылы жылқы 89 процентке, ірі кара 77,4 процентке, қой-ешкі 89 процентке, түйе 93 процентке, шошқа 50,4 процентке кеміген, барлық мал басы осы жылдары 86,8 процентке қысқарған.

Бұл жылдары мал басының құрылымында және малдың әр түрінің үлес салмағы өзгеріске ұшырады. Барлық малдың ішінде қой, ешкі, жылқы, түйе малының үлес салмағы төмендегенде, ірі кара, шошқаның алатын үлес салмағы өскен. Малдың әр түрінің үлес салмағы процент бойынша төмендегідей /253/.

## 28-кесте

Малдың үлес салмағы /%% бойынша/

Мал түрі	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Жылқы	10.0	12.2	17.2	11.8	8.4
Ірі кара	22.8	25.4	35.4	37.8	32.9
Қой-ешкі	63.4	58.2	42.3	46.3	54.6
Шошқа	0,7	0.3	0.8	1.5	2.3
Түйе	3.1	3.9	4.3	2.9	1.8
	100	100	100	100	100

Қазақстанның әр облысында мал басы миллиондап қырылып қалған. Малы көп аймақ Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары болса, бұл өлкеде мал басы адам айтқысыз құлдырап кеткен. Бұл облыстарда қазақ халқының тығыз орналасқанын, басым екендігін ескерсек, басқа облыстарға қарағанда аштықтың ауыр қиянатын осы аймақтың халқы көрді. Мұны біз 1929-1933 жылдардағы осы облыстардағы мал басының әр түріне жасалған талдаудан көре аламыз: /254-255/ .

## 29-кесте

1929-1933 жылдардағы Алматы облысындағы мал басының кемуі

Мал түрлері	Барлық мал басы		1933 жылы 1929 жылмен салыстыр- ғанда %%	Мал құрылымындағы үлесі (%%)	
	1929ж.	1933ж.		1929ж.	1933ж.
Жылқы	601400	63193	10.5	8.9	7.7
Түйе	70.300	3864	5.5	1.1	0.5
Ірі қара	741600	164.683	22.2	11.9	30.1
Қой-ешкі	5366400	565664	10.5	78.9	68.9
Шошқа	15.800	23.033	145.8	0.2	2.8
Басқалары	3900	604	15.5	0.0	0.0
Барлығы	6.798400	821.041	12.1	100.0	100.0

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша /255/

Мал түрлері	Барлық мал басы		1933ж. 1929 ж. салыстыр- ғанда % %	Мал құрылымындағы үлесі %%	
	1929 ж.	1933 ж.		1929 ж.	1933 ж.
Жылқы	568.800	56.687	10.0	6.7	7.8
Түйе	419.500	14.250	3.4	4.9	1.9
Ірі қара	573.500	93.308	16.3	6.8	12.8
Қой-ешкі	6882.400	545.962	8.0	81.0	7.0
Шошқа	14.800	10.158	68.6	0.2	1.4
Басқалары	33.700	7.904	23.5	0.4	1.1
Барлығы	8.492.800	728.269	8.6	100.0	100.0

Көшпелі, жартылай көшпелі аудандардағы малдың негізгі түрі түйе қой-ешкі жылқы екенін ескерсек бұл аудандардағы мал басының көп қырылғанын көреміз. Шөл және жартылай шөлейт оңтүстік аймақта түйе шаруашылығы мал шаруашылығындағы ерекше сала болған еді. Кестеден көріп отырғанымыздай екі облыстарда төрт түлік малдың ішінде түйе адам айтқысыз қысқарған. 1929 жылы түйе 13 есе азайып кеткен барлық өлке бойынша /256/. 1933 жылдың өзінде



Оңтүстік Қазақстан облысының «Скотовод» трестінің 14 совхозында түйе шығыны /өлгені, жоғалғаны, ұрланғаны, қасқыр жегені бар/ 55 процентке дейін жеткен. Ал Алматы облысының совхоздарындағы түйе шығыны 1932 ж. 1.01.- 1.XI дейін /он айдың ішінде/ 37% жеткен. Бұған себеп бірінші түйе малын көшпелі шаруашылықпен байланыстырып, оған деген көзқарастың дұрыс қалыптаспауы, төрт түлік малдың ішіндегі алатын орнын дұрыс бағаламау, оларды есепке алмау, жыртқыштықпен талан-таражға салып 1930-1931 жылдары жаппай етке өткізу. Екінші себеп төл шығынының өте көп болуы, түйелердің жаппай ауруға шалдығып қырылуы себеп болды /257/.

Алматы облысына қарағанда Оңтүстік Қазақстанда қой-ешкі саны көп кеміп кеткен, ал бұл екі облыста да бұл мал түрі негізгі тіршілік көзі болатын, қой ешкі малының азайғаны соншалық халықтың күнделікті өмірлік қажетінде өтей алмады. Жылқы малы да азайып кеткен, ірі қара малы да өмірлік қажеттілікті өтеуден қалды, ең сиырсыз қожалықтар осы оңтүстік аймақта болған. 1932 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында малсыздық 98 процентке жеткен /258/.

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ғасырлар бойы қалыптасқан ерекше өзіндік жемшөп қорының орасан зор табиғи жайылымдар байлығын пайдаланудың негізінде дамып келген мал шаруашылығын қатыгез Голощекиндік саясат біржола жойды.

Ф.И.Голощекин мал басының күрт азаюын өзінің 1932 жылғы 9 қыркүйекте Мәскеуге Орталық Комитетке жазған хатында да былай деп түсіндірді.

Біріншіден, тап күресінің өткірлене түсуі жағдайында жүргізуліде. 1928 жылдың өзінде-ақ біздер жартылай феодалдарды жоюды жүргізгенде байлар малды жыртқыштықпен жоюмен жауап берді, ал кедейлер, батырақтар және колхозшылар оларға байдың малын басы-бүтін беріп отырғандарымызға толық сене қоймады және өз кезектерінде бұл малды қорғай қойған жоқ. 29,30,31 жылдар сан жағынан көптеген қарулы бас көтерулер болды... Бұған қосымша осы уақытта мал аса көп сойылады, сондай-ақ қақтығыстар кезінде мал зор шығынға ұшырады.

Екіншіден, егер коллективтендірудегі қателіктер егіншілік және отырықшы аудандарда мал шаруашылығы жағдайына қатты әсер етіп отырса, олар ауылдағы коллективтендіруде онан да терең көрініс беруде.

Үшіншіден, таза мал шаруашылығымен айналысатын байлардың қазақ шаруашылығының қосалқы егіншілігі, басқадай қосымша

кәсіпшілігі болмағандықтан жартылай натуралды, тауарлық емес түрден тауарлылыққа өтерде, тауарларға, астыққа, ауыл шаруашылығы құралдарына сұраныс өсіп, ал табыс көзі тек қана өнімі аз және тұрақсыз мал шаруашылығы болып отырған жағдайда-мұндай шаруашылықтың өтпелі кезеңде өмір сүруі қиын.

Төртіншіден, мал шаруашылығына бұл кезеңде көрші өлкелерге боса көшушілер және қайта оралып көшулер күйзелістер әкелді.

Бесіншіден, осы жылдары бастан кешкен егіннің шықпай қалуы және жұт /259/.

Голощекин тарихи шындықты бұрмалап түсіндірді. Ақиқатқа жүгінсек, мәселе керісінше көрініс береді, яғни мал басының апатты құлдырауына Голощекиннің Қазақстан үкіметі басына келгеннен кейінгі өзі жүргізген тәркілеу, ет дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаты басты себеп болады. Голощекин жүргізіп отырған саясат мал шаруашылығын күйретіп қана қойған жоқ, қазақ халқын босқыншылыққа, аштыққа ұшыратты.

Қазақстандағы мал басының орасан зор шығынға ұшырауын үкімет басшысы Ораз Исаев 1933 жылы 12-шілдеде Өлкелік Партия комитетінің VI пленумында өзі жасаған баяндамада ресми мойындады. Ол өз сөзінде: Қаражат халық комиссариатының есебі бойынша 1929 жылы Қазақстанда 39-40 млн. бас мал болған. Айналасы үш жылдың ішінде ішінде 1933 жылы ақпан айында бізде 4 миллион мал қалған, оның ішінде 1600 мың совхоз секторына, ал қалғаны колхоздық сектор мен жеке меншік секторда. Осы малдың ең аз бөлігі шамамен 300 немесе 400 мың бас мал ғана мал шаруашылық аудандардың үлесіне тиеді, ал бұрын 40 млн. бас малдың 29 млн. бас малы осы ауданда болған» /260/ деді.

Яғни 1933 жылдың ақпан айында бүкіл Қазақстан бойынша көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы 174309 қожалықта небәрі 370.032 бас мал қалған /261/. Мал шаруашылығы бұл аудандарда қазақ халқының негізгі кәсібі және бірден-бір дерлік табыс көзі болғандығын ескерсек, бұл аудандардағы қазақ халқы аштықтың жан түршігерлік ауыр зардаптарын көрді. Көшпелі жартылай көшпелі аудандардың басым бөлігі Қазақстанның оңтүстік аймағына орналасқанын ескерсек, бұл аймақтағы қазақ халқы бәрінен көп азап шекті. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы көшпелі жартылай көшпелі аудандардағы 1933 жылдың басында қалған мал саны төмендегідей /262/.

**30-кесте**

Көшпелі, жартылай көшпелі аудандардағы мал саны

	Шаруа шылық саны	Барлық мал	Оның ішінде			
			Жылқы	Ірі қара	Түйе	Қой-ешкі
Алматы Оңтүстік Қазақстан	11329	12915	4718	3851	1153	5211
Қазақстан	34602	42181	4521	9543	3599	24520

Қазақстанның басқа егіншілік аудандарына қарағанда көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы мал басы өте көп қысқарғандығы соншалық бұл аудандардағы қалған мал халықтың күнделікті қажетін өтей алмай қалды. 1929 жылы көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы орта есеппен әрбір шаруа шаруашылығындағы мал басы жалпы өлкедегі шаруашылықтары мал басынан едәуір жоғары болған.

**31-кесте**

1929 жылғы бір шаруашылықтары мал басы

	Жылқы	Ірі қара	Түйе	Қой- ешкі	Барлық мал
Өлке бойынша	3.4	5.8	1.0	12.4	22.5
Көшпелі жартылай көшпелі ауд.	3.6	6.3	2.8	28.9	41.6

Ал 1933 жылы бұл жағдай керісінше байқалады. Көшпелі жартылай көшпелі аудандардағы орта есеппен әрбір шаруа шаруашылықтарындағы мал саны өлкемен салыстырғанда өте төмен /264/.

**32-кесте**

1933 жылғы бір шаруашылықтағы мал басы

	Жылқы	Ірі қара	Түйе	Қой- ешкі	Барлық мал
Өлке бойынша	0.6	1.3	0.1	1.7	3.7
Көшпелі жартылай Көшпелі аудандар	0.4	0.6	0.3	0.9	2.2

1933 жылы көшпелі жартылай көшпелі аудандарда әр отбасына бір ғана қой малынан айналған. Бұл дегеніміз Қазақстанның оңтүстік аймағындағы көшпелі, жартылай көшпелі аудандардағы әрбір шопанның құр таяқ ұстап қалғанын көрсетеді.

Көшпелі жартылай көшпелі ауданның тұрғындары мардымсыз ғана малмен қамтыла отырып, олардың Қазақстанның басқа аудандары сияқты егін шаруашылығын дамытуға да мүмкіндіктері болмады. Көшпелі аудандардағы егіс көлемі болымсыз болған небәрі 471,7 мың гектер, яғни бір шаруашылыққа 2,9 гек. келген /265/. Бірақ біріншіден, әрбір шаруашылыққа бөлінген егіс көлемі жеткіліксіз болса, екіншіден алынған өнім өте мардымсыз болды. Мысалы, Қазалы ауданында 1932 жылдың шілде айынан бастап Сырдарияның су деңгейі төмендеп кетеді соның нәтижесінде еккен тары құрап кеткен. Ирригациялық жүйелердің қирағаны соншалық жыл сайын 30-35 % егіс алқабы істен шыққан, кейбір ауылдар соңғы екі жылда су көрмеген /266/.

Осылайша көшпелі жартылай көшпелі халықтың жардайы өте қиын халде қалды. Большевиктер жүргізіп отырған саясат көшпелі жартылай көшпелі аудандарда жалғыз ғана негізгі товарлы сала болып, жергілікті халықтың азық-түлік қажетін толық өтеп келген дәстүрлі мал шаруашылығына күйрете соққы беріп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылықтың жүйесін біржола жойды.

«Ауылдағы жұмыстар мен мал шаруашылығын өркендету туралы» Қазақстан Өлкелік партия комитетінің VI пленумында жасаған баяндамасында О.Исаев Қазақстандағы мал шаруашылығының адам айтқысыз ірі шығынға ұшырағандығына, әсіресе көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда сұмдық ойсырағандығына нақты тоқтала келіп былай деді: «Мал қазақ елінің көбінің негізгі кәсібі және кірісінің, табысының жалғыз көзі. Мал шаруашылығының ойсыруы қазақ еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын өте нашарлатты, соның салдарынан көп жерде азық-түлік қиыншылығы болды, соның салдарынан жұрт жосып, қонысын тастап, көшпенділікке түсті.

Соңғы үш жылда мал қатты азайды, малдың азаюы қазақ ауылының шаруашылығын шайқады ... кемшіліктер әлі күнге дейін жойылған жоқ, бір сыпыра мал өсіруші аудандарда азық-түлік қиыншылығы күні бүгінге дейін тоқтатылған жоқ».

Қазақстандағы мал шаруашылығы неге мұнша ойсырады, бұған не себеп болды деген сұраққа О.Исаев былай деп жауап берді: біріншіден, малдың азаюы тап жауларының қастығынан ғана болды,

мал шаруашылығын социалистік жолға салып өркендетуге кіріскенде мұндай шығын болмай тұрмайды... Екіншіден, бүкіл Қазақстан партия ұйымының алдымен оның басшысы Өлкелік комитеттің қателері, партия саясатын бұрмалағандығы болды. Бұл қателер мынандай болды: мал өсіруші көшпелі жартылай көшпелі аудандардың жаппай колхозға айналдырылуы, тым шапшандатылып жіберілді. Үгіт түсінік ісі жүргізілместен мал біткеннің бәрін шетінен ортақтастырды. Ортақтастырылған мал қыстың сұрапыл суығында бір жерге жинастырылды, жем – шөптің болмауынан талай мал қырылды.

— Ірі қателеріміздің бірі ешбір әзірлік жүргізбестен, жаппай колхоздастырып тұрып, көшпелі, жартылай көшпелі елді отырықшылыққа айналдыру ісін жеделдеткендік болды. ...Малдың азаюына кейінгі бірнеше жылдай егіннің шықпағандығы аз әсер еткен жоқ» деп білді /267/.

Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, отырықшыландыру комитетін басқарған Ораз Исаев мал шаруашылығының күйреуін мойындағанымен оның басты себептерін өз атымен атауға дәрменсіз еді. Ол партияның жүргізіп отырған саясаты дұрыс, қателіктер партия саясатын бұрмалаудан туып отыр деп қана білді.

Ф.И.Голощекиннен бастап, онын маңындағы Қазақстан басшылары қазақ даласын жайлаған, бұрын-соңды тарихта болмаған алапат ашаршылықты, кейбір аудандарда ғана азық-түлік қиыншылықтары болуда деп қана түсіндірді, жайлаған аштықты өз атымен атамады, оны көргілері де келмеді.

Қазақстандағы 1929 жылғы 39,3 миллион бас малдың 1933 жылы 5,2 миллион бас малға күрт қысқарып кету себебін Қазақстан өкіметі былай деп түсіндірді: мал басының бұндай кемуі Қазақстанның ауыл шаруашылығында бірсыпыра қосымша қиыншылықтар туғызды, әсіресе көшпенділік /яғни босқыншылық/ күшейді. Мал басының кемуі, көшпенділіктің тууы бұрышы ескі басшылықтың және жергілікті ұйымдардың қателерін, бұрмалаушылықтарынан болды, тап дұшпандарының ұйымдасқан зиянкестігі бұл қиыншылықтарды онан сайын күшейте түсті.

Қазақстанда мал басының кемуінің негізгі себептерінің бірі кулак-байлардың зиянкестігі болды. Себебі ауыл шаруашылығының басқа салаларында мал шаруашылығында кулак-байлардың алатын орны зор еді. Малды қыруға, қонысын тастап көшуге үгіт жүргізу үшін кулак-байлар — бұл қателіктер мен бұрмалаушылықтарды кең түрде пайдаланды.

Жіберілген қателіктер:

а) Колхоздастыру ісіндегі бұрмалаушылықтар, жер-жердің өзіндік ерекшеліктерін ескермей колхоздастырудың жалпы қарқынын күшейту. Әсіресе мал шаруашылық аудандарда егін-пішен, мал серіктерінен аттап өтіп бірден артельге және коммунаға көшу, казак аудандарының ұлттық, тұрмыстық өзгешеліктерді ескермеу;

ә) Отырықшыландыру қарқынын жеделдету және бұл жұмыстағы бұрмалаушылықтар, егін шаруашылық аудандарындағыдай отырықшылануды мал шаруашылық аудандарда бір уақытта қатар жүргізу, даярлық жұмыстардың болмауы, казак шаруаларының ықтиярынсыз отырықшыландыруды жүргізу;

б) Колхозшылардың барлық малын еріксіз ортақтастыру;

в) Өлкеде, әсіресе жергілікті жерлердегі мал дайындаудағы бұрмалаушылықтар асыра сілтеушіліктер;

г) Жалаң әкімшілік, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарының болмауы, өзара сынның болмауы, әсіресе ауылдағы революциялық заңдылықтың бұзылуы. Бұл қателер мал басының кемуіне себеп болды /268/.

Қазақстанның өкімет басшылары мал басының күрт кемуін Өлкелік партия комитетінің басшылығының және жергілікті партия кеңес ұйымдарының істеген қателіктерінен, бұрмалаушылықтардан, тап дұшпандарының зиянкестігінен деп біржақты ғана бағалап келді. Сол жылдардағы тарихи құжаттар да, одан кейінгі Кеңестік кезеңдегі тарихи еңбектерде мал басының кемуі тар таптық, партиялық тұрғыдан ғана бағаланды.

Қорыта айтқанда, 1925 жылдың күзінен бастап Қазақстан өлкелік партия ұйымын басқаруға келген Ф.И.Голощекиннің 1933 жылы қыста үкімет басынан кеткенге дейінгі уақыттағы Қазақстанда жүргізген бір-бірімен сабақтас болған «құйтырқы» саясаты казак халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, көшпелі шаруашылықтың жүйесін жойды. Бұл саясат дәстүрлі шаруашылықты күйретіп қана қойған жоқ, сонымен бірге бұрынғы көшпелі халықтың төрт түлік малды қатар бағу дәстүрін бұзды, казак даласының әр аймағында өзіне тән табиғи-тарихи ерекшеліктерге бейімделген, ғасырлар бойы жергілікті жағдайға бейімделіп, әбден сұрыпталып келген төрт түлік малдың асыл тұқымдарын біржолата жойды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің басты ауыр зардабы — орыны толмас адам шығыны, казак халқын миллиондап қырған алапат ашаршылық еді.

Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашлығын күйрету қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды. Мәлініан айырылған қазақ ауылдарын аштық жайлады, ел туған жерін тастап босып кетті. Бұндай жағдай әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда бұқаралық сипат алды.

1930 жылдың көктемінен басталған Қазақстан жеріндегі жаппай босулар Республиканың оңтүстік аймағында да өте кең өріс алды. Босқындардың қайда және қаншасы көшіп кеткенін дәлме-дәл анықтау мүмкін емес. Қолда бар архив деректеріне сүйене отырып Қазақстанның оңтүстік аймағындағы босқындар санын шамамен анықтауға олардың қайда босып кеткенін, босқындардың қайдан оралғанын анықтауға мүмкіндік алдық.

Алматы облыстық атқару комитетінің өлкелік партия комитетіне берген 1932 жылғы 25-маусымға дейінгі мәліметінде босқындардың қайда көшіп жатқаны нақты көрсетілген. Сонымен 1930, 1931, 1932 жылы Алматы облысының өз ішінде, басқа облыстарға, көрші республикаларға Қытайға босып кеткен қожалықтар санын төмендегі кестеден көреміз: /269/

### 33-кесте

Босып кеткен қожалықтар саны

	Қырғыз Республикасына	Қытайға	облыстың өз ішінде	ҚАКСР басқа обл-на	Барлығы	
					қожалық	жан
Барлығы 16 аудан.	8812	14824	19756	842	44234	103258

Бұл мәліметтер әрине толық емес. Себебі Алматы облысының 16 ауданының 10 ауданынан ғана мәлімет алынып отыр. Ал 6 ауданнан атап айтқанда Талдықорған, Алакөл, Шег, Үржар, Лепсі, Қоңырат аудандарынан ешқандай мәлімет алынбаған, сондықтан да босқындар саны бұданда көп болуы мүмкін.

Алматы облысын басқа облыстармен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі 7 аудан Батыс Қытаймен, 3 аудан Қырғыз Республикасымен шекаралас болған. 1932 жылдың жазынан бастап 1930-1931 жылдардағы Батыс Қытайға босып кеткен қазақ, ұйғырлар қайтып орала бастаған. Батыс Қытайдан Шелек ауданына 552 қожалық оралған, әлі 250 адам оралады деп күтілген. Босқындар қайтадан босып кетпес үшін, жергілікті жерде ұстап қалу үшін облыстық атқару ко-

митеті ХКК-нен, Өлкелік комиссиядан босқын қожалықтарға арнап өнеркәсіп товарларын беру, кредит, жұмыс малын, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін көмек сұраған /270/.

Қазақстан басшылары облыстардағы халықтың ауыр жағдайымен толық таныс болмаған. Өлкеден босқындарға арнап 45 млн. сом өнеркәсіп товарлары жіберілуі керек болған. Өнеркәсіп товарларын бөлген кезде Өлкелік комиссия Алматы облысы бойынша босқын қожалықтар саны 2000 болады деп есептеген /271/, ал негізінде 1932 ж. 25-маусымына дейін 6 ауданды қоспағанда босқын қожалықтар саны 44234 жеткен, яғни қаншама мың есе көп болған.

Голощекиндік қатыгез саясаттың кесірінен бар малынан айырылған қазақтың босудан басқа жолы қалмады. Зорлап отырықшыландыру науқаны басталысымен-ақ ата қонысын тастап, бір ауданнан, екінші ауданға және Қазақстаннан тыс жерлерге көшу 1931 жылы күшейе түскен еді, ал 1932 жылдың жазынан бастап бұрынғы босып кеткендер өзінің тұрғылықты жеріне қайта орала бастаған.

Алматы облысының бұрын босып кеткен қожалықтардың өздерінің аудандарына қайтып оралғандар көлемі 1932 жылғы 29 мамырдағы мәлімет бойынша төмендегідей /272/:

### 34-кесте

Босқын қожалықтардың өз аудандарына қайтып оралуы

Аудандар	Обл. өз ішіндегі босқындар	Қырғыз респ.	Қытай	ҚАКСР басқа обл.	Кулак кож.	Барлық кожал.	Жан
Шелек	1400	200	1300	-	400	330	-
Кеген	-	396	5090	-	370	5856	26369
Балхаш	2721	290	-	-	-	3011	12044
Еңбекші қызақ	1554	1285	-	39	-	2776	-
Ақсу	2192	-	800	-	-	2992	-
Қастек	1719	548	-	-	120	2387	10147
Шу	-	3020	-	540	-	3570	-
Қаратал	323	-	-	-	-	730	-
Аяқоз	600	-	600	100	-	1300	-
Қордай	-	2000	-	-	-	2000	-
Іле	1731	434	-	163	-	2787	10029
Калинин	2196	-	-	-	842	2196	-
Барлығы		14436	8082	7790		890	32906



## 35-кесте

## Алматы облысының өз ішіндегі босқындар жағдайы

Қайдан	Қай ауданға	Қож.	Жан.	Берілген азық. (пұт)	Ұйымға кет. шығын.	Жұмысқа орналасқан	Ескерту
Алматы	Шелек Қаратағал Ең.қазақ Іле	9 64 252	162 23 227 25 1082	505 32 п 340 п 1595 п	292 п 30 - - 100 п	- - -	мәл.жоқ  Олардың 79 қож. 344 келісіммен Балхаш ауд. жіберді.
Алматы	Т-қорған Қастек Шелек Қастек Шу	9	23 75 152 79 7	34п 317 505 330 22	478п 892п 534п20 ф 34п	700с	300с
Фрунзе Алматы	Іле		287 173 79	198 733 344	935 1082п 516п	756п	-
	Қаратағал						
	Т-қорған Ақсу Горсо-вет	9 9	23 23	32п 34п	250с 700с 3020п 2000п	3000с	36 адам
Үржар Аякөз		Семей Семей Балқаш	20 607	- 2099	3000 - 1000п	920п - Балқаш құрылысына жұмысқа кеткен 1250с.	
		Шұбартау	250 2061	- 8296	1000п 12267	5500	

Шу ауданынан 840 қожалық, Қаратал ауданынан 407 қожалық, Іледен 449 барлығы 1696 қожалық бұл мәліметке кірмей жалпы мәліметке қосылған, бірақ бұл қожалықтардың қайда орналасқаны белгісіз. Қалған 9 ауданнан Жаркент, Лепсі, Шег, Қоңырат, Шұбартау, Талдықорған, Октябрь, Үржар, Алакөл аудандарына бірнеше рет телеграф арқылы сұрау салғанымен босқын қожалықтар жайында ешқандай мәлімет бермеген.

Алматы облысынан 10 ауданнан барлығы 25488 қожалық босып кеткен, егер де бұл қожалықтың 50 проценті қайтып оралады десек, онда барлығы 12744 қожалық болады. 1932 29.Ү. дейін аудан бойынша босып кеткен қожалықтардың қайтып оралуын төмендегі кестеден көреміз: /273/

Кестеден байқайтынымыз Алматы облысында босқыншылыққа ұшырамаған бірде-бір аудан қалмаған, босқыншылық барлық аудандарды қамтыған.

1932 жылдан бастап аштық жайлаған қазақ ауылдары мен босқындар арасында жағдай өте ауырлап кетті. Халық сеңдей соғылысып Қазақстанның өз ішінде босумен болды. 1932 жылдың жазында Алматы қаласының ішінде босқын аш қазақтар көбейді. Бұл жайында Өлкелік басқарманың милиция бөлімі хабарлаған. 1932 жылдың 7-мамырдан — 7-маусымға дейін қалада ешқандай жұмысы жоқ қаңғып жүрген босқындарды жинап алып, келген аудандарына қайта қайтарған. Олар негізінен Іле ауданына 285 отбасы, 1175 адам, Қастек ауданына 103 отбасы, 451 адам, Шелек ауданына 64 отбасы 470 адам, Қаратал ауданына 9 отбасы 23 адам, Еңбекші қазақ ауданына 2 отбасы 5 адам, Талдықорғанға 26 адам, Шуға 22 адам. Олардың ішінде еңбекке жарайтындар 214 адам, панасыз балалар 344 барлығы 2611 адам /274/. Қалалық әкімшілік босқындарды жұмысқа алудан орналастырудан бас тартқан, ал балалар үйі панасыз балаларды қабылдаудан бас тартуда, себеп балалар үйінде орын жоқ деп түсіндірген. Қалаға босқындардың келуі бұнымен тоқтамаған, күннен-күнге көбейіп отырған /275/.

Ашаршылық пен жұкпалы аурудың салдарынан адам өлімі өте көп болған Алматы облысының Талдықорған ауданының 16,17,6 ауылдарында аштықтан күніне жүзден астам колхозшылар қырылып жатқандығын хабарлаған Алматы облысының өз ішінде босқыншылыққа ұшыраған Қытай мен Қырғызстан жерінен қайтып оралып жатқан босқындар жағдайы өте ауыр болды. Оны мынадай фактілерден байқаймыз. Шу ауданында 1931 жылдың мамыр айында

12787 қожалық 63451 адам болған, 1932 жылғы мамырда 6665 қожалық 20277 адам. Көріп отырғанымыздай 43174 адам кеміп кеткен. Толық емес мәліметке қарағанда 1932 жылдың күзінде ауданда небәрі 4000 қожалық қалған, ҮІ-ХІ аралығында 2665 қожалық босып кеткен. 1932 жылдың желтоқсан айының аяғында бұрынғы Қырғызстан жеріне босып кеткендер қайта орала бастаған. Босқындардың бәрі аштықтың аз-ақ алдында тұрғандар. Шу ауданының Гуляев бөлімшесінде 1000 адамнан 800 адам өлген. Босқындар арасында өлім күннен-күнге толастамай, күшейуде. Босқындарды орналастыруда ұйымдастыру жұмыстарының болмауынан, медициналық, санитарлық көмек беруді дұрыс ұйымдастырмағандықтан, берілген азық-түлік көмегін дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде және жұқпалы аурулардан оның ішінде кең тараған бөрітпе сүзек ауруынан халық жаппай қырылып қалған. Жұқпалы ауруларға қарсы ешқандай шаралар жүргізілмеген. Соның салдарынан Шу станциясында адам өлімі көбейген Жаңа-Троицк, Қосқұдық елді мекендерінде өлген адамдар жиналмай, қардың астында қалған /277, Б.214-216/.

Бұл жылдары босқын қазақтар өз жерінде ғана көмусіз қалған жоқ, жан сақтау үшін паналап барған Қырғыз жерінде де көмусіз өліп жатты. Аякөз ауданының жағдайы ерекше ауыр болды. 1932 жылдың тамыз айында ауданда жан-жақтан көрші аудандардан келген босқындар саны 1000 қожалыққа жеткен. Бірінші кезекте оларды орналастыру қажет болды. Босқындарды өз аудандарына қайтару мүмкін болмады, себебі, біріншіден транспорттың болмауынан, екіншіден, оларды қайтарғанымен ол жерлерде шаруашылыққа орналыстыру мүмкіншілігі болмады.

Сондықтан Облыстық комиссия отырықшыландыру комитеті оларды басқа аудандарға, өндіріс орындарына орналыстыруға шешім қабылдады. Іле қант зауытына 222 қожалық, Алматы қант трестіне 105 қожалық, кірпіш зауытына 27, Қыркөл совхозына 53, Турксибке 40, Пахтааралға 308, колхоздарға 102 қожалық, барлығы 857 қожалық орналастырылды. Қастек ауданынан облыстың басқа аудандарына, Қырғызстан жеріне 2267 қожалық босып кеткен. 1932 жылы 20.VIII-да 704 қожалық қайтып оралған бұл қожалықтарға 435 цн.нан босатылған. Босқындар аш-жалаңаш оралған /277, Б. 179-180/.

Қордай ауданынан 3179 қожалық босып кеткен, 1932 жылы қыркүйек айында 679 қожалық оралған. 1720 ц. азық-түлік 5236 сомның өнеркәсіп товарын аудандық комитет колхозшыларға еңбек күнінің есебінен таратып берген, ал қайтып оралған босқындарға түк

жок. Азық-түліктің 600 ц. талан-таражға түскен. Үржар, Шұбартау, Балхаш аудандары бойынша толық мәлімет жоқ, бірақ босқындар толастамаған, қайтып оралған босқындар бұрынғы туған жерлеріне оралған.

Қаратал ауданының жағдайы өте қиын болды. 1933 жылы қаңтарда Үштөбе станциясына босқындар, аш-жалаңаш адамдар толып кеткен. 1933 жылы 3.01 олардың саны 1800-ге жеткен. Бұл адамдардың едәуір бөлігі аштықтан ісініп кеткен. 3.01-10.01. аралығында босқындар саны 1271 жетеді, олар негізінен Талдықорғаннан 68 адам, Балқаштан 41, Аякөзден 15, Шыңғыстаудан 2, Ақсудан 8, Қаратаудан 1158 адам. Босқындарға арнап азық-түлік көмегі ретінде 2023 кг нан, 933 кг бидай, босатылған. Қаратал ауданының 6 колхозы атап айтқанда Андар, Құрамыс, Балағаш, Октябрь, Казрис, Ораз колхоздарында адамдар аштан өлді, әйелдер аштықтан ісіп, қарттар аштыққа шыдай алмай қырылды. Осы колхоздарда 1088 қожалықтан 369 қожалық қалған, 294 адам өлген, 251 жылқы малынан 231 қалған. Жылқы малдарын қотыр ауруы жайлаған. Адамдар өлімі көбейген /277, Б.200/.

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы аудандардағы босқындар саны сол ауданда тұратын барлық халықтың 40-50 процентін қамтыды. Бұл аудандар негізінен қазақ халқы тығыз орналасқан тіршілік көзі тек мал болған қазақ ауылдары еді олар, атап айтқанда, Балқаш, Қаратал, Шу, Сарысу, Талас, Әулие-ата, Қазалы, Қызылқұм, Қастек аудандары /278/. Бұл аудандардағы жағдай 1932 жылдың аяғымен 1933 жылдың басында қиындап кетеді, босқындар саны күннен-күнге көбейіп, аштан қырылған қазақтар көмусіз қалып жатты.

Қазақ даласындағы ашаршылықтың жантүршігерлік көрнісін архив қойнауындары «өте құпия» деген құжаттар айқындай түседі.

Аштық жайлаған Талас ауданының жардайы туралы аудандық комитеттің төрағасы Ғ. Ахмедов хатшы Арновтың Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетіне Құлсаратов жолдасқа жолдаған «өте құпия» мәліметінен ауданның жағдайымен таныс бола аламыз.

Талас ауданында 1932 жылы 1 ақпанда 6884 қожалық болған, ал 1 шілдеде 6122 қожалық қалған болса 1 қаңтарда 1933 жылы 3958 қожалық қалған, яғни бір жылда ауданнан 2926 қожалық босып кеткен. Бұл дегеніміз аудандағы халықтың 42 проценті. 1933 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қырғызстан, Әулие-ата аудандарына бұрын босып кеткен қазақтар қайта оралған, олардың саны 225 қожалық, 1096 жан, олар ешқандай малсыз, аш-жалаңаш жаяу оралған.

Ауданды жаппай аштық жайлаған, азық- түлік жетіспеген. 1932 жылдың желтоқсанынан 1933ж. мамыр айына дейін деп, әр айға 8 тоннадан 40 тонна нан 400 қожалыққа бөлінген. Бірақ бұл көмек қажеттілікті толық қамтамасыз ете алмаған/279/.

Талас ауданына деп 11751 сомның өнеркәсіп товары бөлінген, бірақ уақытында алмаған тек қағаз жузінде қалған. Берілген көмектің жергілікті жерлерге жетпеуінен, азық-түліктің жоқтығынан, сүзек, тырысқақ ауруларының көптеп таралуынан халық қырылып қалған. Мынадай нақты фактілерді келтіруге болады.

Талас ауданының астықты Байқадам бөлімшесінде 1933 жылдың қаңтар айынан бастап 141 адам аштан өлген, атап айтқанда, Жайылма колхозында 44 ер 199 балалар, 63 әйел, К.Маркс колхозында 34 ер, 15 әйел, 49 бала Жаңа Болат колхозында 16 ер, 13 әйел, 29 бала барлығы 141 адам өлген. Қарой бөлімшесінде: 12 ауылда 50 адам, 13 ауылда 56 адам 11 ауылда 77 адам, барлығы 183 адам аштан өлген. Басқа колхоздарда 5 ауылда 23, 10 ауылда 73 адам, 4 ауылда 9, барлығы 105 адам өлген. Әулие-ата Үшаралға баратын жол бойында 100 адамның өлігі табылған. Толық емес мәліметтерге қарағанда аудан бойынша соңғы 2 айда 529 адам аштан өлген. Байқадамдағы астық дайындайтын қойманы күніне 50-60 адам қоршап алып нан сұраған. Аш адамдар арасында әр түрлі шөптерді, иттің, шошқаның, есек етін жегендер кездескен. Ол тұрмақ адам етін жегендерде Сарысу ауданының босқындарының арасында күннен-күнге көбейе түскен /280/.

Зорлап отырықшыландыру науқанының кесірінен Сарысу ауданының халқы азап шекті. Олар өз туған жерін тастап жаппай қашты. Талас ауданына босып келген Сарысу босқындарының ауыр халін Райсов мәлімдемесінен анық байқаймыз. Талас ауданына келген Сарысу босқындарының саны 317 отбасы 1405 адам болған. 317 отбасының тек 30-ғана мал болған, әр біреуінде 2-3-тен сиыр малы болған, бірақ бұл малдарын, нанға айырбастап, сатып жіберген, өздері сойып алған Сарысу ауданының босқындары туралы Райсовтың мәлімдемесінде Талас ауданында Сарысу ауданынан келген босқындар арасында адам етін жегендердің көптеп кездескенін хабарлаған /281/.

Жаппай ата қонысын тастап, аштан қырылып жатқан қазақ халқының жағдайын сол кездегі Қазақстан басшысы Голощекин білмеді десек қателескен болар едік. Себебі аудандық атқару комитеттері, облыстық атқару комитеттеріне, Қазақ өлкелік комитеттеріне, Халық комиссарлар кеңесіне ауылдағы, аудандағы, облыстары аштан қырылып жатқан босқындардың жантүршігерлік жағдайы туралы хабар

лап отырған. Бұны архив қойнауындағы құжаттар дәлелдейді. Ал Голощекин Сарысу ауданындағы малдың да, жанның да қырылып жатқанынан осы елді мекенді аралап қайтқан Ораз Жандосовтың мәлімдемесі арқылы хабардар болған. Ораз Жандосов оны ашыққан қазақтардың ит пен шошқа, аң терілерін жәндіктердің етін жегені аштан өлген қазақтардың көмусіз қалғандары туралы хабардар еткен /282/. Бірақ тасжүрек Голощекин аштан қырылып жатқан қазақтарға көмек беруге асықпады.

Голощекин басқарған Өлкелік партия комитетінің басшылары керісінше «бұл босқыншылықты ұйымдастырған антисоветтік элементтер, бандиттік шайқалар» деп түсіндірді, одан қалса «қазақ халқы табиғатынан көшіп жүреді» дегенді шығарды /283/.

Оңтүстік Қазақстан /бұрынғы Сырдария, Қызылорда округтері/ босқындары негізінен көрші республикаларға, Өзбекстан, Қырғызстан, Қарақалпақ жеріне ауа көшті. 1932 жылы алапат аштық жайлағанда бір ауданнан екінші ауданға, көрші республикалардан қайта оралған босқындар саны өте көбейіп кетті. 1932 жылдың аяғымен 1933 жылдың қысында аш-жалаңаш жұқпалы ауру жайлаған босқындар арасында өлім көбейген.

Қазақ халқының саны жағынан әр жағынан әр жерде әрқалай қырғынға ұшырап жатқаны жөнінде нақты фактілер келтіруге болады. Көптеген қалаларда әсіресе Әулие-ата, Шымкент, Қызылорда да күн сайын өлген қазақтар мәйітін қала сыртына алып кетіп отырған. Мысалы, Әулие-ата қаласында қазақтардың жағдайы өте ауыр болғаны күн сайын 60-70 адамның өліп отырғанынан байқауға болады. 1933 жылдың 1 ақпанынан 6 ақпан аралығында 397 өлген адамдарды көмген. Әр күнде 1.02-да 64, 2.02-67, 3.02-66, 4.02-73, 5.02-62, 6.02-65 адам барлығы 397, 30-31 қаңтарда 60 адам өлген. 7.02-68 адам, қаңтар айында 188 адам өлсе ауруханада өлгендер саны 177, барлығы 890 өлік. 8.02-13.02. аралығында 310 адам өлген /284/. Небәрі 15 күннің айналасында 1200 ден астам адам өлген, бұл дегеніміз қолдан жасалған жаппай жұттың салдарынан көптеген адамның өмірінің жазықсыз қнылғандығын көрсетеді.

Әулие-ата қаласының онын маңындағы колхоздардың ауыр жан түршігерлік жағдайын, сол жылдары осы Әулие-ата ауданында қызмет істеген, бүгінде арамыздағы карт-тарихшы Ғалым Ахмедов өзінің «Алаш «Алаш» болғанда» атты естеліктер мен тарихи деректер жинағында жан-жақты баяндайды. Ол Әулие-ата жеріндегі адам адамның етін жеген қайғылы уақиғалардын куәсі болған, оны өз көзімен көрген

бұл аштық - халық басына келген зор зұлмат, зұлмат болғанда, табиғаттың апаты емес, қолдан жасалған нәубет- деп жазды /285/.

1933 жылдың қысында Әулие-ата қаласына жан-жақтан босып келген босқындар, ашыққан адамдар сыймай кетеді. 1933.30.01 есепке алынған қаладағы босқындар саны 1445 қожалық немесе 3914 адамға жеткен, панасыз балалар саны 1400 болған. Балалардың жағдайы өте ауыр, аш-жалаңаш күніне 10-15 бала аштан өліп отырған. Оларға көмектесетін қаражат болмаған.

Қырғызстаннан қайта оралған босқындар сандары көбейген. 1933 ж. 30 қаңтарға дейін Қырғызстаннан 1050 адам оралған. Босқындар негізінен басқа аудандардың халқы. Бұлар Сарысу ауданынан 782 қожалық 2093 жан, Жаңа-арқа ауданынан 105 қожалық 404 жан. Талас ауданынан 172 қожалық 451 жан. Мерке, Әулие-ата ауданынан 222 қожалық 582 жан. Орталық Қазақстан, Алматы облысынан 164 қожалық 384 жан /286/.

Қырғызстаннан келіп жатқан босқындар арасында Әулие-ата ауданының адамдары өте аз болған, олар көбінесе басқа аудандардан Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы және т.б. Бұл облыс басшылары өз босқындарын өз аудандарына қайтару үшін ешқандай шара қолданбаған, олардың салақтығынан Әулие-ата қаласының жағдайы өте ауыр халде қалған. Азық-түліктің жетіспеуіне байланысты босқындарға берілген көмектің болмауынан, оларды қалада ұстап тұру мүмкін болмаған.

Босқындар күннен күнге көбейген, олардың көптігі соншалық тізімге алу мүмкін болмағандықтан есеп әр апта бойынша жеке жүргізілген. 1933 жылы 16 ақпанда қаладағы босқындар саны 4392 адамға жеткен болса, 1 наурызда 1622 адам, ал 12 наурызда 1827 адам. Босқындар саны Қырғызстаннан қайтып оралғандар арқылы көбейіп отырған. Осындай 1827 адамның 912 адамы төменгі Талас ауданынан, 697 — Сарысу, 281 - Әулие-ата ауданынан болған /287/. Бұл босқындар адам кейпінен айырылған аштықтан, есі ауып ісініп кеткен қазақтар еді.

Босқындар арасындары қазақ балаларының жағдайы адам төзгісіз аса ауыр болды, босқындардың ішінде балалар өлімі өте жоғары болды. 1933 жылы 12 наурызда Әулие-ата қаласындағы балалар үйіне 4171 балалар орналасқан. Бұлардың жасына қарай бөлсек 3 жастағылар 214, 3-7 жас — 948, 7-11 жас — 194, 11-16 жас — 1294, 16 жастан жоғары 366 бала. Балаларға киім жетпеген, 4171 балаларға небәрі 690 пар аяқ-киім берілген. Тамақтары да өлместің күні /288/.

Ашаршылық пен босқыншылық 1933 жылдың көктемінде өрши түседі. Әулие-ата қаласында 20-сәуірде босқындар саны 11305 адамға жетеді. Босқындарды орналастыру төмендегі ретпен жүргізілді. 7100 босқындар Әулие-ата ауданының колхоздарына орналасқан, совхоздарға 300 адам, өнеркәсіп орындарына 531 адам, Сайрам ауданына 291, Сарысу, Келес ауданына 2040, Ленгір ауданына 248, Меркі ауданына 197, Шу ауданына 294, басқа аудандарға 313. Барлығы 4205 орналасқан /289/.

Босқындарды тез арада орналастырып көмек бермесе, 1933 жылдың қаңтар-ақпан айларының ішінде қонысынан аугандар ішінен Қазақстаннан Қырғызстанға кері қайтып кетушілер тасқыны күшейе түскен. Босқындардың көбі Әулие-ата ауданының колхоздарына орналасты. Оларға арнап 12913 сом материалдық көмек берген, азық-түлік бидай 10190 кг, ұн 6898 кг, барлығы 17088 кг. Әулие-ата қаласында жазға қарай босқындар саны біртіндеп азая түскен/290/.

Алғашқы отырықшыландыру басталысымен Қазалы жерінің халқы Қарақалпақстан жеріне қашқан болатын. Ал 1932 жылдың аяғына қарай Қарақалпақстаннан қайтып оралған босқындар саны күннен-күнге көбейіп, ауданның жағдайы күрт төмендеп кетеді. Босқындар малсыз, азық-түлік қорынсыз оралған. Халықтың басым көпшілігі аш-жалаңаш олардың ішінде аурулар көптеп кездескен, адам кейпінен кеткендер, есі ауысқан адамдар көп болған /291/.

Оңтүстік Қазақстан облысының Өзбекстан жерімен шекаралас отырықшы аудандардың да қазақтар ашаршылық апатынан аман қалмады. Толық емес мәліметтерге қарағанда Сырдария ауданының бір бөлігіндегі босқындар саны 1423 қожалық, олар Саудақент, Байыркұм, Тақырқол ауылынан 466, Қосаралдан 172, Монтайтамнан 120, Шаян ауданының бір бөлігінен 665 қожалық босып кеткен. Мақталы аудандарда да азық-түлік тапшылығы байқалған, біраз бөлігі босып кеткен. 1932 жылдың күзінде қожалықтардың 20-30 проценті босып кеткен. Олар негізінен Шәуілдерге, Өзбекстан жеріне, бір бөлігі Арыс қаласына босып барған. Ал Батырақ колхозында терілерді ұрлап оны жеген оқиғалар болған, колхозшылар Шымкентке, Өзбекстанға жан сауғалап ауып кеткен /292/.

Міне, Қазақстанның Оңтүстік аймағындары көшпелі және жартылай көшпелі аудандар ғана емес сонымен бірге отырықшы аудандардың халқы да босқыншылыққа ұшырағанын көреміз. Ата қонысын тастап көшіп кеткен, қайта оралған босқыншылықтың оңтүстік аймақтағы ауыр жағдайы осындай еді.



## 4.2 Дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің ауыр зардаптарын жою шаралары

Жаппай бұқаралық сипат алған босқыншылықтың болуын өлкелік комитет, Ф.И.Голощекин: «босқыншылықтың орын алуы негізінен ұжымдастырудағы, отырықшыландырудағы жіберген қателіктерден, асыра сілтеушіліктің нәтижесі және біздің ұйымдар жіберген қателіктермен асыра сілтеушілікті тап жаулары, әсіресе бай ұлтшыл элементтердің, дұрыс пайдалана білуінен» деп білді /293/.

Ф.И.Голощекин 1932 жылы 9 қыркүйекте БК(б)П Орталық Комитетіне жолдаған хатында халқы босып, аштық өршіген қазақ ауылдарының жағдайын былай деп түсіндірді: «үш жылдың, әсіресе 1931 жылдың егіннің шықпай калуының салдары түріндегі ерекше келеңсіз құбылыстар: ішкі ауа көшулер және көрші өлкелерге боса көшулер мен олардан қайта оралу жағдайында шаруашылықтардың күйзелуі, азық-түлікке мұқтаждық. ...Бұл жерде мен атап көрсетуге тиіспін, қазақ ауылы мүлде жұтап бітті деушілердікі дұрыс емес. Негізінде көптеген аудандардағы қазақ ауылдары экономикалық жағынан көтерілді. Оның үстіне қазақ колхоздары шаруашылықтарының басым бөлігі өздерінің экономикасы жағынан орыстардікінен ерекшеленбейді. Күйзеліске ұшырағандар таза мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі 25-30 аудандар болып табылады» /259, Б.47/.

Мұнда Голощекин босқыншылыққа ұшырап, аштан қырылып жатқан қазақ халқының ауыр жағдайын жасырып қалуда. Біз қарастырып отырған оңтүстік аймақтың өзінде көшпелі, жартылай көшпелі аудандар саны 33-ке жетіп отырғанда Голощекин күйзеліске ұшыраған аудандар санын азайтып көрсетіп отыр.

Ф.Голощекин адам өлігі сасыған қазақ даласында адам тағдырынан мал тағдырын жоғары қойды, өзінің жан-жаққа жіберген хаттарында, сөйлеген сөздерінде адамдардың аштан өлуі туралы жұмған аузын ашпай мал даулаумен болды.

1932 жылы 9 сәуірде Қазақ Өлкелік партия комитеті өзінің арнайы шешімімен Қырғыз облыстық партия комитетінен, ондағы ОГПУ орындарынан көшіп барған «байлардың және ұлтшылдардың» малдарын Қазақстанға қайтаруды талап етті. Қазақтарды кейін қайтаруды ұйымдастыру үшін Ә.Жангелдин мен Н.Атаниязов Қырғызстанға командировкаға жіберіледі. Бірақ Голощекин ойлағандай Ә.Жангелдин Қазақстанға қора-қора қоймен оралған жоқ. Керісінше ол ондағы аштан қырылып жатқан Голощекиннің сөзімен айтар

болсақ «байлар мен ұлтшылдардын» ауыр халін көзімен көрген соң, оларды тамақтандыру үшін жедел түрде 850 ц. нан босатуды өтініп, Қазақстанға телеграмма жолдады /123, Б.208/.

Батыс Сібір жеріне қашып барған қазақтардың ауыр жағдайын хабарлаған, аш қазақтарға араша түсіп, тез көмек беріп қайтаруды ұсынған Батыс Сібір Өлкелік партия комитетінің басшысы Эйхенің жазған хатына Голощекин былай деп жауап берді: «Голощекин өзінің хатында Эйхеге саған қашып барып жатқандар негізінен байлар мен кулактар дей келе, ал сендер олардың малдарын өздеріңнің ет даярлау жоспарларыңды орындау үшін пайдаланып отырсыңдар,- деп кінә тағып, қазақтарды малдарымен жеделдете кейін қайтаруды талап етті» /123, Б.208/.

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы Алматы облысының халқы Батыс Қытай, Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан облысының халқы Өзбекстан, Қарақалпақ, Қырғызстан жеріне ауа көшіп, қоныс аударды. Ал осы босқындар өздерімен бірге қанша мал айдап кетті деген сауалға нақты жауап беру мүмкін емес.

Бүгінде тарихи еңбектерде жарыққа шыққан мына бір архив дерегінде: 1931 жылғы 9 тамыздағы Қаражат Халық Комиссарнатының Өлкелік партия комитетіне жолдаған мәліметінде 1930 жылдан 1931 жылғы 5 тамызға дейін

Қазақстанның 27 ауданынан ғана /47 ауданынан мәлімет жоқ/ қанша қожалық, қанша малмен қайда көшіп кеткені көрсетілгені. Оны төмендегі кестеден аңғара аламыз: /294/

### 36-кесте

Ауа көшкен босқын қожалықтармен, айдап кеткен мал саны:

Босқындар барған жерлер	Босқын қожалықтар	Олардағы мал басы
1. Өзбекстанға	3436	187909
2. Түркменстанға	7371	319725
3. Тәжікстанға	1767	88350
4. Қырғыз. Респ.	1031	33595
5. Қ.А.О.	2355	112621
6. Төменгі Волга өлкесіне	2562	17797
7. Сібір өлкесіне	2100	27348
8. Украинаға	901	6652
9. РСФСР-дің қалған бөліктеріне	13511	100801
10. Қытайға	563	2276
	35597	893 074

Көріп отырғанымыздай мәлімет толық емес, ауа көшкен босқын қожалықтар мен олар айдап кеткен мал бұдан да көп болуы мүмкін. Бірақ босқындар өздерімен бірге малды алғашқы күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру жылдарында, яғни 1930, 1931 жылдары айдап кетуі мүмкін. Ал 1932 жылдың қысында босқындар айдайтын Қазақстанда малда қалмайды. 1932 жылдың күзінде, 1933 жылдың қысында босқындар барған жерінен аш-жалаңаш қайта оралып, Қазақстанның өз ішінде босқыншылық, аштық өрши түседі.

Қоңыстарынан ауа көшкен халық өздерімен бірге, қолдағы бар мәліметтер бойынша шамамен, кем дегенде 1,5-2 млн. малды айдап әкеткен /123, Б.160/.

Туған жерін тастап басқа облыстарға, жат өлкеге босып кеткендер 1932 жылдың аяғы мен 1933 жылдың қысында қайта орала бастады. Бірақ Голощекин ойлағандай қора-қора малмен оралмады

1933 жылы 29 наурызда БК(б)П Орталық Комитетіне — Сталин жолдасқа Халық Комиссарлары Советіне — Молотов жолдасқа жолдаған хатында Қазақстанның жаңа басшысы Л.Мирзоян босқындардың ауыр жағдайын баяндайды. Онда: «Әдеттегідей, қонысынан ауғандардың бәрінде де және жергілікті жерлердегі ашаршылыққа ұшыраған халықтың көпшілігінде ешқандай мал жоқ деуге болады. Малдың бәрі, оның ішінде күш көлігі де құртылуда. Кезінде Орта Азияға малдарымен қоныс ауғандар ол жақтан кері малсыз келіп жатыр. Орта Азиядан қайта көшіп келушілердің де, өз ішімізде қонысынан ауғандардың да басым көпшілігі әбден жүдеп-жадаған, соның салдарынан олардың арасында жаппай ауру-сырқау мен өлім-жітім кездесуде» - деп көрсетілген /228, Б.91-95/. Аштық пен індет жайлаған босқындардың жағдайы өте ауыр еді.

Алапат ашаршылық жылдары Қазақстан шекарасынан шығып, босқыншылыққа ұшыраған шаруалар саны — 1 миллион 31 мың. Олардың 165 мыңы бұрынғы Кеңестер Одағының шекарасынан әрі асып Қытайға, Монғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға өтіп кеткен. Сөйтіп туған жерлеріне қайтып орала алмаған.

Ал көрші республикаларға, Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар саны — 450 мыңдай /295, Б.162/.

Белгілі қазақ демографы М.Тәтімұның есептеулері бойынша: «1930-1934 жылдардағы жаппай ұжымдастыру мен жаппай отырықшыландыру кезіндегі асыра сілтеушілікте алыс жаққа ауа қоныс аударып, кейін қайтып оралмағандар - қызылтабан қуғыннан босқандар /615 мың адам/» /80, Б.18/.

Сталиндік — голощекиндік күштеу саясатының нәтижесінде қазақ халқы аспан ашық, бейбіт күнде миллиондап халқынан айырылды. Тіршілік көзі болған бар малынан айырылған бейкүнә адамдар аштан қырылып көмусіз қалды.

Қазақ халқының аштан қырылуының басты себебі — малын тартып алу еді. Көшпелі мал шаруашылығы біржола күйрегенде қазақтардың қатты қырылуына негізгі себепші болған фактор ет пен сүтпен құрылған дәстүрлі тамақ рационының кенеттен және күшті бұзылуы екені даусыз. Малдың еті мен сүтіне әбден бейімделген көшпелі халық бағып отырған малынан айырылған соң, емшектен қағылған жөргектегі баланың аянышты жағдайында қалды /296/.

Бұл жылдардағы орыны толмас ауыр зардаптардың қасіреттісі - демографиялық апат.

Республиканың жеке аймақтарында демографиялық апат бірдей болған жоқ. 1930-1933 жылдардағы ашаршылық апаты Қазақстанның оңтүстік аймағындағы демографиялық жағдайға айқын айырықша әсер етті. Қазақстанның оңтүстік аймағында осы алапат аштық жылдары қанша адам қырылып қалды? Немесе басқа аймақтармен салыстырғанда адам шығыны қанша болды деген сұрауларға шамамен жауап беріп көрейік.

Алексеевко А.Н. өзінің «Население Казахстана 1920-1990» еңбегінде 1926-1939 жылдардағы халық санағын бір-бірімен салыстыра отырып, Қазақстанды 5 экономикалық ауданға бөліп әр аймақтағы халық санын көрсетеді. Бірақ бір ескертетін жай автор 1926 халық санағы бойынша Қазақстан халқының санын 6.230 деп оның ішінде қазақтар 3.628 деп азайтып көрсетілген /83/. Себебі қолда бар архив деректерінде, басқа еңбектерде салыстырсақ 1926 жылғы халық 6.507.077 оның ішінде қазақтар 3.717.094. /297/. Осыдан барып Оңтүстік аймақтың халқының саны да азайтылған. Біздің есептеуімізше 1926 жылғы санақ бойынша Оңтүстік аймақтағы тек қазақ халқының саны 1.428.989. оның ішіндегі ауылдағы қазақтар саны 1.406.757./237, Б.28/.

Десекте біз бұл автордың есептеулерін басшылыққа аламыз.

1926-1939 жылғы Оңтүстік Қазақстандағы /Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда/ халық саны төмендегідей /83, Б.19/:

Барлық халықтың санының өсу қарқыны 22%, яғни республикадағы өсу қарқынынан 8,5 есе жоғары. Бұл өсу орыс халқының келуімен жүзеге асырылып отыр. 1926 жылмен салыстырғанда 1939 жылы орыстар 4,1 есе көбейген.

### 37-кесте

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы халық саны /мың адам есебімен/

	1926		1939	
	Халық саны мың адам	Халықтың құрамындағы үлесі	Халық саны мың адам.	Халықтың құрамындағы үлесі
Барлық халық	1988	100	2424	100
қазақтар	1383	69,6	936	38,6
орыстар	220	11,1	904	37,3
өзбектер	128	6,4	115	4,8
украиндар	118	5,9	171	7,0
немістер	4	0,2	17	0,7
Баскалар	135	6,8	281	11,6

1926 жылғы халық санағы бойынша Оңтүстік аймақта орыстар саны басқа аймақтармен салыстырғанда аз болған. Егерде 1926 жылғы оңтүстік аймақтағы халық құрамындағы орыстар үлесі небәрі 11% болған болса 1939 жылы 37,3% құрады. Украин, неміс т.б. халықтар саны едәуір көбейген. Республиканың оңтүстігінде тұрып жатқан өзбектер саны азайған.

Автордың есептеуі бойынша: 30 жылдардағы оқиға республикада ұлт құрамына өзгеріс әкелді, қазақтар саны 35,8 /1300 мың адамға/ қысқарған, оның ішінде оңтүстік халқы 34,4, Шығыс 22,9, Солтүстік 22,2, Батыс 20,5 қысқарған. Ал Орталық Қазақстан халқы Қарағанды көмір бассейніне байланысты біраз көбейген.

Санақ аралық кезеңде орыстар 1361 мың адамға көбейген. Оның жартысы 50,3% проценті оңтүстік аймаққа қоныстандырылды, Солтүстік аймаққа 21,5, Шығысқа 14,6, Батыс аймаққа 8,4, орталық аймаққа 5,2, қоныстандырылды /83, Б.23/.

Біз мынадай қорытындыға келеміз. Автор алапат ашаршылық жылдарындағы қазақ халқының санын аз мөлшерде көрсеткенімен, басқа аймақтарға қарағанда оңтүстік аймақта қазақ халқының көп қырылғанын көреміз. Қай жерде жергілікті қазақ халқы көп қырылды, сол жерге орыс қоныс аударушылары көптеп орналыстырылды, яғни бұндай аймақ оңтүстік облыстар болды, орыстардың 50,3% осында орналастырған.

Осылайша Сталиндік басшылар 1930-1933 жылдардағы аштықтың зардаптарын «жуып шаюға» тырысты. Тырысқаны соншалық

бұрынғы олқылықтардың орнын толтырып қана қоймай келімсектердің саны онан сайын қаулап өсе түсті. Бұның өзі қазақ халқын өз ата мекенінде азшылыққа айналдырды.

1931-1933 жылғы ашаршылық апатын анықтауда тарихшы ғалымдар, демографтар әр түрлі қорытындыларға келді. Мәселен, Б.А.Төлепбаев пен В.И.Осипов «1931-33 жылдардағы ашаршылықта 1 млн 100 мың адам опат болды», - десе /63/. М.Қ.Қозыбаев, Ж.Б.Әбілқожин, М.Б.Тәгімов: «Шығын болған қазақтардың саны 1 млн. 750 мың адамға жетті» - деп жазды /62/. М.Х.Асылбеков пен Ә.Б.Ғалиев өз еңбектерінде бұл шығынды 1 млн. 745 мың адам деп көрсетіп, оларды ең төменгі мөлшерлермен алып, мәліметтерді өздері есептегендерін ескертеді /82/.

Кейінгі жылдары белгілі ғалым тарихшы Омарбеков Т. Мәскеу және Алматы архивтерінен жаңадан табылған деректердің негізінде 2230,5 мың адам күштеп коллективтендіру жылдарында опат болғанын анықтады /298/. Демограф М.Тәгімов: «1931-1933 жылдары жасанды ашаршылық пен эпидемиядан қырылғандар — Голощекиндік қызыл қырғын құрбандары /2 млн 300 мың адам/. Бұл дерек шындыққа өте жақындайды, өйткені бұл деректер зұлматтың беті ашылып, қателікті және зардаптарын тез арада түзеу керек деген ақиет жеңген кезде жиналды» - деп көрсетеді /80, Б.18/.

Бұл мәселеге байланысты шетелдік зерттеушілер Р.Конквест осы жылдардағы «қазақтардың өлім саны 1 млн. тең десе», М.Олкотт 2 млн құрбандықтар туралы айтады /299/. Бірақ, бұл зерттеушілердің қолдарында архив құжаттары жоқ екенін ескеру керек.

1931-1933 жылдардағы аштық қазақ халқы үшін еш уақытта орыны толмас қасірет. Голощекиндік геноцидтен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы қатты күйзелді.

Бұл қылмысты саясатты бүгінгі күнде тарихшылар этноцид деп бағалауда. Өйткені Қазақстанда қазақ халқының мәдени дәстүрін, шаруашылық жүйесін, оның этникалық және әлеуметтік нышандарын ашықтан-ашық күшпен аластау саясаты іске асырылды. Ал халықтың ұлттық үлгісін жойып, оған дамудың басқа логикасын күшпен таңу этноцид болып табылады /66/.

Қорыта айтқанда 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылықтан қазақ халқының жартысынан жуығы қырылып қалды. Ал осы қырылған халықтың басым бөлігі Қазақстанның оңтүстік аймағындағы халықтар үлесіне тиеді.

1932 жылы бар малынан толық айырылған қазақ халқы ата-қонысын тастап ауа көшті. 1932 жылдың жазынан бастап 1933 жылдың қысына қарай ашаршылық пен босқыншылық бұрынғыданда өршіп қалалар мен темір жол бойларында босқындар қолайсыз жағдай туғызғаннан кейін ғана Қазақстан үкіметі шара қолдануға мәжбүр болды.

Ф.Голощекин өзінің БК(б)П Орталық Комитетіне 1932 жылы 9 қыркүйекте жазған хатында Орталық Комитеттің назарын мына жағдайға ерекше аударды: «стаза қазақ халқынан тұратын 25-30 аудандар осы аудандардағы халықтың негізгі кәсібі болып табылатын мал шаруашылығының шұғыл төмендеу салдарынан қазіргі жағдайда аса ауыр экономикалық жағдайда қалып отыр.

Бұл жағдайды сипаттайтын негізгі фактілер мыналар: өлке жерінен басқа көрші өлкелерге және республикаларға, сондай-ақ өлкенің өз ішінде ауданнан ауданға жаппай ауа көшулердің Қазақстанның барлық облыстарында тіптен кең сипат алып кетуі өндірістік кәсіпорындар және жаңа құрылыстар /Қарағанды, Қарсақпай, Прибалхашстрой және басқалар/ айналасында босқындардың шоғырлануы; балалардың баспанасыздығының кең өріс алып кетуі, әр түрлі жұқпалы аурулардың кең канат жайып кетуі, өршіген аштықтың және аштан өлулердің жаппай кездесуі» /259, Б.49/.

Мал басының апатты құлдырауынан туған ашаршылық, босқыншылықтан әсіресе көшпелі жартылай көшпелі 94 аудан көп зиян шеккенін ескерсек, Голощекин бұл хатында аудандар санын азайтып көрсеткенімен Қазақстандағы алапат аштықты жасырып қалу мүмкін болмады. Сондықтан да ол Орталық Комитетке Қазақстандағы өріс алған аштықты өз атымен атауға мәжбүр болып, көмек сұрады.

Ол аталған хатта одан әрі: «Бұл 25-30 аудандарда басқа өлкелерден қайтып оралған қожалықтарды және аса мұқтаждық жағдайындағы шамамен 100 мыңға тарта қазақ қожалықтарын қосқанда барлығы 150 мыңдай қожалықтар бар деп есептеуге болады. Осыған байланысты өлкенің осы аудандарында қалыптасқан ауыр жағдай және ауыр саяси ахуал орталықтың араласуын және көмегін қажет етеді, өйткені біз өзіміздің күшімізбен және әдістерімізбен бұл істі жолға қоя алмаймыз.... осы 150.000 қожалықтар мұқтаждарын қанағаттандыру үшін Орталық Комитет алдына 3 миллион пұт астық көлеміне дейін азық-түлік көмегін босату туралы және өнеркәсіп тауарларын бөлу туралы мәселе қоюға бізді мәжбүр етеді» - деп жазды /259, Б.49/.

Бірақ Голощекин аштыққа байланысты сұраған 3 миллион пұт астықты Орталық Комитет толық бермеді. БК(б)П Орталық Комитеті 1932 жылғы 17 қыркүйектегі «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулысында: «Азық-түлік көмегі ретінде көшпелі жартылай көшпелі шаруалардың көктемгі егісіне қарыз тұқым есебінде 2.000.000 пұт астық берілсін» - делінген /248/. Орталық Комитеттің 2 млн. пұт көлеміндегі берген астығы жаппай қырылып жатқан аш қазаққа араша түсе алмады, азық-түлік көмегі ретінде бұл жеткіліксіз еді.

Аштыққа қарсы күрес Қазақстандағы жаппай босқыншылықты тоқтатуға бағытталған шараларды іске асыру тек 1933 жылы қаңтарда Л.И.Мирзоян Қазақстанға жауапты хатшы болып сайланғаннан кейін ғана толық қолға алынды.

1932 жылғы 17 қыркүйектегі Орталық Комитеттің қаулысынан кейін де қанша уақыт өткенімен Қазақ Өлкелік Комитетінің босқыншылыққа, аштыққа қарсы ешқандай шараларды жүзеге асырмай отырғандығы, елдегі аштықтың кең өріс алуы жайында 1933 жылы 24 ақпанда БК(б)П Орталық Комитетіне — Сталинге; көшірмесі: БК(б)П Қазкрайкомы — Ж.Мирзоянға Ғ.Ысқақов, І.Қабылов, Ж.Арыстанов, Б.Айбасов, Ғ.Тоғжанов, О.Жандосов хат жолдайды.

Бұл хатта: «БК(б)П ОК 17 қыркүйек 1932 жылғы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулысынан кейін бес ай өтті, бірақ ешқандай ілгерлеушілік жоқ. Оны кеңірек тарату мен іске асыру әрекеті де байқалмайды.

Халық Комиссарлар Комитетінің мәліметі бойынша, 800 мың қазақ қожалығынан 1932 жылдың көктеміне қарай 450 мың қожалық қалды. Көктемнен бері ауа көшу мен өлім-жетім тоқтаудың орнына күшейіп отыр. Қазақ қожалықтарының саны 45-50 процентке азайды. ...Темір жол бойына және Сібір босып кеткен қазақтарды, 300 000 қазақ қожалығын орналыстыру жөнінде бірқатар төтенше шаралар қолданылуға тиіс. Мирзоян жолдасты барлық мағлұматымен шақырып алып, ауа көшушілер мен ашығушы қазақтардың шын ахуалына көз жеткізілуін және жаңа басшылыққа бұл асыра сілтеуді жоюдың нақты директиваларының берілуін орынды санаймыз» - деген жолдар бар /300/. Бұл алтаудың хаты сол жылдардағы аштық пен босқыншылықтың ауыр зардаптарын жоюға өз көмегін тигізді.

Ф.Голощекин басқарған Қазақ Өлкелік Партия Комитеті басшылығы жіберген адам айтқысыз ауыр зардаптарға апарған дөрекі саяси қателіктермен қазақ шаруаларын ұжымдастырудағы, отырықшы-



ландырудағы асыра сілтеулер мен бұрмаланушылықтар 1933 жылы шілденің 10-16 аралығында Алматыда болып өткен Өлкелік Партия Комитетінің пленумында өткір сынға алынды.

Осы пленумда сөз сөйлеген Қазақстанның жаңа басшысы Л.Мирзоян осы уақытқа дейін жасырып келген Қазақстанның ауыр жағдайын, ондағы жіберілген қателіктерді баса көрсетті. Ол өз сөзінде «колхоз құрылысындағы қателіктер: ... Орталық Партия комитетінің нұсқауында колхоздастыру алдымен негізгі астықты аудандарда жүргізілуі керек деп айтқанымен, Қазақстанда әрбір ауданның ерекшелігін ескермей /әсіресе көшпелі мал шаруашылық аудандарды/ барлық аудандарда жаппай колхоздастыруды бет алды қарқынмен күшейте берген». Ал отырықшыландыру ісіндегі асыра сілтеушіліктер: Бұл жерде отырықшыландыру саясаты дұрыс саясат. Бірақ көшпелі жартылай көшпелі елді отырықшыландыру үшін алдымен оған көп дайындық керек, шаруашылықтың бір түрінен екінші түріне көшкенде елдің дәулетін кемітпеу үшін, мал шаруашылығын күйзелтпеу үшін алдын-ала көп жұмыс істеу керек. Мұндай шарттар істелді ме? Жоқ. Толық дайындық жасамай шұғыл отырықшылануға кіріскен Өлкелік Партия Комитеті Қазақстанда отырықшыландыру 1933 жылы толық аяқтауға нұсқау берген.

Отырықшыландыру жұмысын әкімшілік әдіспен жүргізу нәтижесінде көшпелі елдің отырықшыландыру жұмысына сенімі болмады... ...Қай облыста болса да отырықшыландыру жұмысы аяқталды, ия болмаса ойдағыдай орындалып жатыр, ең болмағанда 30-40 мың үй отырықшыланды деп айта алмаймыз. Егерде бірен-саран жақсы орын тауып орналастырылған посолектарды есептемегенде, істелген жұмыс шамалы. Осындай қателермен бұрмалаушылықтардың салдарынан Қазақстанның мал шаруашылығы едәуір зиян шекті, халық қонысынан ауа көшті. Көшпелі жартылай көшпелі аудандарда халық дүрліге көше бастады, оны /дүрліге көшуді/ күні бүгінге дейін жоя алмай отырмыз» - деп атап көрсетті /301/.

Әрине қонысынан ауа көшудің күшейуі де бір жағынан осы ұжымдастырудағы қателіктерге, бұрмалаушылықтарға байланысты. Голощекин бастаған өкімет әр уақытта шындықты жасырып, оны бұрмалап көрсетуге тырысты, ал бұның өзі аштық апатын одан әрі өршіте түсті.

Бұл жайында Л.Мирзоян осы пленумда өз сөзінде: «...босқыншылық күшті болса да қонысынан ауып жатқан ел көп болса да қазақтың көшпелі тұрмысын сылтау қылып, босқыншылық туралы

мәселені жасыруға оған мән бермеуге тырысты. Босқыншылықты жасыруға болмайтын фактіге айналғаннан кейінде, темір жолдың әр станциясына әр ауданға мыңдаған босқындар толып кеткеннен кейінде, сонда да бұл мәселе тура ашық қойылмады, айтылмады. Босқыншылықтың көп екенін партия ұйымнан жасыруға тырысу нәтижесінде қиыншылық онан сайын ұлғайды» - деді /301/.

Жоғарыда аталған пленумда «Ауылдағы жұмыс және мал шаруашылығын дамыту туралы» арнайы қаулы қабылданған еді. Ол қаулыда: «Қазақстан өз дамуында бірінші бесжылдықта едәуір табыстарға ие болды: ірі өнеркәсіп орындары құрылысын салу өрістеді, темір жолдар салынды және салынып та жатыр, егіс көлемі өсті, жүздеген ірі совхоздар құрылды, колхоздар ауыл шаруашылығында үстем жағдайға ие болды. ...Қазақстандағы социалистік құрылыстағы осындай табыстар мен қатар орасан зор кемшіліктер бар, олар негізінен өлкелік партия комитеті мен жергілікті партия ұйымдары тарапынан жіберілген өрескел саяси қателіктер мен бұрмалаулардың салдары болып табылады» деп көрсетілді /302/.

Ал шын мәнінде «бұл — «қателіктер» мен «асыра сілтеулер» қоғамдық құрылыстың сталиндік үлгісінің объективті болмысының көріністері» еді /64/. Әкімшілік-әміршіл жүйе социализмнің табыстарын миллиондап қырылып жатқан қазақ халқының өмірінен жоғары қойды.

Сталиндік-голошекиндік қатыгез саясаттың кесірінен босқыншылыққа ұшыраған қазақ шаруаларының ең көп бөлігі өзінің кіндік қаны тамған туған жеріне қайтып оралмады, басқа жаққа орналасты. Босқындардың басым көпшілігін /үштен екісіне жуығы/ Қазақстанның егіншілік аудандарына орналастырды. Басқа облыстарға қарағанда Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында егін шаруашылық аудандарға орналасқан босқындар қожалықтарының саны 30 проценттен асып түсті.

Босқындардың көпшілігінің егіншілік аудандарға орналасуының себебі біріншіден, босқындардың егіншілік аудандарға орналасуы аз қаражатты талап етті, екіншіден, егіншілік аудандарға орналастырған жана қожалықтарды, әсіресе техникалық дақылдар өсірумен айналысатын аудандардағы жетіспей жатқан жұмыс күшіне пайдаланды. Ал мал шаруашылық аудандарға орналастыру үлкен қиыншылықтар туғызды, көп қаражат талап етті, өз еріктерімен барған босқындар ғана орналасты /303/.

Қазақстандағы босқындар солтүстікте егіншілік аудандарға орналасса, оңтүстікте техникалық дақылдар өсіретін аудандарға орна-

ласты. Мысалы: Әулиеата ауданында 1931-1933 жылдары жат өлкеден қайтып оралған босқындар қызылша, мақта өсіретін колхоздарға орналасты. 1934 жылғы 1-маусымдағы мәлімет бойынша Әулиеата ауданындағы, 1572 қожалық мақта өсіретін колхоздарға орналасқан /304/.

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйреткен Кеңес үкіметінің саясаты ендігі жерге бұл аймақта мал шаруашылығын дамыту үшін емес, егін шаруашылығын, техникалық дақылдар /мақта, қызылша, күріш, темекі, картоп/ бау-бақшаның дамуына баса көңіл бөлді. Сөйтіп мал шаруашылығы екінші қатарда қала берді. Оның ауыр зардаптары оңтүстік аймақта /әсіресе қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысында/ кезінде ауыл шаруашылығының негізгі саласы болған мал шаруашылығын тек қосалқы шаруашылық болып қалуына алып келді.

1933 жылғы 1-қазандағы Екіншілік Халық Комиссариатының мәліметі бойынша босқындар қожалықтарын, орналастыру жұмыстарының қалай жүргізілгенін төмендегі кестеден көре аламыз: /305/

### 38-кесте

Қазақстан бойынша босқын қожалықтарды орналастыру

	Барлық босқындар есебі	Олардың ішінде орналасқандар	%% бойынша	Орналаспай қалғандар	%% бойынша
Батыс	19003	15866	84.4	3137	16.6
Ақтөбе	16217	13844	85.4	2371	14.6
Қарағанды	18653	18378	98.5	280	1.5
Шығыс	9856	9200	93.5	655	6.5
Алматы	15946	15946	100.0	-	-
Оңтүстік	24398	16356	67,1	8042	32,9
Барлығы	104072	89587	86.1	14485	13.9

Келтірілген кестеден Қазақстанның барлық облыстарын салыстыра отырып ең көп босқындар саны Оңтүстік Қазақстанда болғанын көреміз. Оңтүстік Қазақстан облысындағы 24398 босқындардың әлі 8042 немесе 32,9% орналаспай қалған. Бұл босқыншылықтың ауыр зардабын оңтүстік қазақтары көп көргенін дәлелдей түседі.

1933 жылғы 1-қазандағы берген ресми деректерден Қазақстанның оңтүстік аймағындағы босқындардың шаруашылық түрлері бойынша қалай орналастырылғанын төмендегі кестеден байқай аламыз: /306/

## 39-кесте

## Оңтүстік аймақтағы босқындарды орналастыру

	Жоспар бойынша	Босқындар есебі	орналастырылды					Жоспар бойынша орналасқандар %	Есеп бойынша орналасқандар	Орналаспай қалғандар	%/%
			Өмір сүріп тұрған колхоздар	Дербес ТОЗ-ға	совхоздарға	өндіріс кәсіп орындарына	Барлық орналасқандар				
Алматы	1100	15946	12548	569	1310	1519	15946	144,9	100,0	-	-
Оңтүстік	10000	24398	12298	3353	521	184	16356	163,6	67,1	8042	32,9

Бұл кестеде жоспарда белгіленгеннен босқындар санының әлдеқайда көп болғаны көрсетілген. Совхоздар мен өндіріс орындарына қарағанда босқындар көбінесе колхоздарға, ТОЗ-ға орналасқанын көреміз.

Баспанасыз қалған босқындарды үймен қамтамасыз ету қалай болды оны 1933 жылғы 1-қазандағы мәлімет бойынша босқындарды үймен қамтамасыз ету апатты жағдайда қалды, құрылыс материалдарының тапшылығынан, босқындар үйлерді өздері жөндеп алулары керек болды. Алматы облысының атқару комитетінің мәліметі бойынша 10 мың шаруашылық үймен қамтамасыз етілмеген. Ал Оңтүстік Қазақстан облысындағы босқындар саны 24398 болса небәрі 22 процент ғана үймен қамтылған, ал тең жартысынан көбі баспанасыз далада қалған /307/.

Күштеумен құрылған ауыл шаруашылығы артельдерін серіктестіктерге /ТОЗ-дарға/ айналдыру туралы нақты шешімінің БК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақстанның ауыл шаруашылығы және сондай-ақ мал шаруашылығы туралы» 1932 жылдың 17-қыркүйегіндегі қаулысына сәйкес қабылданғаны белгілі.

Осы қаулыны жүзеге асырудың аркасында Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қосқанда ТОЗ-дар жарғысына көшірілген ауыл шаруашылық артел саны 336, қалдырылған артел саны 94, ұйымдасқан ТОЗ-дар 443, таратылған фермалар саны 173, оның ішінде ірі қара

фермасы 51, қой-ешкі фермасы 61, жылқы фермасы 19, түйе фермасы 13, ал сақталған фермалар саны екі облыс бойынша бар жоғы 30 болды. Оның 18 Алматы, 12 Оңтүстік Қазақстан облысында /308/.

Колхоздарға қауымдастырылған малды серіктіктер /ТОЗ-дар/ мүшелері таратып беру толық емес мәліметтер бойынша Алматы облысында 4129 жылқы, 2492 ірі қара, 5516 қой-ешкі барлығы - 12137 бас мал таратылып берілді. Оңтүстік Қазақстан облысында 3845 жылқы, 6726 ірі қара, 2882 түйе 20875 қой-ешкі, барлығы - 34.328 бас мал таратылды /309/.

Қанша жерден қауымдастырылған малды жекешелерге таратып бергенмен, ол мардымсыз мал халықтың қажетін өтей алмады. Сондықтан да бірінші кезекте босқындарды малмен қамтамасыз ету керек болды.

Осы шараларды іске асыру үшін Қазақстанның басшысы Л.И.Мирзоян 1933 ж. 20.03. БК(б)П Орталық Комитетіне Сталинге ХКК — Молотовқа хат жолдаған еді.

Ол хатта қонысынан ауғандардың жағдайы төтенше ауырлап бара жатқанын, қонысынан ауғандар 71 ауданды, оның 50-і көшпенді және жартылай көшпенді, ал 21-і отырықшы егінші аудандар. Олар әсіресе Оңтүстік Қазақстан облысының, Алматы облысының аудандарында, ...мәселен Әулие ата, Талдықорған, Мерке, Талас, Шу, Созақ, Қордай, Іле, Қаратал және т.б. аудандарда қонысынан ауғандардың саны өте көп екендігін айта келе, қонысынан ауушылар санының бұдан әрі көбейе бермеуі үшін жәрдем берілетін шаруашылықтардың санын 150.000 ға дейін көбейтуге мәжбүр болып отырмыз дей келе Өлкелік комитеттен азық-түлік жәрдемі ретінде бір миллион пұттары бөлуді өтінген.

Сонымен бірге қонысынан ауғандарда жұмыс көлігінің мүлдем дерлік жоқтығына байланысты Батыс Қытайдан мал сатып алу туралы мәселе қойды, ондай малды Совет -Шыңжан саудасы арқылы да, шекара пунктерінде жәрменке ұйымдастыру арқылы да, сатып алуға болатынын айтады.

1933 жылғы табыннан сатылатын 3000 бас төлдің қонысынан ауған қожалықтарға жуық арада ешқандай өндірістік көмек бола алмайтындығы себепті, қазақ қожалықтарына совхоздардың малынан 7000 бас мүйізді ірі қара, көбінесе тайыншалар өгізшелер, және сауын сиырлар сатуға рұқсат ету туралы мәселе қойды» /228, Б.92/.

1933 жылы 22-шілдеде БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің ХКК қаулысы бойынша Қазақстанның колхозшыларына көмек ретінде мал

таратып берілді. Колхозшылардың жеке пайдалануына колхоздың мал шаруашылық фермаларынан төмендегідей мөлшеде мал таратылып берілді /276, Б.226-228/.

#### 40-кесте

##### Колхозшыларға таратылып берілген мал саны

Облыстар	Барлық ірі кара мал	Оның ішінде сиыр	Қой ешкі	Оның ішінде саулық қой
Алматы	6000	2100	10000	6000
Оңтүстік	4500	1600	9000	5400
Республика бойынша	45000	16000	65000	39000

Бұл малдар фермалары бар аудандардың колхозшыларының жеке пайдалануына таратылып берілу керек болды. Малдар өзінің жеке пайдалануында малы жоқ колхозшыларға, еңбек тәртібін сақтаған, көктемгі егіске белсене ат салысқан, егіс алқабын қорғаған, күзеткен, астық, жем-шөп жинауға қатысқан колхозшыларға бірінші кезекте таратылулары керек болды. Мал колхозшылардың еңбек күнінің есебіне берілді, сиыр бағасы 150 еңбек күнінен, қой-ешкі 25 еңбек күнінен аспау керек болды, немесе қой ешкіні 2 жылға, ірі қараны 3 жылға қарызға берді.

Ал бұны өтеуде аш қазаққа оңайға соқпады, үйсіз-күйсіз қалған қазаққа бұны орындау мүмкін болмады. Колхозшылар малды алғаннан кейін оны сақтауға міндетті болды, оны сатуға, жеуге тыйым салынды, ол малдан міндетті түрде төл алу керек болды. Малды таратып беру шараларына басшылық жасау үшін облыстық, аудандық комиссия құрылды. Ол комиссияның құрамына облыста — облыстық атқару комитетінің төрағасы, облыстық партия комитеті, ауданда-аудандық атқару комитеті, аудандық төраға, колхоз бастығы, ктф. меңгерушісі енді.

Халық Комиссарлар Кеңесі, Қазақ Өлкелік комитеті, облыстық, аудандық комитеттерден ферма малын сақтауды, колхозшыларды малмен қамтамасыз етуді, фермаларды, коммуна, ауыл шаруашылық артельдерді таратпауды қатаң бақылауға алуды талап етті. Өлкелік комитет, облыстық комитеттерді облыстық атқару комитеттеріне бұқара халық арасында бұл партиямен үкіметтің оларға жасап отырған орасан зор көмегі екендігін насихаттауды талап етті. Малды таратып беру 1.09. аяқталу керек болды.

Қазақстанда мал шаруашылығын тез арада қайта қалпына келтіру үшін БК(б)П ОК 1932 ж. 17.IX. қаулысының және 1933 17-маусымдағы КСРО ХКК-нің «Қазақстан колхозшыларын малмен қамтамасыз ету туралы» қаулысының негізінде 1933 жылы 26-шілдеде ҚАКСР ХКК, БК(б)П Қазақ Өлкелік комитет «Колхозшыларды малмен қамтамасыз ету туралы» қаулысын шығарды: Қаулыда:

1. Қазақстан колхозшылары малмен қамтамасыз ету үшін:

а) 1933 жылы Республиканың мал шаруашылық совхоздарынан 10 проценттік төл алу, олардың саны 41500 бас қозы, 23500 бұзау, 10000 ірі ешкілер 15000 лақ;

б) Шет елден және /Қарқара, Зайсан/ жәрмеңкесінен 30000 ірі қара 70000 қой ешкі;

в) Өмір сүріп тұрған КТФ 25000 қой ешкі /мүмкіндігінше ешкі/ сатып алу.

Барлығы 200 мың бас мал. Бұл малдар әр облыстарға бөлінген. Біз қарастырып отырған Алматы облысына 46050, Оңтүстік Қазақстан облысына 50460 бас мал мөлшері тиді /276, Б.228-232/. Бұл малды қандай шаруашылықтар алды: Мал колхоз (а.ш.артель, ТОЗ) мүшелерінің жеке пайдалануына берілді. Кейбір жағдайларда бұл мал малсыз, немесе малмен аз қамтылған орыс колхоздарының мүшелеріне де таратылып берілді Бір колхоз қожалығына 1 ірі қара малы 2-3 қой ешкі, немесе 3-4 қой ешкі, бір сиыр, немесе бір жылқы малы бөлініп берілді.

Босқындарды шаруашылықтық орналастыру шараларының негізгісі босқындарға мал сатып алу болғандықтан барлығы 1932-1933 жылдардағы колхозшылардың жеке меншігіне пайдалануға бүкіл Қазақстан бойынша 590200 бас мал таратылып берілді /310/. Олар негізінен таратылып жіберілген колхоздың товарлы фермаларындағы және көшпелі жартылай көшпелі аудандағы қоғамдастырылған малдар, совхоз малдары, басқа шет елден жәрмеңкелерден сатып алынған малдар болды.

Шет елден, яғни Қытайдан мал сатып алу операцияларының қорытындысында 5,4 мың бас жылқы, 6,1 мың бас ірі қара малы, 80,7 мың бас қой мен ешкі таратылып берілді /311/. Бірақ қаншалықты көмек көрсеткенімен, малсыз қалған қазақты толық малмен қамтамасыз ету мүмкін емес еді. Егерде біз қазақ халқының негізінен мүлде малсыз қалғанын ескеретін болсақ, бұл сатып алынған мал саны оларды не жұмыс малымен, не күнделікті азық-түлік қажетімен қамтамасыз ете алмады. Жеке меншіктерге, колхозшыларға мал

таратып берілгенімен, мал басының өсімі байқалмайды, керісінше мал басының қысқаруы, малсыз қожалықтар саны азаймады.

Туған жерге қайтып оралған босқындар саны көбейген, оған себеп біріншіден Қазақстанға жаңа басшы Л.Мирзоянның келуімен болса, екінші жіберілген қателіктерге, бұрмалаушылықтарға тыйым салынып, босқыншылықты тоқтату, оларға көмек беру шараларының дұрыс жолға қойылуы деп ойлаймыз.

Ресми басшылық 1934 жылы Қазақстанда босқындарды орналастыру ісі негізінен аяқталды деді. БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің осы жылдың 10-16 маусымында болып өткен пленумы аталған мәселені арнайы қарап, босқындардың негізгі бөлігі соның ішінде Қазақстаннан тыс жерлерден оралғандар ТОЗ-дарға, ауыл шаруашылық артельдеріне және өндіріс кәсіпорындарына шаруашылықтық орналастырылды — деп атап көрсеткен /312/. Осындай шешім қабылдағанына қарамастан босқындардың біртіндеп Қазақстанға қайтып оралуы 1937 жылға дейін байқалды.

1936-1937 жылдары Қазақстанның өз ішінде бұрын орналасып қалған босқындар өздерінің ата қонысына қайтуға ниет білдірді. Бірақ біз жоғарыда тоқталғанымыздай босқындардың көбі сол жылдары Қазақстанның оңтүстік аймағына негізінен техникалық дақылдар өсіретін аудандарға орналастырып, оларды жетіспей жатқан жұмыс күшіне пайдаланған еді, сондықтан да үкіметке бұл ауданның халқын жіберу тиімсіз болды. Қайтып оралушылар «техникалық дақылдар өсіретін аудандардан тыс орналасқан» колхоздарда тұратын болса ғана оларға рұқсат берілді. Сөйтіп қазақ халқы өз елінде «кіндік қаны тамған» туған жеріне жете алмай қор болды. Адамдар тағдырына мұндай немкетті қараушылық әкімшіл-әміршіл жүйенің бюрократиялық-деспоттық басқару әдісінен туындаған еді.

Осылайша, бар малынан айырылған, сөйтіп аштыққа ұрынған көшпелі қазақтың алдында қаласа да, қаламаса да жалғыз ғана жол қалған еді. Ол - мемлекет немесе колхоз-кооператив меншігіне мойынсұну және жан сақтау үшін оның серіктестеріне, совхоздарына, кәсіпорындарына, артельдеріне мүше болып кіру. Аш-жалаңаш қазақ амал жоқ осылай етті де /2, Б.224/.

Иә босқындар негізінен егін, шаруашылық, техникалық дақылдар өсіретін аудандардағы колхоздарға серіктерге көптеп орналасты. Қазақ шаруалары аштан өлу қаупі төнген соң «колхоздарға» кіруге Кеңес үкіметінің саясатына мойынсұнуға мәжбүр болды.



### 4.3 Қоғамдық мал шаруашылығын қалыптастыру бағыты: міндеттер мен қиыншылықтар

Кеңес үкіметінің, Коммунистік партияның Қазақстанда жүргізіп отырған саясаты миллиондап қазақ халқын қырып, оның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, жеке меншік қожалықтарды бір-жолата жойып қоғамдық мал шаруашылығын қалыптастырды.

Ендігі жерде Қазақстанның болашақтағы мал шаруашылығының дамуы үш жолмен жүру керек делінді.

Оның біріншісі, совхоз жолымен, мал шаруашылық совхоздарды одан ары көбейту, жұмысын жақсарту. Екіншісі, колхоз жолымен, колхоздың товарлы фермаларын жақсарту, нығайту және қоғамдық мал басының өсуін қамту. Үшіншісі, колхозшылардың жеке меншігін малмен қамтамасыз ету арқылы жеке меншіктегі малды өсіру /313/.

Мал шаруашылығын дамытудың негізгі әдісі — мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспары болып табылады. Жыл сайын республикада, облыста, ауданда, ауылдық кеңесте сонымен бірге әрбір совхозда, колхозда мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспары белгіленді.

Мемлекеттік жоспардың міндеттері, совхоз, колхоздағы мал басын өсіру малдың өнімділігін арттыру, совхоз, колхозда, колхозшылардың жеке меншігіндегі төлді көбейту, жем-шөп қорын дайындау еді. Мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспарының орындалуына партия совет ұйымдары басты көңіл аударулары керек болды /313/.

1933 жылы шілдеде екпінді колхозшылардың жалпы Қазақстандық тұңғыш съезі болып өтті. Бұл съезге БК(б)П Орталық Комитеті: «Сіздердің алдарыңызда маңызды міндет - қысқа мерзімде Қазақстанды Шығыстағы Социалистік мал шаруашылығының алдыңғы қатарлы отрядына айналдыру керек» - деген үндеу тастайды.

Мұндағы мақсат - Қазақстанды ет базасына айналдыру еді. Осы съезде сөз сөйлеген Л.И.Мирзоян: «...Қазіргі алдымыздағы міндет мал шаруашылығын қалпына келтіру. Қазақстан өзінің мал шаруашылық маңызын бұрынғы деңгейге көтеру үшін, Кеңестер одағының негізгі мал шаруашылық ауданының ет базасы болу үшін барлық шаралар істелуі керек» - деген еді /314/. Қазақстанның малын миллиондап қырған Орталық Комитет енді өз мүддесін жүзеге асы-

ру үшін мал шаруашылығын тез арада қайта қалпына келтіруге асықты. 1933 жылы 6 қарашада Бүкіл Қазақстандық мал шаруашылық екпінділерінің съезі болды. Онда 2-3 жыл ішінде мал басының орасан зор кемігендігіне тоқтала келіп оның себептері атап өтілді. Бірақ бұл себептерде сол жылдары әдетке айналған барлығына кінәлі байлар деуден асыра сілтеушіліктен, бұрмалаушылықтан аса алмады. Онда мынандай жолдар бар: «Бірінші себеп — бай-кулақтар ауылды қайта құру, ауылдағы байларды жою саясатына қарсылық көрсетті, малды қыру, сою, шетке айдап кету үшін колхозшылар жекешелер арасында үгіт-үндеу таратты. Мал басының азаюына жалғыз бұл себеп болған жоқ, жалғыз ғана байлар кінәлі емес.

Екінші себеп - өлкелік комитеттің Голощекин бастаған ескі басшылықтың және барлық жергілікті ұйымдардың ауылды колхоздастыру, отырықшыландыру мал дайындаудағы асыра сілтеулер, ауылдың колхоздастырудың ең жоғары сатысына бірден көшу, партияның дұрыс саясатын Қазақстан жағдайында жергілікті өзгешеліктермен есептеспей теріс жүргізгендігі. Ескі басшылық колхоздың болсын, жеке шаруалардың болсын жеке меншігінде мал ұстауды бағаламады, оның дамуына жол бермеді.

Үшінші себеп — колхозшылар, жеке шаруалар өздері де кінәлі. Себебі, олар бай-кулак атқа мінерлердің ауыл арасындағы бояма белсенділердің істеп жатқан зиянкестіктерін жүргізген теріс үгіттерін олар байқамады. Мезгілі мен көріп тиісті соққы бермеді». Осылайша ресми басшылық бұқара халықтың өзін кінәлады /315/.

Алайда, жүргізіп отырған саясатқа байлар ғана қарсы болған жоқ, барлық бұқара халық наразылық білдірді. Бұқара халық арасында Кеңес Үкіметінің жүргізіп отырған саясаты қолдау таппады, партия саясатының өзі де түбірінен қате болды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылықты біржолата күйреткен кеңес үкіметі қазақ халқының ұлттық мүддесімен санаспады, мал шаруашылығының игілігі үшін Қазақстанның кең байтақ даласындағы жайылымдар мен мал баққан халқының ғасырлық тәжірибесін пайдаланбады.

Қазақстандағы барлық секторлардағы мал басын өткен жылдармен салыстырсақ мал басының жылдан-жылға қаншылықты азайғандығын төмендегі кестеден байқаймыз /316/.

**41-кесте**

Мал басының азаюы жылдарға шаққанда /мың бас/

	1930 VI.	1931 VI.	1932 VI.	1933 VI.	1934 VI.	1.01. 1935
Ірі қара	4806.8	3125.8	1734.8	1653.4	1965.1	1778.3
Қой ешкі	15660.0	6728.2	3045.5	2752.3	3251.5	2525.5
Шошқа	68.4	87.9	93.4	141.0	225.0	250.9
Жылқы	3283.6	2309.4	720.4	466.0	429.8	409.5
Түйе	1062,7	518.2	181.8	90.8	79.3	71.5
	41.5	24.9	15.0	15.6	22.8	25.7
Барлығы	24923.0	12794.4	5790.9	5119.1	5973.5	5061.4

Кестеден көріп отырмыз 1930 жылғы 24 млн. бас малдан, 1933 жылы небәрі 5 млн. бас мал қалып отыр, 1934 жылғы мал басының осуін табиғи өсімдеп айта алмаймыз, 1935 жылы мал басы тағы қысқаруда. Өткен жылдармен салыстырғанда мал басының проценттік өзгеруі: 1931 ж - 48,7, 1932 ж - 54,7, 1933 ж - 11,6, 1934 ж - 16,7 өзгерген.

Өткен жылдар мен салыстырғанда әр сектордағы мал басының өзгеруі төмендегіндей /мың бас/ /317/.

**42-кесте**

Жеке сектордағы мал басының азаюы жылдарға шаққанда /мың бас/

	1930 VI	1931 VI	1932 VI	1933 VI	1934 VI	1935 01.1.
Мем.кооп секторда	564.8	1809.7	2534.0	2645.9	2866.2	1892.3
Колхозда	1527.4	2831.8	2570.1	1644.6	1562.5	1505.2
Колхоздар	3882.8	3657.9	488.4	677.4	1302.8	1380.7
Жеке меншікте	18948.0	4495.0	198.4	130.4	198.6	104.3
Барлығы	24923.0	12794.4	5790.9	5119.1	5973.5	5061.4

Кестеден жеке секторлардағы мал басының үлес салмағының өзгергендігін көреміз. Жекешелердің қолындары малын тартып алу арқылы совхоз-колхоздың малы көбейді. Жеке секторлардағы мал басының үлес салмағы процентке шаққанда төмендегіндей еді /318/.

### 43-кесте

Жеке сектордағы мал басының үлес салмағы /%/% бойынша/

	1930 VI	1931 VI	1932 VI	1933 VI	1934 VI	1935 1.01.
Совхоз	2.3	14.1	43.8	51.8	48.0	37.4
Колхоз	6.1	22.1	44.4	32.1	26.2	29.7
Колхоз-шылар	15.6	28.6	8.4	13.2	21.8	27.3
Жекешелер	76.0	35.2	3.4	2.9	4.0	5.6

Қазақ шаруаларының қолындағы малын тартып алу арқасында құрылған совхоздардағы мал басы кейінгі жылдарда да тез қарқында дамып кете қойған жоқ. Керісінше совхоздардың саны өскенімен ондағы мал басының табиғи өсімі болмады, мал басы жылдан жылға қысқарды.

Күштеп ұжымдастыруға дейін Қазақстандағы барлық совхоздар Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық трест (Казгоссельтрест) негізінде құрылған еді. 1930 жылдан бастап РСФСР-дың 20.IV. 1930 ж. қаулысының негізінде Казгоссельтресті таратып жіберіп, мал шаруашылық совхоздарын құру толығымен бүкіл одақтық «Скотовод», «Овцевод» трестің қолына көшті. Бұл дегеніміз совхоздарды тікелей одаққа бағындыру еді де, ал Қазақстандағы совхоз малдары тікелей одақты етпен қамтамасыз етуге көшті.

«Скотовод» және «Овцевод» екі негізгі совхоз жүйесінде 1935 ж. 01.1. Қазақстанда 175 совхоз болды, алып жатқан жер көлемі 20738 мың гектар, ондағы мал саны ірі қара 496,4 мың және қой ешкі саны 829,2 мың бас болды. «Скотоводтағы» әрбір ірі қара малына орта есеппен 25,2 гек, «Овцеводта» әрбір қой ешкіге 10 гек. жерден келді /319/. Көріп отырғанымыздай совхоздар жермен артығымен қамтылған. Бұл совхоз жерлері негізінен құнарлы, жайылымды жақсы жерлердің есебінен алынды.

1934 жылы совхоздарға мемлекет күрделі қаржы бөлді. «Скотовод» — 47988,3 мың сом, «Овцевод» — 22089,4 мың сом қаржы бөлді. Совхоздар тракторлармен, ауыл шаруашылық машиналарымен, құрал-саймандармен едәуір қамтылды. Бұрын мал тебінде, жыл бойы жайылымдарда жайылып келсе, енді совхоз малдарын жайылымдарда жаю басты рөл атқармайды, малды дайындалған жемшөппен, құнарлы азықпен, бірінші кезекте қамту керек деп білді.

Жем-шөп базаларын нығайту үшін 1933 жылдың күзінде машина жем-шөп станциялар, машина-трактор жем-шөп станциялар боп қайта құрылды. 1934 жылы МТС саны 114-ке жетті. Бірақ совхоздарда 1934 жылдары жем-шөп дайындау, шөп жинау жоспары орындалмай қалды.

Қазақстанның халық шаруашылығында совхоздардың алатын орнын өте жоғары бағалағаны мен соңғы 1934-1935 жылдары совхоз жұмысын қанағаттанарлық деп айтуға болмайтын еді. Бұл жылдары совхоз малының кірісінен, шығыны көп болды. Оны Совхоз Халық Комиссариатының есеп материалдарынан байқаймыз. Совхоз малының қысқаруының басты себебі - 1934 ж. 1.01. Скотоводтағы мал құрамының 47,5 процентін сиыр малы құрады. 1934 жылы Скотоводтағы 100 сиырдың тек 76 ғана бұзаулаған, ал 24 проценті қысыр қалған немесе іш тастаған. Бұл совхоздағы ірі қара малының қысқаруының бірінші себебі. Екінші себеп, негізгі - мал өлімінің проценті өте жоғары болуы /10,6 проц/ сойылған мал /2,4 проц/, жоғалған мал /0,5 проц/ т.б. шығын /1,0 проц/. Ірі қара малының шығыны 14,5 процент. Бұл шығын, төлді сақтауда, өсірудегі жұмыстардың жеткіліксіздігінен мал күтімінің болмауынан /319, Б.43/.

Сонымен 1934 жылғы совхоздағы ірі қара малының 21,3 процентке қысқаруының себептері 1) малдың қысыр қалуы /24 проц./; 2) шығынның көп болуы /өлім, жоғалу, сою және т.б./ 14,5 процентке жеткен, жеке совхоздарда мал шығыны — 30 және 35 процентке дейін жеткен.

1934 жылғы 20 ақпандағы ПП ОГПУ-дың өте құпия мәліметінде Қазақстандағы совхоздардың жағдайы өте нашар екендігі хабарланған. Оған дәлел 1933 жылғы Қазақстандағы мал шаруашылық совхоздарындағы мал басы төмендегідей: 1.01.1933 жылы ірі қара малы 606.179 бас, 1933 жылғы малдың төлі 246.178 бас, өлген мал 52.140 бас, сойылған ауру мал 25.052 бас, етке тапсырылған 63.874 бас, қалған мал саны 1.01.1934 жылғы 711.291 бас. Ұсақ мал бойынша — 1.01.1933 ж. барлық мал саны — 1.079.168 бас, төл 677.370, барлық мал өлімі 156.241 бас, сойылған ауру малдар — 64.317, етке өткізілген 274.789 бас 1.01.1934 ж. қалған мал саны 1.261.191 бас.

Совхоздардағы мал өлімі өте жоғары деңгейде қалды. Мал қоралар жеткіліксіз, жаңа мал-қора салу жоспары орындалмаған, ескілерді қайта қалпына келтіру қажет еді. Оңтүстік Қазақстан облысының Мерке қой совхозында қора құрылысының аяқталмау нәтижесінде 3000 бас мал ашық аспан астында далада қалған. Мал өлімінің

күшейуі және малдардың әр түрлі жұқпалы аурулармен ауру /әсіресе қотыр/ себебі колхоздағы мал дәрігерлерінің жұмысындағы бақылаудың, жауапкершіліктің болмауынан совхоз малының шығыны 28 % жеткен. Жыл бойы 51.199 бас мал арам өлген.

Алматы облысының Тасбұлақ қой совхозында мындаған қойлар қотыр, қорасан ауруларымен ауырған. 1934 ж. 20.01. совхозда қотырмен ауырған 6000 бас, қорасанмен ауырған 4000 бас мал болған. Совхозда мал дәрігерлері жоқ. Басшылар ауры малдарды емдеу үшін ешқандай шешім қабылдамаған. Олардың салақтығынан совхоздың барлық малына жұқпалы ауру тарап кету қаупі төнген.

Оңтүстік Қазақстан облысының Биліккөл ет совхозында малдар зоотехникалық ветеринарлық шаралармен қамтамасыз етілмеген. Совхоз директоры Свиридов күнде арақ ішіп мас болса, мал дәрігер Байшиновтың жұмыс жасауда ешқандай тәжірбесі жоқ еді. 1933 жылғы туған төлдердің бәрі ауру болатын. Сонымен бірге көптеген совхоздарда жұмысшылардың қызметшілердің мамандардың материалдық-тұрмыстық жағдайлары өте нашар болды, үйлері жоқ олар лас барактарда тұрған, азық-түлік, жылы киім-кешек, аяқ-киім жетіспеді, жұмысшылар 7-8 ай бойы жалақы алмаған. «Биыл адам өлімі жоқ, 1933 жылы совхозда аштан өлген 360 адамды жерлеген, жұмысшылар аш, бірақ әлі өлген адам жоқ» — деп хабарлаған ПП.ОГПУ мәліметтерінде /320/. Міне, алапат аштық жайлаған қазақ даласындағы құрылған совхоздардың жағдайы. Совхоз малының шығынының басты себебі — малды бір жерге жинап алу еді, малды бір жерге топтаудан аурудың таралып, өлімнің орын алуы табиғи еді, бірақ бұны совхоз басшылары түсінбеді.

Қазақстанда 1934.1.01. да бұрын бет алды құрылған әсіресе мал шаруашылық аудандардағы колхоздардың тауарлы фермалары таратылып, 3800 колхоз тауарлы фермасы қалдырылды. Бұдан кейінгі колхоздың тауарлы фермалары колхоздағы қоғамдық малдың, совхоздан сатып алған малдың есебінен құрылды. 1935 жылы 1 қаңтарда КТФ саны 5844 жетті. Тауарлы фермалардың негізгі түрлері сүт, қой тауарлы фермалары болды. Фермаларды құру негізінен совхоздардан мал сатып алу арқылы құрылса, екі жылда колхоздар совхоздардан 116 мың бас ірі қара малын 180 мың қой сатып алды /321/. Қазақстандағы алғашқы құрылған фермалардың көлемі шамалы ғана болды /322/.

Фермалардың көлемінің шамалы болуының негізгі себептері: 1) қоғамдастырылған малдың көп қырылуы және 1930-1932 жылдар

дағы малдың талан-таражта түсуі, қалған малды колхозшыларға таратып беру. 2) 1934-1935 жылдардағы фермалардың көпшілігі совхоз малының есебінен ұйымдастырылды, олардың көлемі әсіресе кейбір облыстарда шамалы ғана болды. Олардың ішінде әсіресе Оңтүстік Қазақстан облысы көзге түеті. Себебі бұл облыста алапат ашаршылық жылдарында малдың қырылуы күшті болды, сондықтан 1933 жылдың аяғында колхоздардың көпшілігінде тауарлы фермалар болмады. Совхоздан алынған /малдың санының/ мал басының аз болуына байланысты облыста ұсақ фермалар ұйымдастырылды, ондағы мал саны 20-40 бас ірі қара, 75-120 қой, ешкі болды /323/.

Кейінгі жылдарда колхоздың тауарлы фермаларының саны өскенімен сапасы болмады. Керісінше совхоздардан колхоздар үшін сатып алынған малдар саны көп қысқарып кетті, сондықтан алдағы таяу уақыттарда мал басының өсуі байқалады дегенге ешқандай негіз болмады.

1934 жылғы 8-16 қаңтарда БК(б)П Өлкелік VIII партия конференциясы болып өтті. Осы конференцияда Қазақстанның жаңа басшысы Л.И.Мирзоян «Мал шаруашылығының мәселесі» туралы баяндама жасады. Баяндама Қазақстандағы мал басының кемуіне Өлкелік және жергілікті ұйымдардың 1930-31-32 жылдардағы істеген өте үлкен саяси қателіктері себеп болғанын айта келе сол қателіктерге жан-жақты тоқталды. Бұл қателіктер — мал шаруашылық ауылдарда ұзақ даярлық шараларды жүргізбестен колхоздастыру жұмысын қарқынды түрде жүргізді. Көшпелі ауылдағы орташа, кедейлердің жеке меншігіндегі малдар зорлықпен ортақтастырылды. Партияның саясатын жүргізуде ешбір ұйымдастыру, түсіндіру жұмыстарынсыз әкімшілік әдістері қолдану орын алды, көшпелі, жартылай көшпелі аудандардың ұлттық-тұрмыстық, мәдени және таптық ерекшеліктері ескерілмеді /324/.

Сонымен бірге Қазақстан басшысы Л.И.Мирзоян сол кездегі мал шаруашылығының жағдайына, оны өркендетудің алдағы міндеттеріне тоқталды. Санақ мекемесінің мәліметі бойынша 1933 жылы I.YII Қазақстандағы барлық секторлардегі мал 5012 мың бас, егерде есептелмей қалған малдарды қоссақ барлығы 5968 мың болады. 1932 ж. VII. мал басымен салыстырғанда жалпы сектордегі малдың саны 7,5 процентке кеміген болады, -деп талдау жасаған еді. Егерде мал санының бұл азаюын 1930-1931-1932 жылдардағы азаюмен салыстарсақ, бұлардың арасында үлкен айырмашылық бар, себебі осы жылдары 1933 жылмен салыстырғанда мал басының азаюы өте көп болды.

Шаруа секторындегі мал басының өзгеруіндегі бірқатар ерекшеліктерге тоқталсақ, егерде шаруа секторын, яғни колхоздың тауарлы фермаларын колхозшыларды, жеке шаруаларды бөлек алсақ 1933 жылғы I.ҮІІ. мал басының кему мөлшері 1932 жылдың I.ҮІІ. салыстырғанда 19 процент кеміген. Әсіресе бұл сектордегі мал басының кемуі Оңтүстік Қазақстан облысында үлкен. Мұнда бір жыл ішінде / 1932 ж. I.ҮІІ — 1933 ж. I.ҮІІ/ мал басы 40 процент кеміген. Алматы облысында да осы уақыт ішінде мал басы 28 процент, Ақтөбе облысында 17 процент кеміген. 1932 ж. VII мал мөлшерінде мал санын сақтап қалған бірде бір облыс жоқ. Батыс Қазақстанда мал басы 15%, Шығыс Қазақстанда 8%, Қарағандыда 16% кеміген. Егерде малдың түріне қарай алсақ жылқы, түйе, сиыр малдары көбірек кеміген.

1933 жылдың көктемінен малды талан-таражға салу, сою сатылу бәсендей бастады, 1933 жылдың аяғында бұл негізінен тоқтатылды, Л.Мирзоянның ойынша 1934 жыл мал басын көбейту, өркендету жылы болмақ еді /325/.

Сонымен бірге осы конференция екінші бесжылдықта мал шаруашылығын дамытудың мынадай нақты міндеттерін алға қойды. Екінші бесжылдықта малдың өлім-жетімін барынша азайту, саулықтан 95-100 қозы алуды қамтамасыз ету арқылы малдың шапшаң өсуіне қол жеткізілсін. Екінші бесжылдықта Қазақстандағы мал басын 2 есе өсіруді міндет етіп қойды.

Бірақ бұл мемлекеттің жоспары кейінгі бесжылдықтарда орындалмады, тек жоспар жүзінде, даурықпа ұран күйінде қалып отырды. Партия органдары совхоздардың колхоздардың малдарына баса көңіл аударғанымен мал басының шапшаң өсуі байқалмады.

Бұның басты себебі ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылықтың мың жылдық тәжірибесін пайдаланбауда еді. Мал шаруашылығы екінші бесжылдық жоспарда осы саланың маңызын жете бағаламады, табиғи жайылымдарды толық пайдалану, оларды жақсарту керектігі ескерілмеді.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның табиғи жем-шөп қорымен 50-60 млн. бас малды азықтандыруға әбден болады /бұған дейін де 40 млн. бас мал азықтандырылып келген-ді/ егер жайылымдарды жақсартып, оларды дұрыс пайдаланса және екіне шөптерді, егін шаруашылығының қалдықтарын есепке алса, онда Қазақстанда мал шаруашылығын дамытуға орасан зор мүмкіндіктер бар еді.

Қазақстанда мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін осы мүмкіндіктерді толық пайдалану қажет деді кезінде Т.Рыскулов. Ол



Қазақстанды Австралия, Аргентина, солтүстік Америка елдерімен салыстыра отырып, нақты былай деді: «Егер жер көлемімен халқының саны жағынан Қазақстанмен шамалас және территориясыны 8 проценті ғана егіншілікке /онда да көбі жемшөптік дақылдарға/ берілген Аргентинада 100 миллиондай мал болса және ол дүние жүзіндегі ет экспортының тең жырымына жуығын беріп отырғанда, біз неге Қазақстанды мал шаруашылығының шын мәнісіндегі іргелі базасына айналдыра алмаймыз? Солтүстік Американың, Австралия мен Аргентинаның /мал мен мал өнімін беретін осы дүниежүзілік аймақтардың/ далалы аймақтарының үлгілерін ескеру керек, оларда табиғи жайылым қорлары мал үшін барынша мол пайдаланылады, ал екпе жемшөппен мал тек қосымша азықтандырылды. ...Қазір өлкеде қалған әрбір малға орта есеппен 30 гектардан жайылым келіп отыр.

Сондықтан Қазақстанның малды жайылымда бағудан бас тартып, көбінесе құрамды екпе жем-шөппен азықтандыру үшін малды қолда ұстап бағуға көшу керек деген ұсыныс дұрыс емес еді. Құнарлы жем-шөп үлесін мүмкін болғанынша көбейту керек, бірақ сонымен қатар табиғи жайылымдарды барынша пайдалану қажет» /326, Б.304/.

Сонымен бірге екінші бесжылдық жоспарында мал шаруашылығы жөніндегі міндеттер туралы аз айтылған басты назар қазақ ауылында шошқа, үй қоянның құс өсіруге аударылып отырғандығын айта келе Т.Рысқұлов мұнда да өз пікірін білдірді. Ол: «дұрыс бұл жұмысты өрістетуге керек, алайда, қазақтар әзірге шошқа шаруашылығымен айналыспай отырғанын, үй қояндары дегеннің не екенін білмейтінін, сондықтан оларды отырықшы жерлерде өсіру керектігін және құсты да отырықшы жерлерде өсіруге болатынын ескеру керек. Ал басқа түліктер жөніндегі орасан зор мүмкіндіктер ауызға да алынбайды. Мысалы, шошқадан соңғы /егер үй қоянын айтпасақ/ ең өсімтал түлік – қой туралы айту керек еді, ол бір жыл ішінде толық салмағына жететін, еті майлы және жүні мол, далалы жерде өсіруге бейім, сондықтан еліміздің ет пен жүнге қатты зәру болып отырғандығына байланысты осы түлікке баса назар аудару керек және басқа да негізгі түліктер жөніндегі міндеттерді де осылайша белгілеу керек еді», - деді /326/. Бірақ осындай құнды пікірлер назардан тыс қалды.

Социалистік қоғамдық мал шаруашылығы мемлекеттің «жоғарыдан» белгіленген жоспары арқылы даму керек болды. 1937 жылға дейін Қазақстандағы малдың басын екі есе көбейту үшін мына-

дай міндеттерді іске асыру керек болды: 1) халықтың сойып жейтін малына тыйым салу, мал басын көбейту үшін ет жеуді азайту, астық егісін, бау-бақша егуді күшейту керек болды, балық аулау, аң аулау кәсіптерін көбейту керек деп білді. Оның үстіне мал өсіруші аудандарға астықты уақытында жетістіру, нан саудасын жолға қою. 2) малдың санын көбейтумен қатар, малдың сапасын арттыру. Ол үшін малды күту, малдың жазғы, қысқы суатын толық қамтамасыз ету, малды, жыл маусымдарына қарай дұрыс белгіленген жерлерге бағып отыру, мал азығын дайындау 3) әрбір колхозда тауарлы мал фермасы болу міндетін орындау /327/.

Қазақстан бойынша мал шаруашылығының жағдайын талдаған 1934 жылғы ҮІІ-мал есебін 1933 жылғы мал есебімен салыстырғанда малдың барлық түрінің, барлық секторда едәуір өскендігі көрінеді. Барлық сектордағы мал басы 17,5 процентке, жеке колхоз-шаруа секторында 26,7 процентке өскен. Әр облыс және малдың жеке түрі бойынша бұл көрсеткіш төмендегідей /338/.

#### 44-кесте

#### Жеке секторлардағы мал басының өсуі

Облыстар	Жылқы	Ірі қара	Қой ешкі	Шошқа	Түйе
а) Барлық колхоз шаруа секторы бойынша					
Алматы	3,6	23,4	86,3	62,6	14,6
Оңт. Қазақстан	2,0	37,3	50,7	167,0	9,9
Барлығы Қазақстан бойынша	12,7	28,2	39,8	43,8	11,1
б) Оның ішінде КТФ					
Алматы	-	7,5	25,3	27,5	-
Оңт. Қазақстан	-	13,0	2,4	16,3	-
Барлығы Қазақстан бойынша	-	14,1	8,2	9,8	-

Өнімді малдардың шамалы өсуімен қатар жұмыс малдары түйе, жылқы малдарының алапат аштық жылдарында көптеп қырылғандығы соншалық 1934 жылдың өзінде ешқандай өсім байқалған жоқ, қалған малдың өзі қысқаруда күннен-күнге. Мысалы, Қызылорда ауданында жылқы 20,4 % түйе 42,2 % қысқарса, Балқаш ауданында жылқы 46,2 %, түйе 77,9 % процентке қысқарып кеткен. Өлке бойынша 21 ауданда жылқы саны 30-40 % қысқарған /329/.

Орталық Комитеттің КСРО ХКК, сонымен бірге Өлкелік комитеттің ХКК-нің «Жылқы» туралы бірнеше рет берген нұсқаулары іске аспай қалған.

Колхоздың тауарлы фермаларындағы малдың өсуін табиғи өсім деп айта алмаймыз, мұнда мал басы тек мемлекет тарапынан таратылып берілген малдың есебінен ғана өсіп отыр, оның өзінде сол малдардың сандық сапалық өсімі байқалмайды. КТФ-ғы төлдің ұсақ малдардың өлімі өте жоғары деңгейде қалуда. 1934 жылы 9 айдың ішінде бұзау өлімі 18,4%, қозы өлімі 10,1 %, торай өлімі 17,0 % болған. Соның ішінде Шығыс, Батыс Қазақстанда, Алматы облыстарында мал өлімі 1933 жылдан да көп болған.

Өлкелік комитет ХКК мал басының кему себептерін ерекше атап өтті. Олар - әсіресе аудандық басшылардың жұмысының нашарлығы, мал серіктіктерінде колхоздарда мал шаруашылық ісін ұйымдастырудың нашарлығы, малды жыртқыштықпен сою, талан-таражға салудың әлі жалғасуы, осыдан барып мал басының кемуі еді.

Кейбір облыстық, аудандық ұйымдардың нашар жұмысының арқасында мал басы тез қарқында көбейтудің барлық мүмкіндіктерін пайдаланбай отырғанда, мал басының 26,7 процент өскендігін жеткілікті деп айтуға болмайтын еді. Артта қалған аудандарда өнімді малдың өсуінің төмен болуы, жұмыс малының қысқаруының басты себебі бірінші кезекте мал шаруашылығы үшін күресудің барлық мүмкіндіктерін пайдаланудың кейбір басшылар тарапынан түсінбеушіліктің болуы еді. Бұл басшылар мал шаруашылық жұмысын большевиктік тұрғыдан қоя алмады, бұқара халықтың мал шаруашылығына деген көзқарасын өзгерте алмады, оларды бұл жұмысқа жұмылдыра алмады. Мал шаруашылық аудандарда ветеринарлық, зоотехникалық жұмыстардың өте нашар болуы, малдың жем-шөппен қамтамасыз етілмеуінен деген пікір орнықты /330/.

Қазақстан орталық атқару комитетінің төрағасы Ұ.Құлымбетовтың «Қазақстанда мал шаруашылығын нығайту онан әрі өркендету шаралары туралы» ІХ съезде жасаған баяндамасында совхоз, колхоздағы басты кемшіліктер аталып өтілді. Онда: «Совхоздарда және колхоздың мал фермаларының көбінде еңбек ұйымдастыру ісі қанағаттанарлық емес, олар мал шаруашылығын керек қызметшілерді іріктеп алу, даярлау ісіне жөнді көңіл бөлмейді, бұл қызметшілер көбінесе тұрақтамайды олардың еңбек ақысында теңгерме бар, осылардың салдарынан малдың әсіресе төлдің шығыны көп болуда. 1934 жылы совхоздардың көпшілігінде жұмысшылар жеткіліксіз болды.

Шөп шабу науқаны өткізуде де кемшіліктер көп. Шөп шабу жұмысы өте ұзаққа созылғандықтан шабылған шөп 40-50% құнарынан, күшінен айырылды. 1934 жылы шөп сүрлеу жоспарын совхоздар 2,7%, колхоздар 36% орындаған. Осымен қатар кейбір совхоздар көбінесе көз бояушылыққа түсіп, өтірік мәліметтер беруде. Мал жайылатын жерлер дұрыс пайдаланбауда, мал семірту жұмысы өте нашар, соның салдарынан мал өте арық. Көп жерлерде әлі де болса науқаншылық басым» деп атап көрсетілген /331/.

Қазақстан өкіметінің алдында тұрған міндет колхозшыларды, жекешелерді малмен қамту. Бұл үшін біраз шаралар жүргізілді, соған қарамастан малсыз қожалықтар жойылмады.

Малсыз қожалықтарды жою үшін 1932-1933 жылдары колхозшылардың жеке пайдалануына 590200 мал таратылып берілген еді. Ал 1934 жылы таратылып берілген мал басы 251126 бас мал болды /332/.

1932. 02. Қазақстанда малсыз колхозшылар 87 % жекешелер 51,8 процент болса, 1934 ж. 1.ҮІІ. малсыз колхозшылар саны 31,5 процент, жекешелер 41,2 процент болған, ал сиырсыз колхозшылар саны өте көп болды /333/. 1935 ж. 1.01. малсыз колхозшылар саны 18 процентті, көшпелі жартылай көшпелі аудандарда 12,5 процентті құрады.

Он сиырды мал деп есептемейтін қазақтың қолындағы аз ғана малы күнделікті қажеттілікті өтей алмады. Малсыз қожалықтарға қарағанда сиырсыз қожалықтар одан да көп болды. Оны төмендегі мәліметтен көреміз. Облыс бойынша: /334/ -

#### 45-кесте

#### Малсыз қожалықтар саны

	Күні	Колхозда		Оның ішінде ТОЗ		Жекешелер	
		Мал-сыздар %	Сиырсыздар %	Мал-сыздар %	Сиырсыздар %	Мал-сыздар %	Сиырсыздар %
Алматы	1.01-34 ж.	32,1	75,8	29,2	86,8	51,8	73,8
	1/1-35 ж.	17,2	72,6	14,4	82,8	42,9	68,7
Оңтүстік Қазақстан	1/1-34 ж.	47,5	82,0	40,2	90,6	58,8	88,7
	1/1-35 ж.	33,3	80,6	23,5	85,8	44,1	83,5

Көріп отырмыз, басқа облыстармен салыстырғанда Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында малсыз, сиырсыз қожалықтар саны көп. Оңтүстік Қазақстан облысында колхозшылардың үштен бір бөлігінде ешқандай мал жоқ, сонымен бірге сиырсыз қожалықтар саны да басқа облыстармен салыстырғанда өте көп.

Мемлекет колхозшыларға, жекешелерге мал үлестіріп бергенімен, оның өсімі байқалмайды, себебі колхозшылар үлестірілген малдың бір қатарын сойып алды, колхозға кірерде жеке шаруалар көбінесе малдарын сатып жіберді. Халықтың мал бағуға ешқандай ынтасы болмады. Халық арасында «сойындар малдарынды бәрі бір, аз мал түк мал болмайды, бәрі бір мемлекет сені өлтірмейді», «мал мемлекеттікі біз мемлекеттің адамымыз» деген көзқарас қалыптасты.

Жаңа ғана құрылған колхоздар мен совхоздар күйреген мал шаруашылығын жедел қалпына келтіре алмады. Керісінше 1934-1935 жылдары мал шаруашылығы одан әрі күйрей түсті. Мал басы тек осы жылдардағы мемлекеттің көмек ретінде таратып берген малы арқылы ғана көбейді.

1936 жылдан бастап ТОЗ-дар ауыл шаруашылық артельдеріне қайта көшірілді. Бұл 1940 жылы толық аяқталды. Қазақстанда шаруа қожалықтарының 99,3% ауыл шаруашылық артельдеріне біріктірілді.

ТОЗ-дың ауыл шаруашылық артельдеріне өтуі, серіктік мүшелерінің жеке меншігіндегі малдың негізгі бөлігін қоғамдастыру, жаппай колхоздарда мал шаруашылық фермаларын ұйымдастыру арқылы жүргізілді /53/. Осылайша мемлекет жекешелерге берген малын қайта тартып алды.

Мемлекеттік органдар осы жылдары мал шаруашылығының маңызын жете бағаламады. Мал шаруашылығы даму үшін малды шұрайлы жайылымдарда бағу керек еді. Осы жылдары бұл керісінше болды. Колхоздар мен совхоздар малды жайылымда бағудан бас тартып, малды қорада, қолда ұстап бағуға көшті.

Ресми мәжілістерде, мемлекеттік есептерде 1934-1940 жылдары малды жем-шөппен қамтамасыз етудің едәуір жақсарғандығын мал шаруашылығындағы жеткен жетістіктер ретінде бағаланды. Халық ұжымдастыруға дейін Қазақстанда малды жайылымда бағып келген болса, ал жем-шөп қоры қысқа аз ғана мөлшерде дайындалса, колхоз құрылысының жеңісі арқасында, совхоздарды ұйымдастыру арқасында жем-шөп дайындау қарқыны қатты өзгерді. Колхоздарда машина мен шөп шабу қолға алынды. Соның арқасын-

да дайындалған шөп барлық малды қысты күні қорада ұстауға мүмкіндік берді /53, Б.95/.

Яғни, малды қысқы тебінге шығармады және олар жайылымдарға бағылмады. 1940-1941 жылдың қысында республика колхоздарындағы барлық ірі қара малының 92 проценті, қой-ешкінің 71 проценті, жылқы түйенің 81 проценті, ал совхоз малының барлығы қорада ұсталды. Айта кеткен жөн, 1934-1939 жылдар аралығында республикадағы мал басы аз болғандықтан отарлы мал қысқы жайылымдарға шығарылмады /53, Б.94/.

Қазақстан үкіметке аз малды жайылымда бағудың қажеті жоқ деп білді.

Бірақ, бұл жылдары мал құнды жем-шөп қорларымен жақсы қоралар мен қамтамасыз етілді деп, малдың күтімі жақсарды деп айта алмаймыз. Колхоз, совхоздағы бар малды бір жерге топтап шоғырландыру, мал арасында жұқпалы аурулардың көбейуіне, мал басының азаюына себеп болды. Сондықтан колхоз совхоздағы мал шаруашылығы жоғары қарқында, тез дамып кете алмады. Оны мына фактілерден көреміз.

Біз қолда бар «жариялануға жатпайды» деген құпия архив деректерін, статистикалық жинақтағы мәліметтермен салыстыра отырып мынадай қорытындыға келеміз. Айта кететін жай статистикалық жинақ мәліметінде 1928 жылғы мал басы азайтылып көрсетілсе, 1935 жылғы мал басы көбейтіліп көрсетілген /қараңыз Қазақстан за 40 лет, Қазақстан за 50 лет статистический сборник/. Сондықтан біз 1928, 1935 жылдардағы мал басын қолда бар архив деректерін өзара салыстыра отырып қорытынды шығардық. Мұнда 1941 жылғы мал басы статистикалық жинақтан алынды.

Сонымен ұжымдастыру қарсаңында, яғни 1928 жылы бүкіл Қазақстанда /мың баспен есептегенде/ ірі қара малы 7.732.0 бас болған еді, 1935 жылы осында бар жоғы 1.778.3 ғана мал басы болса, соғыстың қарсаңында 1941 жылы бұл көрсеткіш 3335,2 басқа әрең жетті. Мал шаруашылығының негізгі саласы боп келген қой, ешкі малына келсек 1928 жылы барлығы 25535,7 оның ішінде қой 20.521.2, ешкі 5.014.5 бас болғанын көреміз, ал 1935 жылы қой-ешкі саны бірге санағанда 2525.5 ғана 1941 жылы небәрі 7913,9 бас ғана болды. Төрт түліктің қасиеттісі, асылы жылқы малы, 1928 жылы 3.939.7 /1929 жылы 4 млн асып түскен/ бас болған болса, алапат аштық жылдары көптеп қырылғаны соншалық ол 1935 жылы бар жоғы 409.5 басқа әрең жетті, ал соғыс басталарда 1941 жылы

885,3 басқа әзер жақындады. Қазақстанның өзіне ғана тән дәстүрлі түйе шаруашылығы аштық жылдары біржолата жойылды. Бұл қасіретті талдап көрсетсек, 1928 жылы шипалы түйе малының саны 1.137,1 бас болған еді, ал 1935 жылы қазақ жерінде небәрі 71,5 бас. 1941 жылы 103,2 бас ғана түйе қалды /335-336/.

Міне Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген саясаты ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының тамырына осылайша балта шапты. Айта кеткен жөн, 1928 жылғы Қазақстандағы төрт түлік малдың санын қайта қалпына келтіру үшін колхоз-совхоздарға қырық жылдан астам уақыт қажет болды.

Сталиндік ұрда-жық күштеу саясаты «ұзаққа созылған әлеуметтік-мәдени эволюция барысында қалыптасқан шаруашылық құрылымдарын бұзып, бүлдірді және «социалистік отарлы-жайылым мал шаруашылығы» деп аталатын қайдағы бір ұсқынсыз жаңа буданды жасады /159/.

Енді жайылымдар табиғи және екпе жайылымдар деп екіге бөлінді.

Қазақстанда маусымдық жайылымдар түрлі табиғи климат аймақтарында орналастырылған еді. Сондықтан малды жыл бойы жайылымда бағудың өзі, қойларды жыл сайын өте қашық 350-400 км. жерге дейін айдап баруға байланысты болды. Ауыл шаруашылық малын бағудың мұндай жүйесі отарлы жайылымда бағу жүйесі деп аталады. Бұның артықшылығы мұнда маусымдық азықтық құндылығы жоғары кезде пайдаланылады. Алдыңғы қатарлы қой шаруашылықтары малды маусымдық жайылымның бірінен екіншісіне дер кезінде айдай отырып жайылымдарды жоспар бойынша пайдаланды /337/.

Маусымдық жайылымдарды пайдаланғанда қойларды бір табиғи-климат аймағынан екінші табиғи-климат аймағына айдау әдісі шаруашылықтың көшпелі жүйесінде Қазақстанда кеңінен қолданылған еді.

Себебі Қазақстандағы климат және ауа-райы ерекшеліктерін де ескермеуге болмайтын. Қазақстанның оңтүстігінде мал /көктемде әлі де оты бар далалы жерлерде бағылғаннан кейін/ сөз жоқ, таудағы және тау бөктерлеріндегі жайылымдарға айдалуға тиіс, өйткені далалы жердегі шыжыған ыстық пен қаптаған шыбын-шіркей малды жүдетіп жібереді және оның үстіне далалы жерде жаздыгүні шөп күйіп кетеді /мысалы, Қызылорда ауданында ыстық пен шыбын-шіркейден қорғау үшін малды күндіз тіпті қоралар мен жеркепелерге қамап қояды/. Солтүстік Қазақстанда да малды жайлауға шығару аса қажет /228, Б.50/.

Айта кеткен жөн кейбір тарихи еңбектерде ауыл шаруашылық малын социалистік мал шаруашылығында, соның ішінде отарлы-жайылымда ұстау мен көшпелі шаруашылықтың арасында үлкен айырмашылық бар, - деп көрсетіліп келді. Ол қандай айырмашылық еді. Енді соған тоқтала кетелік.

Көшпелі шаруашылықтардан ерекшелігі социалистік шаруашылықтар колхоз, совхоздар - қойды отарлы жайылымда ұстауды жоспар бойынша жүргізді. Әрбір шаруашылыққа отарлы жайылымдар мен шабындықтардың учасоктері бекітіп берілді. Мал айдау үшін мал айдайтын трассалар белгіленді.

Отардағы қой саны ауыл шаруашылық министрлігі белгілеген нормаларға сәйкес анықталды.

Мынаны айтпауға болмас: «Қазақстанның оңтүстігінде көбінесе суық күндер жылы күндермен ауысып отырады. Жылығаннан кейін қардың бетінде мұз қабыршық пайда болады. Бұл қойдың жайылуына едәуір кедергі келтіруі мүмкін. Мұз қабыршықтары қармен жүріп отырғанда мал аяғын жаракаттап алады, ең бастысы азықты жөнді жей алмайды. Жайылымға әрқайсысына бірнеше тармадан тіркелген тракторлар шығарылады. Осы агрегаттар жүріп өткеннен кейін мұз қабыршақ бұзылады да қойлар қалыпты жайылуға мүмкіндік алады.

Қой қары қалың жерде де жайылмайды. Ол қардың қалыңдығы әрі кетпенде 15-20 см. қалыңдықтан аспауы тиіс. Қар қалың жауғаннан кейін жайылымдар қарапайым қар тазартқыштармен тазартылады. Біз зерттеп отырған кезеңде олар бұрын жасап бекітілген ағаш қалқандардан істелді /337, Б.37/.

Бірақ колхоз-совхоз өмірінде бұл да жаңалық емес еді. Кезінде көшпелі шаруашылықта да қар қалың жауған, мұз қатқан кездерде алғаш бір үйір жылқыларды жайылымға жіберген, олар таптап шыққаннан кейін ғана қойлар жайылған.

Сонымен көшпелі мал шаруашылығымен отарлы жаймалы мал шаруашылығының арасында айырмашылық шамалы ғана болды. Тарих ғылымының докторы профессор Ж.Б.Абылхожиннің сөзімен айтсақ: «Отгонно-пастбищное животноводство, сыгравшее роль альтернативы кочевому хозяйству, отнюдь не являлось радикальным антиподом последнего, а выступало скорее, как его достаточно близкий аналог, хотя и более модернизированный за счет подключения некоторых достижений научно-технического прогресса /механизация труда на отдельных стадиях технологического процесса, селек-



ционные мероприятия, зоотехническое обслуживание, ветеринарное наблюдение и т.д./ . В самом деле, отгонно-пастбищное животноводство по своим основным организационным принципам во многом совпадало с пастбищно-кочевой и полукочевой системой» /75, Б.234/.

Қойды жыл бойы жайылымда бару экономикалық жағынан тиімді келді. Ол малды қолда бағу дағысына қарағанда ең арзан табиғи азықтардың мол қорын толығырақ пайдалануға мүмкіндіктер берді және еңбек шығынын да көп қажет етпеді.

Қойды жыл бойы жайылымда бағу әдісі жыл маусымдарының барлығында да жайылымдары бар, ал қысы бірқыдыру жұмсақ, қары онша қалың түспейтіндіктен малды бүкіл қыс бойы жайылымда бағуға мүмкіндік беретін Қазақстанның оңтүстік, Оңтүстік-батыс, Оңтүстік-шығыс аудандарының бірқатарында мұндаға дейін кеңінен қолданылды.

Қазақстан жағдайында мұның басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сонымен, отарлы-жаймалы мал шаруашылығы бұл мемлекеттік жоспарға негізделген шаруашылық болды.

Ә.Бөкейханов «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» атты еңбегінде бір отарда мөлшермен 150-300 бастың о жақ, бұ жағында мал болатынын дәлелдеп көрсетеді. Себебі ол, негізінен табиғи жағдайда бір ортада 200 шамалы бастың болуын қолайлы көрген еді /37, Б.424/.

Ал колхоз, совхоздардағы отардағы мал басын белгілеген Ауыл шаруашылық министрлігі табиғи жағдайларға мән бере қоймады. Колхозды, совхозды әр ауылдың, ауданның аймақтың өзіне тән табиғи-тарихи ерекшеліктері жеткілікті ескерілмеді. Жоғарыдан түскен жоспар арқылы әр шаруашылыққа отарлы жайылымдар мен шабындықтар жерлері бекітіліп берілді. Олар осы бекітілген жайылымдардан шықпауы аспауы керек болды, бұның өзі аса көп мөлшердегі табындар мен отардағы малды бір жерге жаюға мәжбүр етті және сол жерге зиян келтірді. Себебі, ол жайылымдар малдың тұяғымен қатты тапталып, қайта қалпына келіп үлгермеді, ал далалы аймақтың басқа жерлері пайдаланылмай бос қала берді.

Мал шаруашылығын жүргізудің кеңестік қатал орталықтандырылған әдісі – орасан зор табындар мен отарларды топтауды жөнсіз үйлестіру ауыл шаруашылығының бұл саласының шын мәнінде толық күйреуіне алып келді және 55 млн. гектар жайылымдық алқаптар біртіндеп эрозияға ұшырады /338/.

Жайылым алқаптардың эрозияға ұшырауының басты себебі - қазақ халқын зорлап отырықшыландырудың негізінде жақсы жайылымдық жерлердің совхоздарға, егін егуге, техникалық дақылдар егуге берілуі болды. Мұның өзі мал шаруашылығының дамуына қажетті жерлер қалдырылмады, мал қысы-жазы бір жерге бағылды, біраз жылдан кейін бұл жердің шаң-топырағы шығып тозып, ешкімге керексіз шөл далаға айналды.

Тарих бүгінде ақиқатты бәрібір орнықтырды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп қана қоймай, қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін, дәстүрлі ұлттық даму жолын талқандап, миллиондаған халықты аштан, қырғынға ұшыратқан тоталитарлық жүйе күйреді. Ал зорлықпен құрылған колхоз-совхоздар болса уақыт сынына шыдай алмады.

Кеңес үкіметінің құлауымен әміршіл-әкімшіл басқаруға негізделген колхоз-совхоздарда өмір сүруін тоқтатты. Қорытып айтар болсақ, бүгінгі таңда мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы біз қарастырып отырған жылдардан бастау алатынын ұмытпағанымыз жөн.

## СӨЗ СОҢЫ

Сонымен, қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығы ХХ ғасырда түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер бұрындағы жақсы дамыған, өркендеген дәстүрлі мал шаруашылығын ауыл шаруашылығының тиімділігі төмен қосалқы саласына айналдыруға әкеліп соқтырды. Мұның себептеріне баса мән берген біз, қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының тиімділігін нығайта тусуға кедергі жасаған кезеңдерді талдай бөліп көрсетуді жөн көрдік.

Бірінші кезең - ХХ ғасырдың басындағы патша үкіметінің қазақ жерін кең құлашпен отарлау саясатының дәстүрлі мал шаруашылығының өркендеу мүмкіндіктеріне қайшы келуі еді. Шапшандатылып жүргізілген қоңыстандыру арқылы отарлау саясаты дәстүрлі шаруашылығының шырқын бұзды. Себебі жақсы жайылымдар, құнарлы жерлер келімсектерге беріліп, қазақтар сусыз шөл далаларға ығыстырылды, мал жайылымдарының өрістері тарылып, көшіп-қонудың бағыттары өзгерді, нәтижесінде мал басы азайып, дәстүрлі мал шаруашылығын терең дағдарысқа ұшыратты.

Екінші кезең Кеңес үкіметі күшпен орынағаннан кейінгі уақытта дәстүрлі мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырап, мал саны азайғанымен жерімізде қазақтың төрт түлік малының жүздеген жылдар бойы қатал табиғи жағдайға бейімделген тұқымдары толығымен сақталып, мал басын дамытуға мүмкіндіктер әлі де болды. Сол тұста ғасырлар бойы қалыптасқан мал шаруашылығы Қазақстанның табиғи-тарихи климаттық жағдайында ең тиімді де қолайлы шаруашылық түрі еді.

Қазақ шаруашылығын терең зерттеген ғалымдар, мамандар дәстүрлі мал шаруашылығының даму жолдарын көрсетіп, оның келешегін дұрыс болжай білді. Олар өздерінің еңбектерінде қазақ халқының күн көрісін негізінен толық қанағаттандырып отырған дәстүрлі шаруашылықты сақтап, оны дамытудың қазақ халқы үшін өмірлік маңызын ғылыми түрде дәлелдеп берген еді.

Бірақ ХХ ғасырдың 20 жылдарының соңында Сталиндік тоталитарлық жүйе жүргізіп отырған аграрлық реформа - қазақ даласындағы дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи даму барытына қарсы, жаулық бағыт ұстанды. Орталықтың билігіне сүйенген Ф.Голощекин дәстүрлі мал шаруашылығын «арта қалған күні өткен шаруашылық» деп сипаттап, түбірінен өзгертуді басты мақсатқа айналдырды және осы бағыттағы шараларды күшпен енгізуге баса мән берді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының дамуын тежеген — тәркілеу науқаны еді. Қазақтың ірі дәстүрлі шаруашылықтарын тәркілеу науқанының нәтижесінде көшпелі жартылай көшпелі аудандардағы іргелі қожалықтар ұсақталап кетті. Сонымен қатар, көшпелі аудандарда малы аз кедей қожалықтары көбейе түсті. Бірақ мұндай қожалықтар мал өсіріп одан пайда таппақ түгіл тіптен өздерінің күнделікті қажеттіліктерін де, өтеуге дәрменсіз еді.

Тәркілеу науқаны дәстүрлі шаруашылықты ұйымдастыру шеберлері байлардың мал-мүлкін тартып алумен ғана шектелмей, оларды кіндік қаны тамған ата-қоныстарынан басқа өлкеге жер аударып, бүкіл қазақ халқына үлкен қайғы-қасірет әкелді. Сонымен бірге мұның өзі жоғарыда айтқанымыздай, қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің бастамасы болды.

Күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру қарсанындағы Қазақстандағы мал басы 40 миллионнан асып түсті бұл қазақ даласындағы соңғы ең жоғары көрсеткіш еді. Кейінгі жылдары тарихымыз көрсеткендей Қазақстан бұл биікке қайта көтеріле алмады.

Дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудың басты себептерінің бірі — ет дайындау науқандары. Ет дайындау науқандарының басты ауыртпалығы негізгі халқы қазақтар болып табылатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға түсті. Себебі Қазақстандағы барлық малдың төрттен үш бөлігі көшпелі, жартылай көшпелі халықтың қолында болды. Ет дайындау науқанының орталықтан, жергілікті жерлерден түскен ауыр жоспарларын орындау негізінен халықтың қолындағы күн көріп отырған малын тартып алу арқылы жүзеге асырылды. Оның үстіне халықтың малын тартып алып, ақысына ақшалай немесе товар түрінде төлем төлемей қою жергілікті жерлерде кеңінен орын алды.

Дәстүрлі мал шаруашылығымен күн көріп келген халықтың жағдайымен ешкім санаспады, оның өзіндік ұлттық ерекшеліктерін ескеру назардан тыс қалды. Науқан барысында жоспардың орындалмай қалуына байланысты соттау-жазалау шаралары кең етек алып кетті, мұның өзі халықтың орынды, жаппай наразылықтарын тудырды және қазақ халқын еріксіз ата қоныстарынан ауа көшуге итермеледі.

Осы жылдары аш қазақ өзі қырылып жатсада Мәскеу, Ленинград т.б. өнеркәсіп аудандарын, Орта Азияны етпен қамтамасыз етті. Сталиндік күштеу әдісін басшылыққа алып жүргізілген ет дайындау науқаны мал басының шұғыл кемуіне жол ашты.

Дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуінің басты себебі - қазақ халқын күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру болды. Колхозға еріксіз кіргізу жолдарымен қазақ шаруаларының қолындағы малдарын жаппай тартып алу осы негізде ірі қоғамдық мал шаруашылықтарын совхоздарды, колхоздарды ұйымдастыру етек алды. Ұжымдастыру ауыртпалығын негізінен ауыл халқы көрді. Себебі көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда ұжымдастырудың қалай жүргізілуі керектігін жауапты хатшы Голощекиннен бастап ауылдағы шолақ белсенділерге дейін түсіне қойған жоқ. Олардың бар біліктілігі қазақ халқының қолындағы бар малын тартып алып ортақтастыру ісіне жұмсалды. Ал ортақтастырылған малдар жана жағдайға көндіге алмай, несіздіктен далада қалып, жаппай қырылумен болды. Олардың арасында жүкпалы аурулар да кең тарап кетті. Малынан айырылған қазақ голощекиндік зорлық-зомбылыққа, қиянатқа шыдамады, қарсылық білдірді.

Халық наразылықтары қазақ даласын қамтыды. Бірақ бұл көтерілістерден әкімшіл-әміршіл жүйе дұрыс қорытындылар жасамады. Нәтижесінде ұжымдастыру саясаты қазақ халқын қанға бояп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығынан айырып, оның алапат ашаршылыққа ұшырауын тездете түсті.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын біржолата жойып күйреткен — отырықшыландыру саясаты. Орталықтың сенімді өкіліне айналған Ф.Голощекиннің қазақ халқын зорлап отырықшыландыру саясаты ашықтан-ашық дәстүрлі мал шаруашылығын жоюға бағытталды.

Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндік болып тұрған кезде қазақ халқын жаппай, қысқа мерізімде жоспарлы түрде зорлап отырықшыландыруға қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров қарсы болды. Қазақ зиялылары сол жылдардағы қазақ елінің жағдайын толық түсіне білді. Олар қазақ елінің егін егуге жарамды жерінің аз екендігін, жақсы жайылым, құнарлы жер келімсектерге кеткендігін, Қазақстандағы егіншіліктің қазақ түгіл, орыстың толық қажетін өтей алмай отырғандығын, егін егуге құрал-саймандардың оның жөнін білетін мамандардың жоқтығын, мемлекет тарапынан көмектің шамалы болатынын жақсы түсініп, бір сөзбен айтқанда отырықшыландырудың алғы шарттары толық қалыптасқанда ғана көшпелі қазақ біртіндеп, ерікті түрде отырықшылыққа өтуі керек деген еді. Олар

сонымен бірге қазақ халқын жаппай, әсіресе күшпен отырықшылық тұрмысқа көшірудің апатылығын ескертті. Мұндай құнды пікір, ұсыныстар өкінішке орай билік басындағы большевиктер тарапынан қолдау таппады, керісінше қазақ зиялылары әділетсіз қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың құнды пікірлерінің дұрыстығын кейінгі жедел де зорлап отырықшыландыру науқанының қасіреті айқын дәлелдеп берді.

Большевиктердің қазақ халқын отырықшыландыру саясатының астарында шешімін таппаған жер мәселесі де жатты. Сталиндік-голощекиндік саясат қазақ халқын отырықшыландыру арқылы «егін егуге, қоныс аударушыларға, совхоз құрылысына» керек жерлерді ғасырлар бойы көшпелі жартылай көшпелі мал шаруашылығына пайдаланып келген шұрайлы жайылымдар есібінен толықтырды. Мұның мал шаруашылығы өрісін тарылта түсті.

Әуел бастан қазақ халқына зорлап, күштеп таңылған отырықшыландыру саясатының кесірінен мал басы адам айтқысыз қысқарып, дәстүрлі мал шаруашылығы біржолата күйреді. Осының нәтижесінде қазақ халқы бұрын соңды тарихта болмаған «қызылтабан» шұбырындыға, қырғынға ұшырады.

Қазақстан өкіметі басшыларының өздері мал басының апатты азаюның Өлкелік партия комитетінің кейбір басшыларының және жергілікті партия кеңес ұйымдарының жіберген «оңшыл-ұлтшыл» қателіктерінен, әр түрлі қасақана бұрмалаушылықтардан, асыра сілтеулерден, тап дұшпандарының зиянкестігінен көрді. Алайда қазақ халқының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін ескермей, қазақ халқының тұрмысымен, мүддесімен санаспай жүргізілген партия саясатының өзі қате еді. Мұны Қазақстан басшылығы былай қойғанда Мәскеудегілердің өздерінің де түсінгілері келмеді. Осы Сталиндік-голощекиндік қате саясаттың кесірінен қазақ халқы қолындағы күн көріп отырған малынан тұтастай айырылды.

Қорыта айтқанда, 1925 жылдың күзінен бастап Қазақ Өлкелік партия ұйымын басқаруға келген Ф.Голощекиннің 1933 жылы қыста билік басынан кеткенге дейінгі уақыт аралығында Қазақстанда жүргізілген бір-бірімен сабақтас болған әр түрлі шаруашылықтық-саяси науқандары қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, көшпелі шаруашылықтың қалыптасқан жүйесін жойды. Бұл саясат дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп қана қойған жоқ, сонымен бірге бұрынғы көшпелі халықтың төрт түлік малды қатар бағу дәстүрін бұзды. Қазақ даласы-

ның әр аймағында өзіне тән табиғи-тарихи ерекшеліктерге бейімделген ғасырлар бойы жергілікті жағдайға лайық, сұрыпталған төрт түлік малдың асыл тұқымдарды біржолата жойылып кетті.

Дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің басты ауыр зардабы — орны толмас, адам шығыны, қазақ халқын миллиондап қырған қолдан жасалған алапат ашаршылық деген пікірді мақұлдаймыз.

Тағы бір айта кетер нәрсе бізден бұрынғы кейбір зерттеушілер алапат ашаршылық күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатының салдары деп келді. Ал біз деректік материалдарды зерттеу нәтижесінде мынандай қорытындыға келеміз: қазақ халқының алапат ашаршылыққа, босқыншылыққа ұшырауының басты себебі - ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі, тіршіліктің көзі болған бар малынан қазақтың айырылуы еді. Әкімшіл-әміршіл жүйе социализмнің саяси-әлеуметтік және экономикалық табыстарын ең қымбат нәрседен миллиондап қырылып жатқан қазақ халқының өмірінен жоғары қойды. Алапат ашаршылықтан қазақ халқының жартысынан жуығы қырылып қалды. Ал осы қырылған халықтың басым бөлігі Қазақстанның оңтүстік аймағындағы халықтар үлесіне тиді.

Қазақ халқының осы апаттан тірі қалғандары аштан өлу қаупі төнген соң «колхоздарға» кіруге Кеңес үкіметінің саясатына мойынсынуға мәжбүр болды. Тәуелсіз тарихымыз бүгінде ақиқатты бәрібір орнықтырды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп қана қоймай, қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс тіршілігін, дәстүрлі ұлттық даму жолын талқандап, миллиондаған халықты аштан қырғынға ұшыратқан тоталитарлық жүйе бүгінде жоқ. Ал зорлықпен құрылған колхоз-совхоздар болса уақыт сынына шыдай алмады.

Кеңес үкіметінің құлауына байланысты әміршіл-әкімшіл басқаруға негізделген колхоздар мен совхоздар да өмір сүруін тоқтатты. Енді жеке меншікке негізделген мал шаруашылығы қайта бас көтерер деп үміттенеміз. Тарих сабағынан үйренеміз десек бүгінгі таңдағы мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы біз қарастырып отырған жылдардан бастау алатынын ұмытпағанымыз жөн. Бұл бізді өткеннің қателіктерінен сақтандырады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президенті архиві (бұдан былай - ҚР ПА). 141-қ.-1-т.-2892-іс.-34-п.
2. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. — 320 б. -Б.4.
3. История крестьянства СССР. История советского крестьянства. Т.2. М., Наука, 1986. 440 с. -С.7.
4. Мұхатова О.Х. Қазақстандағы ХХ-ғасырдың 20-90-жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. Алматы: Ғылым, 1999. — 177 б.
5. Шадрин В.А. Скотоводство в Кирреспублике //Советская Киргизия. 1924. №№8,9. -Б.62-76.
6. Карпенко С. Сельское хозяйство Киргизии //Советская Киргизия. 1924. - №№3,4. - Б.102.
7. Багузов И. О кредите кочевому скотоводу //Советская Киргизия. 1924. - №№11,12. - Б.108-118.
8. Сириус М. План восстановление сельского хозяйства КССР/ / Советская Киргизия. 1924. — №7. — Б.48-65.
9. Садуақасұлы С. Қазақстан шаруасының бет алысы //Еңбекші қазақ. 1924. I-қаңтар. - №154.
10. Сұлтанбекұлы Ж. Қазақстан шаруасының жайы, оның мұқтажы// Еңбекші қазақ. 1925. 17-тамыз. — №№352,353.
11. Егін кәсібі керек пе, мал кәсібі керек пе? (Қазақстанның аймақтық партия комитетінің үгіт насихат бөлімін меңгеруші О.Жандосұлының баяндамасы) //Еңбекші қазақ. 1925. 14-тамыз. - №№350,351. Джандосов У.: Документы и публистика (1918-1937 гг.) В 2-х томах. Т.1. -Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 1999. -400 с. -С. 261-272.
12. Қазақстанның ҮІ-ші Кеңестер съезі. Қазақстан үкіметінің баяндамасы. Комиссарлар Кеңесінің ағасы Нұрмақұлы Нығмет жолдас сөзі //Еңбекші қазақ. -1927. -30-наурыз. -№73.
13. Мал шаруасы ма, егін шаруасы ма? //Еңбекші қазақ.1926. -27-қаңтар. -№21.
14. Мал шаруашылығы қайткенде көркейеді. //Еңбекші қазақ. 1927. 13-ақпан. -№357.
15. Мал шаруасының қамы. //Еңбекші қазақ. 1928. 28-наурыз. - №70.



16. Швецов С.П. Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Изд. КНК зема. Л., 1926. 245 с. -С. 100-105.

17. Сириус М.Г. К вопросу о перспективах скотоводства в Казахстане //Народное хозяйство Казахстана. (будан былай НХК). - 1926. -№1. -Б.26-30.

18. Сириус. М.Г. Перспективы развития сельского хозяйства Казахстана //НХК. 1926. -№3. Б.3-7.

19. Сириус М.Г. К вопросу о более рациональном направлении сельского хозяйства в Северном Казахстане. //НХК. -1928. -№№6,7. -Б. 15-36.

20. Челинцев А.Н. Перспективы развития сельского хозяйства Казахстана. //НХК.1928.-№4,5.-Б.1-39.

21. Донич А.Н. Проблема нового казахского аула //НХК. -1928. -№№ 4,5. - Б.141-166.

22. Полочанский Е.А. За новый аул-кстау. М., 1926.

23.Благовещенский В.В. Перспективы качественного развития животноводства. //НХК. -1926. -№3. -Б.17-18.

24. Благовещенский В.В. О состоянии животноводства. //НХК. -1928. - №1. -Б.39-48.

25. Бырдин Б.С. Мясное скотоводство Казахстана. //НХК.1928.-тт8, 10.-Б.1-19.

26. Скороспешкин В.И. К вопросу о реконструкции животноводческих хозяйств в КАССР.//НХК. -1928. -№№8,10. -Б.1-19.

27. Скороспешкин В.И. Состояние и очередные задачи сельского хозяйства.//НХК. -1928. -№№9,10. -Б.67-90.

28. Скороспешкин В.И. Хозяйственные итоги 1928/29 года.//НХК. -1929. -№№10,12. - Б.9-24.

29. Филатов Н.П. К вопросу о реорганизации кочевого и полукочевого хозяйства. //НХК. -1928. -№8. -Б.35-39.

30. Чувелев К.А. О реорганизации кочевого и полукочевого хозяйства. //НХК. -1928. -№№2,3. -Б.43-59.

31. Соколовский Б. Мал өсірумен көшпелілік мәселелері.//Еңбекші казак. -1929. -24-қазан. -№219.

32. Бөкейханов Ә. Шығармалар. — Алматы: Қазақстан, 1994. —384 бет.

33. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: 1991.-Б.216-218.

34. Дулатов М. Шығармалары.-Алматы: Ғылым. 1996, 1997: - I-II том.

35. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы.- Алматы: Қазақстан, 1996.- 296 б. Б.78-79.
36. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Ғылым, 1999.-304б. Б.207-210.
37. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). /Гл.ред.Р.Нургалнев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. -415 б. Б.153-191.
38. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы II том, Алматы: Біріккен қазақ-монғол «Атхан» кәсіпорны, 1993.-255 б.
39. Рысқұлұлы Т. Көшпелі аудандарда мал өсіру кәсібiне көңiл қойылсын. //Еңбекшi қазақ. -1930. -24-желтоқсан. -№282.
40. Зверьяков И.А. От кочевания - к социализму. А-Ата-М, 1932.- 144с. 41. Сырғабеков Н. Против буржуазных теорий развития сельского хозяйства. //НХК. 1931. -№5. -Б.10-14.
42. Голощекин Ф.И. Еще раз о путях развития животноводства и об оппортунистах. //НХК. 1931. -№№8,9. -Б.24-30.
43. Исаков П. Методологические основы «торегожищинь». / / Большевик Казахстана. 1931.-№№7,8.-Б. 17-24.
44. Тогжанов Г. Буржуазные и мелкобуржуазные «теорий» об ауле// НХК. 1931. -№5. -Б.21-34.
45. Семевский Б.Н. К критике буржуазных теорий экономического развития Казахстана.//НХК. -1930. -№№7,8. -Б.23-35.
46. Федоров Е. Против оппортунистической ревизии политики партии в кочевом ауле. //НХК. -1931. -№№10,11.
47. Кондратьевщина в Казахстане. Сборник статей. Алма-Ата. ОГИЗ Казкрайотдел. 1931. 144 с.
48. Мұсаұлы Ә. Мал басын көбейту үшін күресейiк. //Социалды Қазақстан.-1933.-16 тамыз.-№188.
49. Брайнин С., Шафиро Ш., Тимофеев Н. Өлкелiк комитет ескi басшылығының және Қазақстан партия ұйымының ауыл шаруашылығына басшылығындағы қатерлерi туралы.// Социалды Қазақстан. -1933. -9-шiлде.- №156
50. Тимофеев Н., Брайнин С. Казахская краевая организация ВКП(б) в борьбе за коллективизацию сельского хозяйства (1930-1934 гг.).//Большевик Казахстана. 1939. -№1. -Б.82-90., №5. Б. 49-58.
51. Курин Х., Бабенков А. Қазақстанның социалистiк мал шаруашылығы үздiксiз өркендеу жолында. //Социалды Қазақстан. -1940. -13-қазан. -№238.
52. Погорельский П.В. Оседение кочевников и развитие животноводства. А-Ата. 1949.

53. Дняров К.Д. Животноводства Казахстана. Алма-Ата Казсельхоз гиз. 1963. -350 с.
54. Аргынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы. Ғылым. 1969. -168 б.
55. Турсунбаев А. победа колхозного строя в Казахстане. –Алма-Ата: Издательство Академии Наук КССР, 1950. – 326 –с.
56. Турсунбаев А. Победа колхозного строя в Казахстане.–Алма-Ата. Издательство Академии Наук КССР, 1957. – 182 с.
57. Дахшлейгер Г. Маршрутом социального прогресса.–Алма-Ата: «Казахстан», 1978.-160 с.
58. Тулепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. Из. Наука. М., 1984. -270 с.
59. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпейсов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. –А-Ата: Наука. 1985, т.1. -247 с.
60. Жумабеков Ж. Ленинской дорогой. Алма-Ата: «Казахстан», 1973, 288 с. Б.200.
61. Атабаев К., Омарбеков Т. Кооперативтендіру сабақтары.// Лениншіл жас. 1988. 3-4 август, 13-14 декабрь.
62. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия. //Вопросы истории. 1989. -№7. -Б.53-72.
63. Төлепбаев Б., Осипов В. Тарихи шындық тұрғысынан.//Социалистік Қазақстан. 1989. 14-январь.
64. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы.- Алматы: - «Қазақ университеті», 1992-272б.
65. Қозыбаев М., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы. 1992, 36 бет.
66. Әбілқожин Ж., Алдажұманов Қ.С. Этноцид.//Егемен Қазақстан — 1992. -30-мамыр.
67. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?- Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 бет.
68. Омарбеков Т., Қойгелдиев М. Қазақстан тоғыз жолдың торабында. I.Жер мен малды жекешелендіру. Мәселенің тарихи астары мен бүгінгі жағдайы. //Егемен Қазақстан. 1992. 28-қазан.
69. Омарбеков Т. 20-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. -320 б.
70. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. - Алматы, «Санат», 1994. - 272 б.

71. Омарбеков Т. Шаруаны малдан айыру қалай жүргізілді? // Ақиқат.-1994. №3. Б.47-51.
72. Омарбеков Т. Қазақтың жер қайысқан малы қайда? //Ақиқат. 1994. №3. Б.38-43.
73. Омарбеков Т. Бұрынғы Одақты етпен кім асырады. //Қазақ тарихы. - 1993. -№1. -Б.58-63.
74. Омарбеков Т. Дәстүрлі қазақ шаруашылығын қорғаушылар қалай айыпталды?//Ақиқат.- 1993. -№5. —Б.59-61.
75. Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930-е гг.). Алма-Ата: Ғылым. 1991. — 240 с.
76. Шоқай М. Таңдамалы. — Алматы: Қайнар. — Т.1. -1998. — 512 бет.
77. Заки Валиди. Түркістанның болашағы.//Азат. 1991. №4. 6-31 наурыз.
78. Роберт Конквест. Аштықтың ащы пындығы.//Қазақстан коммунисті. 1990. №1. -Б. 81-86.
79. Джузеппе Боффа. История Советского Союза. В двух томах 1. «Международные отношения». М., 1990. 6196./364/.
80. Тәтімов М. Қазақ әлемі — Алматы: Қазақстан — Ата мұра, 1993.-160 б.
81. Омарбеков Т. «Қазақтар шыбындай кырылып жатыр»//Егеменді Қазақстан. 1992. 1-тамыз.
82. Асылбеков М.Х., Галнев А.Б. Социально демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алма-Ата, 1991.- 108 б.
83. Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990. Алматы: Ғылым, 1993. -125 б.
84. Қозыбақова Ф. Қазақстандағы ауыл шаруашылығында «қанаушы таптарды» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы мен салдарлары. (1926-1933 ж.ж.) т.ғ.к. ...дисс.авторефераты.- Алматы. 1997.
85. Жаулин К.М. Батыс Қазақстанда шаруа қожалықтарын күшпен ұжымдастыру: тарихи және тағылымы. (1928-1933 жж) Т.ғ.к ...дисс.автореферат.-Алматы.1997.
86. Наушабеков С. Кеңес Үкіметінің аграрлық саясаты және қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіру. (1920-1935) (Батыс Қазақстан материалы бойынша). т.ғ.к. ...дисс.автореферат. -Алматы. 1998.
87. Таңатарова Ж. Қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру және босқындарды шаруашылықтық орналастыру. (Батыс Қазақ-

станның және оған көрші аймақтардың материалдары негізінде 1930-1937ж) т.ғ.к. дисс.автореферат.-Алматы, 1999.

88. Жұмабаева Ж. К. Кеңестік тоталитарлық мемлекеттің Қазақстан ауыл шаруашылығындағы қаржыландыруды және салық саясаты: тарихи сабақтары (1926-1937жж) т.ғ.к. ...дисс.автореферат. - Алматы: 2000.

89. Жакупова Г.Т. Разрушение аграрной традиционной структуры Казахстана (1920-е годы). Автореф. канд. ист. наук. - Алматы, 1999.

90. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). - Алматы: Санат, 1994. -416 б. -Б.58.

91. Токтабаев Д.Г.. Об основах политики землеустройства в КССР/НХК. -1928. -№1. С.14-23.

92. Қойгелдиев М.К- Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995. - 368 б. Б.26.

93. Швецов С.П. Ежелгі казак жері//Ақиқат. -1992. -№1. -Б.69-71.

94. Сафаров Г.. Колониальная революция (Опыт Туркестана). - Алматы: Жалын, 1996. - 272 с. С. 71.

95. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері.- Алматы: Санат, 1994. -119 б. Б. 68.

96. Хозяйство казаков на рубеже ХІХ-ХХ веков, Материалы к историко-этнографическому атласу.- Алма-Ата: Издательство наука КазССР, 1980.- 256 с. С. 59.

97. Рысқұлұлы Тұрар. Қазақ елінің төңкеріске шейінгі әлеуметтік тұрмысының құрылысы //Еңбекші казак. -1926. -20-мамыр. -№106.

98. «Айқап» /Бас редактор Р.Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. -336 б. Б.81.

99.»Қазақ» газеті /Бас редактор Ә.Нысанбаев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. — 560 б. Б.44-45.

100. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры /Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым-ноғай. - Алматы: Жалын, 1992. - 184 б. Б.104.

101. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы: 3-кітап (ХVІІІ ғ. ІІ-ж. ХХ ғ І-ж). - Алматы: Білім, 1999. - 328 б. Б.245.

102. Тогжанов Г. Казахский колониальный аул. Часть 1. М., 1934. -109 с./81/.

103. Қараңыз. Т.Омарбеков. Мұхаммед Хайдар Дулати және қазақтың дәстүрлі шаруашылығы //Ақиқат, 1998. №3. -Б.55-57.

104. ҚР ПА 141-қ. -І-т. -9826 - іс. 56-п.

105. Қазақ елін қоныстандыру туралы (жер-су комиссариатының баяндамасынан) //Еңбекші қазақ. -1925. 14-мамыр. -№328.

106. Мұсаұлы Е. Қазақстан шаруасының негізі мал //Еңбекші қазақ. -1928. -6-қаңтар. -№5.

107. Казахстан к 10-летию октября. Сборник статей и материалов. Под общей редакцией А.Швера. Каз. Гос. Изд. Кзыл-Орда, 1927. -78 с.

108. Отчет Казкрайкома РКП (б) V—ой Всеказахской конференции РКП (б). Отчет Казахского Краевого комитета РКП (б) Тов. Голощекин. Кзыл-Орда, 1926. -28 с. -С.15-16.

109. Потацкий А.П. Народное хозяйство Казахстана и основные тенденции его развития //НХК, 1927. -№5. С.3-35.

110. ҚР ПА. 141-к. -1-т. -2892-іс. 1-п.

111. ҚР ПА 141-к.-1-т.-2474-іс. 1-2-п.

112. Маслов И.И. Анализ динамики основных отраслей народного хозяйства КАССР //НХК.-1928.-№1.-С.24-38.

113. Мал шаруасын көркейту қамы //Еңбекші қазақ -1928. -7-наурыз. -№56

114. К.Токтабаев. Очередные задачи сельского хозяйства Казахстана // НХК., -1928. №4-5. С.1-4.

115. Отчет Краевого комитета VI Всеказахской партконференции. Доклад и заключительное слово тов. Голощекина на VI Всеказахской партконференции. 15-23 XI. 1927 г. Изд. КазГИЗ. Кзыл-Орда. -1928. -195 с. -С.53.

116. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. I-т., 1921-1927. Алматы: «Қазақстан», 1987. -287 б.

117. Токтабаев К. Пятилетнее перспективы Казахстана //НХК. -1928. -№№6,7.-С.1-13.

118. Сәдуақасұлы С. Ұлттар және ұлт өкілдері туралы //Егемен Қазақстан.-1993, -28-мамыр.

119. Пятилетние перспективы Казахстана //НХК. -1928. -№11,12. -С.5-8.

120. Благовещенский В.В. О проблеме овцеводства в Казахстане//НХК. -1928. -№4,5. -С.51-74.

121. Граменицкий А. О направлении коневодства в Казахстане /НХК. -1929. -№10,12. -С.57-62.

122. ҚР ПА. 141-к. -1-т. -2892-іс. 3-п.

123. Қараңыз. Үзінді мына кітап бойынша беріліп отыр: Қойгел-

диев М, Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? — Алматы: Ана тілі, 1993. — 208 б. Б. 56.

124. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -2067-іс. -30-31-п.

125. //Еңбекші қазақ. - 1928. - 22-маусым. -№139.

126. //Еңбекші қазақ. — 1928. — 5-қыркүйек. -№204.

127. Систематическое собрание законов КазАССР, действующих на 1-ое января, 1930 г. (6 октября 1920г. - 31 декабря 1929 г.), Алма-Ата: издание управления делами. СНК КАССР, 1930. - 224 б. Б. 52.

128. ҚР ПА. 2-қ. -1-т. -87-іс. -6-п.

129. ҚР ПА. 2-қ. -1-т. -87-іс. -7-п.

130. //Тілші, -1928. - 26 қыркүйек. -№56.

131. ҚР ПА. 141-қ.-1-т. -2067-іс.-41-п.

132. ҚР ПА. 2-қ. -1-т. -89-іс. -22-п.

133. Қазақстан Респубилкасы Орталық Мемлекеттік архиві. (бұдан былай ҚР ОМА) 135-к. -1-т. -8-іс. -22-п.

134. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. -22-37-п.

135. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. -25-п.

136. Хасанаев М., Омарбеков Т. Жазықсыз жапа шеккендер немесе күштеп кәмпескелеу құрбандықтары //Ақиқат. -1992. №9, №11.

137. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941гг.). Документы и материалы.- Алма-Ата: Казахстан, 1967. ч. I., 576 с. -С. 217.

138. Бюллетень Казкрайкома ВКП (б) -1929. №3. Б.2-30. Тәркілеу наукаанының қорытындысы туралы Е.Тимофеев жолдастың баяндамасы// Еңбекші қазақ. -1928. -3 желтоқсан. -№276.

139. //Советская степь, 1928. — 24-караша. -№271.

140. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (бұдан былай ОҚО МА).74-к.-1-т. - 358-іс-20-п.

141. ҚР ПА.. 141-қ.-1-т.-2067-іс.-47-48-п.

142. ҚР ПА. 141-қ.-1-т.-2067-іс.-49-п.

143. Мұхтар ұлы С. Кәмпеске: Кәптомдық тарихи-анықтамалық басылым. -Алматы: Жалын, 1907. — 416 б. Б.35.

144. Омарбеков «Кіші Қазан»: ол не?//Ақиқат, -1995. №3. Б.31-35.

145. ОҚО МА. 74-қ., 1-т., 167-іс. 2-п.

146. ҚР ПА. 141-қ.-1-т.-1980-іс. 25-п.

147. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -2067-іс. 42-п.

148. //Еңбекші қазақ.-1928.- 7-қыркүйек.-№206.

149. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -2060-іс. 113-п.

150. Токжігіт ұлы Шаймерден. Кәмпеске науқанына коммунистердің қатысы туралы //Қызыл Қазақстан. -1928. -№11-12. Б.17-20.
151. ҚРПА. 141-қ.-1-т.-1980-іс. 25-п.
152. ҚРПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. 29-п.
153. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. 27-п.
154. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. 26-28-п.
155. Сармолдаұлы Қ. Кәмпескеден мал алғандардың қамы//Еңбекші қазақ. -1929. -15-қаңтар. №12.
156. ҚРПА. 141-қ. -1-т. -2054-іс. -44-п.
157. ОҚО МА. 74-қ. -1-т. -187-іс. -4-п.
158. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -2474-іс. -3-п.
159. //Егеменді Қазақстан. 1992.-22-желтоқсан.
160. ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 1122-іс., 103-п. Скороспешкин В.И. Состояние и очередные задачи сельского хозяйства//НХК, 1928. №9-10. Б.86.
161. ҚР ПА. 141-қ.-1-Т. -2474-іс. 3-п. ҚРОМА. 30-қ., 1-т., 1122а-іс. 86-п.
162. Алматы облысының мемлекеттік архиві (бұдан былай АО МА) 142-қ. -1-т. -189-іс. 64-п.
163. АОМА. 142-қ. -1-т. -183-іс. 16-п.
164. ОҚО МА., 20-қ. -1-т. -74-іс. 1-п.
165. ОҚО МА. 20-қ. -1-т. -74-іс. 2-п.
166. ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 1122а-іс. 27-п. ОҚО МА. 20-қ. -1-т. -74-іс. 4-п.
167. ОҚО МА. 20-қ. -1-т. -74-іс. 3-п.
168. Иванов В.П. Джут 1927-1928 гг. В Сыр-Дарьинской губернии. Алма-Ата: 1929. 175 с.
169. АОМА. 142-қ. -1-т. -4-іс. -139-п.
170. Қараңыз. С.П.Швецовтың еңбегінен үзінді мына мақала бойынша беріліп отыр: Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев Қазақстан: тоғыз жолдың торабында //Егеменді Қазақстан.-1992.-28-қазан.
171. ҚР ПА. 144-қ. -1-т. -2474-іс. 5-п. :
172. Мал дайындау ет жөнелту жұмысында большевиктік қарқын болсын (Қазақстан жабдықтау комиссары Розбакиұлы Ғабдолла жолдастың мақаласы //Еңбекші Қазақ. 1931. -8-ақпан. №31.
173. Коллективизация сельского хозяйства. Важнейшие Постановления Коммунистической партии и советского правительства, 1927.- 1935.-М., Издательство АН СССР, 1957. 574 С./246/.



174. Сұлтанбекұлы Ж. Қазақстанда социалдық шаруаның өсуі және алдымыздағы міндеттер//Қызыл Қазақстан. -1929. -№№7-8. Б.66.
175. ҚР ОМА. 202-қ. -1-т. -28-іс. -40-п.
176. ҚР ОМА. 202-қ. -1-т. -28-іс. -45-п.
177. ҚР ОМА. 1116-қ. -1-т. -18-іс. -117-п.
178. ҚРОМА. 1116-қ. -1-т. -18-іс. -66-п.
179. // Еңбекші қазақ. -1930. -28-наурыз. №71.
180. Новейшая история Казахстана: Сбор. док. и материалы / 1917-1939 гг./ Т.1. Пособие для высших, средних учебных заведений и общеобразовательных школ (сост. К.Каражанов, А.Такенов): Санат, 1998. — 304 с. Б.234.
181. Балқаш ауданына айырықша көңіл бөлінсін (Жантілеу ұлы Шайхының материалдарынан қысқартылып жазылды) //Еңбекші қазақ. -1930. 7-желтоқсан.-№269.
182. ҚР ОМА 1380-қ. -1-т. -248-іс. -8-п.
183. Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының ақпандағы біріккен пленумында Голощекин жолдастың жасаған баяндамасы //Еңбекші қазақ. -1931. -13-ақпан. -№35.
184. Төреғожин З.С. Мал дайындау жоспарын орындауға бар күш жұмсалсын //Еңбекші қазақ. -1931. -6-маусым. №124.
185. ҚР ПА. -141-к. -1-т. -4901-іс. -36-п.
186. Мал дайындау, ет жөнелту жұмысындағы олқылық тез жойылсын// Социалды Қазақстан. -1932. -26-ақпан. №45.
187. ҚР ПА 141-к., 1-т., 4901-іс. 20-32-п.
188. ҚР ОМА. 30-қ. -1-т. -211-іс. -186-п.
189. Ф.И.Голощекиннің Оңтүстік Қазақстан партия конференциясында сөйлеген сөзі //Социалды Қазақстан. -1932. -3-маусым. №127.
190. А.С. Шу ауданы кері кетіп отыр//Қазақстан болыпөвигі, 1931. №5,6. Б.46-49.
191. //Еңбекші қазақ.-1931.-3-наурыз. №49.
192. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -4901-іс. -132-п.
193. Голощекиннің Сталинге хаты//Қазақ тарихы. 1993. №1. Б.63-65.
194. //Социалды Қазақстан. -1932. -26-ақпан. №45.
195. Өлкелік партия комитеті мен Комиссарлар Кеңесінің қаулысы// Социалды Қазақстан. -1932. -26-қазан. №245.
196. Голощекин Ф. О сельском хозяйстве и в частности, жи-

вотноводстве Казахстана. Постановление ЦК ВКП (б) от 17 сентября, 1932 г. Б.25-40.

197. Шайқы. Соколовский кімнің жырын жырлайды//Еңбекші қазақ. 1929. -26-қараша. -№245.

198. Ретвинский Б. Мал шаруасының мәселесі мен жергілікті ұлтшылдық туралы//Еңбекші қазақ. -1929. -3-желтоқсан. -№252.

199. //Еңбекші қазақ. -1929. -13-желтоқсан. -№261.

200. ҚР МА. 1116-қ. -1-т. -18-іс. -67-п.

201. //Еңбекші қазақ. -1930. -8-маусым. -№125.

202. ҚР ОМА. 247-қ. -1-т. -242-іс. -83-п.

203. ҚР ОМА. 247-қ. -1-т. -242-іс. 84-п.

204. Сталин И.В. Шығармалары. Алматы: ҚазМембас, 1949. -12 том. -431-б. Б.209-218.

205. //Еңбекші қазақ. 1930. -8-сәуір. -№80.

206. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -3296-іс. -39-п.

207. ҚР ПА 141-қ. -1-т. -2892-іс. -6-п.

208. //Еңбекші қазақ. 1930. -7-маусым. -№124.

209. Кұлжабайұлы А. Мал совхоздарын ұйымдастырғанда есте болсын //Еңбекші қазақ. 1930.-3-наурыз.-№51.

210. Есназарұлы А. Барды ұқсата алмаған совхоздар//Еңбекші қазақ. 1931. -28-наурыз. -№69.

211. Алтынсарин Ы. Қазақ қырындағы жұт//Ақиқат. -1994.-№8.

212. //Еңбекші қазақ. -1931. -1-шілде. -№144.

213. ҚР ОМА. 30-қ. -2-т. -500-іс. -57-п.

214. Мал шаруасын социалдық жолға саламыз. Қазақстан Өлкелік партия комитеті бюросының қаулысы// Еңбекші қазақ. -1931. -7-ақпан. -№30.

215. Мал совхоздары туралы /Өлкелік партия комитетінің 1 .Х. 1930 жылғы шығарған қаулысы// Еңбекші қазақ -1930. -25-қазан. -№236.

216. Құрамысұлы І. Мал совхоздарындағы іргелі кезендер. // Еңбекші қазақ. -1931. -19-мамыр. -№109.

217. Қой шаруашылығы күшейтілсін//Еңбекші қазақ. -1931. -6-маусым. -№124.

218. //Еңбекші қазақ. -1931. -9-желтоқсан. -№273.

219. //Еңбекші қазақ. -1931. -24-қараша. -№281.

220. ҚР ПА. 141-қ. -1-т.-2892-іс.-6-п.

221. Өзденбайұлы Қ. Мал шаруашылығындағы оппортоншыл-

дык-»Төрерожиншылдык» бен күресе білейік//Еңбекші қазақ. -1931. -22-қазан. №210.

222. В cestop Төрекожа ұлының хаты туралы//Еңбекші қазақ. -1931. -27-қыркүйек. -№214.

223. Голощекин Ф. Тағы да мал шаруашылығын өркендету жолдары, бұл майдандағы оппортунистшылар туралы//Қазақстан большевигі. -1931. -№7-8. Б.1-16.

224. Голощекин Ф.И. О коллективизации в казахском ауле. Казахстанское отделение. Алма-Ата-Москва, 1932.

225. Қазақ ауылындағы колхоздасу жұмысы туралы. Голощекин жолдастың қазақ белсенділерінің мәжілісінде сөйлеген сөзі//Социалды Қазақстан. -1932. -15-мамыр. -№110.

226. Малдың есебін алу туралы. Қазақстан ХКК қаулысы//Социалды Қазақстан. -1932. -28-қаңтар. -№23.

227. ҚР ОМА. 30-қ. -2-т. -1058-іс. -3-п.

228. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. Алматы: «Қазақ университеті», 1991. 208 б.

229. ҚР ОМА. 30-қ. -2-т. -1058-іс. 4-п.

230. ҚР ОМА. 30-қ. -2-т. -1058-іс. 11-п.

231. ҚР ОМА. 30-қ. -2-т. -1058-іс. 8-п.

232. ҚР ОМА. 30-қ. -2-т. -1058-іс. 9-п.

233. ҚР ОМА. 74-қ., 6-т., 92-іс. 58-п.

234. ҚР ОМА. 74-қ. -6-т. -92-іс. 59-п.

235. Благовещенской В. Кормовой вопрос в Сыр-Даринском округе// НХК. -1930. -№1-2. С.61-76.

236. Голощекиннің Сталинге хаты//Социалистік Қазақстан. -1991. -30 наурыз.

237. Донич А.Н.. Народонаселение Казахстана //НХК.-1928. -№11-12. С.27-56.

238. Сырғабекұлы Н. Ауыл шаруашылығы жөніндегі байшылық қисындар мен зиянкестікке қарсы//Қазақстан Большевигі. -1931. -№5-6. Б.4-8.

239. Вопросы оседания кочевников Сборник статей и материалов под редакцией С.М.Диманштейна. Издательство «Власть советов» припрезидиуме ВЦИК. Москва, 1932. -88 с. С.5.

240. Көшпеліктен отырықшылыққа (көшпелі, шала көшпелі қазақ халқын отырықшылыққа айналдыру жұмысының дерктері). Алматы, 1930 жыл.

241. Отырықшылық - тұрақты шаруа негізі (Е.Ернарұлының Қазақстан Орталық Атқару комитетінің 2 съезінде жасаған баяндамасы//Еңбекші қазақ. -1930. -7-наурыз. -№5.

242. ҚР ОМА 1179-қ. -2-т. -13-іс. -14-п.

243. АОМА. 448-қ. -1-т. -638-іс. -5-п.

244. АОМА. 448-қ.-1-т. -638-іс.-15-п.

245. ҚР ОМА 30-қ. -2-т. -1557-іс. -42-п.

246. ҚР ОМА 30-қ. -2-т. -1557-іс. -36-п.

247. ҚР ОМА 30-қ. -2-т. -1557-іс. -37-п.

